Әрине, шығыстық және батыстық философия мен мәдениетті жақындастыру бір күндік іс емес, ол болашақта жүзеге аса беретін үлкен ұзақ мерзімді құбылыс. Бірақ, осы бірігудің белгілері қазіргі тәуелсіз Қазақстан жерінде көрініс табуда. Бұл жаңа ғасырда қазақ философиясының теориясы мен тарихын зерттеу жаңа деңгейде жүреді деген үміт ұялатады. Біз қазақ философиясының өткені мен болашағын сабақтастырудағы жаңа кезең болатынына кәміл сенеміз. Осы бағытта Философия және саясаттану институтында бес кітаптан тұратын «Қазақ даласының ойшылдары» атты қазақ рухын зерттеуге арналған іргелі жұмыс аяқталды. Алғашқы төрт кітабы жарық көрді, сөйтіп оқырман қауымның қолына тиді. Бесінші кітап осы жылдың аяғында жарық көру мүмкін. Сонымен қатар «Мәдени мұра» президенттік бағдарламасы бойынша жалпы саны 500 томдық жаңа туындылар жарық көруде. Солардың ішінен тұңғыш рет 20 томдық «Көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы», 20 томдық «Әлемдік философиялық мұрасы», 10 томдық «Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы» жарық көруде. Осындай жүйелі қомақты жұмыстар еліміздің рухани-мәдени тәуелсіздігіне септігін тигізеріне, еліміздің жаһандану процесіне енуінің қажет-ті баспалдағы болатынына кәміл сенеміз. Ол үшін «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көрген әдебиеттерді еліміздің білім беру саласына тиімді формамен тезірек енгізген жөн деп есептеймін. Ендеше, мәдени мұраны белсенді игеру арқылы ұлттық рухымызды жандандырамыз, соның арқасында бәсекеге қабілетті өркениетті елдер қатарындағы тәуелсіздігімізді нығайта бермекпіз. Лайым, солай болғай!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тасмағамбетов И.Н. Жаһандану процесінде ұлттық мәдениеттерді сақтау // Қазақстанның мәдени мұрасы. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2005.
2. Ғабитов Т.Х., Өмірбекова М. Мәдениеттану негіздері. – Алматы, 2003.
3. Фукуямо Ф. Конец истории . – М.: ООО АСТ, - 1999.

Аигозина Ж. Е., 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі - Педагогика пәнінің оқытушысы Қоранова А.М.
Абай Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлы-техникалық колледжі
Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Саран қаласы

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

«Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті...» ***Н.Ә.Назарбаев***

Елбасымыз халыққа жолдауында «Біздің міндет жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» деп ұстаздар қауымының алдына жаңа міндеттер қойды. Жаңа оқыту технологияларының басты мақсаттарының бірі - баланы оқыта отырып оның еркіндігін,беленділігін қалыптастыру,өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Баланы қызықтыра тәрбиелеп басқару оқушының білімге, ғылымға деген құлшынысын күшейтеді, өркендеуіне өте қажет шығармашылық қасиеттерді ашады. Бүгінгі таңдағы педагогтардың мақсаты-жаңартылған білім беру мазмұнында оқу тәрбие жұмыстарында құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу құндылықтары арқылы оқушыларды зерттеушілік, ақпараттық комуникациялық технология, топта және жеке жұмыс істей алу қабілеттілігі, мәселелерді шешуге және шешімдерді қабылдауға біліктілігі, білімді шығармашылық түрде қолдану қабілеттілігі, сыни тұрғыдан

ойлау, комуникативтік дағдыларды дамыту осы бағытта оқу тәрбие беру орындарында жастармен азаматтық құқықтық патриоттық бағыттарда әр түрлі шаралар өткізіледі. Атап айтатын болсам мен білім нәрімен сусындап жатқан киелі шаңырақ Абай Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлы-техникалық колледжінде Word skils чемпионаты, қарттарға қайырымдылық акциясы, Мағжан Жұмабаевтың 125 жылдығы, «Ауғанстан», Мұқағали Мақатаевқа арналған «Поэзия шыңының хантәңірі», Саран 65 жыл және жастардың діни сауаттылығын арттыруда Саран қаласының бас имамы Салиқов Мұхаметқали Сапарұлымен бірге көптеген шаралар өткізіліп отырады. Ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін,өнерін,салт-дәстүрін, рухани мәдени мұраларды қастерлеу. Жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік,намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз. Осыған орай, бұл бағдарлама бүкіл халықтың көңілінен шықты, қазір ол мемлекетіміздің барлық аумақтарында, басқару, оқу-өндірістік салаларда, мемлекеттік емес ұйымдарда кең қолдау тауып отыр. Тәуелсіздік жолы – ар-намыс жолы. Бұл атқарылған шаралар арқылы жастар арасында құқықтық, азаматтық, патриоттық тәрбиені насихаттау. Ғасырлар бойы ата-баба аңсаған тәуелсіздік.

Тәуелсіздік – қасиетті сөз, қастерлі де киелі ұғым. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, жықпай ұстау, біздің қолымызда. Тәуелсіздігіміздің қадіріне жетіп, оның көзіміздің қарашығындай қорғау, баршамыздың борышымыз. Ұлттық санамыз саяси өрісіміз сілкініс жасап, өрлеу жолына түскенде біздің кім екенімізді, ата-бабамыздың қандай болғандығын, ұлан байтақ өлкені қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап, қалай қастерлегенін, кешегі тектілердің ұрпағы екендігімізді ұғынып, келешекке жеткізу парызымыз. Мәңгілік ел — жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Мәңгілік ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Мәңгілік ел ұлттық идеясы дегеніміз — өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз! Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиенің озық әрі өнегелі дәстүрлерін, асыл қасиеттерін оқушылардың бойында қалыптастыру, этнопедагогика материалдарын ұтымды пайдалану – аса маңызды міндеттердің бірі. Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық дәстүрлерде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туды. Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы белгілі. Егеменді Қазақстан Республикасының болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Ел басшысы өз сөзін «Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан-2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз» деп қорытындылады. Мен мәңгі өлмейтін халықтың ұрпағымын. XXI ғасыр басындағы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды ертеңгі нұрлы болашаққа, кемел келешекке апаратын біз – жастар. Ендеше қияметтің қыл көпірінен сүрінбей өткен, тәуелсіз Қазақстанымның табанының тұғырдан таймауын тілеп, асыл мұраты алға жетелесін демекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мәңгілік ел» - Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы
2. Білім берудегі менеджмент №1, 2018 ж.
3. Ұлықпанова Ә.Ж. Білікті маман даярлау - болашақ кепілі.

Аймагамбетов А., 9 сынып оқушысы
Ғылыми жетекшісі: Согосбай А.С, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
«ЖББ №77МБК» КММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

Кез келген мемлекетте білім беру ісіне қатысты мәселелер өзекті болып келген. Себебі сол елдің өсіп өркендеп дамуына зор ықпал ететін бірден бір фактор білім жүйесіндегі тәжірибеде сұрыпталған тың идеялар мен жаңа реформалар. Ғылым мен техниканың қарыштап дамыған, ақпараттар ағымы заманында еліміздің болашақ ұрпақтарын оқытып, тәрбиелеуде тың серпілістер қажет екенін өмір өзі дәлелдеп отыр. Сондықтан да бүгінгі таңдағы білім беру үдерісінде мұғалімдердің атқарар жауапкершілігі мен міндеттері зор.

XXI ғасыр мұғалімі алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдана білетін, өмірге бейім, бәсекеге қабілетті, өзіндік ой пікірін ашық айта білетін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелей алуы қажет. Демек, осы мүдде аясынан шығу үшін қазіргі заман мұғалімінің жаңашыл, өзгеріске тез бейім, кәсіби білім мен білігін үнемі шыңдап отыратын, инновациялық тәсілдерді меңгере отырып, оқу үдерісінде шебер қолдана білуі маңызды болып отыр.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған негізгі орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» тарауының 17-тармағында «Оқу процесін ұйымдастыру білім алушыларды ізденуге, мәселелерді талқылауда, көзқарасын дәлелдеуде белсенділікке, сындарлы шешімдер қабылдауға ұмтылу жолымен өздігінен тәжірибе меңгеруін ұйымдастыруға негізделген оқытудың интерактивті әдістерін пайдалануды көздейді» - делінген.

Мемлекеттік деңгейде білім саласында жасалынып жатқан көптеген игі істер, бастамалар нормативиік құжаттарға негізделіп, алдыңғы қатарлы білімі озық елдердің тәжірибесіне сүйене отырып жүзеге асырылуда. Қоғамдастық желілік жүйелер арқылы семинарлар, шеберлік сыныптар, коучингтер өткізіліп, өзара тәжірибе алмасуда. Бұл өз кезегінде жас мамандарды үйретуге, әдіс тәсілдермен бөлісуде де оң нәтижесін беріп отыр.

Жаңартылған білім мазмұнының негізгі өзегі - мұғалім күнделікті сабақта оқу мақсаттарына сай қысқа мерзімді жоспарын құру барысында сыныптың жас ерекшелігі мен оқушы қажеттілігін ескере отырып, нені, қалай оқытамын деген сұрақ төңірегінде сындарлы оқыту жүйесін қалыптастыруы. Мұғалім оқыту әдістері мен түрлерін саралайды, күтілетін нәтижеге қол жеткізуде кездескен кедергілер мен ұтымды жақтарына кері байланыс жасай отырып өз сабағына түзету енгізе отырып, тәжірибе жинайды. Нақтырақ айтсақ, мұғалім оқыту үдерісінде оқушының қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, озық педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолданады. Бұл әр оқушыға тек қана белгілі деңгейде пәндік білім берумен ғана шектелмей, сонымен қатар, сабақ мақсаттары мен бағалау критерийлерін айқындай отырып, ойлау дағдысының деңгейне байланысты тапсырмаларды саралаудың нәтижесінде баланың жеке тұлға ретінде дамыуына мүмкіндік береді деген сөз.

Бұған дейінгі білім беру жүйесінде жаттанды білім беру мен қасаң қағидаға негізделген бағалау жүйесі қолданылып келді. Бұл өз кезінде жаттанды теория мен механикалық оқуға әкелді, яғни алған білімдерін жеткілікті дәрежеде өмірде іске асыра алмай, тәжірибеден тысқары қалды. Сондықтан да, мақсаттан күтілетін нәтижеге қалай қол жеткізу, сабақты жоспарлау кезінде тапсырмаларды іріктеу, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтиже, оқушыға жеке қолдау көрсету, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеу сынды іс-әркеттер жаңартылған білім беру мазмұнындағы маңызды қадамдардың бірі болып саналады. Демек, мұғалім әрбір қадамына рефлексия жасай отырып,

қалай нәтижеге қол жеткізгендігі, қаншалықты сыни ойлай алатындығына қортынды шығарады.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында мұғалім берілген тапсырманы белсенді оқыту тәсілдері арқылы меңгерте отырып, оқушыладың меңгерген білім деңгейлерінің қай дәрежеде екендігін өздеріне бағалату арқылы өз қателерін түзете отырып, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынас барысында олардың бойларына сенімділік ұялатып, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға дағдыландырады. Сөзіміз дәлелді болу үшін бұған дейінгі оқыту жүйесінде оқушы қысқа уақыт ішінде көп ақпаратты, атап айтсақ бірнеше ақын-жазушылардың шығармаларын меңгеруі тиіс болды;

- оқушының іс-әрекеті білім мен түсінікке негізделе отырып, шығармаға берілген бірнеше сағатта қолдану, анализ, синтез, бағалауға уақыттың жетпей қалуы;

- білім сапасы мазмұндама, шығарма немесе бірнеше тақырыпты қамтыған тест тапсырмасын әзірлеп алу арқылы анықталуы;

- оқушыны «нені үйрендім?» емес, «қандай баға алдым?» деген сұрақ ойландырды.

Жаңартылған білім мазмұны аясында әдебиет пәні бойынша нақтырақ тоқтала кетсек, бөлім бойынша берілген шығармалар қазақ әдебиетінің кезеңдерімен де байланысты. Сол шығармалармен таныса отырып, осы кезеңдегі шығармалармен қосымша танысуға мұғалім бағыт-бағдар берсе, оқушы өздігінен оқып таныса алады. Бұл – өз бетімен меңгеру тапсырмаларының бір түрі болып саналады әрі оқушының көркем әдебиет оқу дағдысын қалыптастырады. Соның нәтижесінде бір шығармаға берілген 6-8 сағатта мәтінді әр қырынан талдай білу, алған білімін өмірде қолдану дағдысы қалыптасады;

- жеке оқушының бөлім бойынша білім сапасын анықтауға мүмкіндік береді;

сұрақтарға қысқа, нақты жауап беруге дағдыланады;

- сабақтың соңындағы кері байланыс мұғалімнің сабақта пайдаланған әдістерінің қайсысы тиімді екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл іс әрекеттер оқушының бойында шығармадағы автор бейнесін анықтау, оның рөлін талдау, көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып, шығармашылық жұмыс жазу, тақырыпқа қатысты өзіндік пікірін, сыныптасының жұмысына, өзінің орындаған тапсырмасына сыни көзқараспен қарау, сұрақтарды күрделендіру арқылы оқушының өз бетімен қосымша әдебиеттен, дерек көздерінен ізденіп оқып, білімін тереңдету сынды дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді.

Алайда жаңартылған білім мазмұнының алғашқы сатысында оқушылардың автор жайында алған мәліметін көркем шығармамен байланыстыра алмауы, шығармашылық жұмыстарды орындауда оқушының сөздік қорының аздығы, көркемдегіш құралдарды пайдалана алмауы, өз жұмысын мұғалімнің ғана бағалағанын күтетін оқушының сыни көзқарасының қалыптаспауы, оқушылардың басым бөлігі қосымша ақпарат көздерін тиімді пайдалануға қалыптаспауы сияқты қиындықтар да кездеседі. Ендеше, оқуда неге қол жеткізу керектігін нақты белгілеу, уақытты ұтымды пайдалану, оқушымен кері байланыс кезіндегі дұрыс қойылған сұрақтар, мақсатқа бағытталған тапсырмалар өз нәтижесін береді. Сондай-ақ, сабақ барысында рухани және адами құндылықтарды ықпалдастыра отырып болашақ ұрпақты ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді сыйлай білетін, тілімізді, дінімізді терең меңгеру дағдылардын дамыта отырып тәрбиелеу де оқу үдерісіндегі өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан, жаңартылған білім беру мазмұнының тағы бір ерекшелігі «Мәңгілік Елдің»құндылықтарының әрбір сабақ бойында тұтас өріліп жататындығы қарастырылған. Бұл мұғалімнің шығармашылық қабілетінің арқасында іске асырылуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе мұғалімнің сабақ беру барысындағы бірқатар негізгі міндеттерін айқындауға болады. Олар:

- оқыту үдерісінде үнемі ізденіс үстінде шығармашылықпен жұмыс істей жүріп, оқушыларға қамқорлық көрсетіп, бағыт-бағдар беру;

- оқушының білім беру бағдарламасы деңгейлері бойынша ілгері жылжуын дамыту мақсатында мазмұнға сәйкес кері байланыс орната алатын кәсіби білімі мен түсінігінің болуы;

- оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өту өлшемдерін саралай алу;

- дайын білім мен идеяларды ұсынбай, сол білім мен идеяларды оқушылардың құруына түрткі бола білу.

Қорыта айтқанда, оқытудың осы үлгісін жүзеге асыру үшін сын тұрғысынан ойлау туралы ойлана алатын, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дағдыларын игерген креативті педагог болу керек. Оқушылардың бойына өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін қажетті дағдыларды дарытуға мұғалімнің тынымсыз еңбегін талап етері сөзсіз.Тәуелсіз елдің негізгі тірегі – білімді ұрпақ десек,қазіргі таңда білімдінің оза шауып бәйге алатын заманы енді туды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді»,-деген келелі сөзі осының дәлелі.

Оқыту үдерісіндегі жаңартылған білім мазмұны аясында атқарылып жатқан жаңашыл бастамалар, мәселелер мен кедергілер, одан шығу жолдарын бір мақала аясында қарастыру мүмкін емес екендігі анық. Демек, жоғарыда қозғалған ой - жаңартылған білім мазмұны аясындағы мұғалім рөлінің бір парасы ғана.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы;

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы. – 2016.

3. «Егемен Қазақстан» 2017 жыл, 12 сәуір. Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақала

К. Айтбай – 2 курс курсанты

Ғылыми жетекші - г.ғ.м., полиция аға лейтенанты Қ. Монай, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

«ШАҚШАҚ ЖӘНІБЕК БАТЫРДЫҢ ЕРЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ»

Өзге халықтар секілді біздің халқымыздың да өткеннен бүгінге ауызша жеткен рухани мұраларымыз бар. Шақшақ Жәнібек батыр жайлы шежірелер, аңыздар шындықтан, ақиқаттан алыс кетпейді. Тарихта Жәнібек есімді батыр екеу: Бірі - арғын Қошқарұлы, екіншісі – керей Бердәулетұлы. Біз сөз еткелі отырған Шақшақ Жәнібек XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген, замандастары Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен; Қабанбай, Бөгенбай, Байғозы батырлармен бірге қазақ елін, жерін жоңғар, қалмақ шапқыншылықтарынан қорғаған баһадүр батыр, даңқты қолбасшылардың бірі. Тарихи адамдар мен оқиғаларға байланысты әңгімелер, аңыздар, қара сөзбен берілетін жыр мазмұндары XIX ғасырда «Дала уәлаяты» газетінде жарияланып тұрғандығын білеміз. Міне осы газетте «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» туралы әңгімелермен бірге «Жәнібек» батыр туралы аңыздардың жарияландығын көрдік. Газетте бұл шығармалар қара сөзбен қысқартылып беріліп, көркемдігі айқын көріне алмаса да, оқиға мен сюжетін жеткізуге талпыныс жасалған екен. Шақшақ Жәнібек туралы бір тамаша дерек, алаш айтқан аңыздардың енді бір түрін халқымыздың даңқты перзенті Шоқан Уәлихановтың еңбегінен кездестіреміз. Оның мазмұны мынадай, «Ресейден қашқан торғауыттарды қуған қазақтар демалуға тоқтайды. Өздерінің жол бақырларына кептірілген жылқы еттерін асады, жанторсықтарына су құйып, құрт езеді, қысқасы ертеңгі ас-суларын даярлап, бір күнге тамақтанып жатады. Бір шатырда Абылай, екіншісінде ерекше тәкаппарлығымен мәлім

Шақшақ Жәнібек батыр отырады. Батыр қаннен-қаперсіз шылым тарта бастағанда бір қазақ жігіті қасына келіп: «Жәнібек батыр, темекі түтігіңізден беріңізші» деп ат үстінде тұрып, қол созады[1].

Жәнібек бұған назар аударmағансып, әрі жақтырмағанын сездіртіп, қызыл етігінің өкшесіне темекісін қағып, түтікті асықпай қалтасына салып алады. Хан көп кешікпей атына мінеді. Әр ру өз туларының астына топталып сапқа тұрады. Үстерінде сауыт, бастарында айдарлы дулыға, сауыт-саймандар мен садақ асынған батырлар алға шығып, ханды қоршап, алқа-қотан тұрады. Сөйтіп кеңес құрады.

Дұшпанның күшін анықтау үшін барлауға «кім барады?» дегенде, манағы Жәнібектен түтік сұрайтын жас жігіт бірінші болып шығады. Барлаудан келген соң Жәнібек «Жау көп пе екен» деп сұрағанда манағы жас жігіт «Қорқаққа көп, батырға аз» деп жауап береді.

Соғыс басталады. Қалмақтар он мың екен, ал қазақтардың саны аз болғандықтан ойсырай шығынға ұшырайды, ақырында қаша ұрыс салуға тура келеді. Жаудың алдында астында түндей қара аты бар, бір ұзын бойлы қалмақ батыры қазақ батырларының ішіне кіріп, бірнеше кісіні аттан түсіреді. Осы топтың арасында келе жатқан Жәнібек «Япырай, мына сұмырайды құртатын бір қазақ тумады екен-ау» дейді дауыстап. Сонда әлгі жігіт топтан суырылып шығып, артқа жалт бұрылып, садағын толғап, шірене тартады. Қалмақ батыры теңселіп барып аттан құлап түседі. Жебе жібек туға оралып, бұраландап кетеді. Жас батыр жебесінің түзу кетпегеніне қапаланып «мынау сірә, Алланың терісіне оранған неме шығар» деген екен. Ту көтерген қалмақ батырының құлауы дұшпанның үрейін ұшырады. Қазақтар осыны пайдаланып, қайырыла соғады. Сөйтіп, жеңісті жаудың қолынан тартып алады. Айқас аяқталған соң Жәнібек батыр Байғозыға (манағы түтік сұраған жас жігіттің есімі) тақалып «Батыр, міне енді шылым тартатын уақыт енді болды» дейді. Тарақты Байғозы батырдың батырлығы осылай басталады және осы уақыттан бастап оның аты жұртқа мәлім болады[2].

Міне біз бұл тұста Жәнібек батырдың қиын-қыстау кезеңде жанындағы

батырларға сүйеніш, демеу болып, батырларға рух, жігер бергенін көреміз. Батырдың салиқалы саясатының арқасында талай рет жауларына ойсырата соққы бергеніне куә болдық.

Сонымен қатар қазақ батырларының арасынан Жәнібекке алғаш «тархан» деген атақ берілуі кездейсоқ емес. «Тархан» ірі әскери атақ екені «Күлтегін» жырында да айтылады. Әдетте Шақшақ Жәнібек батыр атынан айтылатын сөздер осындай қысқа да ойлы мақал, нақыл және сын болып келеді. Соларға және жоғарыда келтірілген Ш. Уәлихановтың пікіріне сүйенсек, Жәнібек көп тыңдап, аз сөйлейтін, ердің құнын екі ауыз сөзбен тындыратын ақылды, сыншы, салмақты кісі болғандығы көрінеді.

Ежелгі батырлық жырлардың дәстүрі бойынша анасы Жәнібекті көтергенде қара буранның жүрегіне жерік болады және бала тумай тұрып бабасы Шақшақ батыр түс көреді. Түсінде «Қошқардан туатын баланың аты Жәнібек болсын. Ол дүниенің төрт бұрышын билейтін адам болады, бақ-дәулеті жеті атаға дейін жетеді» деп аян берген екен.

Шақшақ Жәнібек 1714 жылы Қостанай облысы, Жангелдин ауданына қарасты, Тосын құмында дүниеге келген. Қазақ халқының жоңғар, қалмақ шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің қаһарманы. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының момын руынан шыққан. Атасы Шақшақ Аманжолұлы «Еңсегей бойлы Ер Есім» атанған атақты Есім ханның бірегей қолбасшыларының бірі болған. Жәнібек Тархан 1710 жылы он жеті жасында әйгілі Тәуке ханның қолымен бірігіп, жауға шауып, жекпе-жекте қалмақтың бас батырын өлтірген.

Абылай ханның тұсында қол бастап, ханның негізгі кеңесшілерінің бірі болған, ел басқару, елдің бүтіндігін қорғауда және мемлекетаралық қатынастарға белсене араласқан. Алғаш рет 1717 жылғы Аягөз маңындағы шайқаста 24 жасында ерен ерлік көрсетіп, елдің құрметіне бөленген. 1723 ақтабан шұбырынды-алқа көл сұлама жылдарындағы Бөгенбай, Малайсары, Райымбек, Өтеген батырлармен бірге оңтүстікте жоңғар, қалмақ шапқыншылығына тойтарыс беріп отырды. Жаугершілік заманда Сарысу өзенінің Бұланты саласының бойында жоңғарларға ойсырата соққы берген біріккен қазақ жасағының

құрамындағы ең ірі әскер қолын Жәнібек Тархан басқарған. Кейбір деректерге сүйенсек Абылай хан тағына отырғанда, оған алғаш бата берген Жәнібек Тархан болған екен. Жәнібек Тархан 1732 жылы жеті мың жоңғар әскерлері Орта жүздің еліне шабуыл жасағанда қазақ әскерлеріне басшылық еткен. Қазақ елі Ресей патшасынан көмек сұрауға мәжбүр болғанда Жәнібек Тарханның елеулі үлесі бар. Абылай ханмен бірігіп, Жәнібек Ресей мемлекетінің қазақ жеріне бекіністер салуына үзілді-кесілді қарсы шыққан. Жәнібектің тарихи деректерге сүйенсек 3 әйелі болған. Бұлардан тараған ұрпақтар қазіргі уақытта Қостанай облысы Жангелдин ауданында тұрады. Жәнібектің мәйіті Түркістанға жеткізіліп, Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген.

Шақшақ Жәнібек жайлы ел аузында айтылып жүрген аңыз әңгімелер, тарихи дастандар және тарихи жырлар өте көп. Соның үлесті, маңыздыларына тоқталып өтсек. Батыр бірде жаумен айқастан соң, ер тоқымын жастанып, қалың қоғаның арасында шаршап, көзі ілініп кеткен екен. Батыр аузын ашып ұйықтаса керек. Бір заматта кеудесіне өрмелеп, аузына кірмекші болған үлкен қара шұбар жыланды байқап, жыланның басын шайнап тастаған екен.

Енді бірі жасы елуге тақаған тұста шешек ауруына ұрынған екен. Бұл өте қауіпті, айықпас дерттің бірі деп танылатыны баршаға аян. Батырдың барлық денесі қызыл шақа жара басып, күлдіреп кетті. Қышығанын былай қойғанда, киімін шешіндің өзі азап болған деседі. Әр киімін шешкен сайын бір қабат терісі сыпырылып түсіп жүріпті. Сонда да баһадүр батыр денесіне алты ай қыста бір қол тигізбеген екен.

Бұл тұста біз батыр бабамыздың дертке ұшыраса да, өз сырқатын ешкімге тіс жармай, хас батырларша жеңе білгендігін байқаймыз.

Батыр өмірінің елеулі тұстарының бірегейі, ел аузында қалған айтулы аңыздарының бірі: Жоңғар, қалмақ шапқыншыларымен соғысып жүрген кезде қазақтардың әскері бытырап, аты барлығып, шаршап қалған Абылайға жаулар жақындап қалған екен. Осыны байқаған он сегіз жасар Жәнібек белді бекем буып, жаудың алдынан шығып, атынан түсіп, ханға астындағы көк дөненін көлденең тартқан екен. Сонда Абылай «Қарағым-ай өзің қайтесің?» - дейді Абылай. Сонда әйгілі баһадүр бабамыз «Сіз қолға түссеңіз, ел басшысыз қалар. Мен қолға түссем қазақтың бір әйелі ұл табар» деген екен.

Абылай тың атты мініп, құтылып кетеді. Бір қалмақтың атын аударып мініп, қоршаудан Жәнібек те аман шығады[3].

Бұл тұста біз Жәнібек батырдың жас болса да өзінің үзеңгілес жорықтасы, үш жүздің басын қосқан атақты Абылайды артқа тастамай, өзінің

өмірін қиып, ханды өлім аузынан алып қалған ерен батырлығын көреміз.

Тарихи деректерге, кейбір шежіре дереккөздері Ер Жәнібектің нағашы жұрты да, жиен жағы да тегін еместігін көрсетеді. Мәселен, Қаз дауысты Қазыбек би үлкен нағашысы болса, өз нағашысы Сары үйсін Досымбек батыр екен. Ал батырдың өзі ұлы Абайдың атасы Өскенбайдың туған нағашысы. Қазақ жұртына танымал, Қарқаралыдан мешіт аштырған, қасиетті Меккеге барып намазхана салдырған ұлы Абайдың әкесі Құнанбайдың әкесі Өскенбайдың анасы Ермек Ер Жәнібектің туған қызы. Міне біз бұдан қазақ тегіне тартқан дейтін ұғымды осындайда айтқан болармыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ш. Уәлиханов. «Толық шығармалар жинағы» 5-том Алматы 1961. 201 б.
2. Валиханов Ч.Ч. «Избранные произведение» Алма-Ата , 1955 г. С.124-125.
3. Б.С. Рахимов «Тарихи жырлар тағылымы» Қарағанды, 1997 ж. 110-111 б.

Алимжанов М.Т., магистрант 1 курса
Научный руководитель – к.фс.н., доцент Алимова С.Б.
Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова,
г. Караганда, Республика Казахстан

МӘҢГІЛІК ЕЛ КАК АКТУАЛЬНАЯ СТРАТЕГИЯ УКРЕПЛЕНИЯ КАЗАХСТАНСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ И ПАТРИОТИЗМА

Каждый народ имеет свою оригинальную модель жизнедеятельности, вырастающую из складывающихся в течение длительного времени системы ценностей, культуры, традиций, исторического опыта. В условиях глобализации и интернационализации современного мира она подвергается большим угрозам. Существует реальная опасность оторваться от духовных истоков и самобытности, «повиснуть в пустоте исторического бытия, растворить в потоке истории» [1, с.293].

Только незыблемые ценности могут способствовать укреплению и реинтерпретации традиций наряду с внедрением новаций. Их нужно переосмыслить, придать им «второе дыхание» и передавать из поколения в поколение. По моему мнению, актуальной стратегией укрепления казахстанской идентичности и патриотизма является общенациональная патриотическая идея «Мәңгілік Ел» [2].

Общенациональная идея «Мәңгілік Ел» была выдвинута Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым 17 января 2014 г. в Послании народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» [3]. Данная идея имеет глубокие историко-философские корни, которые близки всем гражданам Казахстана вне зависимости от их этнической и религиозной принадлежности. Принятие общенационального патриотического акта «Мәңгілік Ел» обусловлено эволюцией независимого развития страны.

За годы независимости реализована Концепция формирования государственной идентичности Республики Казахстан, принятая в соответствии с распоряжением Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева 23 мая 1996 г. [4]. 28 декабря 2015 года Указом Президента Республики Казахстан была принята и реализуется Концепция укрепления и развития казахстанской идентичности и единства [5]. Еще на заре независимости Казахстан в основу своего развития заложил принцип единства народа, который строится на равноправии всех граждан и согласии. Все эти годы Республика Казахстан твердо придерживается этого принципа.

В Казахстане реализуется Доктрина национального единства, базирующаяся на принципах «Одна страна – одна судьба», «Разное происхождение – равные возможности», «Развитие национального духа» [6].

Казахстанская идентичность – это осознание себя казахстанцами как части единого народа и гражданами общего государства – Республики Казахстан, доминирование гражданской идентичности среди других видов идентичности. Этот вопрос актуален для понимания составляющих феномена идентичности: этничности, религиозности, культуры, языка и др. Проблема укрепления казахстанской идентичности и нового казахстанского патриотизма поставлена в важнейших политических документах государства - «Стратегии «Казахстан 2050»: новый политический курс состоявшегося государства» [7], «План Нации – 100 конкретных шагов: современное государство для всех» [8].

Государственные и общественные интересы должны быть выше узкоэтнических, корпоративных и личных. Казахстанская гражданская идентичность: не призвана унифицировать многообразие, и не направлена против этнической самобытности. Она призвана сформировать общие для всех казахстанцев ценности: политико-правовые, социально-экономические и духовно-культурные. Казахстанская идентичность строится на системе равенства экономических, социальных и культурных возможностей. В современных условиях именно принцип гражданства позволяет обеспечить устойчивость и безопасность гражданина и государства, эффективность их взаимодействия.

Фундаментальная основа казахстанской идентичности – Конституция Республики Казахстан. В Конституции РК заложены основные параметры казахстанской идентичности. Конституция Республики Казахстан гарантировала равенство прав всех граждан независимо от расовой, этнической, религиозной и социальной принадлежности. Она закрепила

гражданский принцип построения казахстанской идентичности и единства народа на основе признания этнического, языкового, культурного, религиозного многообразия [9, с.19-20].

Казахстанскую идентичность, как было отмечено выше, формирует общенациональная патриотическая идея «Мәңгілік Ел». Она охватывает широкий спектр актуальных для Казахстана проблем.

Национальная независимость – это заветная мечта и стремление всех времен и народов. Она закреплена в ключевых международных документах - Уставе ООН, Всеобщей декларации прав человека, Хельсинских соглашениях. Независимость предоставила народу Казахстана свободу и право выбора своего исторического пути.

Общность истории, культуры и языка – это потенциал для консолидации народа Казахстана и укрепления казахстанской идентичности. Базовой ценностью общества является совместная история всех этносов, проживающих в Казахстане.

Для Казахстана, как суверенного государства, особое значение имеет национальная безопасность и глобальное участие нашей страны в решении общемировых и региональных проблем. Глобальная и региональная безопасность – это гарантия национальной безопасности. Казахстан является признанным лидером режима нераспространения ядерного оружия. Казахстан – инициатор создания и функционирования СНГ, Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии, ШОС, ОДКБ. Председательство Казахстана в ОБСЕ, ОИК – это продвижение идеи глобальной ответственности за безопасный мир.

Казахстан является инициатором нового международного диалога G-Global, Манифеста «Мир. XXI век» [10], направленных на формирование справедливого и безопасного миропорядка.

В год 25-летия Независимости важным историческим достижением в укреплении национальной безопасности и глобального участия Казахстана в решении общемировых и региональных проблем стало избрание нашей страны в качестве непостоянного члена Совета безопасности ООН на 2017–2018 годы. Инициативы Казахстана в СБ ООН были нацелены на построение мира, свободного от ядерного оружия и вируса войн и конфликтов.

Консолидирующие ценности «Мәңгілік Ел» - гражданское равенство, трудолюбие, честность, культ учености и образования, светская страна, являются актуальными на современном этапе развития Казахстана и обогащают стратегическую значимость общенационального патриотического акта. Универсальные и всем понятные консолидирующие ценности войдут в образ жизни каждого гражданина только тогда, когда они станут частью повседневной жизни.

Общенациональная патриотическая идея «Мәңгілік Ел» - это качественно новый уровень патриотического сознания народа Казахстана. Она воспитывает гражданскую ответственность и новый казахстанский патриотизм. Гражданство должно быть не только отметкой в паспорте, но и осознаваться каждым из нас с точки зрения патриотизма.

Новый казахстанский патриотизм основан на принципе взаимной ответственности гражданина и государства. Формированию нового казахстанского патриотизма способствуют: гарантия качества жизни и безопасности, обеспечение равных возможностей и перспектив каждому гражданину страны; осознание личной ответственности гражданина за благополучие общества и будущее страны. Казахстанская гражданская идентичность является ключевым фактором формирования Нации Единого Будущего. Нация Единого Будущего – это народ Казахстана, объединенный общими ценностями, обладающий равными правами и разделяющий общую ответственность за судьбу страны. Нация Единого Будущего базируется на принципе «единство в многообразии», которая позволяет каждому из этносов сохранить свою самобытность.

Следует особо подчеркнуть, что казахстанская идентичность может укрепляться только при совместных усилиях государства, общества и гражданина.

В заключение целесообразным представляется формулирование ряда рекомендаций в области продвижения и укрепления гражданской идентичности и казахстанского патриотизма. Этому будет способствовать: широкое применение интеллектуального

потенциала писателей, деятелей науки и культуры, журналистов в укреплении гражданской идентичности; создание и распространение культурно-просветительских фильмов, социальных роликов, демонстрирующих принцип «единство в многообразии»; поддержка творческой деятельности представителей искусства и литературы по созданию произведений, способствующих пропаганде общечеловеческих ценностей и гражданской идентичности; активное использование интернет-сайтов и блогосферы, информационно–аналитических материалов по укреплению ценностей «Мәңгілік Ел» в электронном пространстве; противодействие всем попыткам принижения места, роли и значения, дискредитации ценностей «Мәңгілік Ел» в СМИ, в электронном пространстве и в других сферах.

Список использованной литературы:

1. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.

2. Патриотический Акт «Мәңгілік Ел» (Астана, 26 апреля 2016 г. // https:// online.zakon.kz/ Document/?doc_id=36637518

3. Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее. Послание Главы государства Нурсултана Назарбаева народу Казахстана 17 января 2014// http://www.akorda.kz

4. Распоряжение Президента Республики Казахстан 23 мая 1996 г. № 2995 «О концепции формирования государственной идентичности Республики Казахстан» // https://online.zakon.kz/Document/

5. Концепция укрепления и развития казахстанской идентичности и единства Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 28 декабря 2015 года № 147 // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35264775

6. Доктрина национального единства Казахстана // https://online.zakon.kz/ Document/?doc_id=30501158

7. Стратегия «Казахстан 2050» Новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана 14 декабря 2012 г. // http://www.akorda.kz/ru/events/ astana_kazakhstan/ participation_in_events/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiya-kazahstan-2050-novyi-politicheskii-

8. План Нации – 100 конкретных шагов: современное государство для всех // https: //online.zakon.kz/Document/?doc_id=31977084

9. Конституция Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. – 53 с.

10. Назарбаев Н.А. Манифест. «Мир. XXI век» // http://www.akorda.kz/ru/ speeches/external_political_affairs/ext_other_events/manifest-mir-xxi-vek

Алтынова А., студентка 2 курса,
Научный руководитель – Жуспекова А.К., к.э.н., доцент,
Карагандинский экономический университет, г.Караганда, Республика Казахстан

АЛАКОЛЬ - БУДУЩЕЕ КАЗАХСТАНА

Нурсултан Назарбаев, президент Республики Казахстан:

Алаколь должен стать самым посещаемым местом в Казахстане. Он находится рядом с Алматы, Карагандой и Астаной. А с той стороны – к Балхашу, Жезказгану. В прошлом году с 400 тысяч до 600 тысяч возросло количество туристов. У этого озера лечебные свойства, в воде содержатся радон. Казахстанцы должны сюда приезжать отдыхать.

Не все знают, что в Казахстане есть множество возможностей для оздоровительного отдыха. Чем страна богата - так это целебными водами, горячими источниками,

чудодейственными грязями и ароматным воздухом бескрайних степей. Об одном целительном месте - озере Алаколь - я расскажу здесь.

С древних времен люди приезжали сюда, чтобы искупаться в прекрасных и полезных волнах гигантского водоема. Алаколь - это второе по величине озеро в республике. Оно горько-солёное, потому что в него впадают более 15 притоков, и не вытекает ни одного ручейка. С несколькими озерами поменьше оно образует Алакольскую озерную систему: раньше это был один огромный водоем, но геологические процессы поделили его на несколько частей.

Первым человеком, исследовавшим Алаколь-озеро был Г. Карелин – известный путешественник и естествоиспытатель. В 1840 году он посетил Балхаш-Алакольскую котловину, расположившуюся у подножия Джунгарского Алатау. По прошествии небольшого количества времени интерес к этой местности проявил Л. Шренк – не менее известный путешественник. Он был первым, кто провел измерения площади природного резервуара. Академик записал, что она равна 1700 км2. В 1862 году эти данные были опровергнуты А. Голубевым. Его исследования показали, что площадь водной поверхности увеличилась, и длина водоема составила 70 км, а ширина – 40.

Озеро Алаколь находится на пересечении границ двух областей – Восточно-Казахстанской и Алматинской. Водоем занимает площадь в 2700 км2 и лежит на высоте 347 метров над уровнем моря. Глубина озера составляет 50 метров, а длина – 102 километра. Ширина достигает 54 километров.

Отдых на Алаколе напоминает морской: соленая вода, бескрайняя бирюзовая гладь, горячее солнце. Купальный сезон здесь длится три с половиной месяца в году - с начала лета и до середины сентября. Вода в самые теплые дни прогревается до 26-27 градусов. У озера галечные берег и дно, причем галька не обычная, а угольно-черная, говорят, даже она обладает целебными свойствами. О медицинской пользе камней, конечно, можно спорить, но вот сероводородные грязи Алаколя точно имеют целительную силу. И это подтверждено современными научными исследованиями. Соленая вода полезна для людей с кожными заболеваниями, радикулитом, сердечно-сосудистыми проблемами. Горячий сухой степной воздух, насыщенный солями подарит облегчение людям с хроническими респираторными заболеваниями. Разумеется, прежде чем ехать на Алаколь, в надежде излечить свои недуги, нужно проконсультироваться с врачом.

Курорты Алаколя:

Есть несколько вариантов размещения: можно арендовать жильё в поселках, жить в палатках или отправиться на один из местных курортов. Туристическая инфраструктура широко представлена только в трех местах. На северном берегу курорты есть в поселке Кабанбай, примерно в 15 километрах от него расположен центр реабилитации для космонавтов и грязелечебница. На южном берегу стоят курортные поселки Акши и Коктума. В других местах цивилизация отсутствует - нет интернета, сотовой связи, магазинов. Если вы интроверт, желающий отдохнуть от человечества, такая оторванность от мира вас порадует. Всем остальным лучше держаться поближе к популярным туристическим объектам.

Экскурсии:

Отдых на Алаколе полезен для здоровья, но, к сожалению, достаточно однообразен. В основном приходится довольствоваться программой, организованной пансионатами, она обычно включает экскурсии на озеро Жаланашколь, сбор лечебных трав и фотографирование диких животных, поездку в горы к наскальным рисункам древних людей. Каждый год на берегах Алаколя отдыхает около ста тысяч туристов. К сожалению, часть из них никогда не возвращается сюда снова: дорога к этим райским местам напоминает ад.

Транспорт на Алаколь:

К озеру можно добраться различными способами: автобусом, поездом, на собственном автомобиле, самолетом до г. Урджар, на северном берегу. Каждый способ имеет свои недостатки. Автобусы ходят только в ночное время и поездка занимает 12 часов, зачастую -

не в самой приятной компании. Если ехать на своей машине из Алматы, то до Талдыкоргана все будет более или менее хорошо, а затем нормальная дорога кончится, и придется трястись по кочкам с максимальной скоростью в 60 км/ч.

Передвижение на автотранспорте проблематично еще и потому, что дорога долгая, а туалетов при дороге нет, и деликатные проблемы приходится решать совершенно варварскими методами. Поездка на поезде - пока самый оптимальный выход. Она длится 16 часов, но в поезде есть удобства: купе, спальные места, санузлы, самовар с чаем. Самолет летит быстрее всего, но от Урджара до озера нужно добираться еще 100 километров. Лучший способ преодолеть это расстояние - взять такси, что обойдется дорого. Власти Казахстана хотят развивать туристический сектор экономики, поэтому в 2018 году начали авиаперевозки до поселка Уашарал, на южном берегу Алаколя.Тогда и иностранные туристы могут заинтересоваться отдыхом на озере.

Сервис на курортах Алаколя:

Пока кроме тяжелой дороги популярности места мешает слабо развитый сервис. Местные жители и туристы часто сорят на пляже. Да и сам пляж в некоторых местах представляет собой узенькую полоску гальки с обрывистым берегом. Там едва-едва помещаются шезлонг и зонтик, а уйти оттуда - настоящая проблема, если вы не скалолаз.

Алаколь сейчас:

Впервые на побережье озера Алаколь управлением туризма и внешних связей Восточно-Казахстанской области совместно с акиматомУрджарского района открыт туристский информационный центр «TOURIST INFO», сообщили корреспонденту МИА «Казинформ» в инфоцентре региона. Офис алакольского туристического информационного центра расположен рядом с автовокзалом. Центр будет работать по принципу «одного окна», где менеджеры окажут бесплатную информационную и консультативную помощь отдыхающим на побережье озера Алаколь. Туристским информационным центром Восточно-Казахстанской области была разработана карта озера Алаколь,которую можно получить бесплатно в информационном центре. В карте наглядно указано расположение каждой базы отдыха, полезная информация о местах размещения. Кроме того, «TOURIST INFO» будет предоставлять раздаточные материалы, брошюры баз отдыха и турфирм, анонсы проводимых культурно-массовых мероприятий и сувенирная продукция. Для удобства иностранных туристов есть возможность получить бесплатную SIM-карту оператора мобильной связи.

Перед зданием центра уже установлен LED экран, где будут транслироваться видеоролики о туристическом потенциале озера Алаколь и базах отдыха. По словам директора туристского информационного центра ВКО Сымбата Рамазанова, побережье озера Алаколь является одним из важнейших туристских объектов области, поэтому здесь и открыли «TOURIST INFO», который будет работать весь летний сезон.

Уровень комфорта на Алаколе ежегодно растет! К нему сейчас стремятся практически все зоны отдыха, пансионаты и отели. Соответственно появляются и новые места отдыха для туристов. Озеро Алаколь уже давно полюбилось не только казахстанцам, но и иностранцам. В первую очередь привлекает тот факт, что здесь можно поправить здоровье, а еще насладиться уникальной флорой и фауной. Сделать озеро самым посещаемым местом в Казахстане призвал глава государства.

Озеро Алаколь в Восточном Казахстане активно благоустраивается. Однако не все так гладко. Вопросы по земельным участкам, находящимся в частной собственности тормозят работы по реконструкции набережной.

Озеро Алаколь сейчас не узнать. Побережье подверглось масштабной реконструкции. В этом году акимат планирует расширить набережную и продолжить ее благоустройство. Но возникли трудности. Дело в том, что побережья озера находится в частной собственности.

АлияСарбаева, заместитель акимаУрджарского района:

- Для продолжения этой работы 4 земельных участка необходимо изъять для государственные нужды. По трем земельным участкам достигнуто мировое соглашение. По

одному у нас на сегодня есть проблема. Это земельный участок 0,84 гектаров, принадлежащий дому отдыха «Айгерим». Зентация

АкиматУрджарского района предлагает «Айгериму» равносильный земельный участок в другом месте или благоустроить эту территорию, которую они будут сдавать в государственную собственность и им же передать этот земельный участок в аренду на 49 лет.

Акимат проводит работу с предпринимателями. Но пока безуспешно. Сейчас этот земельный участок тормозит работу по благоустройству всей набережной.

Однако, несмотря на трудности, работы продолжаются. Устанавливаются современные скамейки и осветительные приборы.

АрдакАсанкызы, предприниматель:

- Много средств выделяется на развитие туризма набережной озера Алаколь. Вы видели, если раньше бывали, какое было состояние озера, то сейчас совершенно другое, разница как между небом и землей.

Всего за последние три года на благоустройство озера Алаколь было выделено четыре с половиной миллиарда тенге.

Довольно успешно развивается туристическая инфраструктура зоны отдыха «Алаколь», входящая в туристический кластер Алматинской области. В нынешнем году впервые приняли и обслужили 1 млн. 19 тысяч казахстанцев и гостей из стран ближнего зарубежья. А это 143 процента к уровню 2017 года. При этом было оказано платных туристско-оздоровительных услуг на сумму 5 млрд.861 млн. тенге.

Этим летом на побережье Алаколя работали 214 пансионатов, гостиниц, баз и домов отдыха с суточной вместимостью более 25000 человек. А это ровно 30 процентов от общего количества туристических объектов нашей области. Причем с начала года в эксплуатацию было введено 33 объекта туристической инфраструктуры на общую сумму в 2 млрд. 237 млн. тенге. Знаковым событием стало открытие многофункционального гостиничного комплекса «QOQTEM GRAND RESORTS» на 450 мест. ТОО «FalkonPetroleum» инвестировало в данный проект 2,3 млрд. тенге.

Построены новый аэропорт «Ушарал», открытый ровно год назад и современный железнодорожный вокзал в поселке Акши. На его строительство АО «НТК КТЖ» выделило 201 млн. тенге. А поезд «Туран-экспресс» за раз может перевезти до 1000 человек из Алматы на побережье Алаколя. При этом в виде субсидий на эти маршруты из местного бюджета нынче выделено 516,4 млн. тенге.

В своем Послании Президент страны Нурсултан Назарбаев особое внимание уделил стабильному развитию бизнеса в стране. При этом подчеркнув, что именно бизнес создает новые рабочие места. К примеру, в нынешнем году более 2000 алакольцев были обеспечены сезонными рабочими местами в зоне отдыха «Алаколь». Порадовал нас и тот факт, что с 1 января 2019 года объявлена налоговая амнистия для субъектов малого и среднего бизнеса. Это дополнительный стимул для успешной работы наших предпринимателей.

Нужно не только строить дороги к озеру, но и воспитывать людей, призывать их беречь природу, улучшать качество обслуживания, чтобы отдых на Алаколе приносил только радость.

С каждым годом состояние Алаколя улучшается. Я надеюсь что Алаколь станет самым развитым и часто посещаемым туристическим объектом Кахастана!

Список использованных источников:

1. [https://realkz.com]
2. [https://www.inform.kz/ru]
3. [http://alakol.zhetisu.gov.kz]
4. [online.zakon.kz]
5. [http://www.onyxtour.kz]

Аманбек Н.Т., 10 «А» сынып,
Ғылыми жетекшісі - Кирбасова Индира Нуртасовна, химия мен биология пәні мұғалімі
«ЖББ №77МБК» КММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ҮЛГІЛЕРІ

Бүгінгі дәуір – жаһандану дәуірі.Сондықтан білім беру жүйесі де бір орында тұрып қалмай үздіксіз жетіліп, оқытудың түрлі заманауи оқыту тәсілдері қолданылу үстінде. Яғни білім беру үрдісі - әлеуметтік құрылымның маңызды бір элементтерінің біріне айналуда. Сондықтан барлық дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі күн санап артып, адамның болашағы да оның алған білімінің сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болары сөзсіз. Қазіргі уақытта біздің республикамызда білім берудің жаңадан жасалған жүйесі әзірленіп, әлемдік білім беру үшін күнделікті сабақты үнемі қалыптасқан дәстүрлі формада өткізгеннен көрі оқытудың сан-алуан жаңа технологиясын , жаңаша әдіс-тәсілдерін сондай-ақ дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу өте тиімді болып отыр.Яғни, осы бағытта білім берудің әртүрлілігі, құрылымы ғылымға, тәжірибеге негізделіп жасалған жаңа да тың идеялар мен жаңа технологиялар бар. Сондықтан да оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алу өте маңызды. Бүгінде оқытудың озық технологияларын жан-жақты меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу тіпті де мүмкін емес, себебі, сабақ барысында қолданылған жаңа технологиялардың әрбіреуі әрбір ұстаздың шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы әбден мүмкін.

10. khabar.kz/rus/socium/Roli_patriotizma_v_zhizni_obshtestva_obsudili_kazahstanskie_politiki.html
11. baiterek.kz/index.php?journal=36&page=626

Асқарова А, ГМУ-31к тобы студенті
Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент Акатаева Ш.Б.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

«ҚОРҚЫТ АТА» КІТАБЫНДАҒЫ КІСІ АТТАРЫ

Түркі тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы – антропонимика. Антропонимика кісі аттары, әке аты patronim (отчество), фамилиялар, лақап аттар (прозвища), бүркеншік аттарды (псевдонимы) зерттейтін ономастиканың бір саласы екеніне жоғарыда көзіміз жеткен болатын.

Антропонимика (кісі аттары) - тіл тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуде құнды да бағалы мұра. Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді. Мәселен, төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер. Немесе қазақ халқының ұлттық әдеті бойынша жас келіндер күйеуінің жақын туыстарының, ата-енесінің аттарын атамайтын. Сөйтіп жас келін күйеуінің ағасын, інісін я қарындасын тура атымен атай алмай, жанама ат қойып алатын. Атап айтқанда, қайынсіңлілерін – шырайлым, бикеш, бойжеткен, әке қыз, еркем, ержеткен, ерке қыз, ал ер адамдарды төрем, шырақ, мырза жігіт, молда жігіт т.б. деп атайды. Тіпті күйеуінің құрдастарының аттарын атауды да ұят санап құрдас, замандас немесе аттас деп атау дәстүр ұстаған.

Түркі әлемінде көпаттылық деген мәселе бар. Яғни бұл адам мәртебесі және қоғамдық-саяси жүйедегі орны өзгергенде адамның аты да өзгереді.

Мұндай мәселе «Қорқыт Ата кітабында» да көрініс тапқан. Қорқыт атаның 12 жырында да Қорқыт ата образы кездесіп отырады. Жай ғана кездесіп отырмай, Қорқыт ата жырдың соңында тілегін айтып, бата береді. Көп жағдайда жырда бас кейіпкерге жай ғана бала, ұл деген ат беріледі де, кейін оған Қорқыт ата жеке ат қояды. Мұндай сарынды руникалық ескерткіштерде де кездестіруге болады. [1, с.284-290]

Бұл мәселені Л.Н.Гумилев «Древние тюрки» еңбегінде сөз етеді: тюрки не носили одного и того же имени от рождения до смерти, как европейцы.Имя тюрка всегда указывало на его положение в обществе. Мальчиком имел кличку, юношей – чин, мужем – титул, а если это был хан, - то титул менялся согласно удельно-лествичной системе» деген. [2]

Бірақ бұл тұжырымды нақты дұрыс деп айта алмаймыз, өйткені ежелгі түркілер қоғамындағы антропонимдерді зерттеген ғалымдар көзқарасы әр түрлі болып келеді.

Көне түркілік қоғамда адам атының рөлін бағалау өте қиынға соғады. Бұл пікірге дәлел ретінде И.В.Бестужев-Лада сөзін мысалға алуға болады: «По древним представлениям, личность человека и его имя были органически связаны, более того, имя выполнялои важнейшую охранную функцию, обеспечивая его носителю защиту от злых (или покровительство со стороны добрых) сверхъестественных сил» [3, с.137-143]

Ежелгі көне түркілік антропонимияда мынадай негізгі категорияларды атап көрсете аламыз:

Жеке есім (жалқы есім). Белгілі бір әлеуметте туған кезде немесе үлкен адамға қойылатын ат, есім. Ежелгі ескерткіштерде жеке есімдер аз қолданылған, ал орта ғасыр әдеби және тарихи шығармаларда антропонимдер ерекше көп қолданылады. «Қорқыт ата кітабындағы» антропонимдердің көбі жеке есімдер.

Ер аты – «батырлық есім» немесе «ер адам есімі». Бұл есімге кейіпкерлер өздерінің батырлық іс-әрекеттерімен иеленген. «Қорқыт ата кітабындағы» ұлдар қиын кезеңде өздерінің даналығы мен ерлігін көрсетіп, жаңа атқа немесе өз аттарына қосымша, үстеме есімге иеленген. Мұндай батырлық есімдер халық арасында үлкен рөл атқарып, жан-жаққа тараған.

Рулық есімдер. Көп қолданылмаған, бірақ қызметтік мағынасы ерекше болған. Рулық есімдер өзіндік кодификаторлық қаситеімен айқындалады. Яғни белгілі бір тұлғаның қандай да бір рудан шығуы түркі халықтарында ерекше қаралған. Өйткені түркілер таққа отыратын адамның шыққан тегіне айрықша көңіл бөлген.

Әлеуметтік есімдер. Мұндай адам аттары орта ғасырларда, көне дәуірлерде де мемлекетті басқарып отырған билік басындағы адамдарға ғана тән болған. Мысалы, қараханид әултінен шыққан Арслан-хан мен Богра хандар сөзімізге дәлел бола алады.

Кісі лауазымы немесе атағы (персонифицированный титул). Бұл антропонимиялық санат батырлық есімдерге ең жақыны болып табылады. Алайда мұндай аттарды ерекше лауазымы мен атағы барларға ғана қойылатын болған. Мұндай антропонимдер аса көп кездеспейді.

Есімнің жайылған (развернутый) форма түрінде келуі. Бұған жоғары биліктегі адам есімдері мен титулдары жатады.

«Қорқыт ата кітабындағы» антропонимдерге талдау жұмысын жүргізбес бұрын, оғыздар туралы мәлімет бере кеткеніміз дұрыс болар. Өйткені «Қорқыт ата кітабындағы» 12 жыр осы оғыз тайпасы туралы жырланады.

Оғыздар – VI-VII ғасырларда Алтай мен Орталық Азия жерін, ал X ғасырға дейін Орта Азия мен Повольже жерін мекендеген біріккен түркі тілдес тайпалар. Кейін олар Кавказ жерінің күнгей жағына көшіп барып, онда көшпелі өмір салтын ұстанды. Уақыт өте келе, бұл тайпалар әзербайжан халқының этногенезінің негізін құрады.

«Қорқыт ата кітабындағы» жырлар әр қилы, олар бір-бірімен сюжеттік жағынан да, тақырыптық жағынан да байланыспайды. Тек ортақ бір дүние – Қорқыт ата образы. Қорқыт

ата образы барлық жырда дерлік кездеседі. Жоғарыда айтып өткендей, Қорқыт ата не ат қояды, не бата беріп жатады.

Антропонимдерді талдау жұмысын, ең алдымен, Қорқыт ата есімімен (Деде Коркыт/Деде Коркут) бастаған жөн. Ел аузындағы аңыздардың бірі Қорқыттың жаратылыс заңынан елден ерекше боп дүниеге келуі, және оған Қорқыт есімінің берілуі жайында сыр шертеді.

Аңыздар бойынша Қорқыттың анасы жүкті кезінде құланның жаясына жерік болып, жерігі бір жылда әрең басылыпты. Анасы Қорқытты құрсағында үш жыл бойы көтеріп, жылына бір рет толғақ қысып отырыпты. Ең соңында туатын жылы тоғыз күн толғатып, жер дүниеге үш күн, үш түн қараңғылық түсіпті, қалың қара жаңбыр, сұрапыл қара дауыл соғып, біреуді-біреу көре алмай, ел-жұрты қатты қорқынышқа батады:

Қорқыт туар кезінде,
Қара аспанды су алған.
Қара жерді құм алған.
Ол туарда ел қорқып,
Туған соң әбден қуанған.

Сол қараңғылық қорқынышта туғандықтан атын «Қорқыт» қойыпты, Қорқыт Сыр суына жақын Қаратаудың бір қойнауында туған екен. Ол тауға «Қарашық» деп, «Қараспан» деп ат қойыпты. Аңыз бойынша, анасының құрсағынан шығысымен Қорқыт тілі шығып, «сөйлей» туыпты. Қорқыт жасынан өте ұғымтал, құйма құлақ болып өседі.

Проф. Ә.Қоңыратбаевтың «Қорқыт» сөзі «хор» және «хұт» деген екі буыннан құралып, алғашқысы тайпа, соңғысы «ойшыл», «сәуегей» деген ұғым береді, яғни Қорқыт – «құтты адам», «құт әкелетін адам» деген сөз, деген пікір немесе проф. Ш.Ыбраевтың да пікірі көңіл аударарлық: «Қорқыт» есімінің алғашқы сыңары көр (ғор, гөр) сөзінің мағынасы «о дүниелік» ұғыммен жапсарлас, екі дүниенің ортасындағы жалғыз заттық айғақ көрмен байланысты болуы әбден ықтимал деген пікірі. [4, 126]

Сонымен, Қорқыт антропонимнің лингвомәдени, әлеуметтанымдық сипатына, біздің ойымызша, проф. Т.Қоңыратбаевтың төмендегі тұжырымдарының тікелей қатысы бар;

Біріншіден, Қорқыт оғыз елінің бірлігі, тұтастығы үшін зор әлеуметтік қызмет атқарған тұлға - этнофор.

Екіншіден, Қорқыт оғыз елінің этникалық құрылымын жеткізуші, этникалық сананың қоғаушы көзі - индикаторы.

Үшіншіден, Қорқыт тұлғасы оғыз еліндегі этникалық үрдістің жеке бір көрінісі - микробөлшегі.

Ең бірінші жырда кездесетін кісі есімі – Байындыр хан/Баяндүр хан. Сюжет желісіне жүгінсек, Байындыр хан жоғары билеуші тұлға болып табылады. Оған дәлел, есіміне «хан» деген титулдық атақтың қосылуы. Қазіргі түрік тілінде bayindir сөзі «көркеюші, гүлденуші, өніп өсуші, өркендеуші» деген мағыналарды білдіреді. Басқа зерттеушілердің еңбектерін қарастыру барысында, біз бұл сөзге қатысты басқа ештеңе таба алмадық. Мұның себебі, Байындыр хан басқарып тұрған кезеңде оғыз мемлекетінде тыныштық пен бірлік болған. Антропонимия категориясы бойынша, бұл есім жалқы есім, «хан» деген титул дәрежесін көрсететін антропоним. Қорқыт атаның өзінің берген анықтамасы бойынша, Байындыр хан өз кезіндегі «Хандардың Ханы» болған екен.

Дерсе хан/Дирсе хан – сюжетте Байындыр ханға ренжіген бектердің бірі болып суреттеледі. Мұнда да Дерсе деген жалқы есімге «хан» деген атақ-дәрежені білдіретін есім қосылып тұр. Алайда, Дерсе хан ерекше көзге көрінетін бектердің бірі болып табылады. Ол – ықпалды, бай адам. Оның иелігінде әжептәуір мал мен жер бар.

Жырда бала батырды бейнелеу үшін, оның күшін көрсету үшін, оның біреулермен күрескенін, не жаумен шайқасқанын суреттейді.

Батырлар бейнесіне тоқтасақ, олардың күштілігі, қайраттылығы мен бірге қандай құрметке ие болғаны да көрсетіледі. «Қорқыт ата кітабындағы» жырларда берілген образдар әр түрлі типке бөлінеді. Әсіресе дастанда көп кездесетін қаһармандық образдар, олар: Бұқаш

хан, Домрул, Еміре, Бисат, Секірек т.б. Осымен қатар сатиралық образды да кездестіруге болады. Мәселен, Қарашар, ол қарындасының қалыңдығына: «Інген көрмеген мың бура, қысырақ көрмеген мың айғыр, саулық көрмеген мың қошқар, құлақ-құйрықтан жұрдай мың ат, қараша-қараша мың бүрге бересің» - деп сұрайды. Кейін, сұрағанын орындап Қорқыт ата Қарашарға сұрағанын орындап, бүргеге талатқызады.

Ал Дерсе ханның ұлын жырдың басында жай бала/ұл деп қана атаса, кейін өзінің ерлігі мен қайраттылығын көрсеткеннен кейін, Қорқыт ата оған Бұқаш/Бугач/Богач деген есім береді. Бұқаш «бұқа» деген сөзден шыққан жалқы есім. –ш деген еркелету мағынасын білдіретін қосымша. Қазіргі түрік тілінде «boğa» деген сөз активті сөздер қатарына жатады. Жырдағы «Бұқаш» образы дәу бұқаны ерлікпен жеңгеннен кейін Дерсе хан ұлына қойылды. Бұқаш жырдың негізгі кейіпкері болып табылады. Кейін бұл жалқы есімге «хан»деген антропоформант қосылады.

Әдебиетте образ, образ жасау деген түсінік бар. «Қорқыт ата кітабындағы» бейнелер өте әсем тілмен суреттелген. Жырда табиғи көріністер де сирек кездеседі. Ал, әйел батыр, бала, қысқасы адам бейнесін суреттеу өте жиі қолданылады және бейнелеуі зор шебер тілмен суреттеледі.

Мысалы, әйел бейнесін, сұлулығын хан өз әйеліне сырын айтып, мұңын шаққан кезде байқаймыз.

Бері кел, басымның бақыты, үйімнің тақыты,
Үйден шыға ырғалған сұңғақ бойлым,
Тілерсегіне түскен қолаң шаштым,
Құрулы садақтай иілген имек қастым.
Қос жаңғақ симайтын оймақ ауыздым,
Балдай тәтті тіл үйірген қауыным.
Күзгі алмадай алқызыл жемісім,
Көрермісің халымның не болғанын? [5,17]

Азиялық өркениеттерде күнмен қатар қастерленген аспан шырағы ай болған. Ай көне түрік мәдениетінде Күннің орынбасары, сұлулықтың таңбасы, көп мұраларда әйел құдай ретінде танылған. Көшпенділер үшін де айдың маңызы зор болған. Даладағы малшылар қараңғы түнде айдың тууы мен батуын бақылаған, одан өздерінше қорытынды жасап, жыл мезгілдерін айырц есебін шығарған. Олар жаңа туған айдың күн сайын көлемінің кемитінін, ақырында «таусылып» – «өліара» келетінін білген. Бұл кезде ауа райы өзгеріп, ғылыми тілмен айтқанда, циклон басым болады. Халықтық дүниетаным айдың климатқа тигізетін әсерін жақсы білген.

Алайда, айдың басты символдық ерекшелігі оның күн мен түннің арасындағы алатын орнына қатысты. Күн батып кеткенімен, нұр (ізгілік, жылулық, сәуле) жеңілмейді. Аспанға күннің ізбасары (дублері) ай арасындағы тартыс ғарыштық сипатқа ие болады. Шоқан Уәлихановтың пікірі бойынша, қазақтар айды құдай тұтқан. Бұл көне дәуірден келе жатқан дәстүр. Мысалы, Қаратау тауларындағы жартастығы суреттер көзәйнек тәріздес қосылған жұп адамдарды бейнелеген. Осындай таңбалар ішкі Монғолиядан да табылған. Сондағы адамдардың бастары дөңгелектің бірінен сәуле шашып тұрса, екіншісі ондай емес. Бұл белгілі бинарлық оппозицияны (күн мен ай) білдіреді. Ай мен күнді қосып тұрған сызық адамдардың «қасиетті жолы» деп аталады.

Күн мен айдың қатарласуы әлемдік мәдениетте кең таралған идеяның бірі. Мұсылмандық әлемде ай діни таңбаға айналған. Мұсылмандық әлемде ай діни таңбаға айнлаған. Бұл жерде ескертетін бір жайт бар. Ай символикасы мәдени гомогендік дәстүрмен тығыз байланысты. Ол аруақтар дүниесімен жалғастыратын беліг болып табылады. Мұсылман зираттарына ай белігісін қою ұрпақтар, дәстүрлер сабақтастығын көрсетеді.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, ай әдемілік пен сұлулықтың белгісі болып табылады. Айсұлу, Айбарша, Ай-Таңсық, Айшат т.б. антропонимдермен қатар, қазақ эпосында сұлулық, нәзіктік Ай мен теңестіріледі: «Туған айдай толықсып, бұралып кете барады» (Қыз

Жібек), «Жалғыз қызы Гүлбаршын – он бесте толған ай еді» (Алпамыс), «Жақсы Ай – Күндей, жарығы әлемге бірдей» (мақал). [6, 132]

Әзербайжандық жазушы Анардың нұсқасы бойынша Бұқашты ана сүтімен және тау гүлімен жарасын жазған, Бұқаштың анасы – Айна Мелек.

Бұл жерде түрік тіліндегі melek сөзі «періште» деген мағынаны білдірсе, ayna – «айна» деген мағынаны білдіріп тұр. Қазіргі қазақ тілінде де осы мағынасында қалған. Ең қызығы автордың өзі бұл есімнің шығу тарихын өзі ашып береді. Айна Мелектің анасы жүкті кезінде айна мен айға балам айдай аппақ болсын деп көп қараған дейді.

Зерттеуші А.Гафуровтың айтуынша, бұл антпропонегізге басқаша түсінік береді. Оның айтуынша, жақын Шығыс пен Орта Азияда бұл компонент, яғни «айна» сөзі «әдемі, сұлу, көрікті» деген мағына әйел адамға қатысты айтылады да, ал ер адамдардың есімінде бұл сөз «бақыт» деген мән береді.

Екінші жырда бас кейіпкерлердің бірі – Салор-Қазан/Қазан Салор/Салур Казан және Қара Қойшы/Гараджа-Чабан.

«Қорқыт» дастанына негізгі кейіпкер болған тарихи адамдар. Олардың кейбір варианттары Сыр бойында, Арал теңізінің жағасында, Ұлытауда сақталып келген. Қорқыт жырларының негізгі желісі күрделі сюжеті Оғыз-Қыпшақ заманындағы ел басқарған кемеңгер, ойшыларды қадірлеу. [7, 173] Соның бірі – Қорқыттың өзі ғажайып ерлігімен халыққа қорғаныш болған, халық сүйіспеншілігіне бөленген адам, алыптардың ішінен көзге бірінші түсетін Ер Қазанбек/Қазан Салор – «барлық алыптардың ұлы ағасы, Түркістанның тірегі» [8,175]

Сөйтіп, «Қорқыт» хикаясын оқып отырып, Қорқыт заманында өзінің алып ерлігімен аты шыққан, халық ерекше ардақтаған алыптар (батырлар) көп болғанын, сол сияқты шешен билер, ақылды данышпан сұлтандар да аз болмағанын көреміз. Қорқыт өмір сүрген дәуірдің айтулы тұлғаларында оның мұрасынан танимыз.

Салор Қазан – ірі қара малы бар, бай билеушілердің бірі. Қазан – жалқы есім. Оны кейде Қазан би деп те атайды. Би – бұл жерде ер адамға ерекше айтылған сый-құрмет білдіретін атау. Ал Sulur (Салор) – бұл рулық атау.

Жалпы би сөзінің этимологиясы жайлы сөз етер болсақ, «би» деген термин – көне түркілік «бег» сөзінен шыққан. «Би» - «бегтің» кейінірек өзгерген түрі болып табылады. «Бек» сөзінің соңындағы «г» «й»- ге ауысқанын байқауға болады.

А.А.Леонтьев «Бий и его судебная власть» деген мақаласында: Само слово «бий» указывает на то, ибо происходит от глагола «билейді», что значит «управляет», - деген пікір айтады. [9, 271]

Ал Абай тілі сөздігінде: «Би[1] (26) 1. Дау-жанжалды шешуші, билік айтушы (25). Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап, Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап», - деп берілген [10, 132]

Қазақ дәстүрінде адамның жалқы есімнен басқа да толып жатқан (жанама, бүркеме лақап, балама т. б.) қосымша аттары болады. Қосымша аттар адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың ыңғайына қарай өзгеріп, әр алуан морфологиялық тұлғалармен түрленіп, сұхбаттасушы субъектілердің бір-біріне деген ізет-құрметін, көңіл-күйін, ішкі сезімін, дәстүрлі әдептілік пен жол-жоралғыны таныту үшін, жан дүниесін паш ету мақсатында жұмсалады.

Лақап атаулардың ерекшелігін зерттеген Т.Жанұзақов, Т.Абдрахманова, А.Бахамова, Г.Байғосынова т.б. Ономастиканың антропонимика саласының негізгі мәселелерінің бірі - бейресми жалқы есімдер (лақап ат). Бейресми жалқы есімдер барлық халықтарда бар. Орыс тілінде лақап атқа - «прозвище, название, данное человеку в насмешку, в шутку и.т.п» обычно содержащее в себе указание на какую-либо заметную черту его характера, наружности, деятельности и т.д.» деп анықтама берілген [11, 164]

Сонымен, қазақ, орыс т.б. халықтарында да лақап ат қою адамның бет-пішіне, мінез-құлқына, істейтін қәсібіне немесе бір ерекшелігіне байланысты қойылады. Кейбір тура тауып қойылған есімдер, сол адамға өмір бойы қосалқы ат болып қалады. Зерттеуші пікірі

бойынша, жалпы лақап есімдер өзіндей белгілері бойынша лексика-семантикалық топтарға бөлінеді.

Сонымен, тілімізде ресми шын аттармен қатар, лақап аттар да бар. Ондай лақап аттардың тым ерте кездерде-ақ қолданылғанын байқаймыз. V-VIII ғасырларда тән түрік халқының жазба ескерткіштеріндегі Күлтегін, Яш Ак Баш, Джагий Шад, Тоныкөк сияқты есімдер - лақап аттар. Халық ертектеріндегі Шіңкілдек, Желаяқ т.б. - халық ойынан шексіз қиялынан қойылған лақап аттар. Ерте кезде лақап тек адамдардың ғана емес, тіпті кейбір рулардың да лақап аттарының болғаны байқалады. Бұл құбылыс түркі халықтары арасында көбірек кездеседі.

Проф. Т.Жанұзақов лақап аттарды лексикалық мағынасына қарай мынандай топтарға бөледі:

1. Адамның бет-әлпет түріне, көзі, шашына байланысты: Қаракөз, Ақбала, Айша, Қарақыз т.б.

2. Адамның жүрісі, тұлғасы мүсіне байланысты: Жорға, Жұмабай, ұзын Ахмет, Құлагер т.б.

3. Адамның дене-мүшесінің кемдігіне байланысты: Бүкір, Сақау, Шолақ, Кекеш.

4. Мінез-құлық, бейімділік әрекетке, ерекшелік қасиеттерге байланысты: Найзағай, Асан т.б.

5. Негізгі кәсібі, қызмет бабына байланысты етікші Ахмед, мұғалім Оспан, қойшы Аман, дәрігер Нұржан т.б. [12, 59]

Осындай лақап аттардың бірі - Төбекөз. Төбекөз/ Тепегёз (Теменной глаз) антропонимі жалғыз көзді дәуге айтылатын мононим болып табылады. 1815 жылы Диц деген ғалым алғашқы рет аударды. Бұл әдебиеттануда үлкен таңғаларлық оқиға айналды. Әзербайжан зерттеушісі Анардың пікірінше: Обратимся к древнегреческому путешественнику и историку Геродоту. После описания иссидонов – одного из многочисленных племен Центральной Азии – он сообщает: «... А выше его, по рассказам иссидонов, живут одноглазые люди и стерегущие золото гриффоны. Со слов иссидонов повторяют это скифы, а от скифов знаем мы, почему и называем их по-скфски аримаспами. Словом арима скифы называют «один», а спу на их языке «глаз». Территория аримаспов, судя по древним источникам, находилась где-то между Вочтоным Уралом и Алтаем» [13]

Яғни Төбекөз антропонимі Tepe/Depe және göz деген екі компоненттен кейіннен пайда болған. Бұл күрделі сөз қазіргі барлық түркі тілдерінде осы мағынасында қолданылады.

Жырдағы Төбекөз адам мен пері қызынан жаратылған жан болғанын онда адамның да, перінің де қасиеттері баршылықты. Ол ойлай біледі және өте күшті, денесіне оқ тимейтін қылыш кеспейтін адамдарға қырғидай тиетін дәу. Міне осылай Төбекөз қандай қорқынышты, өлім батпайтын болса да, амалын тауып оны Бисат жеңіп шығады. Мұндай көріністер дүние жүзі халықтарының фольклорымен кең байланысты. Төбекөз бейнесі, грек аңызындағы жалғыз көзді дәу Полифенге ұқсас: іс-әрекеті, әрбір қимылы, ой мақсаты, қатыгездігі – «Одиссей» жырының үрейлі қаһарманын еріксіз еске түсіреді. Осымен қатар, Қорқыт жырындағы таңқаларлық етіп айтылатын Төбекөздің хикаясы қазақтардың ескі дәуірден келе жатқан ертегілерінде орасан көп. Шоқан Уәлиханов: «Жалғыз көзді дәу қазақтың сахарасына кеңінен тараған ескі мифтің бір түрі» деп санаған [14, 183]

Қорыта келгенде, Қорқыт жырларында өте көп антропонимдер кездеседі. Жоғарыда атап өткендей, кейіпкерлерге есімдер жайғана қойылмаған, әр антропонимнің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл есімдер баяндалып отырған образдардың мінезін, сыр-сипатын анықтайды деп айтқанбыз. Бұл жырдағы антропонимдер әлі де түбегейлі зерттеуді қажет ететін тың тақырып. Біз 12 жырдан антропонимдердің 70-ке жуығын тауып, картотека жасадық. Ал жұмысымызда олардың 15-ке жуығына ғана талдау жұмысын жүргіздік. Төменде «Қорқыт ата кітабындағы» антропонимдерге әліпби бойынша кесте жасадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мори М. Бегю-каган и Поцзуй // Turcologica. – Москва, 1976. – С.284-290.

2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки, - Ленинград, 1967
3. Бестужев-Лада И.В. Имя человеческое – прошлое, настоящее и будущее // Советская этнография. – 1968.-№2. – С.137-143.
4. Қоңыратбай Т. Эпос пен этнос. Алматы:Ғылым, 2000. 596б.
5. Қорқыт ата кітабы. / Аударған: Б. Ысқақов. – Алматы: Жазушы, 1994. 282 б.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1998. – 276 б.
7. Қоңыратбаев Ә., Марғұлан Ә. Эпос және оны айтушылары. Алматы: Қазақстан. 1975. 174 б.
8. Қоңыратбаев Ә., Марғұлан Ә. Эпос және оны айтушылары. Алматы: Қазақстан. 1975.
9. Зиманов З. Қазақтың ата заңдары. 2 том. 387б.
10. Абай тілі сөздігі. Алматы, 1968. 734 б.
11. Толковый словарь русского языка //под ред. Д.И.Ушакова. Москва.,ОГИЗ, 1935. т.1, С. 83, 164.
12. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988.–140б.
13. Анар Книга моего деда Коркута – Семей, 2004. – 152с.

Аубакирова Н.Қ., У-21 тобының студенті,
Ғылыми жетекші - Оспанова Гульнар Сериковна,
Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық университетінің Экономика, бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯСЫ

Бүгінгі күні білім беру саласында жұрт ойланатындай тың өзгерістер орын алып отыр. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі мәлімдеме жасағаннан бері көпшілік «бұл қалай болар екен?» деп абдырап қалғаны рас. Халық арасында қызу талқыға түскен негізгі мәселе - үш тұғырлы тіл. Үш тұғырлы тіл мәселесінен қорқып, үркудің қажеті жоқ. Себебі, мұл әңгіме айтылғалы біраз жыл боп қалды, түбі солай болары сөзсіз. Себебі заман ағымы солай.Қазақ тілі - ана тіліміз болса, орыс тілі - ресми тіл, ағылшын тілі - халықаралық қатынастар тілі екендігін әрбір көзі ашық азамат түсінеді. Қазақ тілін сүю, құрметтеу, қадірлеу әр қазақтың қасиетті борышы.

Үштілділік – заман сұранысы.«Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар, қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деп Елбасымыз өз жолдауында айтып кеткендей, қазіргі заман ағылшын тілін талап етуде. Ағылшын тілі бірінші дүниежүзілік әмбебап тілі болып табылады. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік - экономикалық, мемлекеттік зор ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік рөлі зор. Әлемдегі көптеген елдер ағылшын тілінде сөйлейді. Бұл тіл қазіргі заманда жаһандық тіл болғандықтан, оның Қазақстандағы рөлі және болашақтағы маңызы зор. XXI ғасырда қазақ елі биік белестерге көтерілуде. Бір жарым ғасырлық тарихы бар дүниежүзілік ЭКСПО-ны өткізу мәртебесіне посткеңестік кеңістікте бірінші болып Қазақстан қол жеткізді. Яғни, бұл Қазақстанның әлемдік денгейдегі абыройлы мегажобасы. ЭКСПО 2017 - Қазақстанның елордасы Астана қаласында Халықаралық көрмелер бюросы аясындағы халықаралық көрме. Ол ТМД елдері мен Орталық Азия аумағындағы өткізілетін ең алғашқы халықаралық денгейдегі көрмеге айналуы мүмкін. Көрмеге 5 млн-дай адам қатысады деп жоспарлануда. Оның 15 пайызы шетелдіктер.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазіргі заманғықазақстандық үшін үш тілді білу — әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты.Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын

тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20пайызды құрауы тиіс» екендігін баса айтып өткен болса, шетел тілін оқыпүйренемін деушілердің саны да күннен күнге көбеюде.

Бүгінгі таңда мемлекетімізде үштілділік мәселесін нақты іс түрінде жүзеге асыру керек пе? деген сұрақ туындайды. Әрине, керек. Еліміз бен жерімізге ие болатын жастар үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі діңгек, қазық деген мағынада қолданылады. Бір шаңырақты көтеру үшін үш діңгек керек емес. Бір діңгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын діңгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап уық секілді қадалады. Бірақ кейбіріміз үштілділік үдерісі жөнінде басқаша көзқарас танытып жатамыз. Мұның себебі осы бір сөздің мағынасын түсінбеуден келіп шығады. Әрине, әр көтерілген мәселенің оң және теріс жағы болады, әр тұлғаның өзіндік жеке пікірі болады. Бірқатары осы бағытты ұстануға оң көзбен қарап, құптаса, енді бірі өз қарсылықтарын білдіруде.

Аталмыш тақырыпты жан-жақты зерттеу барысында Елбасымыздың, көптеген лингвист ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің пікірлеріне сүйене отырып, өз ойымды дәлелді түрде жеткізейін. Үштілділік жөніндегі сөз Елбасымыздың “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар — қазақ тілі — мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген салиқалы үндеуінен бастау алған болатын. Қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Әрине, Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Себебі, әрбір ұлт өз ана тілін меңгеріп, күнделікті өмірде кеңінен қолданбаса, оны жекеленген ұлт деп толық айта алмаймыз. Сондықтан да Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев бұл мәселеге ерекше назар аударады. Ол өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауында: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін, сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тіліне айналады. Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бей-жай қарамайық. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді «Қазақ елі» деп атайтын боламыз» — деді [2]. Осыған орай, қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез-келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады деген үміттеміз.

Енді келесі кезекте біздің республикамызда мемлекеттік тілмен бірдей дәрежеде қолданылатын орыс тіліне тоқталамыз. Ұзақ уақыт бойы Қазақстан Ресей империясының, кейіннен КСРО-ның құрамында болды. Сол уақытта орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып бекітілді. Үштілділік — нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы.Біз үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалаймыз, сондықтан да бұл құбылысты төрттілділік пен бестілділіктен бөліп қараймыз, үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болар еді, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деп түсіністік тудырайық.

Атап айтсақ, осы жерде саясаттанушы Т.Әбдуәлидің мынадай айтқан сөздері есіме түсіп отыр : «Мемлекет басшысы жаһандану жөнінде мәселе көтергенде де өре түрегелдік. Жаһандану дегеніміз қарапайым сөзбен айтқанда жоғары деңгейге жеткен елдермен қарым-қатынасымызды нығайту. Соның бірі — тілдік коммуникация. Бұл үшін халықаралық қатынас тілі болып жүрген ағылшын тілін үйренуге жастарымызды баулуымыз керек. Оның қажеттілігін уақыт өткен сайын өткір сезініп келеміз» деп еді. Ия, расында да, ағылшын тілі қазақ жерінде өз үстемдігін жүргізе алмайды. Қазақстанда тек қазақ тілі ғана билік құра алады. Ағылшын тілі – қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі. Біз өзге тілдерден қорықпауымыз керек. Керісінше, сол тілдерді пайдалана отырып өзімізді өзгелерге таныта

білуіміз қажет. Мәселен, М.Әуезовтың «Абай жолы» романы ағылшын тіліне аударылмаса Абайдай ғажап ақынымызбен қалай мақтанар едік?

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында «Біз ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз» дей келе: «Қазақ тілі — біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз — оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл — өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс. Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Кез келген тіл өзге тілмен қарым-қатынасқа түскенде ғана өсіп, өркен жаятынын әрдайым есте сақтаған жөн. Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жөн» — мемлекетіміздің мемлекеттік тілі болып отырған қазақ тілін, яғни мемлекеттік тілді ең бірінші орынға қойып дамыта беретінін, оның болашағы үшін алаңдамау керек екенін баса айтады. Президентіміздің бұл айтқандарына назар салатын болсақ, расында, мемлекеттік тіл – қазақ тілі үш тілдің бірі болып қалмайды, ағылшын мен орыс тілін өзінің көлеңкесінде ұстап, ығына ығыстырып, үш тұғырдың ең үстінде тұрады. Демек, қазақ тілінің болашағына қауіптенетіндер алаңдамаса да болады. Себебі, мемлекеттік тіліміздің ары қарай дамуына Президентіміздің, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі кепілдік беріп отыр.

Білім берудің маңызды стратегиялық міндеті бірінші қазақстандық білім дәстүрлерін сақтау болса, екінші жағынан халықаралық біліктілік сапасын, лингвистикалық білімін жетілдіру, ең негізгісі мемлекеттік тілді және шет тілдерін меңгеруді қамтамасыз ету болып табылады. Өйткені, заман талабына сай жеке тұлғаны көп мәдениеттілікке, бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың негізі, білім беруді жетілдірудің басым бағыттары болып табылады. Жаңа заманда Қазақстанның бағыт-бағдарын айқындайтын ішкі және сыртқы саясат ағымындағы бүкіл қоғам болып жұмылатын іс-әрекеттің бірі — мемлекеттік тілдің мәртебесі. Дегенмен мемлекеттік тіл тұғыры әрдайым биік. Мемлекет тірегі –мемлекетік тіл. Ұлт тілі мемлекеттік тіл ретінде ұлттың рухани байлығын сақтайтын, дамытатын, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін қазына. Алдыңғы ұрпақтармен, ата –бабаларымызбен рухани сабақтастығымызды жоғалтып алмас үшін, бүгінгі және ертеңгі ұрпақтың сана сезімін ана тілі негізінде оятып, тәрбиелеп отыру оқушылар мен ата — ананың міндеті. Жеке тұлға шетел тілін үйрене отырып, сол тілде сөйлейтін халықтардың тарихымен, мәдениетімен, өнерімен, салт-дәстүрімен таныс болады және ғылымның соңғы жаңалықтарынан хабардар болады.

Шетел тілін білуді қалаған адам өзіне жаңа біртұтас әлем ашады. Бір тіл білсең бір адамсың, екі тіл білсең екі адамсың, үш тіл білсең үш адамсың дегендей еліміздің білікті де, білімді маманы болу үшін арнайы ғылыми еңбектерді шетел тілдерінде оқып–үйрену – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. « Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім ал» деген ата-бабамыздан қалған сөз нақты осы уақытқа сәйкес келмек.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда ана тілімен қатар шетел тілін меңгеру заман талабы. Жеткіншек жастардың өз дәрежесінде тұлға болып қалыптасуы жан –жақты болуы, білімді болуы қоғамымыздың, өркениетіміздің болашақта дамуына, алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарына қосылуына жол ашады.

Жас ұрпақты көптілділікке баулу – жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептерге берілген мемлекеттік тапсырыс. Бүгінгі оқушы мен студент – ертеңгі күні

мемлекет қайраткері. «Тегінде адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез қасиеттерімен» озады деген ұлы ақын Абай сөзі қай заманда да өз мәнін жоймақ емес. Сондықтан болар, білім беру жүйесін дамыту басты бағыт болып саналады. Көптілділік — заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады.Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу — ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны — аталған үш тілді меңгерген мамандардың кездесе бермейтіні. Ендеше, аталған компоненттерден тұратын, яғни қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділік сөйлермендерін дайындау кезек күттірмейтін мәселе. Мәселені түбегейлі шешу үшін Қазақстанның жоғары оқу орындарында ағылшын, қазақ тілінен маман болып шыққан қазақтілді қазақ және басқа ұлт өкілдерін үштілділікке ыңғайлап қайта дайындаудан өткізіп, оларға үштілділік маманы деген құжат табыс еткен жөн деп ойлаймын.

Егер біз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр. Ұлттық өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады.Тағы қайталап айту керек, «Үш тұғырлы тіл» саясаты мемлекеттік тілді өшіруді емес, өсіруді, дамытуды көздейді.

Күнделікті қызметте классик жазушы С.Мұқановтың «Әркімнің туған тілі — туған шеше, оған бала міндетті сан мың есе» деген сөздерін мысалға ала отырып, түсіне, ұғына білгенге адамдағы ұлттық мақтаныштың алғашқы ұшқындары да жүрекке тіл арқылы ұялайды. Өз ана тіліңді қадірлемей, ел-жұртыңды сүйе алмайсың. Әр азамат ана тілінің бай қорын игерумен бірге орыс, ағылшын тілдерінің де асыл қазынасынан сусындап, оны іске асыра білгені де жөн. Елбасы өз Жолдауында: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз… Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз… Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады…» дегені көпке белгілі. Сонымен қатар мемлекет басшысы «Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі… Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» деп, қазақ тілі және тілдердің үштұғырлы мәселесіне кеңінен тоқталды.

Мен – болашақ маман иесімін. Менің туған тіл туралы толғанысым біреулерге біртүрлі болып көрінуі әбден мүмкін. Бірақ ұлттық тіліміздің ұпайын түгендеуді өзімнің азаматтық міндетім деп санаймын. Өйткені өз болашағымды ұлтымыздың анасы – ана тілінен іздеймін. Қазақ тілінің мерейі – менің мерейім. Халықтың тағдыры тіліне байланысты. Мені мұратқа жеткізетін де — ана тілі деп білемін.

Я-будущий специалист. Я думаю, что мое размышление о родном языке может показаться странным для кого-то. Но считаю, что инвентаризация баллов на национальном языке является моей гражданской обязанностью. Потому что я ищу свое будущее по родному языку – матери нашей нации. Казахского языка алматы – астана. Судьба народа зависит от языка. Я считаю, что я — родной язык.

I'm the future specialist. I think my thinking about my native language might seem strange to someone. But I think that the inventory of points in the national language is my civic duty. Because I'm looking for my future in my native language – the mother of our nation. The Kazakh language, Almaty – Astana. The fate of the people depends on the language. I consider myself a mother tongue.

Үштілділік не үшін қажет?

Біріншіден, ақпарат алмасуда немесе таратуда көптілділіктің көмегі ұшан-теңіз. Қазір әлемдегі ақпараттың көбі – ағылшын тілінде. Одан қалса орыс тілінде. Мойындауымыз керек, біз ақпаратты осы екеуінен алып қазақшаға қотаруға бейімделгенбіз. Ал ол ақпарат бізге жеткенше өңі өзгеріп, мағынасы майысып кететіні айдан анық нәрсе. Сондықтан ақпараттың сонау бұлағынан, тұнығынан алып ішкеніміз абзал емес пе? Ағылшын азаматының өз аузынан сұхбат жасай алсақ, орыс саясаткерін орнына қоя отырып сөйлессек, біздің сәл де болса ілгерілегеніміз шығар? Демек, үштілді жүйе қазақстандықтардың тең дәрежедегі ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Екіншіден, Қазақстанның әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдерінің қатарына кіру үшін үштілділік ауадай қажет. Бұл елдердің қатарынан қалмау үшін, солар секілді ғылым мен индустрияның тілін табу үшін көп тілді білген абзал. Әсіресе, бұл тұрғыда жастардың ағылшын тілін білгені ауадай қажет. Бұл IT-технология, машина өндірісі, биомедицина, кибернетика секілді адамның ақыл-ой ұшқырлығын қажет ететін маңызды салаларға жол табуға көмектеседі. Сондай-ақ, бүгінгі таңда инженерия мен технология атаулының тілі ағылшынша шығып тұрғанын да ұмыт-пауымыз керек. Сондықтан, ғылымы дамыған ел болудың алғышарты – ағылшынша білу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ. 2018 жылғы 5 қазан

2. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері, 2008ж.

3. Әбдуәли Т.Үштұғырлы тілден түңілмейік / Жетісу, №31. 2008ж.

4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, 12.12.2014 ж.

Ахметова А.Б., студентка 2 курса
Научный руководитель – к.ф.н., доцент Алимова С. Б
Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова,
г. Караганда, Республика Казахстан

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» – ОСНОВА РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА

Общенациональная патриотическая идея «Мәңгілік Ел», выдвинутая Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым в Послании народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее», нацелена на формирование качественно нового уровня патриотического сознания народа Казахстана [1]. Следует подчеркнуть особое значение ежегодных посланий Президента народу Казахстана. По форме – это политические документы, определяющие краткосрочные и среднесрочные приоритеты развития Казахстана. Но важно понимать и их глубинный смысл, связанный с определением системы ценностных и гуманитарных векторов «казахстанского пути», которые будут способствовать тому, чтобы суверенный Казахстан не затерялся в «потоке истории» [2, с.293]. Это та ценностная система, которая будет способствовать формированию национального единства и укреплению казахстанского патриотизма. Президент неоднократно определял в качестве одного из важнейших условий успешности развития нашей страны «казахстанский патриотизм и политическую волю как факторы построения нового Казахстана» [3, с.6]. Президент особо подчеркивает именно их созидательный потенциал, отмечая: «История знает немало ярких примеров того, как народы поднимаются на новый уровень развития, когда объединяют свою волю для реализации проекта исторического масштаба» [3, с.6]. Очень важно, что в Конституции Республики Казахстан казахстанский патриотизм относится к основополагающим принципам государства [4, с.7].

26 апреля 2016 года правительством Казахстана был принят Патриотический Акт «Мәңгілік Ел» [5].

Патриотическое воспитание молодежи - это часть государственной молодежной политики страны. Быть патриотом своей страны - всегда большая честь для любого человека, имеющего гордость и собственное достоинство. Но патриотами не рождаются, ими становятся. Причем патриотическое воспитание в уверенно развивающемся государстве не следует оценивать только как творческий процесс.

Что же такое «патриотизм», и какого человека можно назвать патриотом?

Ответ на этот вопрос достаточно сложен. Но, так или иначе, для простоты суждения можно условиться считать первым, кто более адекватно определил понятие «патриотизм» Владимира Даля, трактовавшего его как «любовь к отчизне». «Патриот» по Далю – «любитель отечества, ревнитель о благе его, отчизнолюб, отечественник или отчизник» [6]. Более современные понятия «патриотизма» связывают сознание человека с его эмоциями на проявления воздействий внешней среды в месте рождения данного индивида, его воспитания, детских и юношеских впечатлений, становления его как личности. Вместе с тем организм каждого человека, как и организмы его соотечественников, сотнями, если не тысячами нитей связан с ландшафтом его обитания с присущим ему растительным и животным миром, с обычаями и традициями данных мест, с образом жизни местного населения, его историческим прошлым, родовыми корнями. Эмоциональное восприятие первого жилища, своих родителей, своего двора, улицы, района (деревни), звуков птичьего щебетания, трепетания листвы на деревьях, колыханья травы, смены времен года и связанных с этим изменений оттенков леса и состояния водоемов, песен и разговоров местного населения, их обрядов, обычаев и образа жизни и культуры поведения, характеров, нравов и всего остального, что не перечесть, влияет на развитие психики, а вместе с ней и на становление патриотического сознания каждого человека, составляя важнейшие части его внутреннего патриотизма, закрепляемые на его подсознательном уровне [7].

В современном казахстанском обществе патриотическое воспитание молодежи приобретает особо важное значение. Как отмечают многие отечественные ученые, в процессе начального этапа политических реформ в стране произошла деидеологизация казахстанского общества и насаждение западных либеральных ценностей, отрицательно отразившихся на духовном и нравственном развитии молодого поколения.

Вопросы патриотического воспитания молодого поколения в духе любви к Родине и преданности Отечеству, законопослушных граждан государства всегда стояли в центре внимания ученых на протяжении всей истории развития человечества. Великие философы, педагоги уделяли этому вопросу значительное внимание с древнейших времен.

Казахстанский патриотизм - это глубокое осознание своего государственного, казахстанского. Он включает в себя: чувство привязанности к тем местам, где человек родился и вырос; уважительное отношение к родному языку; заботу об интересах родины; проявление гражданских чувств и сохранение верности родине; гордость за ее социальные и культурные достижения; отстаивание ее свободы и независимости; уважительное отношение к историческому прошлому родины и унаследованным от него традициям; стремление посвящать свой труд, силы и способности расцвету родины [8].

В Казахстане идет поиск новых подходов к системе патриотического воспитания с учетом современных условий нашего общества, необходимо активное формирование нового, казахстанского патриотизма, в котором должны гармонично сочетаться традиции нашего прошлого и сегодняшние реалии жизни.

Следует отметить высокий уровень информированности молодого поколения. Молодежь, ориентируясь на опыт предыдущих поколений, не готова принимать на веру какие-либо идеалы. Поэтому важно, чтобы формирование чувства патриотизма происходило изнутри, стало внутренним убеждением человека, а задача преподавателя - развить познавательные навыки студентов, научить самостоятельно, конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, развить критическое мышление.

Важным этапом процесса активизации системы патриотического воспитания стало Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации – Н. А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегии «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства [9].

Казахстанскую молодежь не меньше взрослых волнует будущее нашей Родины. Граждане нашей республики хотят жить в свободной, экономической развитой стране, со справедливыми законами, равными возможностями независимо от социального происхождения и национальной принадлежности.

Студенческая молодежь на себе ощущают внимание государства, нацеленное на повышение жизненного уровня молодежи, возможности получения высшего образования на основе грантов и гибкой системы студенческого кредитования, повышение профессионального уровня выпускников, стажировок в ведущих вузах дальнего и ближнего зарубежья, участия в научных программах высших учебных заведениях и мн.др.

В Послании Президента Н.А.Назарбаева народу Казахстана подчеркивается: «Новый казахстанский патриотизм - основа успеха нашего многонационального и многоконфессионального общества, и фундаментом казахстанского патриотизма должно стать равноправие всех граждан Казахстана и их общая ответственность за честь Родины» [9].

Студенты Карагандинского государственного университета внимательно изучают все важнейшие политические документы, определяющие основные приоритеты и задачи развития нашего государства. Особый интерес вызывают политические инициативы и программные статьи Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева, обращенные к молодежи. В статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Н.А.Назарбаев подчеркнул, что «патриотизм начинается с любви к своей земле, к своему аулу, городу, региону, любви к своей малой родине. Особое отношение к родной земле, ее культуре, обычаям, традициям – это важнейшая черта патриотизма. Это основа того культурно-генетического кода, который любую нацию делает нацией, а не собранием индивидов» [10].

Студенты нашего вуза, независимо от этнической принадлежности гордятся, что родились и живут в прекрасной стране - Казахстан. Только в дружбе и общественном согласии залог будущего процветания многонационального государства Республики Казахстан.

Список использованной литературы:

1. Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее. Послание Главы государства Нурсултана Назарбаева народу Казахстана 17 января 2014// http://www.akorda.kz

2. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.

3. Новый Казахстан в новом мире. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда. – 2007. – 1 марта. – С.1-6.

4. Конституция Республики Казахстан раздел I: общие положения, ст. 1 п.2. - Алматы: Жеті жарғы, 2017. – 53 с.

5. Патриотический Акт «Мәңгілік Ел» (Астана, 26 апреля 2016 г. // https:// online.zakon.kz/ Document/?doc_id=36637518

6. Толковый словарь живого великорусского языка В.И. Даля // http://www.dict.t-mm.ru/dal/p/pat.html

7. Кондрашин И. Патриотизм – что это? // http://ikondrashin.narod.ru /rus/intros/kond/patriot.htm

8. Казахстанский патриотизм: цели и задачи // http://www.nowpolitolog.ru/nepols-53-1.html

9. Стратегия «Казахстан 2050» Новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана 14 декабря

2012 г. // http://www.akorda.kz/ru/events/ astana_kazakhstan/ participation_in_events/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiya-kazahstan-2050-novyi-politicheskii-

10. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya

Әбжанов Н. Н., 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – әлеуметтік-экономикалық пәндер оқытушысы Маженова Б.А.
Абай көпсалалы колледжі, Агроқалашық, Қазақстан Республикасы

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» - ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТИЗІМІ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ДАМУ НЕГІЗІ, ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚҰРМЕТТЕУГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» , соның ішіндегі «Мәңгілік ел» - жастардың патриотизімі және азаматтық даму негізі, тарихи және мәдени құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу бағдарламасы аясындағы баяндамамызды ұсынамын.

Ұлттық рухымызды көтеру үшін,әлбетте төл тарихымызды, тәрбиенің түп қазығы құндылықтарымызды дәріптеу қажет. Бұл бағдарламаның басты бағыты-ұлттық патриотизмге және азаматтық даму негізі, тарихи және мәдени құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу,уақыт талабын туындаған идеология жинағы.

Қазақтың ұлттық идеясы туралы кезінде әртүрлі пікірлер айтылғанымен оның айқын тұжырымы қалыптасқан жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары көрініс берген ізденістер бір арнаға тоғыспай аяқсыз қалды. Міне, осы сәтте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын жариялады. Президент өз сөзінде: «Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – идея-мәңгілік ел . Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік ел» деді. Н. Назарбаев өз тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау арқылы Мәңгілік ел бола алатынымызды атап өтті.

Мәңгілік Ел мұраты жастардың қолында.

Ықылым заманнан бері қазақ атамыз „Білекті бірді, білімді мыңды жығады“ деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақалының өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Білімнің негізінде болашаққа деген шынайы сенім мен үкілі үміт, өз халқына деген ізет-құрмет пен қадір-қасиет жатқанын Елбасы жақсы түсінді. Ол тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастырып, тәрбие арқылы берілетін білімнің болашағы әрқашан баянды болатынын назарынан ешқашан тыс қалдырмады. Өркениет көшіне бет бұрған қыруар істің алатын арқауы болып есептелетін ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы күші білім десек, қателеспейміз.

«Мәңгілік ел» - жастардың патриотизімі және азаматтық даму негізі, тарихи және мәдени құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу бағдарламасы төрт кіші бағдарламадан тұрады,олардың әрқайсысы аталған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған:

Біз соның кіші бағдарламасы « Тәрбие жіне білім» аясында жұмыс атқарудамыз.

Мақсаты-жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қазақстандық патриотизм рухында және азаматтық даму негізі, тарихи және мәдени құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Осы бағдарлама аясында біздің колледж Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің,тарих факультетімен бірігіп,студенттер Бұқар Жырау ауданында 2017 жылы Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жататын Камал қонысын археологиялық экспедиция және 2018 жылы Шет ауданындағы Бада деп аталатын андронов мәдениетіне жататын археологиялық қазба жұмыстарына қатынасты.

Студенттерді сол университеттің археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының,тарих ғылымдарының кандидаты,доцент Виктор Васильевич Варфоломеевтің басшысымен жұмыстар жүргізілді.

Археологиялық қазба жұмыстарға бармай тұрып Виктор Васильевич Варфоломеев колледжге келіп студенттерге дәріс оқып, студенттерді қазба жұмыстарға үгіттеп,қызықтырып және қазба жұмыстар арқылы қандай әсер алатындығы жайылы айтып кетті.Енді осы бағытта әлі жұмыстар атқаруда.

Болашақта яғни осы 2019 жылы жазанда Абай ауданындағы Құлайғыр ауылының маңына барып,қазба жұмыстар жүргізіледі соған біздің студенттер ат салысады.

Тағы бір бағытымыз Қарағанды облысы бойынша мұражайларға бару,мұражайларға бару, мұражай арқылы студенттер облысымыздың бай тарихымен танысады,соның ішінде:

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Қарағанды қаласы.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы. Теміртау қаласы.

Карлаг мұражайы. Долинка кенті.

Енді бір сапарымыз Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының ұлттық мұражйына бару.

Колледж мұражайын жаңғырту жұмыстарында жүргізілуде. Біздің колледждің бай тарихы бар,осының барлығын жанымызда сақтап қалу үшін 2015 жылдың күзінде колледж мұражайы алғаш рет өз есігін ашты. Оны құрудағы еңбегі барлық педагогикалық ұжымға және білім алушыларға тиесілі. Колледж мұражайы қызметінің негізгі бағыттары: тірбие, азаматтық-патриоттық, ақпараттық-ағартушылық, іздеу-зерттеу және кәсіби шығармашылық жұмыс.

Колледж мұражайы –бұл өлке тарихымен,табиғатымен,мәдениетімен байланысты сабақ өткізетін орын: бұл кездесу өтетін орын және мұражайда топ сағаттарын т.б. іс- шаралар өткізуге болады.

Мұнда көптеген фотосуреттер,альбомдарда жеткілікті. Сондай-ақ көптеген мадақтамалар, кәдесыйлар және басқа да экспонаттар мен экспозициялар бар.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты — жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу.

Тәрбие қазіргі өзгермелі, сан салалы, көпмәдениетті, көпэтникалық үлкен өмірге енуге дайын қабілетті, тұлғаның дамуына бағытталған және рухани құндылықтарының негізінде құрылады.

Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болып табылады. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті.

Ендеше жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын өрге бастыра алады. Отаншыл халық жастары болмаған елдің болашағы қараңғы.

Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты — жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр.

«Еліннің ұлы болсаң, еліне жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа», — дейді Елбасы бір сөзінде.

Сондықтан, жастарға білім беретін ұстаздар да ұлы мұрат жолында жалынды еңбек етуге даярмыз. Қорыта келгенде біз бұл бағдарлама бойынша әлі жұмыстар атқарамыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.11-сынып оқулығы, «Қазақ тілі».Т.Артықова., Г.Ермекбаева –Алматы «Атамұра» 2015 ж

2.kaz_mangilik_el.pdf ҚР. білім және ғылым министрлігі Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Мәңгілік ел», жоғары оқу орнына арналған оқулық

«Шешендік сөздер»

3.Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қантардағы жолдауы .

4.Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы жолдауы

5.Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылы» Жаңа Әлемдегі жаңа Қазақстан»

6.Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы « 100 нақты қадам» бағдарламасы

Әлкен Т., Ю-12к тобының студенті
Ғылыми жетекшісі – оқытушы, магистр Бажикеев К.К.
Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

МАҒЖАН АУДАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Мағжан ақиық ақындығымен қатар шебер аудармашы. Орыс ақыны М.Лермонтовтың, неміс ақындары Гейнрих Гейне мен Гетенің, тағы басқа ақындардың туындыларын қазақ тілінде сөйлеткен болатын. Ол 1924 жылы Мәскеудегі КСРО халықтарының кіндік баспасынан шыққан М.Горькийдің «Сұңқар жыры» деген атпен шыққан бір топ әңгімелерін қазақшалап, жеке кітап етіп басып шығарды. 1925 жылы Мамин-Сибиряктің «Ақбозат» деген көлемді әңгімесін тәржімалады. Сонымен қатар П.Дорохов, қазақ топырағында туып өскен орыс жазушысы В.Ивановтың да әңгімелерін қазақшалаған. Өзінің сан қырлы таланты мен ақындығы, ұстаздығы, «Педагогика» атты ғылыми еңбекті жазуы - бәрі өз ұлтына, туған жұртына қызмет етудегі туындаған істер болса, аудармшылықпен айналысуы да Мағжанның сол ізгі мұрат жолына бағытталған қадамдарының бірі болатын. Біз негізінен бұл мақаламызда Мағжанның прозалық аудармаларын қарастыруды мақсат еттік.

Бір тілдегі ұғым, атау, ой, сана екінші тілде көбіне дәл баламасын таба бермейді. Осындай әдебиеттің күрделі саласына ден қоюы Мағжан талантының сан қырлығын және оның ізденгіштігі мен еңбекқорлығын көрсетсе керек. Мағжан нені аударсын, қалай аударсын бір байқалатын жайт оның аударма өнері, оның әдіс-тәсілдері мен қыр-сырын, мақсат-мұратын яғни аударма теориясын жетік білгендігі. Ғалым Б.Кенжебаевтың «Ұстаз» атты естелігіндегі «Басқа тілден шығарма аудару – ол шығарманы өзінікі етіп алу деген сөз, өзінікі болған соң, ол өгей бала екені мүлде білінбесе керек. Ол үшін шығарманың тұрқы,тұлғасы аударылмай, мағынасы, рухы аударылуы қажет.»деген Мағжан сөзі сөзімізге дәлел [1 ,463]. М.Жұмабаевтың алғашқы прозалық аудармаларының бірі- М. Горький әңгімелері. Бұл турасында Ш.Елеукенов « Орыс әдебиеті мұхитынан дәл Горький шығармаларын бөліп аударуы сол кездегі қажеттіліктен, сол кездегі жаңа дәуірдің қыр-сырын жете түсіну ниетінен туған» дейді [2, 322]. Мағжан Горькийдің бес әңгімесін қазақшалаған. Соның бірі «Старуха Изергиль» атты әңгімесінен алынған «Сұңқар жыры» аудармасы, Әңгімеде жаралы сұңқардың құлап түсуі, оның көкке көтерілгісі келіп зарлауы, көк жүзін аңсауы, жерде жорғалап қана үйренген жыланның оған күлкілі әрі аянышты көзбен қарауы, соңында сұңқардың құздан көкке соңғы рет қанат қағып өлуі баяндалады. Демек ерлік, өрлік тақырыбы Мағжанды ерекше қызықтырған. Әңгіме «Вдруг в то ущелье,

где Уж свернулся, пал с неба Сокол разбитой грудью, в кровью на перьях....с коротким криком он пал на землю и бился грудью в бессильном гневе о твердый камень» деп басталса [3, 204], Мағжан аудармасында «Бір мезгілде сары бас жылан иіріліп жатқан қапсағайға көктен төсі жаралы, қанаты қанды сұңқар құлап түсті...сұңқар бір саңқ етіп, жерге құлап, әлсіз ашумен төсін тасқа соқты...» деп беріледі[6]. Мұнда әңгіменің дәлділігі, автордың өзіндік стилі сақталып тұр. Сондай-ақ, Мағжан «свернулся» дегенді «иіріліп», «с коротким криком» дегенді «бір саңқ етіп» деп алып, сөйлемнің бар бітімін қазақ тілінде шебер ойнатып береді. Мағжан аудармасының шеберлігіне көз жеткізу үшін тағы бір мысал келтірсек. «И крикнул Сокол с тоской и болью, собрав все силы:

-О, если б в небо хоть раз поднятся!...Врага прижал б я...к ранам груди и...захлебнулся б моей он кровью!... О, счастье битвы!...

«А уж подумал «должно быть, в небе и в самом деле пожить приятно, коль он так стонет!...»

Аудармада: «Барлық күшін жиып, қасірет-зармен саңқылдап жіберді Сұңқар: - Уа, дариға-ай! Көкке енді бір көтерілсем!.. Жауымды төсімнің арасына жаныштар едім... Менің қаныма тұншығып өлер еді ол!.. Әй, соғыстың сайраны-ай?..

«Сұңқардың осынша күңіренуіне қарағанда, көкке шығу тегінде жақсы болуға тиіс-ау» - деп ойлады сары бас жылан». М.Жұмабаев ақындық дарын мен шабытын пайдаланып, барынша еңбектенгені көрінеді. Аудармадағы «дариғай-ай!», «сайраны-ай», «күңіренуіне» деген сөздер жолма-жол аударылмағанымен, М.Жұмабаевтың аудармашылық шабыты арқасында, әңгіменің бүкіл рухы дәл жеткізілген. Сондай-ақ тәржімашы түрлі баламаларды,тіркестерді, бейнелі өрнектерді орынды қолдана білген. Мәселен, «ерлердің ессіздігі», «ыстық қаныңның тамшылары», «айбынды үлгі» т.б сөз тіркестері. Орысша «Безумству храбрых поем мы песню!..» дегенді «Ерлердің ессіздігін жырлаймыз біз!...» деп, «Вот мудрость жизни» дегенді «Тұрмыстың түпкі түйіні - осы» деп қарапайым тілмен жеткізе білген. Қысқасы, аудармашы түпнұсқадағы автордың барлық ой-түйінін дұрыс түсіне біліп, соны қазақ тілінде барлық мән-мағынасымен жеткізуге ұмтылған. Көркем аударманың міндетті қағидаларының бірі түпнұсқаның бүкіл болмысын артық-кемсіз жеткізе білген.

Жалпы, М.Жұмабаев прозалық аудармаларын қарастырғанда, нағыз қуатты аударма тудыра білгендігін, тіл шеберлігін, түпнұсқадан еш ауытқымай шығарманың нәрін қазақ тілінде «майын тамыза» жеткізе білгендігін айту қажет. Оның Горькийден аударған әңгімелерінің бәрі ерлік, өрлік, ана ерлігі, отанға сүйіспеншілік сияқты адамды патриоттыққа, ерлікке, махаббатқа үндейтін туындылар.

М. Жұмабаевтың М.Горькийден аударған тағы бір туындысы «Жұртын сүйген жүрек». Аудармашы «Старуха Изергиль» атты әңгімені түгел аудармай тек Данкоға қатысты Изергиль кемпірдің әңгімесін ғана аударған [3, 61].

Аудармашы әңгімедегі Изергиль кемпірдің өмірін емес, оның айтқан ертегісін қазақшалайды. Ержүрек жас жігіт Данконың халқы үшін «жанған жүрегін», халқын қиындықтан алып шыққан көзсіз батырлығын көрсетуді мақсат тұтқан. Демек Мағжан әр аудармасы арқылы өзі өмір сүрген қоғамды, соңынан ерген жастарды, жалпы халқын ерлікке, туған жұртын сүюге, ұлт үшін өлімге де бас тігуге болатын іс істеуге үндегенін көреміз. Мағжан аудармаларының құдіреттілігі осында болар.

Аударма өнері туралы жазушы Т.Ахтанов: «Аудармашының ең негізгі мақсаты автордың ойын ғана емес, оның өзіндік стилін, суретшілік ерекшелігін, барлық бояуын, шығарманың рухы мен тынысын жеткізіп бере білу. Осы тұрғыдан айрықша бір есте болатын нәрсе көркем шығарманың жалпы бейнесін ғана емес, оның өзіндік ажарын да аудармай жеткізу» деп жазыпты. Мұндай қағидадан М.Жұмабаев та аттап кетпейді. Рас,кей тұстарда аудармашы оқиғаға байланыстыра сөйлемдер қосып, еркіндеу кетеді. Алайда, ол түпнұсқаның мазмұнына еш селкеулік түсірмей, қайта әңгімені көріктендіре түскен. Мысалы: аудармадағы: «Себебі - Изергиль өткен күндерін есіне түсіре бастаса, философиясының тегеуріні астында жоғалып кетуші еді. Дұрысы – Изергиль философиясы

жүгенсіз, жабайы философия болғанмен, замана ұсталықпен орап тастаған, бас-аяғы табылмайтын, түрлі түске боялаған домалақ жіпке ұқсайтын еді,» – деген сөйлемдер түпнұсқада жоқ.

Алайда, Изергильдің өмірі, оның әңгімесі, қиын тағдыры туралы М.Жұмабаев аударған үзіндіге дейін айтылған. Соның бәрін жинақтап, оның қым-қиғаш тартысқа толы өмірін, ой-түйіндерін, қандай адам екендігін осы бір үзіндімен түсіндіре кетуді аударма шы есте ұстаған сияқты. Әйтпесе оқырман Изергиль кемпірдің ертегісін ұқпай қалуы да мүмкін.

М. Жұмабаевтың аударған бір көлемді әңгімесі орыс жазушысы Д.Н.Мамин-Сибиряктың «Ақбозат» атты әңгімесі.[4] Д.Н.Мамин-Сибиряк - XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген белгілі реалист-демократ жазушы. Көп туындылары қазақ халқының өмірінен алынған. «Ақбозат» хикаясы бала санасына, ойлауына әсер ететін терең гуманистік идеяларға толы шығарма. Еңбек етпей бос жүру, бекерге мал шашу, өзімшілдік, ақылсыздық сияқты жаман қылықтардан аулақ болуға шақырады. Өзі педагог Мағжанның бұл әңгімені аудару себебі түсінікті де.

Әкесінен қалған мол байлық жас Бұқарбайдың басын айналдырып, мол байлық таусылмастай көрінеді. Сөйтіп босқа мал шашып, еңбексіз бос жүреді. Шешесінің сөзіне де құлақ аспайды. Ақыры көп жыл тірнектеп жиған мал жоқ болады. Бұқарбайда — жалғыз асыл тұқымды арғымақ қалады. Бір ауылда бақташы боп жүрген Бұқарбай Ақбозатын баптап өсіреді, ол жүйрік болып, ат бәйгелерінде бірінші болып келіп жүреді. Саңлақ арғымақ — қашаннан қазақтың қиялы, қанаты, ермегі. Ақбозатқа көзі түскендер, Бұқарбайды қолқалайды. Ол көнбейді. Жас Бұқарбайдың сүйікті аты бір түнде жоғалады. Әңгімеде Бұқарбайдың қайғысы, ыза-күйініші, арғымағын іздеп сарсылған, жүдеп-жадаған күйін қаламгер аса бір жанашырлықпен суреттейді.

Әңгімеде қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтар да сырт қалмаған. Мәселен, қазақ ауылындағы теңсіздік, жемқор байлар, зорлықшыл билермен қатар, жарлы-жақыбайлар да жетерлік.

Әңгімені оқу барысында аудармашының көркем де кестелі тілі шығарманың өн бойынан көрініс табады. «...а лошад была чудная – длинная, на таких высоких ногах, с мальенкой головой и длинной гривой...» дегенді « қамыс құлақ, серке сан, жібек жал» деп, «ухаживает за лощадью как за невестой» дегенді «қойнына жататын қалыңдығынан бетер атты мәпелегені» деп аударуы қазақ тіліндегі аударманың шеберлігін көрсетеді Сұлу Мешітті алуға қалың малы жоқ Бұқарбайдың аянышты халі де әсерлі суреттеледі. Түпнұсқа: «Ему все завидовали, а он проклинал себя...Да, проклятую бедность не объедешь ни на каком скакуне». Аударма: «Жұрттың бәрі оған: «Ай, ырысты жігіт», — деп қызықса, ол өзін-өзі қарғайды. ...Ие, қандай жүйрікке мініп қашсаң да, малғұн кедейліктен құтыла алмайсың ғой». Қоғамдағы әділетсіздікке, қу кедейшілікке, жанашыры жоқ кейіпкеріне қосыла автор да аударма шы да қиналыс танытады.

Ұрланған атының соңынан қуған Бұқарбайдың ұрыға айқай салған сәтін түпнұсқамен салыстырсақ.

Түпнұсқа: «— Эй ты, шайтан, не умеешь ездить... Потрепли лошадь по шее!..».

Аударма: «- Өй, сайтан, атты қор қылып келесің... қамшы салма! Екі көзін сүрт!..

Аударма шы түпнұсқаны сөзбе-сөз аудара салмай, шабыс үстіндегі аттың көзін сүртуді өте орынды қолданған. Қазақ бәйге кезінде атына қамшы салмай, тек көзін сүртіп отырған. Аударма шының тек түпнұсқа жолымен кете бермей, өз қиялына да ерік беруі аударма құнын арттыра түскен. «Любовь его ослепила» деген сөйлемді «махаббат көзін соқыр қылды» деп аудара салмай, «оның көзіне шел қаптатты» деуі де қазақы ұғымға біртабан жақын.

С.Абдрахманов аударма өнері жайында «Жақсы аударма – тіл қадірін танытудың да сенімді жолы. Аударма да төлтума мен телтума тайталасады. Яғни автор мен аударма шы өзінше бір өнер жарысына түседі дейміз. Олай деп айту аздық етеді. Аударма да солар арқылы тіл мен тіл де жарысқа түседі. Тіл мен тілдің жарысы түптеп келгенде бейне бір ел мен елдің өнер жарысы десе де болады. Демек, аударма - ұлтының ұлылығын дәлелдеудің

бір жолы» дейді [5, 25].Бұл бүгін біз сөз еткен Мағжан аудармаларына қатысты айтылғандай. Мағжанның да М.Горький, В.Иванов, Д.Н.Мамин-Сибиряк, П.Дорохов т.б. орыс қаламгерлерінің туындыларын қазақшалаумен қатар олар мен тіл, өнер жарысында түскенін,ғасыр басында-ақ «ұлтыңның ұлылығын, еліңнің елдігін» көрсетудің үлгісін танытқанын көреміз. Олардың шығармаларын қазақ тілінде төлтумадан еш кем қылмай,көркемдігін төмендетпей, қазақ тілінің төл туындысындай шебер сөйлеткен Мағжанның ел мен елді, тіл мен тілді танудың құралы – аударма өнері екенін, жалпы аударма ә дебиет пен мәдениеттің құрамдас бір бөлігі деп ерекше қарағанын байқаймыз. Демек Мағжан жалынды ақын ғана емес, мықты аудармашы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кенжебаев Б. «Ұстаз» // Жұмабаев М. Шығармалар. Алматы: «Білім»,1996, 512 б.
2. Елеукенов Ш. «Мағжан». Алматы: «Санат»,1995, 384 б
3. Жұмабаев М Шығармалар жинағы. 3 том.Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. Алматы:Жазушы. 2005, 232 б
4. Мамин – Сибиряк Д.Н. Повести и рассказы. М: Сов. Россия . 1989, 271 с.
5. Абдрахманов С. Біздің Пушкин. Алматы, 1999. 234 б

Әшір А.Т - РД-11к тобының студенті
Ғылыми жетекшісі – магистр, оқытушы Айтхожина С.К.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ.,Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ҚУҒЫН - СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ

Қазақстанда тоталитарлық жүйенің нығаюы 1925 жылдың күзінде өлкелік партия ұйымының басшысы болып сайланған Ф.И.Голощекин есімімен байланысты. Кәсіпқой революционер,патша отбасының атылуын ұйымдастырушылардың бірі болған Голощекин Қызылордаға келіп түскен бойда,бірден «қазақ ауылында Кеңес өкіметінің жоқ» екенін, ауылда Кіші Қазан өткізу керек екенің мәлімдеді. Негізгі міндет ретінде әлеуметтік саралауды жою арқылы дәстүрлі қауымдастықты бұзу жарияланды. Қазақтарды жаппай отырықшы ету келесі маңызды қадам юолуға тиіс еді. Голощекин ең алдымен өзінің көз қарасын бөліспеген партия көшбасшыларымен күресуді қолға алды. Көп ұзамай, 1926 жылы С.Садуақасов пен С.Қожанов «ұлтшылдыққа бет бұрған» деп айыпталды. С.Сейфуллин, М.Мырзағалиев, Н.Нұрмақов, С.Мендешев және басқалары қуғындалды. Олардың көпшілігі республикадан шектетілді [1].

Голощекин ауылдардың әлі күнге дейін « ... таптық күрестің лебін сезбегенің», «... қазақ ауылдарында Кеңес өкіметінің жоқтығын» қасарыса дәлелдеуге тырысты. БК(б)П-ның Өлкелік комитетінің екінші хатшысы О.И.Құрамысов Ф.Голощекинді батыл қолдады. Оның құлағына ол: «Қазан дауылы қазақ ауылын сәл ғана жанап өтті», - дегенді құюмен болды.

Тоталитарлық режимнің нығаюына қарай, бірте-бірте «Алаш» партиясының мүшелерін,сондай-ақ өлкедегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қарқындары мен әдістері мәселесінде өз көзқарастарынан танбаған және кадр мәселелерін шешу ісіндегі егемен құқықтарын аяусыз таптап , қорлап отырған , тұрғылықты халықтың ұлттық ерекшеліктермен санасқысы келмейтін Орталықтың саясатының дұрыстығына күмән келтірген республиканың басқарушы қызметкерлерін саяси қуғындау күшейе түсті.

Голощекин өмірге өзінің «Кіші Қазан» идеясын енгізуді қолға алды. 1926-1927 жылдары егістік және жайылым жерлерді қайта бөлу үдерісі іске асты. Ауқатты тұрмыс қалыптасқан шаруашылықтардан 1360 мың десятина шабындық және 1250 мың десятина жайылымдық жерлер алынып,кедейлермен орта шаруаларға берілді. Алайда бұл щара күткен нәтежені бермеді. Малдары жоқ шаруашылықтар өздеріне берілген шабындықтар мен

жайылымдарды тиісінше пайдалана алмай, көпшілік жағдайда бұрынғы қожайындарына қайтарды [1].

Келесі қадам ірі бай мал иеленушілердің мүлкін тәркілеп,оларды отбасыларымен бірге тұрып жатқан ауылдарынан тыс жерлерге көшіру болды. Жеті жүзге жуық шаруашылықтан мал-мүлік тәркілеу жоспарланған. Құжаттарға сәйкес, 696 шаруашылықтан мал тәркіленгеніжазылғанымен,іс жүзінде бұл санның әлдеқайда көп болғаны белгілі [2].

Сөйтіп, кең ауқымды геноцид-зұлматы ,яғни әртүрлі желеу-сылтаулармен халықты қырып жою мақсатын іске асыру басталды.

Шаруаладры ұжымдастыру еріктілік ұстанымына негізделген,бірте-бірте жүретін үдеріс ретінде қаралды. Бірақ 20 жылдардың соңына қарай шынайы бағыт түбегейлі өзгерді. Сөйтіп,Қазақстан ұжымдастыру 1932 жылдың көктемінде аяқталуға тиіс аудандарға жатқызылды.

Жаппай ұжымдастыру жылдарында мал басының күрт азайып кеткенін төмендегі деректен көруге болады: [1]

Кесте 1. Мал басының күрт азаю кестесі

Мал атауы	1922	1932
Ірі қара мал	9млн. 509мың бас	965 мың бас
Ұсақ мал	18млн. 566 мың бас	1млн.386 мың бас
Жылқы	3 млн. 516мың бас	376мың бас

Бұл тауқымет ауқымынң орасан үлкен болғаны соншалық, 1931-1933 жылдардығы аштық тарихқа «Ұлы жұт» - қазақ халқының ең үлкен қасыреті ретінде енді. Демографтардың деректері бойынша, Қазақстан халқының саны сол кезеңде шамамен екі млн. Адамға қысқарып,қазақ этносының 49 % - ін құраған.

Осының барлығын көріп отырған қазақтың зиялы қауымы Голощекин саясатына қарсы шыға бастады. Сол кездегі Ғабит Мүсірепов бастаған Голощекинге қарсы Сталинге жазған «Бесеудің хатын» еске түсірсек болады.

Сөйтіп,1928 жылдың соңында «буржуазиялық ұлтшылдар» деп аталғандардың – Алаш Орданың бұрынғы қайраткерлерінің арасынан 44 адам,оның ішінде : А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев және басқалары жалған айыппен тұтқындалды [2].

Көп ұзамай, Ж.Аймаутов, Ә.Байдилдин, Ғ.Бірімжанов атылып,қалғандары әртүрлі мерзімге сотталды. М. Дулатұлы лагерьде қайтыс болды, ал Байтұрсынов, Жұмабаев және басқалары жазаларын өтеп, 1937 жылы Алаш Орданың қызметіне қатысқандары үшін қайтадан жазаланып, 1937-1938 жылдары ату жазасына кесілді [2].

Сөйтіп, ХХ ғасырдың 20 жылдарының соңы мен 30 жылдарында тоталитарлық режим қоғамдық саяси өмірдің барлық дерлік салаларында нық орнады. Қазақстанда ол күштеп ұжымдастыру және 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын сүргін кезенінің қайғылы оқиғаларымен қатар жүріп , ерекеше апатты сипат алды.

Кез келген тарихи оқиға мына бізге, келешек ұрпаққа сабақ. Тарихи оқиғаларды зерттей, саралай отырып, ой призмасынан өткізген жөн. Енді осы «саяси қуғын сүргін» қазақ халқынын тарихи оқиғасынан қандай сабақ алсақ болады деген сұрақ туындайды. Жоғарыда атап айтылғандай, Кеңес үкіметін ең бірінші сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу, халқы үшін жан беретін қазақтың зиялы қаумы қызықтырды, мақсаттары ең алдымен солардың көзін жою. Әрине, себебі сауатсыз, өзінің құқығын білмейтін, айдауға көнетін халықты басқару әлдеқайда оңай, ол бәрімізге белгілі. Енді осыдан шығатын қорытынды және сабақ, халық әрқашан сауатты болуға тырысу керек, әсіресе жас буын, яғни жастар. Нұрсұлтан Әбішұлы да өзінің жолдауларында осы туралы үнемі айтып жүреді. «Ел болашағы – жастар қолында» дей отырып, 2019-шы жылды «Жастар жылы» деп белгілеуі, біздерге, жастарға деген үміт, қолдау және ел болашағына үлкен инвестиция.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:
1. Аяган Б.Г, Абжанов Х,М., Современная история Казахстана. Учебник-Алматы.-2016
2. Әминов Т.М. Қазақстан тарихы. Алматы.-2016

Байкадамова К.А., ученица 10 класса
Средняя общеобразовательная школа №85, г. Караганда, Республика Казахстан

МӘҢГІЛІК ЕЛ – ОСНОВА РАЗВИТИЯ ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ И ПАТРИОТИЗМА МОЛОДЕЖИ

"Жизнь народа прирастает с каждым следующим его поколением. Поэтому нет мечты выше, чем мечта о Вечности Народа. «Мәңгілік Ел» – это идея, которая открывает завтрашний день, выражает веру в будущее, это символ необратимой и прочной стабильности..."

Из выступления Н.А. Назарбаева на торжественном собрании, посвященном Дню Независимости Республики Казахстан.15 декабря 2014 года.

Казахстанский патриотизм – это осознание ответственности граждан за судьбу и будущее своей Родины. Уважение обычаев, традиций, истории и культуры всех народов. Уважение к государственным символам, государственному языку. Патриотизм формируется в семье, в сознание ребенка закладывается отношение к Родине. Необходимо знать и уважать историю своей страны, гордится предками, стремиться внести свой вклад в процветание своей Родины. Жителям Казахстана есть чем гордиться. Мы живем в стране с красивейшей природой, с богатой историей, с интеллектуальным потенциалом, с образованной молодежью.

Патриотизм представляет граждан, которые рассматривают интересы страны выше личных. Чувство патриотизма находится в подсознание человека. О патриотизме личности судят по его делам и поступкам. Патриотом мы можем считать того человека, которого будут чтить и считать таковым его соотечественники.

Патриотизм является духовным стержнем нации. Движущей силой будущего Казахстана является молодежь, которая должна быть достойной сменой старших поколений. Будущее нашей Родины находится в руках молодежи. Молодежь – «вечный двигатель» будущего. Путь в будущее Казахстана, несомненно, будет связан со степенью участия казахстанской молодежи в общественной, экономической и политической жизни страны. Молодежная политика направлена на создание условий для эффективной самореализации молодежи, также она содействует культурному и социально-экономическому развитию Республики. Она является одним из приоритетных направлений в деятельности многих стран. В Законе «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан» определены механизмы государственной поддержки молодежи, ее социальные и политические права.

Президентом Республики Казахстан 2019 год объявлен Годом молодёжи. Это свидетельствует о том, что молодёжная политика находится в приоритетной зоне внимания государства. "Новое поколение Казахстана, которое я вижу, – это самое большое достижение Казахстана, моего труда как главы государства. Молодёжь – это ключевой фактор конкурентоспособности страны", – отметил Нурсултан Назарбаев. Государство прикладывает усилия для расширения возможностей для молодежи.

«Мәңгілік ел» - это мечта наших предков, национальная идея Независимого Казахстана. «Мәңгілік Ел» - историческая миссия казахстанцев. Она основывается не только на мечте предков, но и на больших результатах развития Казахстана, со времен обретения независимости. На данный момент наша страна входит в состав многих различных международных организаций и является их полноценным участником.

Воспитание чувства гражданственности и патриотизма очень актуально в современном развитии общества. Знание конституционных обязанностей относится к одним из основ развития гражданского патриотизма. Сегодня особое значение в воспитании имеет гражданский патриотизм, в основе которого лежат: гражданская мораль, гордость за свою историю, семью, город и т.д.

Нам необходимо бережно относиться к культуре своего народа, уважать национальные чувства других народов, стремиться сохранить единство Казахстана, а также участвовать в повышении его авторитета. Гражданственность – один из важнейших факторов в развитии суверенного Казахстана. Гордость за свою страну создаёт фундамент казахстанского патриотизма, формирует чувство уверенности в том, что у нашей Родины - прекрасные перспективы, которые основаны на реальных достижениях в различных сферах.

Список использованной литературы:

1. Нурпеисов Е.К, Котов А.К «Государство Казахстан от ханской власти к президентской республике», 1995г.
2. https://www.kazpravda.kz/articles/eaes/novii-kazahstanskii-patriotizm-i-natsiya-edinogo-budushchego

Бакен А., 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі - аға оқытушы, магистр Кельмағанбетова Ш.С.
ҚҚЭУ, Қарағанды қ. Қазақстан Республикасы

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛ КӨРКЕМДІГІ

Мағжан ақынның табиғаты өте күрделі, жұмбақ, сырға толы. Оның сыры неде, талайды аузына қаратып тамсандырған ақын феноменін қалай түсінуге болады? Дарын табиғатының көрінісі бұлақтай мөлдір поэзиясынан көрінеді. Мағжан ақын қазақ поэзиясында кездесе бермейтін өрнек тауып, рухы мықты жалынды жырлар мен үлбіреген нәзік әуез әкелді.

Мағжан нені айтса да, бейнелеп айтады. Ол үшін даланың тауы да, суы да, желі де ғажайып. Ақын өлеңдерінде адам мен табиғат астасып жатады. Қай шығармасында да Мағжан осы екі ұғымды бірлікте алып жырлайды. Бір өлеңінде анасына, жарына, жалпы адамға деген махаббатын туған жерге катысты сезімімен ұштастырып жатса, енді бір жырларында сол табиғаттың асыл жемісі – адамды бәрінен жоғары кояды. Бұған дәлел – «Сен сұлу» өлеңі.

Өлеңде сұлулықтың көркіне көз тоймай, айналасына таңырқай көз салған ақынның бейнесі бар. Ол айрықша тебіреніс үстінде. Оның көңіліне қуаныш, мактаныш сезімін ұялататын кең даланы гүлге ораған көктемнің арайлы күні, күміс табақтай көкте жүзген сұлу ай, жібектей есіп, жанды жадыратар жел, асқар тау, көлде жүзген аққулар, көк аспанда нұрын шашып тұрған күн. Ақын осы көріністің тамаша картинасын жасайды. Табиғаттың әр құбылысынан, туған жердің әр тынысынан сұлулықтың тамаша белгілерін көреді. Ақын туындыларының басты ерекшелігі – уақыт сынына төтеп берерлік тіл құнарлығы мен ой тереңдігі, сөз қолдану шеберлігі мен көркемдігі.

Мағжан Абайдан кейінгі қазақ әдеби тілін дамытушы, көріктендіруші суреткер. Сәбит Мұқанов: «Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейінгі тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ»,- деп, ұлы ақынның даралығын ерекше атап кеткен болатын.

Ақын поэзиясында эпитеттер символдық бейнелермен қоса өріліп, тілдің стильдік ерекшелігімен, контекстегі эстетикалық мағыналық қырларымен дараланады. Мағжанның әсерлі эпитеттерді «тауып» қолданғанының нәтижесінде әдеби тілімізге асыл қазына болып

қосылған жаңа тіркестер пайда болды. Мысалы: «Сұлу сағым, мәңгі мұнар, сұм боран, сорлы бұлт, жүйрік жүрек, жібек түн, алтын сәуле, жалқау жел, күміс көбік, ерке бұлақ, тәтті улы бал» деген эпитетті тіркестер ақын поэзиясында өзгеше қырымен танылады.

«Алтын» сөзі қазақ поэзиясында көп қолданылатын дәстүрлі эпитеттердің бірі болғандықтан, мағынасы барынша терең, бояуы қанық болып келеді. Келтірілген бейнелі тіркес «алтын күннің» сары түсін ғана емес, сұлулығын, көз тартар әсемдігін де білдіреді.

Мағжан «алтын» эпитетін өлеңдерінде «күнмен» мейлінше жиі тіркестірген.

Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым, жүйрік желді сағындым.
немесе,
Міне, алтын таң атты,
Күншығыстан ағарып,- деп жырлаған.

Халықтың бас бостандығын, бақытты тұрмысын, тәуелсіздігін аңсаудан туындаған эпитеттер – ақынның рухани әлемінен туындаған тілдік бейнелеулер. Күн мен Айды, Отты жақсылықтың белгісі ретінде алып, түрліше мағына беріп, жаңа ұғым қалыптастырады. «Айды» сұлулықтың, тіршіліктің, арман мен үміттің символы ретінде сан құбылтып қолданады.

Тұрсың сен, мейірімді Ай, нұрың шашып,
Бұғып жүр қараңғылық бетін басып
Қайғылы Ай көкте тұрсың нұрың шашып
Қайғылы, жер жүзіне нұрың шашып...

Айдан мұң мен шер, қайғыны көргендей болады да, өзінің ішкі сырын ақтаратын сырласы етеді.

«Жүрек» сөзі адам сезімінің, көңіл-күйінің сан алуан қатпарына байланысты қолданылғандықтан, оған берілген «ессіз, жынды, сұм, нәзік, отты, жас, сорлы, сезгіш» деген сияқты эпитеттер ешқандай жасандылығы жоқ шынайы, санаға сіңімді, көңілге қонымды. Жүрек қылын шертетін Мағжанның асқан ақындық шеберлігін, сырлы да, сезімді суреткер екендігін көрсететін осындай образды жолдарды көптеп кездестіреміз.

Табиғат көрінісін адам әрекетімен астастыра бейнелеу Мағжан Жұмабаевтың өзіндік бір ерекшелігі деп танимыз. Автор табиғат сұлулығын, оның тылсым күшін кейіпкердің көңіл-күйімен алмастырып, адамның ішкі әлемін, сезім иірімдерін ашуға пайдаланады. Ақынның балалық шағы мен құрбы-құрдастарымен көңіл сырын бөліскен жері – Сасықкөл. Мағжан үшін ол жұмақпен бірдей. Одан көркем, одан сұлу жер жоқ. Сондықтан болар ақын көл суретін ерекше шабытпен суреттейді.

Ақынның нәзік жүрегі, қымбат сезімі туған өлкенің тағдырымен бірігіп, біте қайнасып кеткен "Табиғатты Мағжаннан көп, онан артық суреттеген қазақ ақыны кем де кем шығар", – деп жазды Ж.Аймауытов. "Табиғат қойнында туып, табиғат анасының бауырында өскен жігіт табиғатты дәріптеген соң, оның қойнындағы елді, жұртты айтпай тұрсын ба?".

Мағжан қаламы арқылы келген жаңалықтар жеке ақын тұлғасына тиесілі. Расында, Мағжан қолданысындағы табиғат кейде таңдай қақтырып, бойыңды ерітіп, жүрегіңді лүпілдетіп неше түрлі күйге бөлейтін сурет болып көз алдыңа орнай қалады, кейде сол табиғат безбүйрек, қатал, ызғарлы. Яғни, лирикалық қаһарманның көңіл-күйіне қарай табиғат та жүз құбылып, мың құлпырып отырады. Ақынның салған пейзаждары құбылмалы, қимыл-қозғалысқа толы.

Ақын тау туралы толғансын, не дархан даланың кеңдігін жырласын, бірінші кезекте өзінің дүние түсінігі, ішкі жан-күйі тұрады, сонымен әлемді бірге толғандырып тебіренеді.

Мағжан сезімнің, сұлулықтың, інкәрліктің жыршысы ретінде әсем де, әсерлі, маржандай тізілген эпитеттерді құлпырта қолданады. Меруерт көбік, күміс кәусар су, алтын бу, меруерт қар, тарғыл тастар, бұйра қою қарағай, ерке жаз, ерке бұлақ, қасиетті сәуле, сары сайран дала т.б. тіркестерді махаббат, туған жер тақырыптарында молынан келтіреді.

Қазақ поэзиясында лирикалық сыршылдықтың шыңына лайық, поэмаларында суреткерлік пен ойшылдығы қат-қабат келіп жататын өлең өлкесінде өшпес мұра қалдырған

ұлы ақын – Мағжан Жұмабаев. Ақын 1893 жылы Қызылжар уезінің Сарыайғыр болысында дүниеге келген. Үлкен атасы Қажы атанған Жұмабай болса, өз әкесі Бекен де елге беделді, ауқатты, болыс болып ел тізгінін ұстаған жан.

Мағжан – өз жерін де, өз тегін де мадақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ақтауға ұмтылған, асыл маржанға теңелген сұлу лирикалық жырларымен оқырманын еліткен халқының дара перзенті. Мағжан поэзиясының тіл кестесі, лирикасындағы нәзік сезім мен терең ой тоғысы ерекше ілтипатқа бөленген ақын. Мағжан поэзиясы – одан рухани азық алып, жандүниеңді байытып, өмір құбылыстарына деген көзқарасыңды кеңейтіп, қоршаған ортаның қыр-сырын түсінуге көмектесетін көркем дүние. Мағжан – сыршыл да өршіл маржан жырларының құдіреті арқылы өзінің бүкіл болмысы мен поэзиясының ерекшелігін танытып кеткен ұлы ақын. Құбылмалы өмір күйінен өз әуезін таба білген ақын қашанда тек ұлтының керегін іздеп, мұңы мен зарын жоқтауға, қуанышын көркейтуге, жаманын жасырмай, жақсысын асырмай жырлауға берік бекінген. «Мақсаты тіл ұстартып, өнер шашпақ» болған ұлы ұстазы Абайша бар мақсаты ұлтының азаттық пен бостандыққа қол жеткізуі болған. Мағжанның алғаш жарық көрген өлеңінің өзінен-ақ ақынның кейінгі ұлы мақсаттары көзге шалынды. Тұтасымен алғанда Мағжан өлеңдері қазақтың сөз өнері үшін жаңа дүние. Ақын өлеңдерін оқи отырып, оның түйсіну, қабылдау қабілетінің айрықша мол, әрқилы екенін аңғарасың, терең эстетикалық талғамды сезінесің. Біз Мағжанды сыршыл ақын дегенімізде, көбіне оның махаббат, сүйіспеншілік тақырыбына жазылған өлеңдері төңірегінде ой қозғап келеміз. Бірақ азамат ақын бұл тақырыптағы өлеңдерінде де азаматтық жүкті алға қояды. Біршама өлеңдерінде ол махаббат, сезіміне тән азығы емес, жан азығы ретінде қарайды. Ұлы күрестер жолында бойға қуат күш берер рухани азық деп біледі. Ұлы сезімнен жаны гүлденген ақын ұлты үшін күреске нық сеніммен қадам жасайды.

Мағжан поэзиясының тақырыбы әр алуан. Өзі өмір сүрген жаңа ғасыр басында Мағжан бармаған, ол жырламаған тақырып жоқ деуге болады. Ақындық өнерге енді ғана мойын бұра бастаған тұста, Мағжанның жан-дүниесін кеңейтіп, іздегені алдынан шамшырақ болып жанған бір құбылысты айтпай кету мүмкін емес. 1909 жылы қазақ оқырмандарына қазақ поэзиясының бүкіл болмыс-бітімінің бүтіндігін танытқан үш кітап арналды. Олар Абайдың «Өлеңдер жинағы», Ахметтің «Қырық мысалы», Міржақыптың «Оян қазағы» еді. Міне, осынау кітаптар ұлтын сүйген ұланның, өнерді құдірет түсінген ақынның айтар ойын, барар бағытын айқындап берді. Алдындағы толқынның асыл ойдан өрілген шығармаларына еліктей отырып, өзіндік жолын іздестіруге ұмтылды. Елінің тағдырына ортақтаса білген ақынның «Ләззат қайда», «Жазғы таң», «Зарлы сұлу», «Балалық шақ», «Қазағым» және т.б. жырларынан тұнба тұнық ойларды аңғарамыз. «Сағындым», «Сарғайдым», «Түс», «Анама», «З-ға» сияқты өлеңдері Мағжанның түрмеде жазған шығармалары. Ақын бұл өлеңдерінде темір торға қамалған жан арпалысын суреттей отырып, тілегені өлім емес ерлік екендігін дәлелдейді.

Мағжан поэзиясының сыршылдығына тән құбылысты біз оның сүйікті әйел, ыстық махаббатты жырлаған отты өлеңдерінен нақтырақ табамыз. Бұл тақырыпқа арналған өлеңдерін әйел, оған деген адал сезімді ардақ тұту, өз тұсындағы әйел затының тағдырына араша түсіп, зарына үн қосып, жырымен жұбату деп бөлуге болады. Мағжанның қазақ әйелінің теңсіздік тұрмысын көрсетіп, қасіретін жырлаған өлеңдері қатарына: «Домбыра», «Зарлы сұлу», «Жәмила», «Тілегім» өлеңдерін жатқызуға болады.

ХХ ғасырдың басында әдебиет әлемінде қатар қанат қаққан ақындардан Мағжан Жұмабаевтың басты ерекшелігі өлең өрімінің өзгеше сұлулығы мен саздылығының ерекше үйлесім табуында. Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясының жарық жұлдызы ұлы – Абайға еліктей отырып, ұлы ұстаз жолын ұстанғанмен өзінше жол табудан әсте жалықпай, көп ізденген жан.

Мағжан – қазақ өлеңіне Абайдан кейін дүбірлі өзгеріс әкелген ірі реформатор ақын. Омыртқасы майыспай ол жүкті Мағжан көтерді. Қара өлеңнің бала күші бесік болып тербеткен Мағжан жазба әбебиетінің қатаң көркемдік принципіне тәрбиеленген Абаймен үлкен эстетикалық мұрат үстінде қауышты. Ендеше, Мағжан ренесансының берік тағаны –

Абай. Олар бір – бірімен тым жақын, жалғас жатыр. Алайда, Мағжан өзін - өзі ашудың кілтін іздеуден танбады. Қазақ лирикасы әлемдік дәрежеге көтерген Абайды орап өтудің мүмкін еместігін білгіш Мағжан тіппі де түсінді ғой. Сондықтанда Абайсыз Мағжанға ақын болудың өзі екі талай еді. «Өлсем орным қара жер» қаршадай Мағжанның сүйегіне сіңіп кеткен сөйте-сөйте біртіндеп Абай аманаты түгелімен Мағжан мойнына артылды. Осы бір қылта-қиылысты жіті аңғарған М.Әуезов Мағжан болашағына үлкен үміт артты. Енді әлем алдында Мағжан – дарияның шалқитынына еш күмәні болған жоқ. Туған әдебиетін қылаусыз сүйген данышпанның бұл болжауы толық ақиқатқа шықты.

Әлемдік поэзияның сырлы бояуын барынша қабылдап, оны дамыта түскен ірі дарын иесі Мағжан Жұмабаев өзіндік қолтаңбасымен қазақ поэзиясының алтын қорынан өз орнын алды. Рухани асыл қазынаға өлшеусіз мол поэзиялық өрнек әкелген Мағжан қазақ әдебиетін жаңа сапаға көтеріп, қазақ әдеби тілін жұмсақ та, нәзік, көркем етіп қалыптастыруға мол үлес қосты.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиеттану сөз өнерінің сырлары. Алматы, «Мектеп», 2013
2. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы, «Қазақ университеті», 2002.
3. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы, «Білім», 1998.
4. Литературно-энциклопедический словарь. – Москва, 1983.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, «Санат». 2002
6. Тілешов Е. Суреткер және көркемдік әдіс. Алматы, 2005
7. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // Қазақ әдебиеті. 27 қаңтар, 1989.
8. Кәкішев Т. Мағжан – Сәкен. А., 1998.

Белоусова Е.А., студентка 2 курса
Научный руководитель – преподаватель истории Карпова С.В.
Карагандинский агротехнический колледж, г. Караганда, Республика Казахстан

ПАТРИОТИЗМ И НАЦИОНАЛЬНОЕ САМОСОЗНАНИЕ – ПУТЬ К ВОПЛОЩЕНИЮ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Я - патриот! Как часто можно сказать и услышать это слово, сказанное, не задумываясь над его содержанием. А на вопрос, что значит быть патриотом, ответить кратко – любить свою Родину. За краткостью и простотой скрыт глубокий смысл, который уходит корнями вглубь веков.

Вслушайтесь в само слово "Родина". Что оно скажет вам? Родина - это земля, породившая и взрастившая нас; Родина - это земля, роднее которой нет и быть не может; Родина - это земля моей семьи, моих родных, моих предков, из поколение в поколение с любовью, самоотвержением трудившихся на ней. Родина... Любить ее - значит знать ее прошлое, жить ее настоящим, болеть о ее будущем. Понятие “Родина” начинается со знания истории места: села или города, в котором живет человек, знать и уважать традиции родных мест. Только знание своего исторического прошлого может укрепить почитание традиций и непреходящих человеческих ценностей – любви к родине, доброты и справедливости, уважение к ближнему. Главное, нам не надо метаться в поисках основных ценностей, какой-либо идеологии. Она уже есть - Патриотический акт «Мәңгілік Ел».

Семь принципов «Мәңгілік Ел» – основные ориентиры, отражающие наши базовые ценности развития, общность интересов и историческую судьбу народа Казахстана.

Весомой составляющей политического образа Казахстана, безусловно, является модель национального согласия, модель многокультурного и многонационального общества, основанного на принципах толерантности и «единства в многообразии». Справедливо

отметила Ж.Кусмангалиева о том, что нужно формировать нашу нацию казахстанскую не отказываясь от национального. А именно, вбирая к национальному дополнительные еще элементы.

Одна из важных ценностей общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел» - светское общество и высокая духовность - призвана консолидировать всех граждан нашей страны, что должно обеспечить безопасность внутри страны, а основой единства является общая история, из которой нужно уметь извлечь необходимые уроки. В Казахстане существуют экстремистские организации, есть нетрадиционные религиозные течения, которые не признают наши казахстанские традиции, чем наносят особый вред межэтническому, межконфессиональному диалогу. Нам надо хорошо это понимать и противостоять идейным противникам изучая и продвигая нашу историю, наши исконные традиции. У нас свой путь и есть своя, признанная ещё нашими предками, религия.

Одним из приоритетных направлений «Мәңгілік Ел» является формирование осознанного отношения к профессиональному самоопределению, развитие экономического мышления. «Включайтесь в работу, каждый на своем рабочем месте. Не будьте равнодушными. Создавайте судьбу страны вместе со всем народом!», – сказал Президент, и его слова, должны стать девизом всей патриотично настроенной молодежи.

Наше государство создаёт все условия для профессионального развития молодёжи. 2019 год в Казахстане объявлен Годом молодёжи! Чем же мы должны ответить на заботу государства? Надо работать, работать конкретно над собой, совершенствовать себя. Здесь не надо кивать на государство, общество, надо, прежде всего, спрашивать с себя. Участвовать в этом процессе должны все слаженно, только в этом случае мы можем рассчитывать на успех. Смелее открывать и развивать собственное дело, чтобы создать Общество Всеобщего Труда. Каждый из нас должен взяться за создание цивилизованного, высокодуховного и высококультурного общества, чтобы построить Мәңгілік Ел. От этого зависит будущее величие казахстанской нации, ее место и роль в мировом сообществе.

Патриотизм не заложен в генах, это социальное качество, которое формируется всей окружающей действительностью через самовыражение себя как личности, гражданина и патриота, мобильное участие в жизни страны. В настоящее время на нас, молодёжь, ложится большая ответственность, именно нам предстоит продолжить эстафету созидательных дел старшего поколения, для процветания Казахстана. В своей книге «Казахстанский путь» Н.Назарбаев сказал: «Новое поколение должно уметь справляться с решением крупных проблем, уметь адаптироваться к изменившимся экономическим и технологическим обстоятельства». Каждый второй житель республики моложе 30 лет. Молодежь – это вечный двигатель будущего. Поэтому с уровнем развития, возможностями, ценностными ориентациями, степенью участия в экономической, политической и общественной жизни казахстанской молодежи связан путь Казахстана в будущее. Именно на улучшение социально-экономических условий становления и всестороннего развития будущих поколений казахстанцев направлены реализуемые сегодня в стране масштабные государственные программы: «Балапан», «Занятость-2020», «Дорожная карта бизнеса – 2020», «Доступное жилье – 2020», «Нұрлы жер», «7 - 20 - 25», ожидается запуск специального проекта «Ауыл – Ел бесігі». Программа «Рухани жаңғыру», статья «Семь граней Великой степи» – пора духовного возрождения национальной идеи, сохранения культуры, традиции и национальных обычаев народов, и многое другое. В Послании, от 5 октября 2018 г., Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что комплексная поддержка молодежи и института семьи должна стать приоритетом государственной политики. Все, что делается сегодня в стране для дальнейшего развития и роста конкурентоспособности экономики, повышения благосостояния граждан, развития человеческих ресурсов, формирования общества всеобщего труда, укрепления казахстанских ценностей и морально-нравственных идеалов – это долгосрочные инвестиции в будущее казахстанской молодежи.

Патриотичная, образованная, обладающая здоровьем, ответственная и энергичная, успешно работающая в условиях инновационной экономики, владеющая казахским, русским

и английским языками, впитавшая ценности и культуру казахстанского народа, толерантная, узнаваемая и уважаемая в мире – такой видимся мы, казахстанская молодежь, поколение независимости, будущее страны. Уже сейчас молодые должны строить это будущее, стремиться к знаниям и новым свершениям. Не случайно логотип Года молодёжи - это летящие журавли, которые являются символом вечной молодости, удачи и счастья, что наилучшим образом подходит для отражения молодежной политики.

Национальная идея Мәңгілік Ел, проникает во все сферы повседневной жизни, будь то образование, наука, культура, производство, сельское хозяйство. На ее фундаментальных основах уже разрабатывают и внедряют новые стратегические программы, проекты. Так, незаметно Мәңгілік Ел, выстраивает новый вектор устойчивого и успешного развития нашего государства, устремленного в будущее.

Список использованной литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства», 2012г.

2. Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана "Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни" от 05.10. 2018

3.Патриотический акт «Мәңгілік Ел», 2016 г.

Беркімбай Ж., СР-11 қ тобының студенті
Ғылыми жетекші - аға оқытушы, магистр Исина С.С.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ЖАСТАР - МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны, ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты.

Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Білімсіздің күні қараң. Көзіашық, көкірегі ояу кез келген білімді ұрпақ өз Отанын даму жолындааянбай тер төгеді. Қазіргі бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманда «алма піс, аузыма түс» деп жатудың өзі әбестік. Жалын мен жігерді, ізденіс пен талпынысты талап ететін жастық шақта ел болашағы үшін еңбек ету әркімнің міндеті.

Бүгінгі жас болашақ Қазақстанның жанды бейнесі. Жастарды білім жолына салып, түзу жолдан тайдырмай, санаға сәуле шашар оқу білімнің тізгінін ұстату мемлекет пен қоғамның міндеті саналады. Қандай мықты мемлекет болмасын жастардың білімі мен оқу-ағарту ісіне көп көңіл бөледі. Келешектің іргетасын қалау үшін, ең алдымен сол елдің жастарының саналы ұрпақ болып жетілуіне күш салу керек. Қазіргі таңда Елбасымыз дәл осы бағытта көптеген жұмыстар атқаруда. Әрбір жастың алаңсыз, білім нәрімен сусындауына барынша жағдай жасалған. Нұрлы болашақтың даңғыл жолында шабысы қатты тұлпардай жүйткіген Қазақстанның жастары текті ұлттың ұрпақтары екеніне келер күн мен атқан таң бірден-бір куәгері болмақ.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев және Үкімет қазіргі толқынға, жастарға үлкен үміт артады. Елбасы жастардың біліктілік деңгейі, білім алу, , бос уақытты тиімді өткізуді ұйымдастыру, саламатты өмір салтын ұстану жәнерухани құндылықтарды қастерлеу сияқты ұғымдарына ерекше назар аударады.

Қазақстан қоғамының жемісті дамуындағы маңызды шарттың бірі еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси және қоғамдық өміріне жастардың белсенді қатысуы болып табылады.

Ел тәуелсіздігі қалыптасуының алғашқы жиырма жылдығы барысында орын алған әлеуметтік-саяси қайта жаңғырудаайтарлықтай дәрежеде «алғашқы нәтиже» болып табылатын жастар буыны ерекше мәнге ие. Президент Н.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауларында жастардың ел тағдырындағы шешуші күш екенін әрдайым айтып келеді. «Мен жастар – біздің болашағымыздың тірегі дегенді әркез айтып келемін. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы» деп атап өткен Елбасы. Тәуелсіз елдің ертеңі – бүгінгі жастардың қолында.

Жастар жайлы сөз қозғалғандаайтатын әңгіме де, көтеретін мәселе де ауқымды болып келеді. Бұл ретте олардың білім алуларымен қатар, жұмысқа тұру жайы тағы бар. Жұмыссыздық мәселесін оңтайлы шешу мақсатында шағын және орта бизнестегі кәсіпкерлерге, соның ішінде жастарға қолдау көрсеткен дұрыс. Елбасы мақаласында осы мәселелердің барлығы көтеріледі. Әсіресе, «прагматизм» сөзіне көңіл бөлуді ұсынады. Мақалада «Прагматизм – өзіннің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз» деп түсіндіреді. «Асыл тастан, ақыл жастан» шығады деп жатамыз. Елдің ертеңі нұрлы болсын десек, оған бүгіннен бастап кірісуіміз керек. Жастар ел тарихын біліп, тұлғасын танып, мәдениетін меңгеріп жатса, меңгеріп қана қоймай өзінен кейінгі буынғааманат етсе нұр үстіне нұр. Менің ойымшарухани жаңғыру деген міне, осы.

Кешегі күн кетті, көп нәрсе қолымызғы жетті, бірақ ұлттық намысымызды, тілімізді әлсіретіп алдық. Мәңгүрттенген жоқпыз, бірақ соған жақындап қалдық.Біз ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізіп отырмыз. Ендігі кезек- жастарда.Жастар жас шыбық сияқты. Қалай исең солай иілуге әзір. Сол себептен жастардың ойын да, бойын да түзу өсіруге атсалысу – басты парызымыз. Жастар – жердің, елдің иесі, қазақ елінің рухани тәуелсіздігінің биік тұғыры.Жастарымыздың бойында елжандылық, азаматтық пен адамгершілік сезімдері жан-жақты жетілгенде ғана патриотымыз парасаты асқақтай түспейме? Халқымыздың бойындағы патриоттық құндылық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырғандығы тарихтан мәлім.Жастарды жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жасампаз үлгісін жаңғырта беру мақсатында жаңа ғасырғы еліміздің интелектуалдық элитасын қалыптастыруға, мемлекетіміздің басты игілігі болып саналатын этносаралық келісімді,татулық пен бірлікті қорғауға шақыруымыз керек.

«Біз күш-қайратымызды, жастық жігерімізді тәуелсіз Қазақстанның дамуына жұмсаймыз.Ұлттық мүдде қағидасын сақтау мен ұлттық экономиканы – көтеру басты мақсатымыз».

Заманның заңғар тұлғаларының бірі - Мыржақып Дулатов: «Алыстан алаш десе, аттанамын, қазақты қазақ десе мақтанамын», - деп айтқанындай арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жастарымыз жаңа идеяларды жүзеге асырып, өміршең істердің бастауында тұрғанда бүгінгі жас ұрпақпен әрқашанда мақтанамыз.

Халық, ел жастарға сенеді. Ал ол сенімді бүгінгі жастар қалай ақтауда? Әрине, бес саусақ бірдей емес, олай болса жастардың барлығына кінә тағуға болмайды. Десе де бүгінгі жастарға рухани байлық, таза ой, терең білім, адамгершілік, адалдық, қайрат, қала берсе, денсаулығымыз да жетіспейтін секілді. Біз бір қоғамның азғындау жолында тұрған сияқтымыз. Ойланып көрейікші, бізді қазіргі уақытты не қызықтырады? Елбасымыздың Халыққа Жолдауында XXI ғасыр білім ғасыры делінген. Олай болса, елімізді өркендету үшін білімді жастар керек, жақсы оқып, жан-жақты білім мен ғылым алуымыз керек. Ел ертеңі – біздердің, келер ұрпақтың қолында деп айтып та, жазып та жатыр. Елімізді көркейту, оны өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу-біздің борышымыз деп білем.

В. Стамов (1989) определя механизма на аграфия – дисграфия като психофизиологичен процес. Той дава следното определение на писмения процес: „Аграфия – дисграфиите" са аномалии на писането, при които е невъзможно (аграфия) или е частично увредено (дисграфия) в резултат на органични или функционални нарушения на главния мозък. Дисграфиятя се обуславя от недоразвитието или разпада на висшите психични функции осъществяващи нормалното протичане на процеса писане. Писмения процес В.Стамов свързва тясно с устната и писмената комуникация и е форма за общуване с графично представяни езикови средства, при които звуковете са заменени с писмени символи. Дизграфия – това е частично разстройство на процеса на писане, проявяващо се в специфичните и постоянните грешки, определено от неформираността или нарушението на психическите функции, осигуряващи процеса на писане. Дизграфията при децата – това в повечето случаи е частично нарушение на формирането и пълноценното използване на писмото (т.е. трудности при овладяването на писането). При възрастните това е разстройство на навика на писане.

На база проучените източници бе изградена теза за логопедичен аспект на релацията билингвизъм – дизграфия. Бе проведено изследване, чиято **цел** е да се проучат количествените и качествени параметри на нарушенията на писането на учениците – роми, и да се установи типологията им.

Работната хипотеза: предполага се, че учениците – билингви допускат специфични грешки при писане, които са в резултат от езиковата интерференция, обусловена от различията между официалния книжовен български език и майчиния.

Планираното изследване е с характер на теренно логопедическо проучване и има за свой ОБЕКТ ученици билингви от втори, трети и четвърти клас, от ромски произход, както и изследователския материал, създаден от тях. ПРЕДМЕТ на изследването са специфичните грешки, допускани от тях по време на писане в различни условия.

ИЗСЛЕДОВАТЕЛСКАТА ЗАДАЧА се изпълнява чрез поставянето на три субзадачи: препис на текст, слухова диктовка, писмен преразказ на текст. Текстовете за препис, диктовка и преразказ са съобразени с възрастовите особености на учениците. Подбрани са след консултации с начални учители и не са в противоречие с учебните програми за съответния клас. Проучването се провежда със сборна група от 41 деца – билингви от ромски етнически произход – ученици от втори, трети и четвърти клас. Получените резултати бяха обобщени и обработени с програма за обработка на данни – SPSS.

Проучването се провежда със сборна група от 41 деца билингви от ромски етнически произход – ученици от втори, трети и четвърти клас на СУ „Константин Петканов" и ОУ „Елин Пелин" в гр.Бургас (Таблица 1).

Таблица 1. Контингент на изследването

Клас Пол	II клас	III клас	IV клас	Общо
Момчета	7	8	1	16
Момичета	9	10	6	25
Общо	16	18	7	41

Резултати от изследването

Таблица 2. Допуснати грешки от учениците във втори клас (в абс.стойности и отн.дял)

Тип грешка	Замяна на букви	Изпускане на срички	Разместване на букви	Излишни елементи, букви	Изпускане на думи	Слято изписване	Промяна на конфигурацията	Общо
Брой	61	83	17	29	19	15	14	238
Относителен дял %	25,32	34,93	7,29	12,24	7,98	6,35	5,89	100
Брой	22	33	2	0	7	2	0	66
Относителен дял %	33,33	50	3,03	0	10,61	3,03	0	100
Брой	38	45	4	0	1	1	0	90
Относителен дял %	42,81	50	4,49	0	1,35	1,35	0	100

Таблица 3. Допуснати грешки от учениците в трети клас

Тип грешка	Замяна на букви	Изпускане на срички	Разместване на букви	Излишни елемент, букви	Изпускане на думи	Слято изписване	Промяна на конфигурацията	Общо
Общо	33	48	0	7	4	6	0	98
Относителен дял %	33,67	48,99	0	7,14	4,08	6,12	0	100
Общо	19	23	1	10	3	0	0	56
Относителен дял %	33,92	41,07	1,79	17,87	5,35	0	0	100
Общо	19	23	1	7	3	3	0	56
Относителен дял %	33,80	41,76	0,95	12,85	4,76	5,88	0	100

Таблица 4. Допуснати грешки от учениците в четвърти клас

Тип грешка	Замяна на букви	Изпускане на срички	Разместване на букви	Излишни елементи,букви	Изпускане на думи	Слято изписване	Промяна на конфигурацията	Общо
Общо	36	12	0	19	4	0	0	71
Относителен дял %	51,16	16,76	0	26,57	5,51	0	0	100
Общо	21	11	1	9	1	0	0	42
Относителен дял %	50	26,19	2,38	21,42	2,38	0	0	100
Общо	32	26	2	24	8	0	0	92
Относителен дял %	34,78	28,26	2,17	26,08	8,69	0	0	100

Изводи

- По посока на хипотезата: доказа се, че учениците билингви допускат специфични грешки при писането, които са резултат от езиковите различия между официалния български език и майчиния език, като причината за това е езиковата интерфе-ренция.
- Резултатите не доказват категорично втората част на хипотезата, че в количествен аспект допусканите грешки намаляват в по-горните класове. Следващи допълнителни изследвания ще очертаят конкретните параметри на проблематиката, както и детер-минантите на негативните процеси.
- Емпиричното изследване показа, че езиковата ситуация в която растат и се развиват децата билингви – обект на настоящото изследване, е различна в зависимост от степента на усвояване на българския език като втори (не майчин) език, а билин-гвизмът се проявява като етиологичен фактор за възникването на дизграфии и пряко рефлектира върху скоростта и качеството на процеса на ограмотяване, а в по-широк план - върху обучението и социализацията на деца, които растат и се развиват в полиезична среда.
- Езиковата интерференция при децата билингви се отразява на цялостната вербална комуникация – устна и писмена. Тъй като писмената реч е с по-строги изисквания в реализацията си, тя се овладява по-бавно и по-трудно поради конкретизираните и строги изисквания към нея, следователно, рискът от затрудненния в усвояването й е по-висок.
- На детето билингва са необходими по-продължителни и целенасочени усилия за придобиване на умения, необходим речников запас, усвояване на стиловите и грамати-чески изисквания на съответния език и спазването им в писмената практика. В следствие на това се получава конфликт между изискванията на общообразователното училище от една страна и обективните възможности на детето от друга, което често се характеризира с трудности при ограмотяването и усвояването на писмената кому-никация.
- За преодоляването на проблемите при писане и постигане на оптимална социална адаптация при децата роми (билингви) е необходимо да се планират и осъществят корекционни процедури в учебни условия. Те обаче са възможни единствено чрез предшестваща оценъчна и диагностична дейност – идентифициране и типологизиране на дизграфичните грешки при децата билингви.
- Децата билингви в интегрираните училища и паралелки постигат по-високо ниво на билингвизъм и усвояват специфичните особености на езика на мнозинството, докато учениците в сегрегираните паралелки вследствие на ограниченото общуване извън собствената си езикова среда, не могат да усвоят достаъчно добре българската фонетична система. Налага се изводът, че оптималното включване в приемащата езикова среда, за децата билингви най-подгодяща е интегрираната учебна среда.

В заключение можем да отбележим, че проведеното изследване е с характер на пилотно и може да послужи за разработване на нови, иновативни методики за преодоляване на проблемите при писане при деца – билингви.

Список использованной литературы:

1. Беккер, К., П. Совак, Логопедия, М., 1981
2. Вайнрайх У. Одноязычие и многоязычие // Зарубежная лингвистика III. – М.,1999.
3. Вайнрайх, У. Языковые контакты, Киев, 1979
4. Верещагин Е.М. Психолингвистическая проблематика теории языковых контактов // Вопросы языкознания. 1967. №6.С. 130-131
5. Волкова, Л.С., Лалаева, Р.И., Логопедия., М., 1989
6. Вълчев, Г. 2009 Характеристика на дизграфичните нарушения при ученици билингви, Бургас 2009
7. Даскалова, Ф. Психолингвистика., С., 2003
8. Кюкуков Хр. Лингводидактични проблеми на обучението при ранен билингвизъм, София, 1997;
9. Лалаева Р.И., Венедиктова Л.В. 2001: Лалаева Р.И., Венедиктова Л.В. Диагностика и коррекция нарушений чтения и письма у младших школьников. – СПб., 2001, 2004;
10. Стамов, В., Логопедия., Бл., 1989;
11. Филчева, Т.Б., Чевелева, Н.А., Чиркина, Г.В., Основы логопедии., М., 1989;
12. http://dic.academic.ru
13. http://www.pmedu.ru

Ветущенко Д., ученик 8 класса
Научный руководитель – учитель истории Сатыбалдина Г.Б.
КГУ «Комплекс школа – детский сад № 33» г. Караганды

МӘНГІЛІК ЕЛ – ОСНОВА РАЗВИТИЯ ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ И ПАТРИОТИЗМА МОЛОДЕЖИ,ВОСПИТАНИЕ УВАЖЕНИЯ К ИСТОРИЧЕСКОМУ И КУЛЬТУРНОМУ НАСЛЕДИЮ

«Роль педагога состоит в том, чтобы открывать двери,
а не в том, чтобы проталкивать в них ученика»
Артур Шнабель, австрийский пианист и педагог

Проблемы развития воспитания, несомненно, заслуживают пристального внимания, так как речь идет о завтрашнем дне Казахстана, ценностных ориентирах нашего общества, о национальной безопасности страны, корни которой кроются в воспитании, творческом развитии, гражданском становлении подрастающего поколения.

Как подчеркнуто в Послании Главы государства Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: «Единая цель, единые интересы, единое будущее», за 25 лет суверенного развития созданы главные ценности, которые объединяют всех казахстанцев и составляют фундамент будущего нашей страны. Президент также поставил задачу формировать активных, образованных и здоровых граждан, дать новые импульсы развитию всеказахстанской культуры. Патриотичная, образованная, обладающая здоровьем, ответственная и энергичная, успешно работающая в условиях инновационной экономики, владеющая казахским, русским и английским языками, впитавшая ценности и культуру казахстанского народа, толерантная, узнаваемая и уважаемая в мире – такой видится казахстанская молодежь 2020 года [1].

Исходя из вышеобозначенных условий, для возрождения интеллектуального, духовного и творческого потенциала нации следует рассматривать актуальность разработки

программы - необходимость формирования образованной личности, воспитанной на общечеловеческих и национальных ценностях, обладающей лидерскими качествами, способной к социальному и личностному самоопределению и самореализации, в рамках:

– учебной деятельности. Посредством интеграции метапредметных связей таких учебных предметов, как «История Казахстана», «Человек. Общество. Право», «Религиоведение», «Краеведение», «Литература». В контексте интеллектуально-познавательной деятельности мы помогаем учащимся удовлетворить потребности в знаниях, которые они могут приобрести не только от учителя - как одного из источника знаний, но и в рамках самостоятельного поиска и интерпретации информации.

– внеурочной деятельности – диспуты, уроки мужества, чести и достоинства, разработка социально значимых проектов. В ходе такого вида деятельности, учащиеся приобретают положительный социальный опыт. Они принимают участие в их реализации, изучают и характеризуют проблему, самостоятельно намечают пути решения проблемы и планируют свои действия.

– патриотических форумов, акций, в ходе которых учащиеся получают больше возможностей реализовать себя, проявить в самых различных сферах деятельности, где формируется активная гражданская позиция учащихся, и такие качества, как ответственность, самостоятельность, желание прийти на помощь.

– краеведческих экскурсий по изучению культурного наследия, традиций и обычаев казахстанского народа, что способствует, формированию высокого уровня гражданственности, патриотизма и духовно-нравственного развития учащихся.

Основными формами реализации программы являются:

1. активные и интерактивные технологии (круглые столы, научно-практические конференции).

2. развивающие технологии (конкурсы художественной самодеятельности, сюжетно-ролевые игры).

3. коммуникативные игровые технологии (тренинги, смехотерапия).

4. здоровьесберегающие технологии (физминутки, релаксация и динамические паузы).

Цель проекта программы: создание оптимальных условий для развития у учащихся нравственных и семейных ценностей, активной гражданской позиции и патриотизма, выражающихся в уважении к достижениям старших поколений, ведения здорового образа жизни, становлении морально-устойчивой, толерантной личности, знающей историческое прошлое, культуру и традиции своей страны, и соблюдающей законы РК; личности готовой к инновациям и труду во благо Родины, несущей ответственность за ее судьбу.

Достижение поставленной цели становится возможным через решение следующих **задач**:

–организовать деятельность учащихся по овладению знаниями, касающихся исторического прошлого и настоящего страны, края; государственных символов, институтов, законов Республики Казахстан;

– развивать навыки осмысления и понимания учащимися семейных, национальных и общечеловеческих ценностей, таких как: мирное сосуществование разных народов в Казахстане, проявление высокой культуры человеческого общения, соблюдение этических норм, ценности человеческой жизни;

–содействовать применению знаний и умений учащихся по проявлению патриотизма, гражданственности, национального достоинства, трудолюбия и ведения здорового образа жизни, определять собственные взгляды и принципы на развитие общества;

– мотивировать учащихся на исследование и анализ экономических, политических, социальных процессов в Республике Казахстан, а также его значение и место на мировой арене;

– формировать навыки синтеза информации, касающейся исторических процессов, влияющих на проявление активной гражданской позиции, высоких патриотических чувств, готовности к служению своей Родине и защите ее интересов;

– способствовать формированию навыков оценивания своего вклада в развитие будущего Казахстана, выработать собственное критическое отношение к антиобщественным явлениям, деструктивным культам, идеологического, противоправного и религиозного характера.

Ожидаемыми результатами проекта программы является:

– знание учащимися исторического прошлого своей страны, государственных символов, законов РК, процессы и тенденции развития казахстанского общества

– понимание учащимися ценности достижения и сохранения независимости РК, проявление уважения к истории, культуре, традициям и другим ценностям казахского народа и других этносов, проживающих на территории Казахстана; ведения здорового образа жизни;

– применение знаний об исторически сложившихся системах социальных норм и ценностей для жизни в поликультурном, полиэтническом и многоконфессиональном обществе;

– анализ учащимися исторических и общемировых процессов, влияющих на политическую ситуацию в обществе и стране;

– синтез и обработка полученной информации учащимися (проектирование, исследование, творческое применение своих знаний) для проявления активной гражданской позиции, высоких патриотических чувств, через готовность к служению своей Родине, защите ее интересов и активной трудовой деятельности;

– оценивание своего вклада в развитие Независимого Казахстана, дают оценку историческим явлениям, высказывают собственное суждение о противостоянии антиобщественным явлениям, деструктивным воздействиям идеологического, противоправного и религиозного характера.

Диагностический инструментарий, разработанный для реализации данной программы, подбирался с определением уровня творческих способностей учащихся по таксономии Б. Блума.

- Анкеты (Приложение 1);
- творческие задания
- викторины
- исследовательские работы;
- социальные проекты.
- акции;
- литературные этюды;
- интерактивные беседы на размышление
- диспуты
- ролевые и деловые игры

Приложение 1.

Учебно-методический план

Блоки	**Темы**	**Виды и формы занятий**	**Примечания/ основное содержание**	**Ожидаемый образовательный продукт**	**Сроки**
«Мы дружной семьей живем в Казахстане» *– 4 часа*	«Портрет старшего и юного поколения Казахстана: общее и особенное»	Обсуждение	- семейный союз; правила жизни в семье; примеры родительской любви; Строгой, Разумной, Уважающей	Справочник брошюры	сентябрь
	“Родители – моя опора”.	Тест		Рекомендации для счастливой семейной	сентябрь

				жизни	
	«Семья и Родина – едины! »	Деловая игра		Сценарий	октябрь
	“Традиции моей семьи”.	Литературный этюд		Сборник сочинений	октябрь
«Сильный Казахстан построим вместе!»– *4 часа*	“С чего начинается Родина?”.	Беседа-размышление	- патриотическое и гражданское воспитание; -понятие патриотизма “Символика” в масштабах страны, области, города	Постер	ноябрь
	“Что такое патриотизм и гражданственность”.	Социологическое исследование		Проект портрет моей школы	ноябрь
	«Каким я вижу Казахстан в будущем»	Презентация		брошюра	декабрь
	«За сильный и процветающий Казахстан»	Акция		фотоотчет	декабрь
«В здоровом теле – здоровый дух!»– *3 часа*	“Как обеспечить свою безопасность? »	Деловая игра	- правила собственной безопасности; - как не стать жертвой преступления; - духовное и физическое здоровье; - вредные привычки	Памятки действий при ч/с	январь
	Театр нестандартных ситуаций.	Ролевая игра		Сценарий	январь
	“Здоровый образ жизни	Беседа-тест		Рекомендации	февраль
	“Вредные привычки – за и против”.	Деловая игра		Дайджест	февраль
«Труд и инновации – на благо Казахстана!» - *4 часа*	«Мир профессий и твое место в нем»	Анкетирование	- деньги как общественный эквивалент; - роль труда в жизни человека; -нравственные нормы в мире денежных отношений, конкурентоспособность государства	Памятки, буклеты	март
	“Что для меня деньги”.	Беседа-тест		Постер	март
	“Труд в жизни человека”	Защита проекта		Презентация	апрель
	«К чему ведут новые научные открытия: к улучшению условий жизни	Дебаты		Политический кейс	апрель

	человека или к новым жертвам?»				
«Культурное наследие – национальное достояние Казахстана» - *2 часа*	«Нужно ли малым народам стремиться сохранять свой язык и культуру?»	дискуссия	-уважение к истории Отечества -религиозная, этническая толерантность -уважение к родному языку -трехязычие	Дайджест	май
	"Мы разные - в этом наше богатство, мы вместе - в этом наша сила!"	Защита проектов		Сборник проектов	май

Список использованной литературы:

1. Проект. Концептуальные основы воспитания в условиях реализации общенациональной идеи «Мәңгілік ел».
2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования соответствующих уровней образования»
3. Учебная программа для 5-9 классов уровня основного среднего образования. – Астана: НАО им. И.Алтынсарина, 2015. – 27 с.
4. Конституция Республики Казахстан, принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 г., с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.02.2011 г.
5. Конвенция о правах ребенка, принята резолюцией 44/25 Генеральной Ассамблеи от 20 ноября 1989 г.
6. Закон Республики Казахстан от 08.08.2002г «О правах ребенка в Республике Казахстан», с изменениями и дополнениями по состоянию на 23 ноября 2010 г.

Габитова А., № 65 ЖББМ 11«А» сынып оқушысы
Ғылыми жетекшісі – з.ғ.м., аға оқытушы Хауия С.
Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

БАСПАНА – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙДЫҢ ИНДИКАТОРЫ

«Әл-ауқатымыздың екінші бір сипаты – өмір сүру деңгейінің артуы. Білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері әрбір қазақстандық отбасына қатысты. Осыған орай, Үкімет әлеуметтік секторға, қауіпсіздік пен инфрақұрылымға мән бере отырып, бюджет шығыстарының басымдықтарын қайта қарауға тиіс» [1].

Президент баспана проблемасының өзектілігін ескере отырып, қанша құрылыс жүргізілсе де, ірі қалаларда тұрғын үй жас отбасыларға жеткіліксіз болып отырғанын айтты. «Осы орайда тұрғындары миллионнан асқан үш қала бойынша тиісті тапсырма бермекпін. Атап айтқанда, халқы миллионнан асқан шаһарлар көбірек болғанын қалаймын, себебі осындай қалаларда білім беру, ғылым мен мәдениеттің даму қарқыны жоғары болады.

Сарапшылардың айтуынша, әлемнің 600 ірі қаласы әлемдік өнімнің 60 пайызын өндіру көрсеткішіне жетеді. Бізде ірі шаһар ретінде Алматы ғана болған еді, енді Астана мен Шымкент те осы деңгейге жетті. Тағы да екі қала осындай межеге жету алдында тұр. Осы ірі қалаларда жылына 1 мыңнан кем емес пәтер жұмыс істейтін жастар үшін салатын боламыз», - деді Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметке берген тапсырмасында.

Мемлекет басшысының атап өтуінше, осы пәтерлер арендалық баспана санатына жатқызылуы керек. Сонымен қатар, Президент бұл бағыттағы мәселені шешуге «7-20-25» бастамасы да бағытталғанын жеткізді. «Осындай баспанаға жұмыс істейтіндер үміт арта алады. Жұмыс - ол әл-ауқаттың негізгі көзі. Сондықтан жас қызметкерлер үшін баспана жағдайын жасауға барлық меншік түріндегі кәсіпорындар белсенді түрде қатысуы қажет. Бұл тұрғыда біздің барша ірі компанияларға үндеу жасап отырмын», - деді Президент [2].

Елбасының былтырғы халыққа Жолдауында айтылған «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасын қайта қарауды ұсынған еді. Енді тұрғын үйді алушылар алғашқы жарна мен үстеме пайыз төлеуден құтылып, оларға сатылатын үйлердің бағасы белгіленген мөлшерден аспауы керек. Президент әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтарға пәтерлерді мемлекет есебінен алғашқы жарнасыз жалға беріп, жылдық өсімді 1-2 пайыздан асырмау керектігін айтқан еді. Осы жиында Елбасы 2015-2016 жылдары тұрғын үй құрылысына қосымша 180 миллиард теңге бөлуді тапсырды. Содан бері тұрғын үй саласындағы мемлекеттік саясат қоғамда «Нұрлы жол» деп атала бастады. Шын мәнінде, әлеуметтік баспана салу мәселесі «Аймақтарды дамыту бағдарламасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында шешілетін болды. Мемлекеттік қолдау есебінен 2012 жылы шілде айында «Қолжетімді баспана-2020» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. Аты қанша сан-саққа жүгіртілсе де, жете көңіл бөліп, бар артықшылығы мен талап-ерекшеліктерін саралай алған жанға бұл бағдарламаның ұсынар жолы көп. «Қолжетімді баспана» мемлекеттік бағдарламасы үш бірдей оператор-компания арқылы орындалады: «Қазақстан Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі», «Қазақстан Ипотекалық компаниясы» және «Самұрық-Қазына» тұрғын үй қоры. Әрқайсының талап-шектеулері ерекше. Дегенмен, ортақ ұқсастық – мемлекеттік бағдарлама аясында баспаналы болғысы келген азаматтардың тізімі жергілікті атқарушы органдар, яғни әкімшіліктерде жасақталады [3].

Анығын айтқанда, Астана, Алматы және облыс орталықтарында аз дегенде екі жыл (кейде үш жыл делінеді) тұрақты тіркеуде тұрған және Қазақстан бойынша (кейде тұратын аумағында делінеді) жекеменшік жылжымайтын мүлкі жоқ азаматтар болуы керек.

Осылайша, бағдарлама негізінен үй кезегінде тұрған азаматтарды қамтып, қоғамның әлеуметтік сұранысын шамалап болса да толтыруы тиіс. Мемлекеттік қордан үй алуға Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектері, әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұрғындар, мемлекеттік қызметкерлер, бюджеттік мекеме қызметкерлері, әскери қызметкерлер, ғарышкерлер мен ғарышкер болуға үміткерлер, мемлекеттің сайланбалы орган қызметкерлері және ҚР заңы аясында баспанасы апатты жағдайда қалған азаматтар құқылы. Бұдан басқа көпбалалары отбасылар, оралмандар, толық емес отбасылар, зейнеткерлер т.б. әлеуметтік топтар қарастырылған.

«Қолжетімді баспана-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында арзан үйді үстеме пайызсыз сатып алуға (ұзақ мерзімге жалға алу арқылы немесе бірден сатып алуға) әуелі осы әлеуметтік топтар құқылы. Осылайша, бұл мемлекеттік бағдарламаны Қазақстан бойынша баспанаға мұқтаж, әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарға көмек ретінде қарастыруға болады. Бірақ бұл бағдарламаға әрбір азамат бір-ақ рет қатыса алатынын есте ұстаған ләзім.

Ұзын сөздің қысқасы, «Қолжетімді баспана» бағдарламасына қатысу үшін жергілікті әкімшілікке барып, баспанаға мұқтаж адамдардың кезегіне тұру керек. Ал әкімшілік қазіргі кезде тұрғын үй кезегіне алудың талаптарын күшейткен: мысалы Астана қаласында кезекке тұру үшін құжат тапсыруға елордада аз дегенде үш жыл тұрақты тіркеуде тұрған азаматтар ғана құқылы. Екіншіден, бағдарлама аясында таратылатын үйлер 15 жылға дейін жалға беріледі немесе сатылады [4].

«Самұрық-Қазына» қоры – интернет арқылы баспана таратуды Қазақстанда алғаш қолға алған бірден-бір компания. Жаңа талаптарға орай, бұл бағдарламаға Қазақстанның кез келген үйге мұқтаж азаматы қатыса алады. Тек жалға алған пәтерінің ақысын төлей алуға шамасы жетсе болғаны. Осылайша, «Самұрық-Қазына» тұрғын үй қоры өткен қыркүйек айында Қазақстан тарихында тұңғыш рет ғаламтор арқылы баспана тарату жүйесін қолданысқа енгізді. Бұл үшін азаматтар www.fnsk.kz сайтында тіркеліп, жеке электронды қолтаңбасын пайдаланып, жалға үй алуға өтініш беру керек. Құжат қабылдауға бір ай қалғанда компания сайтында хабарландыру жарияланып, ел-жұрт құлақтанады.

«Қазақстан Ипотекалық компаниясы» мемлекеттік бағдарламадан тыс өз есебінен де ипотекалық несие береді. Мемлекеттік бағдарлама шарттарына сай келмейтін тұрғындар компанияның өзі ұсынған ипотекалық несиелерді пайдалана алады. «Қазақстан Ипотекалық компаниясы» салатын үйлер 35 пен 75 шаршы метр шамасында. 15 жылға дейін жалға беріледі. Бірақ жалға берілетін үйді 10 жылдан соң ғана толықтай сатып алуға болады.

Жас отбасылардың жас мөлшері әлі даулы «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы аясында жасы 35-ке толмаған жас отбасылар арнайы жеңілдікке ие болады деген сыбыс былтырдан бері айтылып жүр.

«Жалға берілетін үйлердің тең жартысы 35 жасқа толмаған жас отбасыларға беріледі», – деп мәлімдеген болатын. Бірақ қазір белгілі болғанындай, Қазақстан заңнамасындағы жас отбасы категориясының жас мөлшері өзгеріссіз қалып отыр, яғни 29-бен шектеледі. Әзірге белгілі болғанындай, жергілікті әкімшіліктерде үй кезегінде тұрған жас отбасылар үшін 35 жас соңғы меже ретінде қарастырылып отыр. Яғни, жасы 35-ке толмаған ерлі-зайыптылар немесе жалғызбасты аналар кезек бойынша үй алу кезінде «жас отбасы» категориясы бойынша жеңілдік алуға құқылы. «Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» жас отбасыларға айрықша көңіл бөледі. Мұнда «Жас отбасыларға арналған баспана» және «Барша тұрғындарға арналған баспана» атты екі бағытта үй беріледі [5].

Баспанаға мұқтаж азаматтар банктен кемінде үш жыл депозитті есепшотта қаражат жинап, төмен пайызбен жекеміншік пәтерді жалға алу арқылы иелік етеді.

Бірақ жас отбасылар үшін белгілі бір шектеулер де баршылық: ерлі-зайыптылардың жасы 29-дан аспауы тиіс, некеге тұрғандарына және Астана қаласында тұрақты тіркеуде кемінде екі жыл толған болуы тиіс. Осындай талап-кедергілерден өтіп, үш бөлмелі пәтерді иеленген жас отбасы сегіз жыл қатарынан ай сайын 58 000 теңге төлеуі тиіс болады.

Жалпы алғанда, «Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» арқылы жалға берілетін үйлердің бағасы арзандау және оған қол жеткізу тәртібі өзгешелеу: жалға алу мерзімі – 20 жыл, 7 жылға дейін үйді жеке меншікке алуға рұқсат жоқ және алғашқы кезде алты айдың жалға алу ақысын бірден төлеу керек. «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы аясында «Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» бүгінге дейін 500-ге тарта келісімшарт жасап үлгерген. Банк депозиттерінде 209 миллиардтан аса қаражат жинақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ» атты мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан //www.akorda.kz
2. Жастар жылы: Президент қандай тапсырмалар жүктеді || www.internet.resurse
3. «Қолжетімді баспана - 2020» бағдарламасы //www.zakon.kz
4. Қазақтың басты мәселесі – баспана www.internet.resurse
5. Ручкина Г.Ф. Жилищное право Учебник. 2016

Далабаев Н., 1 курс курсанты
Ғылыми жетекші - г.ғ.м., полиция аға лейтенанты Қ. Монай., Қазақстан Республикасы
ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды қ, Қазақстан Республикасы

ЖОҚТАУ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Қазақ халқының өткендегі тұрмыс-салтына байланысты туған шығармаларының бір түрі-адамның көңіл-күйін,қуанышы мен қайғысын,іштей тартқан мұң-шерін,ауыр қазаға душар болғандағы күйініш-күйіктерін білдіруге арналған лирикалы өлең-жырлар. Бұл өлең жырлары арқылы өткендегі адамдар ауыр қаза күйігін серпіп тастауды,оны жеңілетуді көздеген. Саналы өмірге көшкен уақытынан бастап адамзат баласын өзінің жұмбақ тұңғиығына тартқан мәңгілік үрейлі де, құдіретті құбылыстың бірі –ажал бейнесіндегі өлім. Өлім-адамзат қоғамындағы діни сана әдет-ғұрып,салт-дәстүрлерді қалыптастыруда басты қазмет атқарған,негізгі ұйытқының бірі. Сондықтан отбасылық ғұрып фольклоры ғана емес,жалпы фольклордағы наным-сенім көпшілігінің түп-тамыры өлім мен о дүние жөніндегі дәстүрлі дүниетанымға тіреліп жатады. Адамның тұрмыс-тіршілігінде,өмірінде шаттық,қуаныш,ойын-күлкі қандай елеулі болса,қайғы,мұң шер де сондай елеулі орын алған. Бұл екеуін де халық өзінің әдебиетіне қосып бейнеленген. Бірінде шаттық,қуаныш жырын төксе;екіншісінде қайғы-қасірет,күйініш шерін шерткен. Абайдың:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең,- дейтіні осы жағдайды көргендіктен айтылған. Азалау ғұрып жырларының мәйегі-жоқтау. Әлем халықтарының барлығында кездесетін бұл жанрдың қазақ фольклорынан алатын орны ерекше. Күнделікті тірлікте жоқтау қаза болған және олар жоқтауын өздері шығаруға тырысқан.Бұл ретте жоқтау өлеңдері өлген адамға жасалған ескерткіш есебіндеболған. Ол ең алдымен адамның ішкі жан азасының көрінісі. Ендеше қазіргі замандағы жоқтаулардың мәнін ашу,түрлерін анықтау арқылы ел аузындағы тіліміздің толысу,жетілу,әдеби тілді байытудағы алатын орнын пайымдай аламыз. Бұл бізді қоғамдық –әлеуметтік көзқарасты бағамдауға апаратын бірден-бір жол. Осыған орай, жұмыстың мақсаты ретінде жоқтау өлеңдерінің түрлерін, халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі алатын орнын және мәнін тану, жанрлық сипатын зерделеу алынды.

Жоқтау жырлары туралы ұғым-түсінік. Түсіндірме сөздікте жоқтау – қазаға ұшыраған адамның артында қалған жақындарының сарынмен айтатын зары, мұң сөзі. Жоқтау сөзі туралы әдебиеттану терминдерінің сөздігінде мынадай анықтама берілген: «Жоқтау-қазақ халқының өмірі мен поэзиясында тарихи-мәдени мәні ерекше құбылыс, тұрмыс-салт жырларының бір саласы. Халықтың асыл перзенті, елдің құрметтісі, сүйікті, әр шаңырақтың «ақыл-аузы», «арқан-қазығы» дүниеден өткенде шерлі, азалы әуәнмен айтылады. Оның сүйегінде, тегіне, мінезіне дарыған асыл қасиеттері, ел-жұртқа, бауыр-туысқанға жасаған жақсылықтары, үлгі-өнегесі, артына қалдырған өшпес іздері мен ақыл-нақыл сөздері көркем де мәнерлі тілмен жырланады. Қазақ филологиясында жоқтаудың көркемдік кестесін, эстетикалық-эмоционалдық сипатын қырағы аңғарған кейбір үлгілерін жазып алған, орындау жайын әңгімелеген Ш. Уәлиханов болатын. Әсіресе қазақ жоқтаулары ішіндегі ең көркемі, әсерлісі, үздігі деп «Айғанымның жоқтауын» және ұзатылатын он төрт жасар қыздың жоқтауын айрықша атаған. Кеңес дәуірінде С.Сейфуллин мен М.Әуезов [1], Б.Кенжебаев пен М.Ғабдуллин өз зерттеулерінде жоқтаудың кейбір нұсқаларымен таныстырып, мәнісін түсіндірген.

Шоқан Уалиханов жоқтау жырларын «Нагробный плач»- «Табыт басындағы зар» деп атаған еді [2]. Ұлы Абай жоқтау жырларын өзі де жазды.Бір емес,бірнеше жоқтау қалдырғаны белгілі. Атақты ақын әрі тарихшы Мәшһүр Жүсіп Көпеев те жоқтау тақырыбына қалам тартқан, оның Мұса(Шорманов) атты жоқтауы - бізге жеткен ең көлемді (345жол)жоқтауларының бірі [3]. Мұса Шорманов (1819-1885) орыс әскерінің полковнигі,оқыған, білімді азамат болған.Ол 1885жылы Омбыға барған сапарында қайтыс болады.Жоқтау жырларға тән үлкен бір ерекшелік-мұнда қайтыс болған ел азаматының (мейлі ол кім болмасын) өмірі барынша шыншылдықпен,дәлдікпен баяндалады.

Бүгінде жоқтаудың мұндай озық үлгілерін тек салт-дәстүрді берік ұстанған ауыл жұртшылығы ғана қолданады. Жоқтау айтуды ар көретін, көзіне әкесі өлсе де бір тамшы жас

алмайтын адамдар саны күн санап өсуде. Ал өздерін өркениеттің нағыз қайнаған ошағында өмір сүріп жатырмыз деп санайтын қала жұртшылығы бүгінде жаназаны той етіп өткізіп, жоқтауды өткеннің «надандығы» деп санайды. «Өкениетті елдерде айғайламайды» дейтін данышпандар шықты.

Жоқтау-тек қазақ жұртшылығына ғана тән дәстүр емес.Түркі тектес халықтарының көпшілігінде кездеседі.Алысқа бармай –ақ, көршілес жатқан орыс халқында да осы дәстүр сақталған.Оларда «эпитафиялық жырлар» деп алып, жанр ретінде қалыптасқан. Эпитафия(грек.epitheton-қабір үстінде)-құлыптасқа жазылған жазу және дүниеден өткен адамға шығарылған жоқтау.Ол көбінесе көлемі шағын өлең түрінде жазылады.Қазақ әдебиетінде А.Құнанбаев,Ж.Жабаев,Ж.Молдағалиев т.б. үлгілерін жасаған.

Бүгінде көлемі жағынан шағын,3-5 шумақ өлеңдер газет-журнал беттерінің бір бұрышынан «Еске алу» деген айдармен әр санында екі-үш кісіні еске алысып жатқан жыр шумақтарды кездестіріп жүрміз.Бұл жыр жолдарың мазмұны,идеясы,жанры жағынан жоқтауға ұқсас болғандықтан,біз оны қазамалық жырлар қатарына қоя отырып,оны екеуінің ерекшіліктері мен ұқсастықтарын салыстыра отырып зерттеген жөн деп ойлаймын.

Жоғарыда айтып кеткен еске алу өлеңдерін «жоқтау»дегеннен көрі «Эпитафиялық жырлар» деген ақылға қонымды келетін сияқты деген пікірлер айтылып жүр. Бұл жоқтаулар заман ағымына сай өзгеріске ұшырап отыр.Ал осы эпитафиялық жырлардың өзін айтылу мақсатына қарай өз ішінен бірнеше топқа боліп қарастырған жөн секілді. Оған өзі сұранып тұрған сияқты.Оны жанрлық сипатына,тақырыптарының сан қилы келуіне байланысты төмендегідей етіп бөлген дұрыс секілді;

1.Құлыптастық эпитафия;

2.Эпитафиялық арнаулар;

3.Эпитафиялық еске алу өлеңдері;Бұның өзін өз ішінен марқұм болған кісінің қайтқанына қанша мерзім болғандығына қарай былай бөлуге болады.

А)40 күндігіне байланысты жырлар;

Ә)Жылдығына байланысты жырлар;

Б)Мүшел жасқа толуына байланысты жырлар;

В)5-10 жыл толуына байланысты туған жырлар;

Г) Жас өлшеміне байланысты туған жырлар.

Ал енді осыларға жеке-жеке тоқталып өтейік. Құлыптастық эпитафия деп-марқұмның басын қарайтқанда қойылатын көктасқа (ағайын,туыс,бауырларының қимас көңілінен шын жүректен шығарған ыстық-ыстық жырларынан ойылып) жазылған азанамалық өлеңдерді айтамыз.Бұл жырлар көбінесе бір не екі шумақтан тұрады.Онда көбіне марқұмның жаннатта болуын,әр кез ойларынан шығармай,сағынып жүретіндігі жырланады. Жоқтау өлеңдерімен сарындас,үндес болады. Жерлес ақынымыз Серік Ақсұңқарұлы эпитафиялық еске алу өлеңдеріне былай деп анықтама береді: «Өзіміз күнделікті оқып жүрген жергілікті басылым беттерінде «Еске алу» деген айдармен жарық көріп жүрген жыр үлгісіндегі өлеңдерді айтамыз».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. О. «Абай Құнанбаев». - А. , 1967, 151-6

2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.

3. Сейітжанов З.. М.Ж.Көпеев // Қазақ фольклористикасының тарихы. – А., 1988.

Даулбаева А.Т., Еспаева С., СР-41к тобының студенттерді
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Абдакимова М.К.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ЖАСТАРДЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ДІННІҢ ӘСЕРІ

Бүгінде елімізде мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынасты айқындаушы саланың бірі рухани, құлықтық, патриоттық білім беру мен тәрбие болып саналады. Келешек ұрпақтың рухани тұрғыда және құлықтық даму проблемасы – қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. Осыған байланысты дінді гуманистік білім берудің ажырамас компоненті ретінде зерттеу маңызды. Дін бұл шеңберде адам өмірінің басқа да салаларымен өзара әрекетінің арқасында мәдениеттің құрамдас бөлігі санатында қарастырылады.

Ұлттың бүгіні мен келешегі – білімді жастың қолында. Анығырақ айтқанда, тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады. Ал, сол білімді жастарға беруге ең негізгі қызмет ететін тұлғалар – оқытушылар қауымы. Сондықтан да білім беруде жүргізіліп жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыру – оқытушы қауымына ортақ іс. Жаңа заман оқытушыларға жаңа міндеттер мен мақсаттар жүктейді. Оқытушы қауымына тың серпіліс, жаңа көзқарас әкелді[1].

Қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Діннің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни компонентін қалыптастыруға ықпал ету спектрі күшейіп, кеңейе түсуде. Халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде діни өмір салтына деген қызығушылығы артуда.

2011 жылы Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы өз күшіне енді, онда біз алғаш рет ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың халық мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін атап өттік.

Діни мәселелері қандай заманда болмасын қоғам мен мемлекет үшін аса маңызды күрделі мәселелердің бірі болып келген. Кеңестік идеология қираганнан кейін діннің қоғамдағы орны және атқаратын қызметі түбірлі өзгерістерге ұшырады. Қазіргі кезенде дін қоғамның әлеуметтік және рухани өмірінің маңызды құрамы. Дін арқылы адамдар өздерінің дәстүрлі құндылықтарын қайта жаңғыртуға талпыныс жасауда[2].

Қазақтың дүниетанымындағы «дін мәселесі» халқымыздың рухани мұра жүйесінде оның ертедегі дүниетанымдық ойлау элементтерінен бастап, қазіргі заманғы толысқан дүниетанымдық теориясын түгелдей қамтитын ұзақ та жемісті жолдардан өтіп, әлі де зерттеліп қарастырылуда. Оның негізгі бағыттары ретінде қарапайым да тұрпайы-диалектикалық ойларды, дүниеге шынайы түрдегі көзқарасты, дінді тану және басқа да еркін ойлау процестерін, адамгершілік мәселелері мен адам туралы ілімдерді, күш көрсетпеу идеясы және оның күш көрсету саясатына қарсы бағыттарды насихаттау, тағы басқа мәселелері болды.

Діннің адамзат тарихында алар орны бар, діни санасы болмаған халық жоқ. Сонымен бірге дінге деген көзқарастар да әр дәуірде, әр қоғамда әрқилы болып келген. Ол дами келе адамның танымын, сенімін қалыптастыратын күшке айналды. Діни ұстанымдар негізінде қалыптасқан сенім адамның қоршаған ортамен, басқа адамдармен, қоғаммен қарым-қатынасына әсер етті. Сол сеніммен адам әлемді таныды, өмір жолын таңдады, мінезін,ойын, дағдысын қалыптастырды. Жалпы адамзат тарихына көз салсақ, діннің шешуші рөлі бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Сондықтан дін дегеннің не екенін, оның қысқаша тарихын танып білу әрбір студент жасқа қажет. Егемен ел атанған мемлекеттің азаматтары үшін бұл қажеттіліктің өзіндік ерекшеліктері бар. Сол себепті, қазіргі таңда студент жастардың дінге қатынасы көкейкесті мәселеге айналуда[1].

Тарихи жадыға тиеселі адамзат тарихының өн бойына көз жүгіртер болсақ, онда діндарлықтың адамзат тарихын басынан аяғына дейін толық қамтып жатқандығын көреміз. Діннің халықтар өміріндегі алатын орнының зорлығы соншалықты діндердің негізін түсінбей жатып сол діндерді ұстанатын халықтардың мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Дінді сипаттау оңай жұмыс емес. Біздің ойымызша, діннің

анықтауыш қызметі оның әлеуметтілікті қалыптастыруында, яғни адамдар қарым-қатынасын реттеуде болса керек. Өйткені тіпті «религия», сөзінің этимологиялық бастапқы мәнінің өзі де «біріктіру», «байланыстыру», «қатынасты қалыптастыру» дегенді білдіреді. Дін адамдардың бірлестігін және ұйымдастығын қалыптастырушы идеологиялық механизм. Діннің мазмұны әлеуметтік мәні бар негізгі құндылықтарды қасиетті деп танудан тұрады[3]

Дін — қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі. Діннің мән-мағынасын қаншама ғұламалар ашып көрсетуге талпынған болатын. Дін жөнінде жазылған мақалалар, ғылыми еңбектер саны некен-саяқ. Дегенмен «діннің бастауы мен тұңғиық терең мәні ел көзінен тасада қалып қойды». Қорқыныш-үрей де, сүйіспеншілік те, ата – бабаларды қастерлеу де және т.е.с. да діни сенімнің өз алдына жеке тұрған бастауы бола алмасы анық. Дінге нақты және бір мағыналы анықтама берем деу өте қиын. Егер «религия» — (дін) терминіне келер болсақ, латын тілінен дәлме-дәл аударғанда «байлау», «екінші қайта оралу» дегенді білдіретін көрінеді.

Цицерон шығармаларында «религия» сөзі халықтың тұрпайы соқыр сеніміне қарсы қойылған ұғым ретінде пайдаланылады. Бұдан шығаратын бірден-бір тұжырым, дін деп кез-келген сенім түрін айтпайды тек, адамды қасиетті, мәңгілік, тапжылмас құндылықтармен байланыстыратын сенім түрін айтады. Сенім — діннің негізін қалаушы фактор, оның субстанциясы[3].

Қазақстанды мекендейтін түрлі ұлт өкілдері қоғамдық өмірдің барлық сфераларында заң жүзінде және күнделікті өмірде тең саяси, мәдени, әлеуметтік құқықтарға ие болып отыр. Жеке адамның рухани тазаруында, ізгілікті мұраттарды пір тұтатын жас ұрпақты тәрбиелеуде діннің үлкен роль атқаратынын өркениетті елдер тәжірибесі дәлелдеп отыр. Өз мәнінде уағыздалған діни нанымдар бір халықты екінші халыққа қарсы қоюды мақсат етпейді. Керісінше, дін барлық адамзатты бейбітшілікке, сенімге,тәубаға, келісімге шақырады. Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық саясатында діннің зор рухани потенциалы қажетті орын ала бастады.

Ал, қазіргі таңда өркенитеттік жолға түскен Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығы адам құқығы ретінде мойындалып отыр. Қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті. Діннің қоғамдық қатынастарға, қоғам санасының діни компонентін қалыптастыруға ықпал етуі күшейіп, кеңейе түсуде. Халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде діни өмір салтына деген қызығушылығы артуда[4].

Дін арабша - адам пайымының бүкіл әлем мен болмысқа, қоршаған дүниеге, табиғатқа, өзі өмір сүретін ортаға және өзінің ақыл ойы мен сана сезімінен тысқары тылсым дүниеге қатынасы; адамзат танымының дүниемен жаратылысқа деген көзқарасты айқындайтын мифология, философия және ғылымнан ерекше өзіндік бір тұрпаты; адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени институт; ерекше қоғамдық сана және әлеуметтік құбылыс. Діннің басты белгісі - адамның ақыл-ойы, сезім мүшелері қабылдай алмайтын болмыс түріне сену және оны мойындау. Адамзат тарихының өн бойында дін адам сенімінің сипатына халықты қамтуына байланысты сан түрлі күйде болады.

Қазіргі таңда әлемде идеялар күресі жүріп жатыр. Халықаралық саясаттағы және мәдени ортадағы жаһандық өзгерістерді аңғарған жалған діни ұйымдар халықпен жұмыс жүргізу тәсілдерін өзгерте бастады. Олардың кез-келген ортаға бейімділігі радикалды тәсілдердің орнына заманауи уағыз насихат және білім беру технологияларын қолдануға мүмкіндік жасап отыр. Осының нәтижесінде жас ұрпақтың белгілі бір бөлігі түрлі теріс пиғылды ағымдардың, жалған діндердің шырмауына түсіп қалуы әбден мүмкін[5].

Бүгінде елімізде «дінтану» және «теология» мамандығы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар мен әлемдік тілдер университеті, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «Нұр» Ислам мәдениеті Египет университеті ғана мамандар даярлауда. Осыдан басқа да Білім және ғылым министрлігі қолдауымен ЖОО-да

дәстүрлі дінімізді терең оқытып, кеңінен қанат жайуына септігін тигізетін бірнеше пәндер енгізілсе діни сауат ашудың тиімді жолдарынан болар еді[4].

Қорыта келе, қазіргі таңда елімізде халықтың әсіресе, жастардың рухани-танымдық тәрбиесін, діни сауаттылығын арттыру маңыздылығы көпшіліктің аузында жүр. Қоғамның діни өмірінің тенденцияларын, діни ахуалды ескере отырып, оны жастарға жеткізіп отыру қажет. Кез-келген мемлекеттің жарқын болашағы мен кемелденуі осы жастардың болмысы мен санасына, мәдени дамуына, білім мен тәжірибе деңгейіне байланысты болады. Сондықтан жастардың заманға сай діни білім деңгейлерін арттырып, дәстүрлі құндылықтарды сақтау бүгінгі күннің басты мәселесі.

Ұлттық сипатқа айналған дәстүрлі Ислам мен дүниетанымымызға сырттан келіп, түзету жасағысы келгендерге жол бермеуіміз керек. Өйткені қазаққа Ислам дінін үйретудің қажеті жоқ. Қазақ ежелден Исламды өзінің байтақ даласында мемлекеттік дін ретінде қабылдап, оны бойына терең сіңіргені белгілі. Сондықтан да, бізге Исламды қайтадан түсіндіру жұмыстарын емес, оны бабалар ұстанған кейіпінде қайта жаңғыртып, халықтың сауатын қайта қалыптастыру жұмыстарын қолға алғанымыз жөн деп санаймын. Сол үшін қазіргі жаһандану заманында қоғамның тұтастығын көздеп, діни сауатсыздықтың алдын алу тек қана мемлекеттің емес, әрбір Қазақстан азаматының, зиялы қауымның, қоғамдық ұйымдардың да мойнына жүктелуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Заңы. - Астана, 2011.

2. Жақсыбай С. Тұрапбайұлы А. «Қазақстан діндер арасындағы татулықтың үлгісін көрсете алады». // Егемен Қазақстан 2007ж. 19 қыркүйек.

3. Энциклопедия «Ислам»/ Бас редакторы Р.Нұрғалиев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы. 2001 321-б.

4. Мекежанов.Б.У. «Діни экстермизм құбылысының мәні және оның зерттелуі»/ ҚазҰУ Хабаршысы. Саясаттану. Философия. Мәдениеттану сериясы №1 (23) 2005.

5. www.google.kz. Қазіргі таңда қоғамның тұрмыс-салты мен дүниетанымының жүйесі ретіндегі діннің рөлі айтарлықтай өсті

Джанибекова М., Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2-курс курсанты

Ғылыми жетекші - г.ғ.м., полиция аға лейтенанты Қ. Монай, Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ МӘНІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ес жиып, етек жапқан бүгінгі күнде алаштық идея саналы қазақ баласын, елжанды Қазақ азаматын қайтадан баурап алу үстінде. Мұның басты себебі, Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты - ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанында еді. Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып отыратын нәрсе.

Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын нағыз зиялылар. Ұлтқа деген құрмет ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты. Жалпы ұлттық сана төмен болса халық халықтық қасиетінен айрылады. Мұндай кезде ұлттық мүдде жеке бастың пайдасының құрбаны болады. Мұратсыз ұлт, ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес. Қазақ хандығы тұсында ұлттық идеяның өзегін мемлекеттікті нығайту, этникалық территорияны қалыптастыру, Қытай, Жоңғар, Орта Азиялық мемлекеттермен оңтайлы қарым-қатынас орнату құрады.

Алаш зиялыларының Қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы жене осы заман» атты тарауында: «ХХ ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан руханизерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» - деп көрсеткен болатын[1].

Асан қайғының: Еділ менен Жайықтың Бірін жазға жайласаң, Бірін қыста қыстасаң, Ал қолыңды маларсың Алтын менен күміске!- деген жыр жолдарында ұлттық мұраттың сол дәуірдегі аңсағаны - территориялық тұтастық, саяси еркіндік, әлеуметтік кемелдік, табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік екендігі бейнеленген. Елдің бірлігін, ішкі тыныштығын, ханның ынсапты болуын, халықтың берекелі байлығын жырлаумен ұлттық идеяны мемлекеттік саясат биігіне көтергендер қатарында Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиембет жыраулар тұр. ХХ ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Әрі уақыт ағымына орай, саяси тұрғыдан ширығып, Алаш идеясы дүниеге келді. Оны жетілдіруші әрі қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті. Бұл ел тари-хындағы елеулі кезең турасында Президент Н.Ә.Назарбаев: «ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» - деп, әділ бағасын берді [2].

Ақын ағамыз Міржақып Дулатов:

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты
Өткізбей қараңғыда бекер жасты!
Жер кетті, дін нашарлап,
Хал hарам боп, Қазағым,
енді жату жарамасты! – деседі [3].

Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлекең, Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн» [4].

Ұлтты идея - біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды десек, онда сол орасан мақсатты орындау үшін қазақтың тілі мен мәдениеті, өнері мен әдебиеті, тарихы мен салт-дәстүрі, айналып келгенде, қазақты ел ететін, мемлекет ететін рухани олжасы Қазақстанда айрықша орынға ие болу керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев. Тарих толқынында.- Астана: Елорда, 1999.
2. Н.Ә.Назарбаев. Тарих толқынында. - Алматы, 1999. 172-173 б.
3. М.Дулатұлы. Оян қазақ!. - Алматы: Алтын орда, 1991.- 15-16 б.
4. Мәмбет Қойгелдиев. «Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде», //«Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, -Семей, 2008 жыл, - 26 б.

Дубина Л.А, студентка 1 курса
Научный руководитель - преподаватель Мамырханова А.С.
Колледж экономики, бизнеса и права КЭУК, г. Караганда, Республика Казахстан

МӘҢГІЛІК ЕЛ – ОСНОВА РАЗВИТИЯ ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ И ПАТРИОТИЗМА МОЛОДЕЖИ, ВОСПИТАНИЯ УВАЖЕНИЯ К ИСТОРИЧЕСКОМУ И КУЛЬТУРНОМУ НАСЛЕДИЮ

Нашему поколению выпала высокая честь и ответственность под лидерством Елбасы, Первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева созидать историю нового Казахстана. Сплотившись вокруг Елбасы, мы прошли великий путь свершений и сегодня с гордостью называем себя гражданами Независимого Казахстана – сильного и успешного государства. Следуя историческому «Слову о Независимости» Нурсултана Назарбаева, мы, граждане Казахстана, едины в своем стремлении созидать Нацию Единого Будущего – Мәңгілік Ел.

В основе Мәңгілік Ел – простые, понятные и самые ценные для каждого из нас истины: благополучие наших семей, гостеприимство и трудолюбие, стабильность, безопасность и единство, уверенность в завтрашнем дне.

Ценности на базе идеи Мәңгілік Ел, представленной президентом, - это гражданское равенство; трудолюбие; честность; культ учености и образования; светская страна - страна толерантности. В Послании Главы государства Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: «Единая цель, единые интересы, единое будущее», за 27 лет суверенного развития созданы главные ценности, которые объединяют всех казахстанцев и составляют фундамент будущего нашей страны. Президент также поставил задачу формировать активных, образованных и здоровых граждан, дать новые импульсы развитию всеказахстанской культуры. Патриотичная, образованная, обладающая здоровьем, ответственная и энергичная, успешно работающая в условиях инновационной экономики, владеющая казахским, русским и английским языками, впитавшая ценности и культуру казахстанского народа, толерантная, узнаваемая и уважаемая в мире – такой видится казахстанская молодежь 2020 года.

Патриотическое воспитание молодежи - это часть государственной молодежной политики страны. Быть патриотом своей страны - всегда большая честь для любого человека, имеющего гордость и собственное достоинство. Но патриотами не рождаются, ими становятся. Причем патриотическое воспитание в уверенно развивающемся государстве не следует оценивать только как творческий процесс. Это еще и борьба за молодежь, будущее страны, борьба против таких негативных явлений, как вынужденная миграция, рост преступности, наркомании, алкоголизма и экстремистских настроений.

Казахстан - государство, которое стремится к созданию единой идеологии, основанной на патриотизме, любви к своей земле. Задача патриотического воспитания молодежи заключается в том, чтобы показать подрастающему поколению смысл, содержание и цели действующих в Казахстане религиозных объединений. Необходимо создание новой системы воспитания казахстанского патриотизма. Пропаганда национальной идеологии, воспитания казахстанцев при помощи стимулирования развития национальных культур, языков, обычаев и традиции, воспитания национального патриотизма на примере исторического сознания казахского и других этносов, проживающих на территории Казахстана. Любовь к своей родине, к своему народу должны соединиться у молодого поколения с чувством глубокого уважения к другим народам. Б.Абдыгалиев считает, что «В основе казахстанского патриотизма должны лежать, по мнению казахстанских исследователей, казахский патриотизм, который может формироваться на основе уважения к государству, почтения к истории, традиции, культуре и языку самого казахского этноса» Сам термин «патриотизм» (от греческого Pathis - отечество) означает нравственный и политический принцип, внутренне присущий гражданину. Воспитание патриотизма должно быть основано на героической истории нашего народа, которая способствует не только нравственному развитию личности, но и формированию гражданственности. Возрождая традиции и достижения предшествующих поколений, мы создаем условия для поступательного

движения в будущее, и в этом велика роль образования, как фактора обеспечения мира и стабильности путем воспитания в духе толерантности и согласия.

Сегодня проблема с патриотизмом существует. Причем в кризисном состоянии находится не только чувство любви к Родине, но и многие другие фундаментальные ценности: почитание старших, скромность, порядочность и др. Современным миром правят эгоизм, прагматизм и культ материального превосходства, множатся самоуничижение, равнодушие, одиночество. Материальный фактор, возможность уехать за рубеж в поисках лучшей жизни иногда пересиливает привязанность к своей стране. Любому человеку нужно понять одну вещь. Патриотизм - это понимание собственного участия, который подтверждается ежедневной работой на благо своего отечества. Нашей стране повезло, мы определили свой путь и теперь все вместе создаем идеологию. При этом нужно брать все лучшее из советского опыта и сделать акцент на нашей истории, культуре.

Настоящий патриот никогда не станет недоброжелателем своей страны. Патриот тот, кто делает все для своей страны и исходит из интересов своей страны. Не может быть сильным ни государство, ни общество, если народ не объединен чувством любви и преданности своему отечеству.

В этом смысле патриотизм должен стать приоритетом в воспитании чувства гражданственности молодого поколения страны. Сейчас перед нами, стоит задача создать систему воспитания молодежи, базирующуюся на патриотизме, моральных и нравственных цельностях, правовой культуре человека. Для современного казахстанского общества важно, чтобы каждый человек не только помнил свою историю, гордился своей страной и понимал, что от успеха страны зависит счастье каждого, но при этом не оставался безучастным к событиям, происходящим в государстве. Благодаря проведению эффективной патриотической политики сегодня в Казахстане достигнуто устойчивое общественное согласие. Граждане страны единодушны по отношению к безусловной необходимости патриотизма, который наблюдается в каждодневной жизни.

Из истории развития государств известно, что если вести неправильную патриотическую политику, то можно нажить беды. Об этом знают многие лидеры государств. Сегодня в Казахстане царят мир и согласие, и это как заслуга властей, так и всех народов, которые живут в нашей стране. Благодаря такой взвешенной политике Казахстану удалось избежать сложного периода развития многих молодых государств, где понятие «патриотизм» было девальвировано либо искажено, а в нашей стране воспитание гражданственности и патриотизма является целеполагающим. В сентябре 2009 года Н.Назарбаев призвал активизировать идеологическую работу и патриотическое воспитание, выступая на заседании Совета по развитию науки. Значимыми элементами казахстанского патриотизма, безусловно, должны стать традиционные символы и ценности национальной культуры, формирующие национальное самосознание и идентичность многонационального народа и нашедшие свое выражение в таких значимых национальных брендах, как флаг, герб и гимн Казахстана.

Большое значение для формирования национальной идентичности имеет способность казахской культуры воспроизводить свое уникальное национальное содержание, оставаясь открытой для восприятия культурного опыта других народов. А.Хажалиев, председатель чечено-ингушского культурного центра в этой связи отметил, что «молодежь должна знать историю того народа, где живет. Изучая историю прошлого, будем говорить, в частности, Казахстана, казахского народа, этим мы поднимем патриотизм, поможем понять, что наше прошлое было богатым, а народ самоотверженным»

По мнению Б.Майлыбаева «В нашей стране идея патриотизма складывается из логики национальной истории и культуры, опирается на государственные символы, идеи независимости и суверенного развития, социальной справедливости, народного благополучия. Поэтому национальная гордость, национальный дух, национальное достоинство воплощаются в идее патриотизма. Высокий уровень патриотизма - залог высокой конкурентоспособности нации. Поэтому государственная политика в этой сфере

имеет ряд важных направлений. Во-первых, это сфера образования - как фундаментальная основа воспитания подрастающего поколения. Во-вторых, это сфера культуры, которая касается прежде всего преемственности поколений. В-третьих, это сфера межнационального согласия. Казахстан - единая Родина всех казахстанцев. Долг каждого гражданина - способствовать миру и согласию в нашем общем доме. В-четвертых, это сфера межконфессионального согласия и открытого либерального общества. В-пятых, это сфера информационного пространства. С развитием информационных технологий последний аспект становится особенно актуальным»

Таким образом, казахстанский патриотизм, отражающий достижения молодого, независимого и успешно состоявшегося государства во всех сферах его деятельности, имеет все необходимые предпосылки, для того чтобы состояться в качестве самостоятельного и глубокого политического явления. В его создании призваны участвовать все казахстанское общество, заинтересованное в дальнейшем процветании и благополучии своей страны.

Список использованной литературы:

1. Общенациональный план мероприятий по реализации Послания Главы государства народу Казахстана от 14 декабря 2012 года «Стратегия «Казахстан – 2050: новый политический курс состоявшегося государства».
2. Методический материал по разъяснению Патриотического Акта «Мәңгілік Ел».
3. akorda.kz/ru/official_documents/the_constitution/the.
4. Абдыгалиев Б. Новые приоритеты национальной политики Казахстана // Свободное общество. - Астана - Март. - №1 (1). - С. 69.
5. baiterek.kz/index.php?journal=36&page=626
6. Проект государственной программы по патриотическому воспитанию граждан Республики Казахстан на 2006-2008 г.
7. zakon. kz

Ергалиева К., ученица 10 «В»
Научный руководитель - Смаилова Г.А., учитель истории, КГУ «ОКШДС №77»,
г. Караганда, Республика Казахстан

УЧЕБНАЯ РЕФЛЕКСИЯ КАК СРЕДСТВО САМОРЕГУЛЯЦИИ

XX век стал веком становления единого мира, который стал еще более взаимозависимым, где формируются и являются ценными такие качества как - интегрирация, всеобщность и толерантность. Процессы интеграции и глобализации, активно развернувшиеся в прошлом веке, сформировало человеческое общество, которое живет и развивается, кардинально иначе, чем 100 лет и даже 30 лет назад.

Глобализация - социальный феномен, она динамично изменяет, интегрирует современный мир. Глобализационные процессы коснулись различных сфер человеческой деятельности, они оказывают все больше и больше влияние на политическую, социальную, экономическую и культурную среду. Данные тенденции происходят и в мировом образовательном пространстве, которое объединяет разные по характеру национальные образовательные системы. Мир постоянно меняется и развивается и вместе с ним и мировое образование. Глобальные процессы современного мира наталкивает на необходимость переосмысления мировых систем образования. В течение последних десятилетий кардинально поменялись требования и к современному казахстанскому образованию. Актуальным стал вопрос приобретения знаний, умений и навыков, способность самоконтролю и что не менее важное-саморегуляция учебной деятельности, осуществление рефлексии в случае затруднений в учебном процессе. И перед нами, современными школьниками встает вопрос о необходимости научить себя ученика тому, как учится. И на

сегодняшний день необходимым является вопрос формирования умений и навыков саморегуляции, для того чтобы мы ученики не просто получали готовые знания, а могли проводить рефлексию своей деятельности для того, чтобы осознать себя в роли обучающегося, понимать, как происходит понимание задания, самостоятельно подбирать стратегию выполнения задания, пути решений проблем. Развитие саморегуляции в обучении – это переход от системы внешнего управления учебной деятельностью к самоуправлению [1] . И в современном мире развивать навыки саморегуляции необходимо начинать как можно раньше. Об этом говорят результаты исследования группы под руководство Перри, которые наблюдали за детьми в возрасте трех лет и пришли к следующему выводу: трехлетние дети были вовлечены в планирование, отслеживание, решение проблем и оценивание своего обучения. Я считаю, что если мы пришли учится в 10 классе, мы сделали свой выбор, и поэтому в процессе обучения должны развивать три составляющие саморегулируемого обучения:

- самонаправленность в процессе выполнений заданий;
- самостоятельное определение реальной проблемы и цели;
- самостоятельный выбор стратегий для достижений цели и решения проблем «то обучение будет осуществляться независимо, станет саморегулируемым». [2]

Школьник станет сам регулировать свою учебную деятельность, управлять ею через рефлексию, самоанализ и самоконтроль.

Учащиеся при переходе из начальной школы в среднее звено, сталкиваются с возрастающими требованиями разных педагогов-предметников, приходится овладевать сложными формами произвольной деятельности, то есть учением, а для этого необходимы умения сосредотачивать внимание, слушать, понимать и запоминать информацию, вникать в условия заданий и обдумывать ход его выполнения, сверять полученный результат с предъявляемыми условиями. Одной из причин различных трудностей учащихся является низкий уровень саморегуляций. И насколько успешна будет его дальнейшая деятельность на уроках истории и на других предметах, будет зависеть от уровня развития его саморегуляции. Любой предмет, в частности история, как учебный предмет имеет большие возможности для развития саморегуляции учебной деятельности учащихся. В ходе изучения и обучения истории Казахстана и всемирной истории, как нового предмета в 5 классе, учитель истории например, на своих уроках у школьников систематично и последовательно формирует умения планировать свою деятельность, осуществлять поиск рациональных путей ее выполнения и критически оценивать полученные результаты, делать рефлексию. Так как рефлексия это начальный этап саморегуляции, на уроках сначала ученикам предлагалось просто прикрепить смайлик на доску: например, на уроке всемирной истории учащиеся поднимались по «лесенке успеха»; на занятии по истории Казахстана ученики вешали на дерево стикеры («понял материал», «справился с заданием», «были трудности и ничего не понял», «не смог выполнить задание» (то есть рефлексия проводилась только на эмоциональном уровне). Затем начали применять рефлексивные листы. Это были листы в основном с незаконченными фразами, где мы досказывали свое отношение к уроку, к своим знаниям.

И постепенно мы начали размышлять не только над своим эмоциональным состоянием, но и учились оценивать свою работу на уроке, рассуждать вслух об уроке, высказывать свое мнение о работе группы, о результатах своей работы, видеть ошибки, сильные и слабые стороны, т.е. у школьников начал развиваться навык «обращения назад», что ведет к глубокому, осознанному рефлексированию. При работе над выполнением заданий по таксономии Блума, нам постоянно предлагались задания на знание, понимание и применение: выписать исторические темы по теме в алфавитном порядке по теме:Египет в древности. На анализ и синтез даны были задания составить интеллект-карту по теме: Римская империя, где от центра отходили два ключевых момента экономическое и политическое развитие развитие Рима до империи и после. Задание шестого уровня-это оценивание ситуации. И ответ должен был быть аргументированным.Например, оцени

события в Римской империи с позиции современного человека.Что было прогрессивным? А что оказало отрицательное влияние на дальнейший ход истории Римской империи.

Данные методы помогли нам ученикам не только поэтапно развивать свое мышление, но и осознать свои возможности и способности, а также выбор стратегии для решения задания. Это еще раз доказало о необходимости формирования умений и навыков саморегуляции учеников, чтобы мы не просто получали готовые знания, а могли проводить рефлексию своей деятельности, чтобы самостоятельно могли выбирать стратегии для достижения цели и решения проблем, мы постепенно уже сами определяем тему урока и ставим цель на урок.

Ведь сегодня в быстром меняющемся современном мире, стремительном научно-техническом прогрессе становится важным для каждого молодого человека осознание того, что надо не просто учиться, а важно научиться учиться. Хорошо отражена в изречении Э.Канта «учить не мыслям, а мыслить». И учить мыслить, и видеть, как мыслит ученик основная задача всех современный учителей. Ведь, действительно, ученик становится подлинным субъектом учения, если он самостоятельно регулирует свою учебную деятельность, управляет ею. [2] (Руководство для учителя. Первый (продвинутый уровень), стр.124).

Мы старшеклассники уже самостоятельно ставим цели обучения, выбираем стратегию и методы достижения цели и можем дать самоанализ своей деятельности, дать ответ прежде всего самому, где и какую ошибку мы допустили и как решить данную проблему.

Успех в учебе во многом зависит от способности школьника осуществлять обратную связь в учении через самоанализ и самоконтроль за ходом усвоения учебного материала. Эти умения неразрывно связаны с рефлексией, которая выступает одним из важнейших компонентов учебного процесса и обеспечивает успешное решение творческих задач, способствует становлению саморазвивающейся личности. [3]

Список использованной литературы:

1. Руководство для учителя. Первый (продвинутый уровень), стр.124.

2. Моросанова В. И. Личностные аспекты саморегуляции произвольной активности человека. Психологический журнал. Том 23.- 123 с.

3. Галеева Е. С. Педагогические механизмы саморегуляция учебной деятельности: теоретико-исторический аспект 2015. - №10. – С. 112.

Есенбаев Е.С., 2 курс студенті
Ғылыми жетекші – г.ғ.м., Жумаканова У.С.
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛДЫҢ НАҚТЫ КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 28 жылдығы – халқымыздың бастан кешірген елеулі оқиғаларының бірі. Осы жылдар аралығында Қазақстан әлемде дамыған 50 мемлекеттердің қатарына қосылды. Болашаққа жоспарланған 2030-стратегиясын мерзімінен бұрын іске асырып, алдағы мақсаттарды айқындау үшін Қазақстан-2050 жоспарын қолға алды. Ұлттың дамуын нақтылайтын, алға жетелейтін 5 институционалды реформа белгіленіп, ол реформаларды жүзеге асыратын 100 нақты қадам бойынша бүгінде нақты істер жүзеге асырылып жатыр. Ал бұл жұмыстардың жалғасы Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» жобасымен жалғасын табуда.

Ел ішіндегі тұрақтылық пен тұтастықтың бірқалыпты дамуының шешуші факторы болып табылатын ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімге бастайды. Ал, бұл құндылықтар «Мәңгілік ел» жалпыхалықтық идеясында көрініс тапқан. Мәңгілік елге айналу үшін

тәуелсіздікті сақтап, елдігімізді нығайту басты мақсат болып табылады. Өйткені, тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, сонау алаш тұлғаларының зердесі мен өнегесімен келген аманат дүние болатын. Бұл, Елбасымыздың: «...біздің бір ғана Отанымыз – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Осы идеяны әрқайсысымыз сезініп, өмірлік сабақ ретінде түйсек, осы жолда бар әлеуетімізді салсақ, 2050 жылы мұрат еткен «Мәңгілік Елге» жететінімізге сенімдімін..., ...өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бағытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел», – деген сөздерімен толыға түседі. «Мәңгілік Ел» – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді [2].

Мәңгілік ел идеясының тарихи бастамасына көз жүгіртер болсақ, көне түркілердің осы сипаттағы идеясы үш негізден тұрады. Оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы. Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы қазіргі Қазақстанның тәуелсіздік рухы және азаттық идеясымен үндесіп тұр [2].

Екіншісі – Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» шығармасында бұл идеяның теориялық тұрғыдан тиянақталуы. Ұлы ғалым ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасаған болатын. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың негізгі механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Әл-Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар — әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер – негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді [1].

Үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты Білік» дастаны. «Құтты білік» дастаны Қарахан мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. Дастанда X-XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері көп жырланған. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері де бұрынғы тәңірілік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күн туды – әділ ел басшысының рәмізі. Жүсіп Баласағұнның басты кейіпкер қылып Күлтегінді көрсетуі түркі мәдениетін жалғастырушы, мәңгілік ел бағдарының қолдаушысы екендігін айқындайды. XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдай Ресейдің тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік мәңгілік ел идеясын жандандырушы және

жалғастырушы тұлғаның ерлігі. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға және «Мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады. Бүгінгі таңда бірлікті бетке ұстаған елдің идеологиясы да осы іспетті болмақ [3].

Ал, бүгінгі таңдағы Қазақстанның біртұтас мемлекет ретінде ортақ шаңырақта өмір сүретін ұлттардың идеясы да осы мәңгілік елдің тұтастығы мен мызғымас іргесінің болуымен ерекшеленеді. Елбасы бес институционалдық реформаны талдау барысында, тарихтың жаңа белесінде тұрған ұлттың бірлігін нығайтуды ерекше назарға алды. «Біздің қоғамымыздың көп түрлілігі – біздің әлсіздігіміз емес, күшіміз. Барлық азамат құқықтың бірдей көлемін пайдаланып, жауапкершіліктің бірдей жүгін арқалап және түрлі мүмкіндіктерге бірдей қол жеткізуі тиіс. Біздің қоғамымыз неғұрлым қуатты және біртұтас бола отырып, тарихи тұрғыда көптеген тілдерден және мәдениеттерден қалыптасты.

Бүгінде бізді «Мәңгілік Ел» құндылықтары: азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, оқымыстылық, толеранттық, шын берілгендік пен патриотизм біріктіреді», – деді. Шындығында, бірлігі мықты, іргесі бүтін елдің қашанда ырзығы мол. Еліміз осындай баға жетпес байлығы – татулығымен мақтана алады. Қазіргі таңда Қазақстанда 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілі тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Олардың ішінде қазақ ұлтының үлесі - 63,6%, орыстар – 23,3%, өзбектер – 2,9%, украиндар – 2%, ұйғырлар – 1,4%, татарлар – 1,2%, немістер – 1,1%, басқа ұлыстар 4,5% құрайды. Президент «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Патшалықтың, төңкеріс дүмпуі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қиыншылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да ұлттардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды», – деп атап өтті. Тарихи шындық осыны дәлелдейді. Себебі, қазіргі таңда елімізде тұрып жатқан кез келген ұлт өкілі өздерінің салт-дәстүрлері мен ұлттық мәдениетін дәріптеп және кеңінен насихаттай алады. Бұл қазақтардың кең пейілдігі мен қонақжайлығын, бауырмалдығын көрсетеді [4].

Сөзімнің соңын айтар болсақ, «Мәңгілік Ел» – жалпы қазақстандық ортақ шаңырақтың ұлттық идеясы, әрі бабаларымыздың асыл арманын, аманатын жүзеге асыру болып қарастырылғаны абзал. Яғни, «Мәңгілік Ел» болу – шектеусіз ғұмыры бар, тәуелсіз, тұғыры биік, ғылым-білімі дамыған, бірлігі жарасқан алдыңғы қатарлы, әлем таныған алпауыт елге айналу. Сондықтан да, мәңгілік, әрі бәсекеге қабілетті ел болуы үшін, болашақ ұрпағымыз осы негіздегі мықты идеологияны бойына сіңірген болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Садыбеков «Қазақтың кемел тарихы», Алматы, 2015ж.
2. Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында», Астана, 2016ж.
3. Қ.Найзабеков «Мәңгілік Ел идеясының түпкі мақсатын талдау», Семей, 2017ж.
4. Р.Мукатаева «Қазақстан тарихы энциклопедиясы», 5 том, Алматы, 2017ж.

Еспаева С.Б., СР-41к тобының студенті
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., доцент Абдакимова М.К.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі - ЧОУ "SOS Детская деревня Темиртау" директоры, Дубровский В.В.

АДАМДАРДЫ САУДАЛАУ ҚЫЛМЫСЫ ҚҰРБАНДАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ

Соңғы жылдары адам саудасы феномені – халықаралық қауымдастықта кеңінен етек жаюда, бұл жағдай әрине біздің елімізде де, яғни Қазақстан Республикасында да орын алып жатыр. Америка ғалымдары С. Стокер мен Л. Шелли «адам саудасы» мәселесін дүние жүзіндегі глобальді заңсыз экономиканың көп бөлігін құраған ұлтаралық қылмыс феномені ретінде қарастырады Көптеген мемлекеттердің Үкімет басшылары, халықаралық және мемлекеттік емес ұйымдар, осы ұлтаралық мәселені шешу жолдарына сәйкес бағдарламалар, старатегиялар және заңнамалар шығаруда. Соған қарамастан жылдан-жылға, бұл заңға қарама-қайшы әрекеттің деңгейі азаяр емес. Бұған себеп, осы мәселені шешу жолындағы назардың көп мөлшері осы қылмыспен көресуге бағытталып, шоғырлануында және аз мөлшерде адам саудасы қылмысының құрбандарының әлеуметтік қорғалуына бағытталуында деген тұжырым қалыптасуда. Себебі, жазасы ауыр қылмыстың құрбандары болып, әлеуметтік – экономикалық әлсіз топтағы қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдар қатары саналады. Сондықтан зертелініп отырған тақырыбымыз қазіргі таңда өзекті тақырып болып отыр.Статистикалық мәлеметтерге сүйенсек, бұл қылмысқа жұмыссыздар,оның ішінде әйел адамдар, жасөспірімдер душар болып жатады. Соған қарамастан қоғамның әлді бөлгі, яғнт ер адамдарда алаяқтардың арбауына ұшырап, табыс табудың амалдарын іздеп, осы қылмыстың тап ортасында қалай шырмалып кететіндерін білмей қалады екен [1].

Адам саудасы (трафикинг) – бұл құлдықтың заманауи формасы. Адамдарды саудалау, мылтықты заңсыз сату сияқты көп табыс әкелетін криминалды бизнестің түрі болып табылады. Бұл қылмыстың құрбандары кішкентай балалар, жасөспірімдер, ер және әйел адамдар болады. Яғни кез – келген адам бұл мәселенің құрбанына айнала алады. Көбінде бұл халықтың әлеуметтік жағынынан қамтамасыз етілмеген бөліктері. «Адам саудасының құрбаны – жасалған әрекеттерге катысты қылмыстық іс жүргізуді қозғау фактісінің бар-жоғына қарамастан, адам саудасымен байланысты құқық бұзушылықтан тікелей зардап шеккені жөнінде пайымдауға негіз бар жеке тұлға» деп "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңында анықтама беріліп кеткен.

Жалпы адам саудасының бірнеше формалары болады, олар:

• Секс-индустрия

• Адам ағзасын сату

• Жас қалыңдықтарды сату

• Құлдық жағдайында, әйел адамдарға үй жұмысын жасату

• Ауыл шаруашылығында, мейрамханаларда, қонақ үйлерде күштеп жұмыс жасату.

Адамдарды саудалау- қазіргі таңда қылмыстың осы түрі мәселеге айналып, жер бетіндегі барлық адамдарды толғандырып отыр. Сол себептенде барлық жер бедерін шырмап жатқан бұл қылмыспен жұмыла бірлесіп күрес жүргізілуде[1].

Адам саудасы қазіргі кезде теріс қоғамдық құбылыс болып табылады. Осы құбылысты алғаш рет ХХ-ғасырдың басында құқық қорғаушылар көтерді. Бұл кезде Еуропа мемлекеттерінде жезөкшелікпен айналысуға мәжбүр етілген, Ұлыбританиядан шыққан әйелдерге ерекше назар аударылған болатын. Дәл осы жағдайға байланысты « ақ құлдық» термині еңгізілді де, кейін ол «адам саудасы» терминіне алмастырылды. 1904 жылы сол кездегі Еуропа елдері осы мәселені қылмыс деп танып және ақ құлдықпен күресуге бағытталған Халықаралық келісімге қол қояды. Кейін 1910 жылы Парижде келесі Халықаралық конвенцияға қол қойылды. Өзінің мән-мағынасы жағынан «адам трафигі» («адам саудасы») ұғымы құлдық, құл иелену, құлдарды сату түсініктеріне жақын болып келеді. Қазіргі таңда «адам трафигі», яғни, «адам саудасы» феноменінің, біздің ойымызша, әлдеқайда толық анықтамасын БҰҰ-ның трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен күресу жөніндегі Конвенциясын толықтыратын «Адам, әсіресе, әйелдер мен балалар саудасының алдын алу жөніндегі» хаттамасында былай : «Адам саудасы – адамды пайдалану мақсатында мыналарды жүзеге асыру болып табылады: басқа жаққа асырып жібіру, алып кету, біреуге беру, жасыру немесе күшпен қорқыту не юолмаса оны қолдану және мәжбүрлеудің басқа формаларын қолдану жолымен адамдарды алып кету, ұрлап кету, алаяқтық жасау, алдап -

арбау, биілікті немесе қызмет орнына байланысты тәуелділікті асыра пайдалану, екінші адамды бақылайтын адамның келісімін алу үшін төлем немесе пайда табу түрінде сатып алу жолы» тұжырымдаған[2].

Жалпы адам саудасы құрбандарына көмек көрсетілуі барысында құқық қорғау мен әлеуметтік жұмыс бірлесе атқаралыды. Әлеуметтік көмек – бірнеше себептерге сәйкес байланысты экономикалық, әлеуметтік- мәдени, психологиялық, құқықтық және осы сипаттағы ерекше мәселелерге тап болған, сонымен қатар оны өздері шеше алмайтын, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға, қауымдастыққа, топтарға қалыпты жеке өмір деңгейіне жетуіне және олардың қорғалуына бағытталып, мамандандырылған қызметтердің, кәсіби іс-әрекеттердің, бағдарламалардың және институттардың жиынтығы[3]. Адам саудасының құрбаны – жасалған әрекеттерге катысты қылмыстық іс жүргізуді қозғау фактісінің бар-жоғына қарамастан, адам саудасымен байланысты құқық бұзушылықтан тікелей зардап шеккені жөнінде пайымдауға негіз бар, физикалық немесе психологиялық зақым алған, басқа бірлеулердің кесірінен эмоцианалды күйзеліске ұшыраған, материалдық жағынан қанауға ұшыраған, адами құқықтарына айтарлықтай қысым жасалған жеке тұлға[3].

Екі түсінікке анықтама беріп өтіп, талдасақ әлеуметтік көмек осы қылмыстың құрбанына қажет екені айқын көрінеді, сол себептен адам саудасы қылмысымен күресу шараларына байланысты әлеуметтік көмектің мынандай нақты мақсаттарын айқындап алуға болады, олар:

• Адам саудасы салдарынан жапа шеккен тұлғаларға олардың құқықтарын қорғауда көмек көрсету

• Аталып отырған әлеуметтік феноменнің алдын алу және оның туындауына себепкер болатын жағдайлардың көзін жою

Осы мәселеге тап болған адаммен жұмыс жасаудағы әлеуметтік жұмыстың басты мақсаты сол адамға және оның жақын туыстарына барынша қолдау көрсету. Себебі бұл жағдай адамның жеке құқығын бұзып, өмірінде өшпейтіндей сызат қалдырады, жалпы сол адамға ғана емес барлық оның жақын туыстарына ол әсерін тигізеді. Әлеуметтік қызметкердің іс-әрекеті адам саудасы қылмысы құрбанының статусын, оның адами жеке құқықтарына зардап тигізбей зерттеуге және арықарай осы адамның жеке құқықтарының қорғалуына бағыттау керек. Осыған орай адам саудасының құрбандарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің міндеттері болып, мыналар жатады: 1) максималды тұрғыда бұл тұлғалардың бойында қабілеттер мен моральдық-еріктік қасиеттерді дамыту, сонымен қатар қазіргі таңда өмірлерінде туындап жатқан жағдайларды өз жауапкершіліктеріне алулары мен тәуелсіз әрекет етулеріне ынталандыру; 2) адам трафигінің құрбаны мен өмір сүретін қоршаған ортаның арасында жақсы ниетті, оң қарым – қатынасты орнауына жәрдемдесу; 3) әлеуметтік саясат сұрақтары және заңгерлік консультациялар жайында, сонымен бірге әлеуметтік қызметтің міндеттері мен мүмкіндіктері, арнайы азаматтар категорияларына көрсетілетін жеңілдіктер туралы ақпараттарды тарату; 3) адам саудасы қылмысын алдын алу шараларын жасау[4].

Әлеуметтік көмекті көрсететіндер болып, мемлекеттік ұйымдар (әлеуметтік көмек департаменттері, жұмыспен қамту орталықтары, жастар орталықтары, дағдарыстық орталықтар және т.б.), мемлекеттік емес ұйымдар (қоғамдық, қайырымдылық-діні фондтар, заңды клиникалар және т.б.) және халықарылық ұйымдар саналады. Бұл ұйымдардың барлығының жұмыстарының мақсаты, барысы мен бағдарламалары қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдардың категорияларына, біздің жағдайымызда адам саудасы қылмысының құрбандарына, әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған[4].

Жалпы, қорыта айтатын болсақ, осы мәселеге тап болған адамдармен жұмыс жасауда әлеуметтік қызметкер үшін осы жағдайындың туындауына себеп болған факторларды анықтау, жою және түзету өте маңызды болып табылады. Өкінішке орай бұл адамдардың тап болған мәселелері өте күрделі, өйткені бұл феноменнің туындауына мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дағдарысының нәтижесі себеп болады, сонымен қоса бұл мәселені

толығымен шешу тек әлеуметтік қызметкердің қолынан келе бермейді. Алайда бұл аталып отырған маманның бұл қылмыстың түрімен күресу жолында алатын орны аз емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С. Стокер, Луиза Шелли «Торговля людьми и транснациональная преступность в Евразийской и Американской перспективе» , – М., 2002. 112 б.
2. Ерохина, Л.Д., Буряк, М.Ю. Торговля женщинами и детьми в целях сексуальной эксплуатации в социальной и криминологической перспективе. – М.: Профобразование, 2002. – 432 б.
3. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы
4. Виорелия Русу, Ана Ревенко, Даниела Мисаил-Никитин «СОЦИАЛЬНАЯ ПОМОЩЬ ЖЕРТВАМ ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ, ОСОБЕННО ЖЕНЩИНАМ» Практическое руководство для социальных работников и психологов, Международный центр „Ла Страда”, 2004 второе издание 155 с.

Жайлбай О., 10 «А» сынып оқушысы
Ғылыми жетекшісі – Даулетхан Н, І санатты,тарих пәнінің мұғалімі,
«Гагарин орта мектебі» КММ, Бұқар жырау ауданы, Қарағанды облысы

МӘҢГІЛІК ЕЛ - ЖАСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҒЫ МЕН ПАТРИОТИЗМІН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗІ,ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҚҰРМЕТТЕУГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Биылғы 2019 жылды елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Жастар жылы» деп ат қойып айдар тағуымыздың өзінде үлкен мән жатыр.Қашанда жастың жалынына, қарттың ақылына елдің сеніміне сеніп жүретін содан үлкен екпін алатын елдің атқа мінерлері болашаққа құрған ұзақ мерзімді жоспарлардың жету жолы елді еңселі егемен ел етудің жолы елдің болашағы жастармен тығыз байланыста екендігі сөзсіз. Өз сөзінде қадап айтқандай елбасымыз «Біздің ұлт болып қалуымыздың жалғыз коды ол елдің тілінде, дінінде, салт дәстүрінде тарихи, мәдени рухани мұрасында» қай қашанда алма кезек ауысып отыратын ғасырлық дүниеде елдің ертеңі жастарының қолында болған.Жаһандану дәуірінде ертеңі мен бүгініне сенім жоқ өзгермелі заманда әр елдің жас жеткіншектері ұлтының діңгегі терір қазығы болып қалыптасуы керек. Өзінің төл мәдениетімен сусындап, ел мен жерге деген отансүйгіштік қасиетті бесіктен отбасынан беруіміз керек. «Ықылым заманнан бері қазақ атамыз „Білекті бірді, білімді мыңды жығады“ деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік — жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», — деп атап өтті Елбасы. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты тұжырымдамасымен толық таныстық. Осы тұжырымдамадағы 20 қадамда, тәуелсіз Қазақстанның 20 жылда жүріп өткен жолы, қазіргі жағдайда орын алып отырған кемшіліктері толық сараланыпты [1]. Осында көтерілген 20 қадамды іске асыру — қоғамдағы ең маңызды мәселелер. Осында бүкіл Қазақстан халқы өз мүмкіндігіне қарай жүзеге асыруға атсалысса, бүгінгі қол жеткізгеннен-де зор жетістіктерге жетер едік. Ата тарихтың шабысында «Кеше», «Бүгін», және «Ертең" деп аталатын үш ұлы бөлік болады. Олар бір — бірінен ажырағыссыз, бір мезгілде бөлек -бөлек, тағы бір мезетте біртұтас ғұмыр кешіп, тағылым мен танымның, парасат — пен пайымның тұнығынан адамзат баласының шөлін қандырып отырады. Еліміздің Тәуелсіздікке қолжеткізген

жылдарына бүгінгі күннің биігіне көз салғанда, осы ұлы қағидат бірден көзге шалынады. Өткенге көз жүгіртсек, осыдан 20 жыл бұрынғы Қазақстанды көз алдымызға елестетсек, ең алдымен аумалы — төкпелі экономика, саяси белгісіздік, сансыратқан тапшылық, жұмыссыздық, т.т. есімізге түседі. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев алғашқы күннен- ақ Қазақстанда білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударды.

Тәуелсіздікті баянды етуде білімнің маңыздылығын жете түсінген Елбасы экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан осы салаға барынша қолдау көрсетті. Халқымыздың «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген ұлағатты сөзін, білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігін, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіргіш күш екенін білуіміз тиіс. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық — рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені, білім — тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын қаруы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. Н.Ә.Назарбаев ең алдымен елге терең білім керек екенін елден бұрын, аңғарып, ерте түсінген тұғырлы тұлға болды. Қай жерде-де, қашан да тұңғыш болудың жүгі мен жауапкершілігі ауыр екенін білеміз, сол себепті бірінші болып жол салу, бірінші болып жеңіске жету, бірінші болып бәйгеден келу, бірінші болып биікке көтерілу т.т. секілді үлкен тәуекелге бел буды.

Стратегиясында Елбасы: «Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты», — деп айрықша атап айтса, биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және дене болмысы, көңіл-күйлеріне байланысты», — деп білім беру саласын дамытудың қаншалықты маңызды екендігіне жұртшылықтың назарын аударды. Бұл орайда Н.Ә.Назарбаев мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу, 12 жылдық оқыту моделі, кәсіптік және техникалық білім беру, жоғарғы білім берудің сапасы, интеллектуалды мектептер, жаңа халықаралық университет сынды орындар алға қойылды. Білім саласының қызметкерлерінің бүгінгі таңда жауапкершілігі мен маңызы күшейіп отыр. Өйткені, сапалы білім беру елімізді индустрияландырудың және инновациялық даму жолына түсірудің басты алғышарты болып табылады.

Білімсіз қоғамда прогресс, жаңа өрлеу мүмкін емес. Н.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, қазіргі уақыт адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан молынан сусындауға зейін қоюда. Жастар өз күш-жігерлерін, білімдерін тәуелсіз елінің гүлденуіне жұмсамақ. Елбасы қайсыбіреулердің қатаң сынына ұшыраған «Тілдердің үштұғырлығы» бағдарламасын ұсынды. Мұндағы негізгі мақсат — үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түскен жаһандану, шекара талғамайтын экономика-қаржы және, ақпарат, ағымдары заманында еңбек ресурстарының бәсекелестігін арттыру мәселесі көзделген болатын. Басқаша айтқанда, мұнда мемлекеттік тіл - қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі — орыс тілін және халықаралық тіл - ағылшын тілін халықтың неғұрлым көп бөлігінің меңгеруіне бағытталады. Осы жерде ерекше назар аударатын нәрсе, мемлекет басшысының «тілдердің үштұғырлығы» идеясын бүкіл ұлттық идея-деңгейіне көтеру қажет. Неге десеңіз, біріншіден, бұл идея халқымыздың болмысында ежелден-ақ бар «жеті жұрттың тілін біл» деген бағалау өлшеміне сай келеді; екіншіден, қазіргі бәсекеге негізделген өмірлік қағидалардың өзі, яғни жас ұрпақ буыннан осыны талап етіп отыр. Білімнің негізінде болашаққа деген шынайы сенім мен үкілі үміт, өз халқына деген ізет-құрмет пен қадір-қасиет жатқанын Елбасы жақсы түсінді. Ол тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастырып, тәрбие арқылы берілетін білімнің болашағы әрқашан баянды болатынын назарынан ешқашан тыс қалдырмады. Өркениет көшіне бет бұрған қыруар істің алатын арқауы болып есептелетін ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы күші білім десек, қателеспейміз. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты — жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық

дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу. Тәрбие қазіргі өзгермелі, сан салалы, көпмәдениетті, көпэтникалық үлкен өмірге енуге дайын қабілетті, тұлғаның дамуына бағытталған және рухани құндылықтарының негізінде құрылады [2].

Тәрбие жұмысы - ол арнайы ұйымдастырылған қалыптастырушы үрдіс және ізгіліктілікті қабылдайтын, әлеуметтік құндылықтар мен азаматтық мінез-құлық үлгілері бола отырып, тек ғылыми негізделген тәрбие жүйесінің аясында ғана өзін іс жүзінде көрсетіп, өзін-өзі қалыптастырған тұлға үлгісіне жағдай жасайды. Қазіргі уақыт талабы жаңаша дүниелік көзқарас тұрғысынан жаңаша ойлап, шешім қабылдай алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған тұлғаны, өз елі мен жерінің, туған тілінің жанашырын дайындауды міндеттеп отыр. Бұл міндет жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлтжанды азамат тәрбиелеу ісінің өзектілігін алға тартады. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы - әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол, сөзсіз, «ұрпақ қамы» деген ұғыммен үндеседі.

Ел болу, мемлекет құру - сонау түркі заманынан бермен қарай желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу — болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Ұлттық тәрбие - ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты - ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу[4]. Міндеті — мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі - ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриалдық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру болып табылады.

Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болып табылады. Қазақстанды Отаным деп таныған әр азаматтың осыған өз әлінше үлес қосуы — бұның басты шарттарының бірі. Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан — 2030 " атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «…біздің балаларымыз бен немерелеріміз… бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» — деп, үлкен үміт артты [1]. Болашақ жастардың қолында деген ұрандарды жиі айтып, елімізде осы мақсаттарда қолға алынып жатқан жобалар аз емес. Тек оны өз керегіне қарай пайдалану әрбір жастың құзырындағы жұмыс. Мемлекет тарапынан жасылынып жатқан бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға әрбір жастың өз ұмтылысы болуы тиіс. Өйткені, өмір, ағыны тоқтамақ емес, жастық шақтың да жарқ етіп өте шығары баршаға мәлім. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді… Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Ел ертеңі — білімді жастар. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағыттайық. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол-деңгейде болады» деп атап көрсеткен. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты.

Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын

да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Ендеше жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын өрге бастыра алады. Отаншыл халық жастары болмаған елдің болашағы қараңғы. Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты — жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. «Еліннің ұлы болсаң, еліне жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа», — дейді Елбасы бір сөзінде. Сондықтан, жастарға білім беретін ұстаздар да ұлы мұрат жолында жалынды еңбек етуге даярмыз.

Осының себебіне тоқталсақ.Тәрбие тал бесіктен,ел болам десең бесігіңді түзе. Ертеде қазақ қандай да бір елдің ертеңіне төніп тұрған қауіпті байқаса, дереу алдын алуға кірісіп, ер балаға кішкентайынан «сен ертең елдің қорғаушысы,жердің иесі, елге тірек боласың»деп тәрбиелесе, қыз баласына қырық үйден тыйым деген тәлім-тәрбиеге мол өсиет қалдырған. Соны кішкентайынан бойына сіңіріп өскен бала ертеңгі күні жауапкершілікті сезінуі анық. Яғни, бағыт берушіге байланысты. Бізге бағыт беретін кім? Әрине ата-ана. Әсіресе шаңырақтың тұтқасы ер адамдардың дәрежесі түсіп, сағы сынып,иманы бойынан сөніп бара жатқан секілді. Кеше итің ұры десе намыстанатын қазақ, бүгін қызы босағада отырып бала тапса да былқ етпейді. Осының бәрі айналып кеп өзімізге тиеді. Неміс фашистері славян қыздарын зорлап, қарттарын аямай өлтірген. Сонда Гитлерге хат жазады екен «Құрметті біздің басшымыз, біз жеңістен үмітімізді үзіп бара жатырмыз, себебі қыздырының ары таза, ал арын сақтай білген елдің ер-азаматтары текті, елге зияны тимей, пайдасын тигізіп, намысты сақтай біледі»деген екен. Қыздың арын жоғары қойған елдің азаматтары намысшыл келеді. Кешегі Бауыржан Момышұлы «Намысты нанға сатпа» деген сөзі бекер айтылмаған

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Мен еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім» деп жазған еді. Бұл ретте Елбасы бәсекеге қабілетті болу, әлемнің озық елдерінің қатарынан көріну мәселесіне айрықша көңіл бөледі.

Ұлттың рухани жаңғыруына өз үлесін қосу - әрбір саналы азаматтың қасиетті борышы деп есептеймін. Сондықтан, ғалым әрі ұстаз ретінде жастардың рухани жаңғыруына көмектесу, ақыл - кеңестер беріп, оларға дұрыс бағытты көрсетуді жөн санаймын. Туған жеріміз бен ұлтымыздың болашағы - жастардың қолында.

«Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» - деп Президентіміз өз мақаласында жазған еді. Сондықтан да бүгінгі жас ұрпақ білім бұлағынан молынан сусындауға зейін қоюлары қажет. Олар біліктілігі жоғары маман болуды көздеулері керек. Елін, жерін сүйіп Қазақстанның гүлденуіне бар күш-жігерлерін жұмсағандары дұрыс.Тәуелсіз мемлекеттің тереңде жатқан тарихи, ұлтарақтай өмір сүріп жатқан жері мәңгілік елдің жас ұрпақтары жастардың қолында, отанға деген сүйіспеншіліктері, ұлттық тәрбиеміздің рухы асқақтай берсін! Елдің ертеңі жастарда.

Жанбырбаев Ж.О., Карвонен Д.А., студенты II курса
Научный руководитель – Омирбаева А.О.
Колледж экономики,бизнеса и права Карагандинского
экономического университета Казпотребсоюза, г. Караганда, Республика Казахстан

СОЦИАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МОЛОДЕЖИ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

Сегодня, молодежь - это одна из самых организованных, социально-активных слоев населения, она объективно является генератором новых идей, жизненной силой и энергией

общества. Молодежь не просто будущее страны, это ее настоящее.

Проводимые сегодня реформы по обновлению и модернизации страны осуществляются при участии молодых людей: В своем Послании народу Казахстана Глава государства отметил роль молодежи:

«Комплексная поддержка молодежи и института семьи должна стать приоритетом государственной политики. Необходимо создать широкую платформу социальных лифтов, которая будет включать полный комплекс мер поддержки всех категорий молодежи. Предлагаю объявить следующий год Годом молодежи. По всем направлениям поддержать нашу молодежь, будущее Казахстана», - предложил Нурсултан Назарбаев, Большая часть молодежи решает задачи коренного изменения своего отношения к жизни, труду, собственности, осмысления своего долга и причастности к судьбе Родины, любви и преданности стране и народу и усилению общественно-политической активности связывает с ними свои жизненные перспективы и рост физических, личностных, образовательных, профессиональных качеств. Именно такие люди, верящие в правильность выбранного пути, будут всегда с уверенностью смотреть в будущее и нести ответственность за развитие общества.

Все актуальней встают проблемы современной молодежи в наше время. Во всем мире, да и в Казахстане, в частности, у молодежи, меняются приоритеты. Вместо того, чтобы быть добрыми честными и послушными, думать о семье, наше подрастающее поколение все чаще хочет выделиться за счет пагубных привычек, насилия и превосходства.

Актуальные проблемы молодежи: просиживание целыми днями за компьютером, стремление пить и курить, а порой и того хуже — употребление наркотиков, пытаясь найти на самом деле хоть какую-то отдушину, которая бы служила источником счастья.

Среди казахстанских подростков растет число наркоманов. Это притом, что количество наркозависимых в целом по сравнению с прошлым годом уменьшилось. Больше всего юных наркоманов на учете в Алматы - более 600 подростков. Но официальная статистика, как предполагают эксперты, в пять раз меньше реальной картины. Между тем каждый наркоман за год вовлекает в этот порочный круг 13-15 человек.

В жизни современного общества одной из особо острых проблем является распространение случаев среди подростков и молодежи злоупотребления алкогольной продукции. В Казахстане распространенность потребления алкоголя среди подростков старше 12 - 15 лет составляет 18,1%, 15 – 17 лет – 37%, что приводит к повышению роста числа хронических заболеваний и смертности, а также оказывает негативное влияние как на жизнь общества в целом, так и на жизнь и деятельность личности.

В ходе проведения социологического опроса среди молодежи и среди взрослого населения г.Караганды, показали следующие результаты:

1.С какими проблемами сталкиваются молодые люди на своем пути?

2. Почему многие молодые люди употребляют спиртные напитки; наркотики; табакокурения?

- Низкий уровень жизни- 11%; взрослые -15%; Преступность -11%; взрослые -11%; Слишком много свободного времени-7%; взрослые -18%; Коммерциализация образования -5%; взрослые -12%; Безработица -10%; взрослые -52%; Подростковое курение -8%; взрослые -32%; Употребление спиртных напитков -35%; взрослые -20%; Употребление наркотиков-54%; взрослые -36%;

3. Что вы можете предложить для решения данных проблем?

- Построить реабилитационные центры
- Обеспечить хорошей работой
- Вовлечь молодежь в спорт
- Улучшить общее социальное обеспечение
- Проводить профилактические мероприятия
- Родительский контроль

- Пропаганда здорового образа жизни
- Поднять уровень жизни
- Увеличить мероприятия против вредных привычек
- Увеличить рейды
- Задействовать роль психологов в учебных заведениях

На наш взгляд, приоритетным направлением должно быть - вовлечение молодежи в общественную жизнь страны. Для реализации данного направления предусмотрены различного рода проекты, программы. Основными целями, которых являются: самоопределение молодежи на рынке труда, развитие моделей и форм вовлечения молодежи в трудовую и экономическую деятельность, направленную на решение вопросов самообеспечения молодежи, для достижения которых предусматривается реализация мероприятий, направленных на вовлечение молодежи в деятельность трудовых объединений, студенческих отрядов, молодежных бирж труда и других форм занятости молодежи; привлечение молодежи в творческие, научные и спортивные объединения.

В каком направлении пойдет дальнейшее развитие Казахстан, будет зависеть не только от успешного хода социально-экономических реформ, но и от того, насколько настроена к активному участию в них молодежь.

Таким образом, в Казахстане молодежная политика рассматривается как часть социальной политики. Вместе с тем, среди молодежи не должны развиваться иждивенческие настроения. Уместно вспомнить мнение Президента РК Н.А.Назарбаева о том, что только собственный труд станет источником благосостояния, а государство должно создать для этого должные условия. Речь идет о формировании конкурентоспособной молодежи.

Мы поддерживаем реформы Главы государства, направленные на укрепление государственности, демократизацию казахстанского общества, и стабильное развитие страны. Думаю, что только общими усилиями мы достигнем развития и укрепления государственности, роста благосостояния казахстанцев!

И стратегический курс Лидера нации, направленный на модернизацию всех сфер жизни общества, улучшение качества жизни, мир и стабильность, как и прежде, остается основой нашего единения, нашей уверенности в будущем, наших дальнейших успехов и побед.

Список использованной литературы:

1. Закон «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан» от 9 февраля 2015 г.// http://adilet.zan.kz
2. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 г. с изменениями и дополнениями от 10 марта 2017 г. Алматы, 2017 г.
3. Концепция государственной молодежной политики Республики Казахстан до 2020 года «Казахстан 2020: путь в будущее»
4. Послание Главы государства «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» от 05 октября 2018 года
5. Послание «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 2014 года
6. https://www.zakon.kz/176443-sredi-kazakhstanskikh-podrostkov-rastet.html

Жумадилда А.Е. - СР-31к тобының студенті
Ғылыми жетекшісі – магистр, аға оқытушы Алпысбаева М.Б.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл жастарға этнопедагогикалық негізде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеу ісіне нұсқау әрі оның қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деуге болады. Сол сияқты тәрбие тұжырымдамасында тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қағидаларында этникалық қағида этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасайтын мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыруды, азаматтық келісім жөнінде атап көрсеткен. Біз тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының бағыттарының ішінде мынадай бағыт айқындалғанын білеміз: Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы тиіс.

Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру белгіленген. Ондай әрекеттестікті біздің ұлы ойшылдарымыз ертеден -ақ ескеріп, өз ойларын қосқан. Осындай адамның еркін әрекеттесетін мінез-құлқын тәрбиелеуде Әл-Фараби «Әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез — құлыққа жеткізетін әрекеттер жақсы әрекеттер болып табылады. Ол адамның жетілуі оның мінез-құлқының жетілуіне сайма-сай келеді» деген ойы арқылы қазіргі кезде тұлғаның жеке қасиетін, мінез-құлқын қалыптастыруда жақсы әрекеттер қалыптастыру керектігі туралы ой айтады. Бүгінгі күндегі Еліміздің егемендікке жетуі халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауды және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды. Бұл Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында студенттерге қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін дәріптеу жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі Жалпы Қазақстанда тұратын халықтардың қазақ халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамыту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру оның патриоттық сезімін тәрбиелеуде негізгі бағдар болады. Ал қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады.

Қазақстанның патриоты дегеніміз:

1. Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарап, шын ниетімен қадірлеуі.

2. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болуы.

3. Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтаныш сезімінің болуы.

4. Қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға ынталы болуы т.т. Өз тарихын білу — ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда маңызды. Қазіргі ұрпақтың өз халқымен бірлігін сезінушілігі және өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры мен нақты сақтаушысы әрі жалғастырушысы ретінде сезінуінің мәні зор болмақ. «Патриотизм» сөзі (грек тілінде – patriots – отандас, paths — отан, атамекен) Отанға деген сүйіспеншілікті, оған адалдықты, өз іс-әрекеттерімен оның мүдделеріне қызмет етуге ұмтылысты, сондай-ақ, туған жеріне,

тұрақтаған мекеніне бауыр басушылықты білдіреді .Оның қазақшасы-жерлес, отандас дегенді білдіреді, яғни Отанын, ұлтын сүю, оны жаудан қорғау. Осылайша, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, өйткені, патриоттық сезім мен көзқарастар қашанда белгілі бір ұлтқа, ұлысқа жатады. Қазақ халқы ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған. Оны Қазыбек би өз сөзінде былай келтіреді: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз.Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз;ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз; асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз.Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды» дей отырып, қазақ халқының өз елін, жерін қорғаудағы қажырлығын, жанын аямайтын патриоттығын, такаппарлығын көрсетеді. Олай болса, біз жастарға осындай ұлағатты сөздерді санасына сіңіру арқылы, оның өз ата-тегін, ұлтын, халқын силауға, Отанын сүюге, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуға бағыт береміз. Қазақ халқының өз елін шапқыншылықтан қорғауда ерлігі аңыз болып өлең-жырға қосылған Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қабанбай т.б. батырлар жастайынан халық тәрбиесінің бесігінде тербеліп өскен, елін, жерін сүйген батырлар. Мұндай батырларға арналған батырлар жыры да қазақтың елін, жерін, Отанын сүюуінің негізі болып табылады.

Қазақтың ұлтжандылығы, отансүйгіштігі ертеден қалыптасқан. Оған қазақтың мақал-мәтелдері де дәлел. Мәселен, туған жер-отан туралы мақалдар-мәтелдерде: “Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас” т.б. болып кете береді. Мұндай мақал-мәтелдердің өзі қазақтың елін, жерін, Отанын сүюуіне негізделіп, өз елін, туған жерін құрметтеуге табиғатын сүюге жастарды тәрбиелеу көне заманнан өзімен бірге дамып келе жатқанын есімізде ұстағанымыз жөн... Бүгінгі күндегі патриоттық сана-сезімнің әлсіреуі, адамдардың өз елі мен оның жетістіктері үшін ұлттық мақтаныш сезімінің өзгеруі – бұл қоғамның өнегесізденуінің, халықтың тұрақсыздануы мен ыдыраушылығының ажырамас сипаты. Қазірде Қазақстанда Отанға деген сүйіспеншілік қоғамдық қатынастарды демократияландыру және гуманизмдендіру негізінде патриотизмге тәрбиелеу қажет. Бұндай жаңарған қазақстандық патриотизм мазмұнын қазіргі озық мәдениет құндылықтары ғана емес, сондай-ақ, қазақ мәдениетінің дәстүрлі құндылықтары, оның айрықша руханилық, азаматтық пен өнегелілікке ұдайы ұмтылушылық құндылықтары да құрайды. Өткеннің үздік дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы өркениеттің мейлінше озық бағыттарын игере отырып, қазақстандықтар өз елін ең алдыңғы қатарлы шепке қайта шығара алады. Бұған халқымыздың жоғалмаған, қайта, жаңа әлеуметтік өмір жағдайында жаңарған патриотизмі қайта кепіл бола алады.

Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдерінің негізінде азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс. Қазірде қазақ халқының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын патриоттық тәрбие әлеуметтендіру процесін тұлғаға дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету арқылы, өз тарихы үшін, өз Отанының әлеуметтік дүниенің ғылымына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына қосатын үлесі үшін мақтаныш сезімі арқылы өз қабілеттерін мейлінше терең ашуға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізеді. Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие — ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір–салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен

үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпыадамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл Адам дәрежесіне тезірек жетеді.

Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен, белгілі бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан- ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру. Мағжан Жұмабаев: «Тәрбиелеудегі мақсат-баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару.

...Тәрбиешінің қолданатын жолы- ұлт тәрбиесі.Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан , тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» дей отырып, жастарды тәрбиелегенде ұлт тәрбиесінің негізінде тәрбиелеу арқылы, ұлттық құндылықты бойына сіңіре білгенде ғана, ол рухани бай, сол заманға лайық, елі, Отаны үшін қызмет етуге дайын болып шығатынын көрсетеді. Бұл- келешек ұрпақтың патриот болып шығуы үшін, тәрбиелеуді ұлттық тәрбиеден бастауымыз керектігін көрсетеді. Тек тұлға ғана өзінің Отанға деген қатынасын ішкі, қастерлі сезім ретінде пайымдауға қабілетті. Сол себепті, патриотизм де тұлғаның биік даму деңгейін сипаттайтын аса маңызды рухани игілік ретінде түсініледі. Жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдірайымова Г. Жастар жаңарып жатқан қоғамда // Саясат - №3 - 2016
2. Исаев Ә. Қазақстан жастарын саяси әлеуметтендіру, 2017
3. Хамбар Б. Болашақ мамандарды жұмыспен қамту мәселелері, 2014
4. Қалдыбаева Т. Жаңа заман жаңаша көзқарасты қажет, 2015
5. Баймуратова А. Жастар саясатын жетілдіру, 2017
6. Әбиев Ж. Жаңа адамды қалыптастыру. –Алматы,1998ж
7. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы

Жұмағазықызы М., 3 курс студенті
Ғылыми жетекші – оқытушы Сатбекова Ф.Ж.
Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

МӘҢГІЛІК ЕЛ – ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

«Мәңгілік ел» идеясының маңыздылығын Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауының негізі етіп алып, бұл туралы өз сөзінде: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат - Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол - «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке

сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр» деген болатын. Халықты бір мақсатқа, бір мүддеге, бір болашаққа үндеген Елбасының бұл жолдауында ел халқына үлкен жауапкершілік жүктелген. Мәңгілік елге айналу үшін тәуелсіздікті сақтап, елдігімізді нығайту басты мақсат болып табылады. Өйткені, тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, сонау алаш тұлғаларының зердесі мен өнегесімен келген аманат дүние болатын.

«Мәңгілік Ел - ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман - тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі - Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік Ел!» деп Елбасымыз атап көрсеткендей тәуелсіздіктің тұрақтылығы мен мәңгілігі қазіргі ұрпақтың оны түйсініп, түсінуінде жатыр. Осындай қасиетті ұғымның мәнін жете ұғынып, бағасын біліп, зердесіне сіңіру қазіргі ұрпаққа жүктелер үлкен міндет болып табылады.

Тарихи құндылығымыз болған тәуелсіздік идеясының негізінде сол ұлттың тағдыры, ұлы тұлғалардың ерен еңбегі жатыр. Тәуелсіздіктің бабаларымыздың сан ғасырғы арманымен келгенін Елбасымыз әрдайым қазіргі ұрпақтың есіне салып отырады: «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты - Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Ел тағдырының мәні азаттықтыққа қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекеттілікті сақтау болса, осы жолда қаншама алаш зиялылары тәуелсіздік үшін күрес жолын жалғастырды. Кешегі кеңестік кезеңде де ғасырларға созылған тарихы бар қазақ елін жоққа шығаруға бағытталған әрекеттерге тойтарыс беріліп, «қазақ жері» деген ұғымның сақталып қалу жолында ерен еңбектер атқарылды. Қазақ халқының тарихында ғұндардан бастау алатын «Мәңгілік ел» идеясын тасқа қашалған Орхон-Енисей жазбаларынан бастап қайда барса көрге кезіккен Қорқыт ата мен өмір бойы жерұйықты іздеп өткен Асан қайғы бабамыздан кездестіруге болады. Олардың әрекеттерінің негізінде де осы мәңгілік ел болуға ұмтылған, мәңгілік елді орнатуға деген құштарлық жатты. Асан қайғы - елдің ертеңінің жарқын, еркіндігі мен бақытының баянды болғанын армандап, қазақ жерінің түкпір-түкпірін аралап, жайлы қоныс табудың жолын іздеген данышпан. Оның аңсағаны елді орнықтыратын жайлы мекен тауып, елдің мәңгілігін жаңғырту еді. Оның іздеген жерұйығының мәні халқы тәуелсіздік құндылығын ұлықтайтын, ел-жұрты бейбіт өмір сүретін, адамгершілік пен бауырластықты ту етіп, татулықта ұйысып өмір сүретін құтты қонысты табуда болды.

Қазақстанды жарқын болашаққа жетелейтін жастарымыз бабаларымыз аңсап өткен тәуелсіздіктің туын жықпай, желбірете білуі тиіс. Өйткені, бабаларымыздың ұлан байтақ жерін қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап-қадірлегенін білеміз. Жастар сондай текті ұрпақтың ұрпағы екендіктерін сезініп, осы «тәуелсіздік», «мәңгілік ел» ұғымдарын саналарына сіңіріп, қастерлеуге міндетті. Жаңарудың, өміршеңдіктің негізі жастарда. Бұл үшін азаматтар тәлім-тәрбие мен ғылымға баса мән беріп, біліммен мықтап қарулануы қажет. Елдің экономикалық, рухани жағдайының дамып, өркендеуі, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру елдің білім деңгейімен де тығыз байланысты. Қазіргі кезде бұл бағытта нәтижелі жұмыстар атқарылып та жатыр.

Жастар «Болашақ» бағдарламасының аясында шетелдерде білім алып, шетел тәжірибесінің артықшылықтары мен кемшін тұстарына көз жеткізіп, санасына тоқып келіп, еліміздегі маңызды қызмет салаларында сол тәжірибелерін қолданып еңбек атқаруда. Қазіргі

кездегі жаһандану үдерісі, қолжетімді ақпараттар легі жастардың бойында ақпараттарды електен өткізе білу, теріс пиғылды идеологияларға қарсы тұра білетін иммунитетті қалыптастыруды қажет етеді. Өйткені қазіргі таңда жат пиғылды ағымдардың ықпалына еріп, экстремистік әрекеттердің қатарын толықтырушылар осы жастар болып отырғаны белгілі. Жастардың мұндай әрекетке баруының басты себебі ретінде олардың білім, сауаттылық деңгейінің төмендігін айтуға болады. Экстремистік идеялар халықты өзінің ертеден келе жатқан бай рухани құндылықтары мен салт-дәстүрінен бас тартқыза отырып, мәдени, тарихи, рухани санасын жойып жіберуді көздейді. Мұндай идеология кез келген мемлекет секілді Қазақстан қоғамының да ішкі тұрақтылығына елеулі қатер төндіреді. Бұған қарсы тұра білудің жолы жастардың діни сауатын арттыру, оларды адамгершілікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу, ұлттық салт-дәстүрімізді бойларына сіңіріп, дәріптеу, оларды еліне, жеріне, дәстүріне, дініне жанашыр азамат етіп тәрбиелеу болып табылады. Қазақ елінің бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтармен сабақтасқан түрде жүзеге асады. Сол себептен де жастардың бойына қазақи құндылықтарды сіңіріп, қазіргі жаһандық даму жағдайында оларды батыс мәдениетінің негізінен алыстатып, өзіміздің рухани бай мұрамыздың құндылықтары тұрғысынан тәрбиелеу - алда тұрған басты міндеттердің бірі.

Елбасымыз жариялаған «Мәңгілік ел» идеясының көздегені де осы болатын, яғни, төл дәстүрімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғырту, дініміз бен тілімізді өркендету. «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырып, одан әрі дамытатын жастар болғандықтан олар ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға талпынуы керек. Мемлекеттің осы бағытта атқарып жатқан ізгі жұмыстары аз емес, солардың бірі осы - «Мәңгілік ел» идеясы. Сонымен қатар Елбасы Н.Назарбаев «Мәңгілік ел» идеясын Қазақстан халқының жарқын болашағы үшін қабылдаған өте маңызды және тарихи мәнге ие құжат «Бес институционалды реформаны жүзеге асыруға бағытталған нақты жүз қадам» атты бағдарламаның идеологиялық негізі етіп алды. Мұндағы «Біртектілік пен бірлік» реформасында «Мәңгілік ел» патриоттық актісі жобасын әзірлеу, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел - үлкен отбасы» кең көлемді жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, азаматтық біртектілікті нығайтудың «Менің елім» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, т.б. нақты қадамдар жүзеге асыру көзделді. Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз - егемендігімізді сақтап, мұратымызға айналған «Мәңгілік ел» болу идеясын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ете білейік!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚазАқпарат - Еліміздің мұратына айналған «Мәңгілік ел» идеясы

Зейнуллаева А.Д., ученица 8 «В» класса
Научный руководитель – Хамитова Б. Ж., учитель истории ОКШДС № 77 КГУ «ОКШДС № 77», г. Караганда, Республика Казахстан

РЕАЛИЗАЦИЯ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ЧЕРЕЗ ЗАНЯТИЯ КРАЕВЕДЧЕСКОГО ОТРЯДА «СЛЕДОПЫТЫ»

Патриотический Акт «Мәңгілік Ел» - это документ, который определяет главные направления и определенные задачи политики независимого государства. В основу организации патриотического воспитания заложен тезис из выступления Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «о необходимости воспитывать и обучать детей так, чтобы они осознали себя с одной стороны – детьми своих родителей, внуками и правнуками своих предков, а с другой стороны – детьми своей страны» [1].

Идея «Мәңгілік Ел» - это единство нации, дружба и согласие в нашем многонациональном мире. Благодаря дружбе и согласию в нашей стране, наше государство всегда на высоте, вместе мы укрепляем нашу страну, множим успехи. Считаю, что мы играем важную роль в реализации программы «Мәңгілік Ел», озвученной Президентом. Идея «Мәңгілік Ел» представила нам возможность продолжить работу в краеведческом отряде «Следопыты», функционирующем с 2009 года в ОКШДС № 77, где ребята отряда работают над проектами по краеведению, истории Казахстана, посещают краеведческий музей города Караганды, музей КарГУ, библиотеку имени Гоголя, государственный архив города Караганды. Работа над проектами позволяет ученикам прививать любовь к Малой Родине. Работая над проектами, исследуя тему, ученик развивает интерес к теме, если тема заинтересовала ученика, повышается мотивация, ребенок чувствует, как он полезен другим людям, своей Малой Родине не только в школе, но и стране. Например, мы с ребятами краеведческого отряда работали два года над проектом «Становление и развитие микрорайона Голубые пруды».

Источниковая база исследования включала широкий спектр документов и материалов . Более точными по информационной значимости для исследования явились документы и материалы из государственного областного архива города Караганды, отдела архитектуры и градостроительства города Караганды, встреча с главным архитектором института «Граждан – проект» Александром Александровичем Золоторевым, а так же опубликованные источники и периодика из фонда библиотеки ОКШДС № 77. В КСК «Бірлік» мы были ознакомлены с документацией, приказами. Данные документы позволили проследить деятельность КСК «Бірлік» на тот момент, и позволили выявить реальную картину, развития микрорайона на момент заселения – это были встречи – беседы со старожилами микрорайона. Ребятами была проведена колоссальная работа, а самое главное у ребят появился интерес к изучению истории своей Малой Родины. Проект защитила Зейнуллаева Аружан на областном конкурсе «Жерұйык», где получила Гран при. Такой вид работы формирует чувство патриотизма к Родине, постепенно исследуя ученик приобщается к культурно-историческим традициям, развивая желание дальше изучать историю своей Родины.

Одной из основных задач воспитания школьников, является воспитание любви к Родине, родному краю, чувство гордости за свою Родину. Гражданственность и патриотизм, связывается с местом, где человек родился, а представление о Родине начинается у детей с картинки, слышимой ребенком музыки, окружающей его природы, жизни знакомых улиц. Человек связывает свое чувство любви к родным краям с теми местами, где он родился, а представления о Родине начинается у детей с картинки, слышимой ребенком музыки, окружающей его природы, жизни знакомых улиц. Человек связывает свое чувство любви к родным краям с теми местами, где он родился, вырос, по которым ходил не раз, с двором, где посадили первое деревце. Полезно знать успехи родного края, так как сведения краеведческого характера более и близки и понятны жителям микрорайона и вызывают познавательный интерес. Любить Родину – значит знать ее, знать прежде всего историю своей малой Родины. Продолжением работы над проектом послужили следующие проекты «Знаменитости микрорайона Голубые пруды». Например: Встреча с чемпионом мира по боксу Сериком Елеуовым, где чемпион был приглашен для встречи в школу и члены краеведческого отряда смогли побеседовать с боксером. А ученица 9 Г класса Елеуова Адия написала проект о Серике Елеуове, где заняла 2 место на конкурсе «Туған сокпақтар». Следующим проектом послужила встреча с композитором Казахстана Мерсалимовым К.Ж, ученики взяли интервью и написали проект, где успешно защитили его на конкурсе в КарГУ, заняв 2 место. Такие встречи формируют у молодого поколения чувство гордости за своих земляков. Также хотелось бы отметить встречу с писателем Сериком Аксункарулы, где дети с интересом изучали творчество писателя, провели встречу, читали его стихи на казахском языке.

Встречи со знаменитостями микрорайона, позволили нам осознать, что с помощью труда человек создает свое будущее, работая и любя свою работу человек совершенствуется.

Таким образом, работа проводимая нами на уроках истории, в краеведческом отряде «Следопыты» в духе общенациональной идеи «Мәңгілік Ел» направлена на формирование образованного человека, который должен обладать лидерскими качествами, принимающий самостоятельное решение, обладающий чувством ответственности за судьбу народа.

Список использованной литературы:
1. Методический материал по разъяснению Патриотического Акта «Мәңгілек Ел».

Зияда А., Тілеубай Г., 2 курс студенттері,
Ғылыми жетекші: магистр, оқытушы Жоламанова М.К.,
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ЭТНИКАЛЫҚ ТУРИЗМ

Бүгінгі таңда мемлекет туристік қызмет көрсетудің сапалы деңгейін жақсарту үшін қажетті жағдайлардың кең спектрін жетілдіру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Алайда, осы саланың басым және жоғары әлеуетті салаларының бірі болып табылатын Қазақстандағы мәдени, этникалық және экологиялық туризмнің даму қарқыны жеткілікті төмен деңгейде қалып отыр.

Сонымен қатар, осы бағытта тиімді жұмыс жасамай еліміздің ауқымды және танымал мәдени-туристік кешенін құру мүмкін емес екендігін нақты белгілеу қажет.

Экологиялық және мәдени туризм қазіргі әлемде ойын-сауық-туристік индустрияда өзінің ауқымды тауашасын сенімді алып отыр. Біз осы салада тартымды әлеуеті бар ел бола отырып, осындай маңызды мәселе бойынша қателіктерге жол бермеуіміз керек.

Бүгінгі күні әлемдік бәсекелестік жағдайында өмірдің барлық салаларында оның маңызы аз болатын құрауыштарын да назарға алмау мүмкін емес. Жыл сайын әлемдік тарихи-мәдени және этно-ұлттық мұра орындарына экскурсиялық-экспедициялық жорықтарға және сапарларға мүдделі туристердің келуі өсуде. Егер бұл үшін барлық қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін болса, Қазақстан бұл ағынды өзіне оңай тарта алады. Бұл экономиканың туристік салаға, қызмет көрсету саласына, ғылыми-білім беру және зерттеу қызметіне негізделген секторының өсуіне қуатты серпін береді.

Бұл тұрғыда елде салауатты туристік климатты қалыптастыруға, жарнамалық-маркетингтік және ақпараттық-презентациялық жарықтандыруға, сондай-ақ инфрақұрылымдарды дамытуға және туристік, тарихи және табиғи көрікті жерлерді жайластыру үшін қағидатты жаңа, инновациялық тәсілдерді әзірлеу орынды, біздің еліміз өте бай.

2013 жылдың басында әзірленген туристік саланы дамыту тұжырымдамасында Экономиканы әртараптандырудың ұлттық мақсаттарына қол жеткізу және Қазақстан Республикасы халқының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Туризм индустриясы туризмнің ішкі және халықаралық нарықтарында тартымды туристік өнімдер ұсынатын туризмнің кәсіби қызметкерлері айналысатын бәсекеге қабілетті туристік бизнесі бар белгілі бір туристік кластерлерде дамуы тиіс делінген. Осы бағыттағы даму барлық тартылған мүдделі тараптар-мемлекет, бизнес және қызметкерлер үшін туристік қызметтен түсетін табыстардың қуатты және тұрақты өсуіне ықпал етуі тиіс.

Қазір Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасын әзірлеу бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде, ол өз негізінде жүйе құраушы факторлардың бірі мәдени-туристік кластерлер құруды көздейді. Кластер ұғымы мәдени-танымдық, білім беру және имидждік функцияларды, осы саланың экономикалық тиімділігін жетілдіруге назар аударуға мүмкіндік береді. Осы кластерлік тәсілмен ашылатын перспективалар күш пен құралдарды оқшауландырылған мұқтаждықтарға шашыратпай, нақты анықталған

параметрлік көрсеткіштерге шоғырлануға мүмкіндік береді. Туристік саланы дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында бес туристік кластер анықталды: Астана, Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан. Оларды пысықтаудың айқын көрінісі танымдық, экологиялық ішкі және сыртқы туризм үшін тартымды Қазақстан мәдениетінің алуан түрлілігі мен бірегейлігін білдіретін тарихи-мәдени ландшафт пен кешендердің неғұрлым толық топографиясын жасауға кең форматты көзқарас болып табылады.

Туристік кластерді құрудың мақсаты-синергетикалық әсер есебінен туристік нарықта аумақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның ішінде: кластерге кіретін кәсіпорындар мен ұйымдар жұмысының тиімділігін арттыру және инновацияларды ынталандыру және жаңа туристік бағыттарды дамыту.

Мәдени бос уақыт, басқа да ойын-сауық және демалыс түрлері сияқты орнында тұрмайды. Ол өзінің мазмұнының барлық үлкен шекараларын бейнелеп, жаңа функцияларды иеленеді, кеңейтіледі және рационализацияланады. Бұл процесте халықаралық стандарттарға сәйкес келетін демалыс және демалыс орталықтарын, экологиялық және этно-саябақтарды, әртүрлі мәдени, табиғи және тарихи қорықтарды құру ерекше рөл атқарады. Кешенде мұның барлығы туристік кластерлерді дамыту үшін негіз болып табылады,оның бірі-қазақ халқының аты аңызға айналған Ұлытау тау жотасы.

Этно-мәдени және экологиялық туризм, Ұлытау, ұлтымыздың бесігі тұрғысынан үлкен қызығушылық тудырады. Ұлы қорғандар, қорымдар, Беғазы-Дәндібай мәдениетінің кесенелері, жартастағы суреттер, петроглифтер, шахталар, мыс, қалайы, күміс, алтын және ғалымдар тапқан және зерттеген басқа да көне ескерткіштер балқытылған металлургиялық пештер Ұлытау ежелгі заманнан бері Сарыарқа мен бүкіл даланың орталығы болғанын көрсетеді.

Орта Азиялық дала хандарының осы ежелгі ставкасының маңызды рөлін айналып, қазақ халқының тарихын зерделеу мүмкін емес. Мұнда қозғаған өз жалаулары ұлы - Жошы ең Шыңғысхан, осы жерден алдық басындағы шығыс завоевательные жорықтар Батыя. Бұл жерде Алаш хан және Алтын Орда, Тоқтамыс және Әмір Едіге сияқты даланың атақты ұлдары жерленген. Ұлытау таулары ортағасырлық ұлы қолбасшылардың бірі - Тимуридтер империясының негізін қалаушы, Темірлан да назардан тыс қалған жоқ.

Ұлытауды сақтайтын ескерткіштер палеолит пен неолит дәуіріне қарай өріледі. Осы ауданның аумағында 636-ға жуық ескерткіш бар, оның 282-і "Ұлытау"мұражайы қорының тарихи-мәдени картасына енгізілген.

Бұл саладағы Туризм оның ежелгі тарихи-мәдени мұрасының арқасында және уақыт өте келе этникалық және мәдени саяхаттардың әлемдік орталықтарының біріне көшуі мүмкін.

Ұлытауды осындай тарихи қорықтардан ерекшелейтін сипат Орталық Азия көшпенділерінің ежелгі мәдениетінің артефактілері, біздің өңіріміздің қазіргі заманғы халықтарының ата-бабалары болған көшпелі тайпалардың жәдігерлері бойынша оның бірегейлігі болып табылады.

Осыны негізге ала отырып, осы монументалды тарихи-мәдени кешенді дамытуға, оның оң имиджін қалыптастыруға, оған қайырымдылық, ғылым және мәдениетпен айналысатын отандық және шетелдік туристер мен инвесторлардың назарын аударуға қосымша ресурстар, күштер мен құралдарды тарту қажеттілігінің нақты фактісі болып табылады.

Ұлытаудың табиғи сұлулығы мен тарихи маңыздылығы оның мәдени-ағартушылық қызметінің тартымды және перспективалы орталығы болып табылады, оның негізінде біздің жастарға патриоттық тәрбие беруді дамыту, оның өз бастауларын құрметтеуге, қазақ халқының терең тамыры мен бай тарихын құрметтеуге баулу орынды. Ұлытау еліміздің тұрақты дамуының маңызды факторы болып табылатын ұлттық сана-сезім мен ұлтаралық бірлікті қалыптастыру мен қолдаудың ажырамас құралы болуы мүмкін. Бұл алаңның маңыздылығын және оның әлеуетін асыра бағалау мүмкін емес.

Бүгінгі таңда біздің халқымыздың материалдық емес және мәдени өсуінің қажеттілігі туындап отыр. Адамзат орнында тұрмайды. Жаңа формалар мен постулаттарға ие бола отырып, моральдық және адамгершілік құндылықтар өзгереді, әлемнің әр түкпіріндегі ұлтаралық қақтығыстар мен этносаралық алауыздық саны өсуде. Бұрынғы идеологиялық нормалар мен императивтер жойылып, қазіргі адамдардың жан-жақтарында әлсіз ұшуын ғана қалдыра отырып, өткенге кетеді. Адамның дәстүрлі өмір сүру салты материалдық қажеттіліктерге, өз әл-ауқаты, эгоизм және жаппай оппортунизмге деген қамқорлықтарға жол береді [1].

Біздің жас еліміз соңғы 22 жыл бойы осы идеологиялық сын-қатерлерге және мәдени өзін-өзі бұзу үрдістеріне ойдағыдай қарсы тұра алды. Біз өзіміздің өзіндік ерекшелігімізді, моральдық-адамгершілік құндылықтарымызды одан әрі сақтау үшін және қоғамдық ыдырау үрдістеріне ұшырамау үшін өзіміздің өз басталарымыз бен мұраттарымызды одан әрі топтастыру қажет. Біздің тарихи, мәдени, рухани-адамгершілік мұраларымыз, салт-дәстүріміз бен салтымыз және осыған байланысты барлығымыз осы топтасудың іргетасы болуы тиіс. Біздің ата-бабаларымыз қалдырған, біздің аталарымыз бен аталарымыз ұқыпты сақталған және біздің балалар мен немерелерімізге берілетін бай материалдық емес мәдени мұра үлкен рөл атқарады. Біз бұл үдерісті ешқашан үзбеу үшін, әлемдік мәдениеттен тек үздік, пайдалы, жақсы және әдемі сіңіру үшін барлық мүмкіндіктерді жасауға міндеттіміз.

Осы мақсатта қазіргі уақытта әзірленіп жатқан мәдени саясат тұжырымдамасы материалдық, моральдық, географиялық және тарихи, этникалық және табиғи құндылықтарымызды сақтау бойынша көптеген түрлі нұсқаларды ұсынады.

Мемлекет басшысы жақында Жезқазған өңіріне жасаған сапары барысында қазақ халқының тарихи орталығына барып, өз сұхбатында Ұлытау қазақ этносының Бесігін туристерге тартымды аймаққа айналдыру мүмкін деп санайды [2].

Ұлытау этно-мәдени кешені мәдени-ағартушылық, тарихи-географиялық, этникалық және экологиялық туризмнің ірі ошағы болуға, біздің мультинационалдық қоғамымызды шоғырландырудың сарқылмас көзі болуға барлық мүмкіндік береді. Тек осы салада оның халықаралық мәртебесін қалыптастыруға, оң имиджін қалыптастыруға, қоғамдық және туристік қызығушылықты тартуға күш салу қажет.

Мәдени саясат тұжырымдамасы барлық осы факторларды ескереді,оларға нақты ресімделген құқықтық негіз, сондай-ақ жаңа, дәстүрлі және сонымен бірге инновациялық сипат береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 года.
2. Новостной портал "Tengrinews.kz", информационная статья от 25.08.2017

Қадырбай А., П-21к
Ғылыми жетекшісі – құқықтық пәндер оқытушысы Бейсембаева И.А.
ҚҚЭУ экономика бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

МӘҢГІЛІК ЕЛ- ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Бүгінгі Қазақстанның басты мақсаты - экономикасы дамыған, бәсекелестікке қабілетті, ең дамыған 30 елдің қатарынан көріну. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы осы мақсатқа жеткізетін Ұлы бастама. Мәңгілік ел ұлттық идеясы дегеніміз – өткеніміздан сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы мұратымыз. Ағымдағы жылдың 17 қаңтарындағы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан Халқына Арналған Жолдауы осыдан бір жыл бұрын Елбасы өзі жария еткен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын, яғни, Қазақстандық дамудың бағыт –бағдарын айқындап берді.

«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Страрегияны мүлтіксіз орындау, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет!,- деп атап өтті Елбасы өз жолдауында. Елбасы жолдауында еліміздің экономикасын, шағын бизнесті, әлеуметтік саланы дамыту, Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру, ұлттық білім берудің сапасын жақсарту, инфроқұрылымдық үш тағанның қарқынды дамуы бұдан өзге де маңызды мәселелер сөз етілді. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл - әлем кеңістігіндегі ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел біздің өз қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.Елбасы Жолдауында айтылған осы бір сөздер әрбір саналы азаматтың жанын тербері сөзсіз.

Ел мен тіл егіз ұғым. Мәңгілік сөзі бабалардан мирас болып кел жатқан мәңгі өлмейтін асыл қазынамыздың бірі - ана тілімен де тығыз байланысты. Олай болса, мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамитын мәңгілік тілі болуы да шарт. Ол- мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру елімізде табандылықпен жалғасып келеді. Мемлекеттік тілді дамытуға жыл сайын миллиондаған қаржы бөлінеді. Елбасы өз Жолдауында мемлекеттік тіл саласында жеткен жетістіктерімізге тоқтала келіп, енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн деп ой түйді. Олай болса, ана тілімізді- мәңгілік тіл ету өз қолымызда [1].

Алға қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құштар, рухы биік ел ғана мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды. Олай болса Елбасы салған сара жолдан таймайық, елдігіміз бен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін!«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізіп, дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретін тұғырлы идея.«Мәңгілік ел» – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенінбарлығымыз білеміз. Ол арман –басқа елдермен терезесі тең қатынас құратын, әлемкартасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман –тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу. Бізбұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Біз үшін болашағымызғы бағдар етіп ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Осындай байтақ дархан елде туып өскеніме алғысым шексіз. Мәселен оның суында да, жерінде де, тіпті делік орман көлінде, зәулім ғимараттарында емес екен-ау деп ойланамын. Ең негізі түйіні біздің мемлекетіміздің тәуелсіз болуында. Егерде біз тәуелсіз болмасақ орманы мен көлі, даласы мен қаласы, биік биік ғимараттар қаланың сәнін келтіріп тұрған біздікі болмас еді ғой... Тәуелсіздігімізді алғалы бері небәрі 26 жыл өтседе қаншама жетістіктерге жетіп, қаншама мемлекеттермен байланыс құрып үлгердік. Әрине бұның бәрі де Елбасымыздың арқасы. Елбасымыздың сындарлы саясатының арқасы. Қаншама спорттық олимпиадалардың жеңімпаздары өз тәуелсіз мемелектіміздің туын желбіреткенде мәз болып, қуанышымызды басқалармен бөлісіп жатамыз.Жалпы тәуелсіздік сөзінің мағынасы тереңде жатыр түсінген адамға. Тек оны бағалай білу керек, қадірі мен мән мңызын ұғына білу керек. Қолда барда алтынның қадірін түсіну керек [2].

Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік ел», - деді ел перзиденті Н.Ә.Назарбаев. Өскелең ұрпақ білім мен ұлттық тәрбие негіздерін өзінің ұлттық мектебінен алатыны сөзсіз. «Ұлттық мектеп дегеніміз – ұлттық рухта тәрбие беретін орын». Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзатттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы

армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып қала бермек.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ал мұндай мәселелерді зерттеп, көпшіліктің ой-пікірлерін қауым елге жеткізетін негізгі құрал – бұқаралық ақпарат құралдары екені даусыз [3].

Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттых рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Адамзат баласының алға қарай сатылай өркениет өріне жетуі әр адамның дұрыс ой түйіп, өнеге ге жол сілтеуі, рухани күшін нығайтуға, аға буын өкілдеріне ізет көрсету отансүйгіштік тәрбенің бастамасы болып табылады. Елбасымыздың кезекті жолдауында да болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі де басым бағыттардың бірі болып отырғаны тегін емес. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» дейді Әбу Насыр әл-Фараби өз қағидасында. Мұнда оқу мен тәрбие егіз. Оқу мен тәрбие ықпалдастығы сондай бірін-бірі толықтырып отырады [4].

Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып, ықпалдастыру мүмкін болмайды. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбек арқасында әлемдік деңгейдегі дарынды да тәрбиелі ұрпақ шығатынына сеніміміз мол. Әр ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу аға буынның қоғам алдындағы зор борышы. Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт дәстүрлердің тәлім - тәрбиелік білім танымдық ролі зор. Қазақ халқы — рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы сырнайының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары мақал-мәтел, шешендік сөз, айтыс өлеңдерінің сан ғасыр бойы өз ұрпағын сегіз қырлы, бір сырлы, өнегелі де өнерлі адамгершілік ар-ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық

Мәңгілік ел – мұратым" қазақ халқының өткен тарихынан бастау алып.Ежелден тамыры тереңге жайылған тарихтан сыр шертер болсақ, біз қазақтар не көрмедік, қанша қиын жағдайларды, ашаршылық, соғыс, елден жыраққа көшіп кету, тіліміздан айырдық. Бірақ осы қиындықтардың бірде-біріне мойымастан осы күнге де жетіп отырмыз. Тәуба, міне осының өзі – мәңгілік ел-мұраты.Керей мен Жәнібектің қазақ хандығын құрып,біртұтас ел бірлігін сақтауынан қазақ халқының , мәңгілік ел -мұратының осыдан бастау алатынына көзіміз жетті.Қазақ халқына қолдан жасалған ашаршылықтың кесірінен қазақ халқының тарыдай шашылып,қойдай қырылғанын біз тарих беттерінен куасі болғамыз.Өзге мемлекеттергі ауып көшіп кеткенін білеміз.

Тәуелсіздіктің бастауы- Желтоқсан екенін барша қазақ біледі.Тәуелсіздік үшін көтерілісте де жеңіске жетіп, 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігіне де қолын жеткізді.Көптен күткен бұл күн біз үшін, бүкіл қазақ халқы үшін ұмытылмас, асқан бір мереке.Қайрат Лаззаттай қайсар жастарынан айрылды. Енді біздің мәңгілік ел екенімізді бүкіл әлем мойындады.

Қайғы-қасіретімізді ұмытып,осы күнге шүкіршілік етеміз.Ертеңіне нық сеніммен қарайтын түтіні түзу, терезесі тең халықпыз.Асан қайғының армандаған "қой үстінде

бозторғай жұмыртқалаған" дәуір енді туды.Елдің арманы -мәңгілік ел.Сарыарқадай жерімізде Астанадай жас қаламыз бой көтерді.Ел арманы ,мүддесі қорғалуда ,амалға асырылуда.Тәуелсіздіктің артында,арман "Мәңгілік ел- мұратқа қол жеткіздік.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы —1995 жылы 30 тамыз
2. ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» 2017.
3. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану «Егемен Қазақстан».
4. Қапалбеков Б. Ұлттан тілді алса. – Алматы, 2006. – 138 б
5. Мырзахан А. Ел болудың жолы – ұлттық тәрбие «Ана тілі», 20 қазан, 2011

Каекбердин Ф.Ф., студент 2 курса
Научный руководитель – к.п.н., доцент Гизатуллина К.Х.
Стерлитамакский филиал БашГУ, г. Стерлитамак, Республика Башкортостан

НАРОДНЫЕ ИДЕИ НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ В ТВОРЧЕСТВЕ Х.ДАВЛЕТШИНОЙ

Термин «нравственность» берет свое начало от слова нрав. По латыни нравы звучат как /moralis /– мораль. Нравы – это те эталоны и нормы, которыми руководствуются люди в своем поведении, в своих повседневных поступках.

Нравственный человек, тот, для которого нормы, правила и требования морали выступают как его собственные взгляды и убеждения, как глубоко осмысленные и привычные формы поведения, не имеющие ничего общего с механическим подчинением, вынуждаемым только внешними обстоятельствами и требованиями. Выработка таких взглядов, убеждений и соответствующих им привычек составляет цель нравственного воспитания.

В творчестве башкирской народной писательницы Х.Л.Давлетшиной нравственное воспитание более, чем другой вид воспитания, опирается на образцы поведения, выдвигаемые жизнью, борьбой за счастливое и светлое будущее народа. Тема нравственности для Хадии Давлетшиной связано с темой любви:

«Смущенная Гульюзем вышла из-за печки, учтиво поклонилась гостям.

– Здравствуй! Как поживаешь, Гульюзем? – наконец-то парень прерывающимся, каким-то замороженным голосом.

И протянул ей руку.

Девушка и опомниться не успела, как ее узкая рука легла в шершавые, мозолистые руки Айбулата. Покраснела Гульюзем так, что вся пылала» [Давлетшина, 1974, с. 211-212].

Далее мы читаем:

«И Айбулат сделал то, что и мог только сделать в эту минуту, – обнял девушку, поклялся:

– Умру, но никому тебя не уступлю!

– Я тоже умру, – сказала Гульюзем просто, даже не произнесла этих слов – вздохнула, подумала, что парень понял, что сегодня они принесли вечный обет верности.

…» [Давлетшина, 1974, с. 214].

Нашему поколению выпала высокая честь и ответственность созидать историю нового Казахстана. Мы с гордостью называем себя гражданами Независимого Казахстана – сильного и успешного государства. Мы, молодые граждане Казахстана, едины в своем стремлении созидать Нацию Единого Будущего - Мәңгілік Ел. В основе Мәңгілік Ел – простые, понятные и самые ценные для каждого из нас истины – благополучие наших семей, гостеприимство и трудолюбие, стабильность, безопасность и единство, уверенность в завтрашнем дне [3].

Молодежь – это поколение, от которого зависит будущая судьба нашего государства. Во всем мировом сообществе молодежь рассматривают как важнейший субъект социальных перемен, как нравственный барометр общества, как огромную инновационную силу и стратегический ресурс. И поэтому государству не безразлично, каким будет уровень национального самосознания и, соответственно, патриотизма и гражданственности у казахстанской молодежи, особенно студенческой, потому что, как подчеркивал Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев: «Будущее творится в учебных аудиториях» [6].

Формированию высокого уровня национального самосознания у будущих высококвалифицированных специалистов способствует изучение в вузах Казахстана дисциплины «Рухани жаңғыру». В рамках изучения дисциплины студенты получают целостное представление об истоках народных традиций, культуре Казахстана, особенностях казахского бытия в социокультурном пространстве, интересах Отечества, единстве сообщества людей в определенном местожительстве – Атамекене.

За годы независимости наша страна добилась больших успехов и сегодня Казахстан удивляет своими достижениями, как в социальной, так и в экономической сфере. Казахстан

создал свою государственность и заложил основы национальной независимости, обеспечил территориальную целостность страны и нерушимость границ, перевел экономику на свободный рыночный путь развития и интегрировал ее в мировой рынок. Сегодня Казахстан как независимое государство является полноправным членом многих международных и межрегиональных организаций, активно проводя политику интеграции. Наша страна – уважаемый партнер, стратегический союзник ведущих мировых держав. Нас высоко ценят как надежного союзника, заинтересованно наблюдают за развитием, поддерживают наши начинания [7].

Как символ приверженности этим ценностям 1 мая мы отмечаем Праздник единства народа Казахстана. Праздник, занимающий особое место в сердцах всех казахстанцев. Этот день – день нашего всенародного единства, праздник нашей дружбы и согласия. Патриотизм и сплоченность, общая ответственность за судьбу Родины – это стратегические ресурсы успешного развития Казахстана, главные источники нашей силы и уверенности в завтрашнем дне [1].

Список использованной литературы:

1. Выступление Президента Н.А. Назарбаева на торжественном собрании, посвященном Дню Независимости Республики Казахстан, 15 декабря 2014 года // http://www.adilet.gov.kz/ru/leaflet/mngilik-el-mnogovekovaya-mechta-o-nezavisimosti-kazahstana
2. Мәңгілік Ел. Учебник / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К.Жампеисова и др. – Алматы: Ұлағат, 2015. – 336 с.
3. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.
4. Новый Казахстан в новом мире. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда. – 2007. – 1 марта. – С.1-6.
5. Послание Президента Республики Казахстана Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее». – Астана, 2013.- 36с.
6. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
7. Патриотический акт «Мәңгілік Ел». Полный текст // https:// www.kazpravda.kz/news/politika/patrioticheskii-akt--mangilik-el-polnii-tekst

Көшеген Ә., студентка 2 курса
Научный руководитель - к.ф.н., Калиева Г.Г.
Саранский гуманитарно-технический колледж имени Абая Кунанбаева,
г. Сарань, Республика Казахстан

МӘҢГІЛІК ЕЛ

Ел ішіндегі тұрақтылық пен тұтастықтың бірқалыпты дамуының шешуші факторы болып табылатын ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімге бастайды. Ал, бұл құндылықтар «Мәңгілік ел» жалпыхалықтық идеясында көрініс тапқан. Мәңгілік елге айналу үшін тәуелсіздікті сақтап, елдігімізді нығайту басты мақсат болып табылады. Өйткені, тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, сонау алаш тұлғаларының зердесі мен өнегесімен келген аманат дүние болатын. Бұл, Елбасымыздың: «...біздің бір ғана Отанымыз – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Осы идеяны әрқайсысымыз сезініп, өмірлік сабақ ретінде түйсек, осы жолда бар әлеуетімізді салсақ, 2050 жылы мұрат еткен «Мәңгілік Елге» жететінімізге сенімдімін..., ...өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бағытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел», – деген сөздерімен толыға түседі. «Мәңгілік Ел – ата-

бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.

Мәңгілік ел идеясының тарихи бастамасына көз жүгіртер болсақ, көне түркілердің осы сипаттағы идеясы үш негізден тұрады. Оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел»идеясы. Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы қазіргі Қазақстанның тәуелсіздік рухы және азаттық идеясымен үндесіп тұр.

Мәңгілік ұғым-түсінігі – барша адамзатқа ортақ қазына. Оның негізінде саналы-санасыз тіршілік иесінің өмірге, қоршаған ортаны игеруге құштарлығы жатыр. Мәңгілікке ұмтылған арман-мақсаттың нышанына, ескерткішіне Египет пирамидаларын, мәңгі қала Рим тәмсілін, суға батпайтын, отқа жанбайтын батырлар жайлы тарихқа дейінгі аңыз-ертегілерді жатқызуға болады. Біздің пайымдауымызша, әлемдік және дәстүрлі діндердің бастау-бұлағында да мәңгілікті бейнелейтін түпжаратушы тұр. Оның есімі – Тәңірі, Құдай, Алла, Бог, т.б. Демек, байырғы түркі қоғамында дүниеге келген қысқа да нұсқа «Мәңгі Ел» ұстанымы, біріншіден, арғы бабаларымыздың адамзат өркениетіне, оның ақыл-ой қазынасына қосқан айрықша интеллектуалдық үлесін айшықтаса, екіншіден, адамдардың әрқайсының һәм баршасының мүддесін, әрекетін, ұрпағының сабақтастығы мен жалғастығын жарасымды үйлестіруге септесетін әмбебап формуласы. Үшіншіден, осынау кемел пайым-тұжырым қазақ жерінен, Ұлы Дала елінен ешқашан табан аударған емес. Ол Қорқыттың ажалдан қашқанынан тартып ақын Ж. Молдағалиевтің: «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» деген өлең жолдарымен санамызға шегеленген. XVIII ғасырда Әбілқайыр ханның: «Жайық өзені кеуіп қалғанша, тіпті ақыр заман келгенше қазақ халқы бұл жерден ешқашан айырылмайды», XX ғасырда Ә. Бөкейханның: «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ» дегенінен де мәңгілікке нық сенім еседі. 2014 жылдың басында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев XXI ғасырдағы Қазақстанның ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» деп жариялады. Осылайша кемел келешекке байсалды қадамдар жасау үстіндегі тәуелсіз Қазақстанның көздеген заманауи мақсат-мұраты артта қалған ғасырлар құндылығымен сабақтасып, жалғасып жатқаны, біз Еуразия түркілерінің қара шаңырағын ұстап қалған мұрагері болып табылатынымыз ресми дәйектелді. Байырғы түркілерден жеткен «Мәңгі Ел» ұғым-түсінігінің мәні мен мазмұнын анықтап алу бүгінгі және болашақтағы ғылыми танымның нәтижесін дәйектеу бағытындағы бірінші қадам болып табылады. Біздің ойымызша, Күлтегін, Тоныкөк, олардың үлкен-кіші замандастары «Мәңгі Елді» идея ретінде де, манифест ретінде де тасқа басқан жоқ. Бұл ұғым-түсінікке халық пен тұлғаның, билік пен мемлекеттің пайда болғаннан соңғы демі таусылғанға дейінгі тағдыр-тәлейін сиғызды. Жарық дүниені қамтуы жағынан идеядан да, манифестен де әлдеқайда ауқымды. Өйткені идея дүниетанымның, ғылыми, көркем, т.б.с.с. ақыл-ойдың сүйенетін іргетасы, тірегі болса, манифистің мәнін жоғары билік немесе танымал күш тарапынан жарияланған бағдарламалық мәлімдеме құрайды. Орхон мұраларынан бұл екеуінің де белгілерін көруге болады. Дегенмен «Мәңгі Ел» сөзтіркесін бірінші кезекте тұжырымдама (концепция) мәртебесімен қабылдағанымыз жөн деп білемін. VIII ғасыр тұрғысынан келгенде, концепция дегеніміз - уақыт пен кеңістікке, үдеріс пен құбылысқа, бар мен жоққа, көк аспанның астындағы, қара жердің үстіндегі тыныс-тіршілікке тұтас көзқарас жүйесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2030» Жолдау.

Кубышкина А., Токарева В., студенты 4 курса
Научный руководитель – магистр, ст.пр-ль, кафедры ТиРД Абдурахманова З.А.
Карагандинский экономический университет казпотребсоюза, г. Караганда, Республика Казахстан

РАЗВИТИЕ САКРАЛЬНЫХ МЕСТ «УЛЫТАУ» КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Статья Президента Республики Казахстан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» направленная на модернизацию общественного сознания «Сохранить и приумножить духовные и культурные ценности где основной целью ялвяется развитие сакральных мест в Казахстане т.е. духовное обновление». В программе «Рухани жангыру» — рассматривается подход к решению задач. Взгляд в будущее — это модернизация общественного сознания, невольно проникаешься гордостью за нашу прекрасную Республику Казахстан. Край с необъятными просторами и богатыми природными красотами, в котором живут сильные духом люди, ответственные за свою Родину. Важное значение имеет для Казахстана Сакральная география - это духовное развитие человека которая основывается на его связях с его родной землей, культурой и историей. Они являются ориентиром для человека в его жизни. В число таких ориентиров можно будет включить подвиги великих предков, чьи личности увековечены в виде мест для паломничества и культурного обогащения нации. Такие места позволяют нам многому учиться, и черпать из них необходимую жизненную силу. Создание Сакральной географии решает не только вопрос о духовном обогащении человека, но и также отмечает богатство нашей истории, культуры и традиций. [1]

Наш Казахстан богат сакральными объектами которую имеют древнюю историю-это культовые архитектурные сооружения, города, поселения, курганы, некрополи, святилища, наскальные рисунки и исторические ландшафты. Особую популярность имеют культовые архитектурные памятники, как правило, лучше сохранившиеся до наших дней и более почитаемые. Основной объём историко-культурного наследия составляют археологические памятники, которые разбросаны по всей территории Казахстана. Они охватывают громадный хронологический период: от глубокой древности, каменного века, до позднего средневековья. Ещё одним видом духовного наследия являются объекты природы, сакрализация которых уходит в глубокую древность. Некоторые из них объявлены святыми, став объектами паломнического туризма, но требуя изучения и проведения научной экспертизы.

Наряду с известными сакральными объектами, вошедшими в историческую и археологическую науку, появляются новые - религиозные памятники и святые места. Объектами паломничества также становятся и памятники архитектуры, имеющие историческое, научное и художественное значение, обладают правом неприкосновенности, они не подвергаются вмешательству; а многие из них - культовые сооружения. Их стоит отличать их от вновь возникших сакрализованных мест, определяя наличие историко-художественной ценности. Реестр сакральных объектов составлен на основе коллегиального отбора научными коллективами трёх организаций: Института Археологии им. А.Х. Маргулана, Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Института истории государства. Предварительный список сакральных мест Казахстана включает 574 объекта, из которых в 2017 году описано 279. Учёные Республики Казахстан , основываясь на материалах архивно-библиографического характера, полевых исследованиях, сформировали реестр с характеристикой объектов от древнейших времён до современности.Это: Улкен-Жезды, Караунгур, Белкарай - особо значимые памятники археологии каменного века. Ботай, Кожай, Кумкешу - памятники с доместикацией лошадей, одного из маркеров степной цивилизации. Атасу, Мыржык, Талдысай - уникальные памятники одного из крупнейших металлургических центров древнего мира на территории

Центрального Казахстана в Жезказган-Улытауском регионе. Есть интересные погребально-поминальные и ритуальные объекты эпохи ранних кочевников: Талды-2, Шиликты, Иссык, Берел, Таксай и другие. Отрар, Сидак, Жуантобе, Испиджаб, Сауран - являются наиболее значимыми средневековыми городами - центрами торговли и ремесла с выдающимися образцами архитектуры и строительного мастерства.

Исторически территорию Казахстана можно условно разделить на несколько историко-культурных ареалов. Они отличаются более тесными внутренними связями, общностью развития, особенностями соответствия эколого-природных и социально-культурных факторов, что сказалось на содержательной стороне археологических и исторических памятников. Сакральные места отражают долгую и насыщенную событиями жизнь и деятельность народа, борьбу за независимость. Работу над реестром сакральных объектов Казахстана – который представляет собой длительный и скрупулёзный труд, где задействованы различные учёные: археологи, историки, этнологи, филологи, востоковеды. [2]

Последней целью в выполнении масштабной работы по систематизации и подготовке многотомного реестра сакральных памятников должна стать консолидация народа и формирование новой национальной идеи. Популяризация полученных знаний станет источником духовных ценностей. Реестром сакральных объектов – станет залог гармоничного развития народа Казахстана.

При исследовании сакральных мест Казахстан мы выделили 10 уникальных мест Казахстана, занимающих важное место в общественно – политической жизни Казахстана, как символы историко-культурного наследия и национального единства.

Аулиетау (Акмешит) – вершина гор Улытау. «Улытау» с казахского языка переводится как «великая гора», «большая гора». Но поскольку сами эти горы фактически не очень высокие, это название скорее таит в себе именно сакральный смысл, поскольку эти горы «главные почитаемые горы», в которых с древнейших времен были сокрыты святыни кочевников. В Аулиетау находятся древние захоронения. По легенде, в этих горах родился пророк Заратустра, в средневековье здесь были похоронены Жошы хан, Алаша хан, Тохтамыш хан, бий Едиге и другие выдающиеся наши предки. История сохраняет память предков, а потомки всегда чтят ее. Эти священные горы – носители этнической памяти и величия. Народ, как и земля, старости не знает. В истории казахского народа и ранеедревних тюрков – эти горы сыграли немаловажную роль. Эти горы – свидетели и участники всех важнейших этапов истории казахов. По поверью, вершина находится ближе всего к небу, именно там встречаются Небо и Земля, поэтому издревле гора считалась сакральным местом, обиталищем Бога и духов, местом постоянно действующих священных сил, местом ритуального поведения, связи человека с природой. Древние жители Улытау сакрализировали это место по определенным причинам, понятным им на уровне глубинного подсознательного мышления. Как правило, это место действовало по своим ритуальным законам уже с глубокой древности. Однажды избрав это место для поклонения, люди на протяжении многих веков приходили к нему для исполнения своих обрядов. Эта традиция продолжается и по сей день.

Алтын шокы («Золотая пика») – название горы Улытауского хребта в Карагандинской области, историю которого связывают с Великим Тамерланом (1336-1405). Во время похода против хана Золотой Орды Токтамыса Тамерлан приказал установить на пике Алтын шокы огромный каменный памятник. Легенда гласит, что в апреле 1391 года во время похода на хана Золотой орды Токтамыса Тамерлан с 200 тысячным войском остановился у подножия горы Улытау в самом сердце Сарыарки. Путь войска правителя Мавераннахра шел через пустыню Бетпак-Дала. А здесь, в поместье хана Жошы, явилась взору совершенно другая природа: горный воздух и прохладные реки, сочные пастбища и поля. Понимая, что войску нужно набраться сил, хан позволил на несколько дней остановиться в этой местности. Восхищенный природой Улытауского края, Тамерлан в знак благодарности приказал установить каменный памятник, на котором отмечено, что здесь он останавливался со своим

войском. Памятник находится на северо-западных склонах Улытауских гор, в 90 км западнее автомобильной дороги Жезказган-Аркалык и в 80 км западнее села Саят. Высота его – 50 м. Больше всего в Алтыншокы запоминается возвышающаяся на его вершине груда камней, собранных в форме срезанной пирамиды.

В 445 километрах от Караганды расположилось урочище Теректы. Со стороны Жезказгана ехать до него около 90 километров. Историко-археологический комплекс Теректы Аулие – Святой Тополь – состоит из галереи наскальных рисунков – петроглифов, неолитической стоянки, поселений древнего человека, некрополей-могильников эпохи бронзы, курганов раннего железного века, остатков горизонтальных и вертикальных штолен, в которых добывались руды и полудрагоценные минералы. Чаще других среди петроглифов Теректы Аулие встречаются изображения лошадей, а также двугорбых бактрианов, быков, козлов, оленей, змей, рысей и других хищников из породы диких кошек.

Мавзолей Жубан ана (Жуан аулие), построенный в XI веке в Жанааркинском районе Карагандинской области, на правом берегу реки Сарысу, уникален тем, что мастер возводил его, используя сложные строительные приемы, решая в абсолютном виде точные инженерные задачи. Купольно-центрическое сооружение дает мавзолею внешнюю красоту, обеспечивает крепость строения. Все кирпичи имеют одинаковый размер и форму, что доказывает развитие культуры производства строительных материалов. Возведено строение из специального раствора, секрет его изготовления утерян, но однозначно – материал очень крепкий. Несмотря на сложные погодные условия, оно дошло до нашего времени и хорошо сохранилось.

Мавзолей Айши биби – уникальный и интереснейший памятник архитектуры XII века, неимеющий аналогов в архитектурно-строительной культуре Казахстана и Средней Азии. Мавзолей декорирован великолепной по красоте сплошной облицовкой из терракотовых плит, украшенной орнаментами 60 видов.Мавзолей находится в селе Айша биби Жамбылского района Жамбылской области. Он является шедевром средневекового зодчества Караханидской эпохи, воздвигнутым у караванной тропы к югу от Акыртаса. По легенде, красавица Айша была женой Карахана и правитель, горюя после ее преждевременной кончины, нашел лучших мастеров, чтобы построить над ее могилой мавзолей невиданной красоты. Ныне мавзолей Айши биби – место паломничества женщин, мечтающих родить долгожданного ребенка.

Мавзолей Бабаджа Хатун (X–XI вв.). Строительство этого памятника степного зодчества связано с легендами о возведении мавзолея для Айша биби. По легенде, после гибели Айши биби ее няня Бабаджа хатун становится его смотрителем, а после смерти ее хоронят в двадцати шагах от мавзолея девушки. Для преданной женщины построили специальный мавзолей и назвали ее именем – мавзолей Бабаджи хатун. Эти два строения являются величественными памятниками и святым местом для мусульман, которые совершают хадж. Сегодня к мавзолею приходят женщины просить о супружеском счастье и о потомстве. Самой яркой и отличительной чертой мавзолея Бабаджи хатун является 16-реберный шатер-купол, установленный на 16-реберном «звездчатом» барабане. Согласно мировоззрению мусульман, заповедям пророка Мухаммада, его хадисам, по которым повторяется три раза: «Рай под ногами матери», «Уважай мать, сначала делай добро своей матери», женщину уважали и статус ее был высоким во все времена.

Мавзолей Домбауыл примечателен тем, что является, по мнению многих ученых, одним из самых древних сооружений, которыми располагает Центральный Казахстан. Считается, что оно было построено еще во времена владычества гуннов и было предназначено для культовых обрядов. Существуют различные легенды про Домбауыла. Одна из них гласит, что он был придворным музыкантом Чингисхана. Когда сын Чингисхана Джучи (Жошы) хан погиб на охоте, придворные боялись сообщить весть Потрясателю Вселенной. Лишь Домбауыл (по другим легендам Кетбуга) согласился рассказать Чингисхану о смерти сына: он, не говоря ни слова, молча играл на домбре, грозный хан понял язык музыки и приказал залить домбру горячим свинцом. Следовательно, Домбаул –

персонаж скорее сказочный, фольклорный, чем исторический. То обстоятельство, что у «сказочного мудреца» имеется не только место захоронения, но и мавзолей его имени, делает честь зодчим Великой степи и тем благородным людям, которые заботятся о том, чтобы имена народных героев и народная память о них жили в веках.

Памятник архитектуры XII –XIII вв. Мавзолей Жошы хана (Джучи-хана) – один из самых известных и выдающихся памятников казахского зодчества монгольского периода. Он расположенв Улытауском районе Карагандинской области, в 50 км к северо-востоку от г. Жезказгана, в долине р. Каракенгир, в 2 км от правого берега, недалеко от села Малшыбай Карагандинской области. Считается, что мавзолей сооружен в 1227 году над могилой сына Чингисхана – Жошы хана. В тоже время существуют и версии о том, что его построил в XIV или XV веке один из потомков Жошы хана. У сооружения двойной купол. Внешний купол не сохранился, раньше он опирался на звездчатый 17-гранный барабан очень редкой формы и был облицован плитками и бирюзовой поливой. Позже, после реконструкции в 2000 году, купол был восстановлен. Внутренний полусферический купол выложен кольцевыми рядами на ганчевом растворе. Пол мавзолея вымощен кирпичом. Интерьер освещается двумя арочными отверстиями, расположенными в боковых камерах.

Мазар построен народными мастерами в XI– XII вв. в честь Алаша хана. Его имя напрямую связано с появлением трех жузов казахского народа. Один из знаменитых мавзолеев Казахстана расположен в долине реки Каракенгир, недалеко от деревни Малшыбай, в Улытауском районе Карагандинской области. Мавзолей Алаша хана – единственный из средневековых мавзолеев, архитектурное подражание которому стало в центрально-казахстанских степях традицией, глубоко укоренившейся в строительстве мавзолеев казахской знати XIX в. – начала XX в. Известен даже пример прямого копирования – мавзолей Дузена Сандыбаева, построенный в 60-х годах XIX в. По преданию, его строитель Сералы Еламанулы ежедневно ездил на лошади к мавзолею Алаша хана, чтобы изучать устройство и расположение его конструкций.

Модернизация невозможна без изменения ряда привычек и стереотипов. В нашей истории есть много примеров подлинного прагматизма. На протяжении столетий наши предки сохранили уникальный экологически правильный уклад жизни, сохраняя среду обитания, ресурсы земли, очень прагматично и экономно расходуя ее ресурсы. И только за несколько лет в середине прошлого века нерациональное использование ресурсов привело к исчезновению Аральского моря, превращению тысяч гектаров плодородных земель в зоны экологического бедствия. И это пример крайне непрагматичного отношения к окружающей среде. Так прежний национальный прагматизм обратился в расточительность. На пути модернизации нам стоит вспомнить навыки предков. Прагматизм означает точное знание своих национальных и личных ресурсов, их экономное расходование, умение планировать свое будущее. [3]

У каждого народа, у каждой цивилизации есть святые места, которые носят общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа. Это одно из оснований духовной традиции. Для Казахстана это особенно важно. Мы – огромная по территории страна с богатой духовной историей. Иногда наши размеры играли разную роль в истории. Но никогда в народе не прерывалась связь в этом духовном географическом поясе.

Список использованной литературы:

1. Статья Главы государства Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» от 12 апреля 2017 года // http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya

2. Бедельбаева М.В., Новоженов В.А., Новоженова Н.В. Изобразительные памятники Казахского мелкосопочника. – Караганда: САИ, 2015. – 252 с.

3. Шет ауданы. Энциклопедия / ред. Ә. Оспан. – Алматы: ҚазАқпарат, 2013. – 382 б.

Қанатқызы А., СР-41к тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: магистр, аға оқытушы Алпысбаева М.Б.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: «Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, азаматтарды әлеуметтік оңалту бойынша секторының бас маманы Сәкен Е.Ғ.

ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Жастар – жасына қарай сипаттамалары жиынтығының, әлеуметтік жағдайлар ерекшеліктерінің негізінде бөлінетін және қоғамдық құрылыспен, мәдениетпен, әлеуметтендіру заңдылықтарымен, осы қоғамды тәрбиелеумен айқындалатын, сол немесе басқа да әлеуметтік-психологиялық қасиеттермен ескерілген әлеуметтік-демографиялық топ; қазіргі заманғы жастардың жасына қарай 14-тен 25 жасқа дейінгілерді қоса алғанда Қазақстанда 14-29 жастағы жастар үлесі 2009 жылғы 1 қаңтарда халықтың құрылымында 29,2% құрады, бұл 4 358 925 адамды құрайды, оның ішінде экономикалық жағынан белсенді халық 2406775 адам болып табылады.

Кез-келген өркениетті қоғамның әлеуетті жасампаз күш-қуатының маңызды құрамдас бөлігі – бұл жастар. Жастар заманауи Қазақстанның қарқынды инновациялық-индустриялық үдемелі дамуының жасампаз шығармашылық күші болғандықтан, мемлекетіміздің экономикалық, индустриялдық,интеллектуалды дамуы мен рухани өрлеуі мен демократиялық құндылықтарының қалыптасуында және жаңа мемлекеттілік ұстанымның негізгі іргетасын қалайды. Қоғамның жаңаруы мен кемелденуіне құштар әлеуметтік топ ретінде жастардың ел өміріндегі орнына ерекше мән беріледі. Тәуелсіз елімізде жастар саясатының тұжырымдамасын дайындау жұмысы 1997 жылдың күзінде басталған болатын. 1998 жылы ақпанда бірнеше жұмыс топтары дайындаған тұжырымдаманың жобасы бірыңғай құжат қалпын келтіріліп, студенттер мен жастар ұйымдары өкілдерінің Бірінші съезі делегаттарының талқылауына ұсынылған еді. 1999 жылы 28 тамызда мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өкімімен бекітілді. 2004 жылы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы қабылданды.Республикада жастар өсімінің демографиялық үрдісі сақталуда: халықтың табиғи өсімі – 6,3%. Жастар – бұл қашанда үлкен ерекше жасына қарай кіші топ ретінде білінетін объективтік қоғамдық құбылыс. Жастар – қоғамның бір бөлігі. Бұл ретте, жастар саясаты жас ұрпақты қоғамдық өмірге әлеуметтік ықпалдастырудың бірден-бір мүмкін болатын тетігі болып табылады. [1]

2018 жылы жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша жастар санасындағы оларды толғандыратын неғұрлым өзекті проблемалар: сыбайлас жемқорлық, билік органдарындағы қызмет бабын теріс пайдаланушылық (44,3%), есірткінің таралуы (31,6%), жастар арасында қылмыстың өсуі (29,8%) болып табылады .

Бұдан басқа, жастардың едәуір бөлігі үшін өмірлік маңыздысы сауал салынғандардың 45,6%-ында тұрғын үймен қамтамасыз етуге байланысты проблемалар болып табылады. Осы проблеманы жою үшін жастар жеке меншік тұрғын үй сатып алуға жеткілікті табыс табу мүмкіндіктерін беруді ұсынады, бұл ретте сауал салынғандардың 31,5%-ы жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдануы қажет екенін атап өтеді. 15,9%-ы үшін тұрғын үймен қамтамасыз ету әдістерінің бірі ипотекалық кредит беру жүйесін дамыту болып табылады.

Әдеттегі нормалар, мораль мен адамгершілік туралы ұғымдар елеулі өзгеріске ұшырап отырған қоғамның түрленуі кезінде құралдық құндылықтар немесе өмір сүруде табысқа жету әдістері деп аталып жүргендер туралы қоғамның түсініктерін білу маңызды.

Жастардың 48,3%-ының пікірі бойынша жақсы білімнің болуы өмірде табысқа жетудің қажетті алғышарты болып табылады. Пайдалы байланыстар мен тамыр-таныстық өмірде алға басуға ең жақсы түрде жәрдемдеседі – бұл табысқа жету әдістері рейтингіндегі екінші позиция (33,5 %).

Табысқа жету үшін үшінші бір басым құрал деп корреспонденттердің 32,7%-ы ақшаның болуын атайды. 29,0%-ы қажырлы еңбек етуді атап өтеді, 17,0%-ы үшін күшті ерік жігер, 10,5%-ы үшін «жағдайлардың сәтті барысы» негізгі құрал болып табылады.

Қазіргі Қазақстан қоғамы құрылымының түрленуіндегі қиыншылықтар қандай да бір дәрежеде республика жастарының 5,1%-ында заң және адамгершілік туралы ұғымдардың өзгеруіне ықпал етіп отыр, олар өмірде табысқа жетудегі міндетті жағдай деп қылмыс әлеміндегі байланыстардың болуын есептейді.

Сонымен бірге, жастардың үштен бір бөлігінен астамы жақсы білім мен мамандықтар ала алады, кейбіреулері өздерінің саяси көзқарастары мен талаптарын еркін және жария түрде білдіреді, кейбіреулері білікті медициналық көмектер алады, кейбіреулері өздерінің шығармашылық қабілеттерін іске асыра алады, кейбірі өз қаласы мен кентінің өміріне қатысты шешімдер қабылдауға ықпал ете алады.

Жастардың дамуындағы неғұрлым өзекті мәселе жастар арасындағы әлеуметтік-экономикалық шиеленісті көңіл күйді көрсететін жұмыспен қамту мен еңбекке орналастыру проблемасы болып табылады. Ресми статистикалық деректер бойынша республикада 2014 жылғы жағдай бойынша 15-тен 29 жасқа дейінгі жұмыссыздар 300 мыңға жуық, яғни жалпы санның 12,2%-ы.

Еңбек рыногын кеңейтудің, жастарға арналған жаңа және қосымша жұмыс орындарын құрудың нақты жолдарының бірі кәсіпкерлік бастамаларды дамыту болып табылады. Жастар арасында, сауал салынғандардың 50, %-ы жастар кәсіпкерлігін дамытудағы елеулі проблемаларды көрсетеді, 25%-ы проблеманың болу мүмкіндігін ғана атап өтеді. [2]

Көптеген жас адамдар (35%), егер мемлекет тарапынан жастардың кәсіпкерлігі үшін көтермелеу мен ынталандыру енгізілетін жағдайда жеке меншік бизнестерін ұйымдастырғылары келеді. Бұл ретте, барлық сауал салынғандардың ішінен 35,5%-ы қазіргі жағдайларда жеке бизнестерін ұйымдастыруға дайын екендіктерін көрсетті және 9%-ы ғана «жоқ» деп жауап берді.

Республикада жер-жерде жұмыспен қамту қызметтерінің жанынан кәсіпорындар мен ұйымдардағы жұмыс орындары туралы деректер базасы үнемі жаңартылып отырады, еңбек рыногында сұранысқа ие болатын мамандықтар мен кәсіптер бойынша жас кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жұмыстары жүзеге асырылуда.[3]

Еліміздегі мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаттары – ол жастардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру, жастар шығармашылығын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастардың жұмыспен қамтылуына ықпал ету, жастар кәсіпкерлігін дамыту, жастар арасында қылмысты болдырмау, отаншылдық құндылықтарды әспеттеу, жастардың әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да жан-жақты жағдай жасау, рухани-адамгершілік, интеллектуалдық және физикалық әлеуетінің, әлеуметтік мәртебесі мен экономикалық жағдайын, саяси, құқықтық, экологиялық және рухани мәдениетін көтеру болып табылатыны ескерілуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік жастар саясаты
2. Баймуратова А. Жастар саясатын жетілдіру.
3. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы

Құдабай Э.Қ., 2 курс студенті, Гик 17 -1
Ғылыми жетекші – мұғалім Аубакиров Е.Ж.
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

МЕНІҢ ЕЛІМІҢ ЕРТЕҢІ – ЕРКІН, БІЛІМДІ ЖАСТАР!

Білекке сенер заманда,
Ешкімге есе бермедік.
Білімге сенер заманда,
Қапы қалып жүрмелік...
(Абылай хан)

Менің елім – тәуелсіз Қазақстан! Бұл құдіретті сөзді. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы асқақ сезіммен, мақтанышпен айта алары анық. Өйткені біздер, жастар, асқақ арман жетегінде, отаншылдық рухты ту еткен ұлттық ұл-қыздары қасиетті қазақ топырағында мекен етіп, достық қарым-қатынаста, береке мен бірлікте, тыныштық пен татулықта өмір сүріп жатырмыз. Ал, сол жастар қазіргі таңда еліміздің дамуы, өркендеуіндегі алар орыны қандай? Қазақстан Республикасында жастардың жалпы өміріне көңіл бөліне ме?

«Мен жастарға сенемін...» -деп кеткен ақиық ақын, лириканың негізін салушы Мағжанды сүйіп оқитын, қазақ елін дамытып, мәңгілік ел қатарына жеткіземін, әрі қарай өркендетемін деп – бар жігерін, бар ғұмырын арнаған қазақ елінің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбев:

«Жастарға айтарым: Елдің болашағын сіздер жасайсыздар!»-деп сеніммен жастарға үлкен міндет, жауапкершілік жүктеп, ел болашағы жастар қазіргі таңда қалай білім алып, тәрбие алып жатса – ел болашағы да солай болмақ деп ашып айтқан болатын [1].

Елбасымыз биылғы жылды «2019 жыл – Жастар жылы» -деп атап өткен болатын. Бұған қатысты Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі тарих факультетінің деканы Тілеген Садықов өз ойымен бөлісті. Ол Елбасының бүгінгі Жолдауын «жас мамандарға жарқын жол ашқан бірден бір жолдау» деп есептеді.

«Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың биылғы жылғы жолдауында еліміздің тірегі – жастар мәселесіне жете мән бергендігімен аса маңызды деп санаймыз. Қоғамның даму үдерісін ілгерілетудің жетекші күші жастар екендігі ақиқат дүние. Жолдауда жоғары оқу орындарына мамандық алып шыққан жастардың өз мамандығы бойынша жұмысқа тұрып, елімізге қызмет етуі мәселесі қоғамның даму тенденциясын анықтайтын фактор екендігіне зор мағына берілген.

Елбасының жолдауы жоғары оқу орны саласында қызмет ететін педагогтарға тың серпіліс әкеліп, жаңа форматта маман даярлау және оның жұмысқа қабылдану траекториясын айқындаудағы басты бағдарымыз», - деді Садық Тілеген [2].

1991 жылы өз тәуелсіздігін алған егемен еліміз бәсекеге қабілетті, дамыған мемлекет болуы үшін, елбасымыз және де ел азаматтары мен азаматшалары үлкен үлес қосуда. «Қазақстан-2050», «Қазақстан-2030» стратегиялар мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақалада, елбасымыздың бірнеше кітаптарында қазақ халқының тарихы, бүгінгі тіршілігі баяндалып, болашағына жоспар құрылған.

«Елімнің ертеңі – еркін, білімді жастар» - дегенімдей, біздің білім алуымыз үшін көптеген мүмкіндіктер жасалған. 2014 жылдан бері «Серпін – 2050: Мәңгілік ел жастары – индустрияға» атты әлеуметтік жоба негізінде қазіргі таңда мен Қарағанды мемлекеттік

техникалық университетінде «геодезия және картография» мамандығы бойынша білім алудамын. Жобаның мақсаты баршамызға айқын болса керек...

Белгілі келесі жоба, «Болашақ» халықаралық стипендиясы түлектердің табысты мансаптық өсуі мен кәсіптік өзін-өзі жүзеге асыруының өзіндік кепіліне айналды. Ел аумағында көптеген оқу орындары, білім, өнер, спор мектептері бой көтерді.

2011 жылы «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жас өспірімдерге арналған жас ұйымдар пайда болды, олардың басым міндеті патриоттық тәрбиелеу болып табылады. «Жастар практикасы», «Дипломмен ауылға!», «Жастар кадрлық резерві», «Мемлекттік қызмет мектебі», «Жастар-Отанға!» атты көптеген бағдарламалар өз жұмысын жастар болашағы үшін жұмыс жасауда.

Бүгінгі күннің жастары: Зарина Дияс Қазақстанның шебер теннисшісі әрі жеке разряд бойынша ITF-тің бес турнирінің жеңімпазы, Жансая Әбдімәлік – шахматтан еліміздің намысын абыроймен қорғап жүрген қазақ қызы, Мария Мудряк небәрі 5 жасында әлемнің ең жас опера әншісі ретінде Гиннестің рекордтар кітабына енген және де көптеген біздің қазақстандық жастардың жетістіктері көп.

XXI ғасыр нанотехнология мен техниканың заманы. Нағыз білім сыналатын кезең. Білім сыналатын кезеңде, бір күндік қызыққа ерген жастарымызда бар. Білім алуға өте көп кедергілерде шықты. Атап өтетін болсам: әлеуметтік желілер, түрлі ойындар, қиял-ғажайып кинолар мен мультсериалдар, пайдасыз іс-әрекеттер айта берсек шегі жоқ. Осы кедергілермен айналысқан жас буыннның білім алуға деген уақыты болмайды. Көпке топырақ шашада алмаймын, себебі жоғарыда атап өткен Зарина, Жансая, Мария есімді жастардың жетістіктерін жоққа шығару болып табылар еді. Айта кеткен мысалдардың ішінен өзіне керегін алып, пайдаға жаратқандар да жеткілікті. Көп жастар үлкен мансапты, атақ-даңқты армандайды. Бірақ, оған жету жолында ешнәрсе істегісі келмейді. «Адам баласының, ең жаманы-талапсыздық»,- депті ұлы Абай атамыз. Біз талаптанбасақ, ізденбесек алға қарай ешқашан жүре алмаймыз. Жастары алға қарай жүре алмаса, мемлекетте бір орында қалып қояды. Бір тұтас мемлекетті алға жылжыту жастар қолында. Өткен тарих беттеріне үңілетін болсақ, қазақ халқы жаужүрек, батыр болған. Не үшін соғысты, неге жауласты? Бір ғана мақсатпен: келер ұрпақтың тәуелсіз елде, алаңсыз жерде, білім алып, бейбіт өмір сүруін қалады. Жаужүрек, ата-бабамыздың тарихын еске алғанда, көкірегімізді қуаныш кернейді. Ендеше, келер ұрпақта өткенімен мақтанатындай етіп, өмір сүрейік. Біз үшін жанын қиған жандардың жасаған жақсылықтарына қиянат жасауға хақымыз жоқ!

Қорытындылай келе айтар болсам, «Еліннің ұлы болсаң, еліне жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа», - дейді елбасы бір сөзінде [2].

Ұлттың бүгіні мен келешегі – белсенді жастардың қолында дейтін болсақ, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ ғана ел болашағын қалыптастыра алады. Жастар салауатты өмір салтын ұстанып, мемлекеттің индустриялық-инновациялық дамуына үлесін қосса, қоғамға пайдасын тигізіп, сапалы, терең білім алуды басты міндетіне айналдырса, онда келешегіміз кемел болары сөзсіз. Өз күш-жігерлері мен алған білімдерін еліміздің өркендеуіне жұмсайтын жастары бар зайырлы қоғам мақсатты межеге жетері анық. Бабалардың қалдырған асыл мұрасы егемендік, тәуелсіздікті сақтап, дамуына үлес қосып, келер ұрпаққа қалдыру біздің басты міндетіміз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы
2. Әлеуметтік желі: https://www.zakon.kz

Құсайынов Ә.С., 105 оқу тобының курсанты,
Әлімбай М.Б., 101 оқу тобының курсанты
Ғылыми жетекшісі - г.ғ.м., оқытушы, полиция аға лейтенанты Ә.Б. Жағыпар

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КУРСАНТТАРҒА МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ АЯСЫНДА «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТАРИХЫН» ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Қазақстан Республикасында қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе бақытымыз баянды, 28 жыл толып отырған тәуелсіздік ғұмырлы болуына орай, тарихтан тағылым алған, ұлттық руханият қайнарынан қанып ішкен жас буын-жас ұрпақты тәрбиелеу мәңгілігіміздің мәңгілік мәселесі болып табылады. Бұл ретте тарих тағылымын санада жаңғырта отырып ұрпақтар сабақтастығын қалпына келтіру үрдісі өзекті сипатқа ие. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан-2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі», – деп бүкіл Қазақстан тарихы бірігу тарих екенін атап өткен болатын [1]. Сондықтанда, тарих бүкіл адамзаттың жүріп өткен жолын, жинаған тәжірбиесін, елдердің өмірін баяндайтындықтан, болашағымызды ойласақ «Мәңгілік ел» идеясын насихаттауда тарихты оқып үйретуіміз керек.

«Мәңгілік ел» идеясы негізгі үш тағаннан: «бірінші – Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк) саяси акт – «манифесті» әзірлеп, тарих сахнасына шығаруы екіншісі – әл-Фарабидің философиялық шығармасында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі, үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастаныда құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының, яғни Ата заң іргетасының қалануы», – тұрады [2]. Идея мемлекеттік сипат алу үшін елде өмір сүріп отырған халықтың мақсат-мүдесімен сай келуі және ел тарихы тамырынан нәр алған болуы керек. «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» күн тәртібімен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сесиясында қабылданған Мәңгілік Ел – Патриоттық актісінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Мәңгілік Ел, бұл – Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортағы. Біз ортақ тарихи мұрамызды мұқият сақтайтын боламыз», – деген болатын [3]. Сондықтанда, ежелгі дәуірдегі Тұмар ханшайым, Шырақ батыр, атақты Атилладан бастау алатын азаттық жолы әр ғасырда өзінше түрленіп отырып, әлемді ат тұяғымен дүбірлеткен түркі жұрты тәуелсіздік үшін күресінде тарих қойнауынан нәр алған «Мәңгілік ел» идеясын ту етіп көтерді.

«Мәңгілік ел» идеясының теориялық-философиялық тұрғыдан негіздеген Әбу-Насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей – өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын», – деп нақты айтып кеткен [4]. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы бері ел азаматтырының тарихи сана мен білімін көтеруге ерекеше көңіл бөлуде. Қазақстан тарихын оқыту турасында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихы жолын ой елегінен өткізіп, кеше кім едім? Бүгін кімбіз? Ертең кім боламыз?» деген төңіректе ойлансын деген сөз. Бұл – әрбір азамат тарих қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын деген сөз», – деп нақты қадап айтқан[5]. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдарында тарих пәнін оқытуды жақсартуға бағытталған маңызды іс-шаралар Қазақстан тарихының мазмұнын байытатын тың деректермен толықты, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бағытында жұмыстар атқарылды, ең бастысы Мемлекеттік білім стандарты жасалды. Дегенмен, әліде үлкен міндеттер тұр біріншіден, ұлт тарихын зерттеу методологиясын жетілдіру қажет, екіншіден, Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу кезеңдерін айқындау, үшіншіден, ұлттық тарихты оқыту.

Қазақстан Республикасының үздік білім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасында басым бағыттардың бірі болып патриоттық тәрбиенің бекітілуі де бекер емес. Шынында да, ұлтқа деген сүйіспеншілігі жоқ адамнан адамгершілікті де, сұлулықты да, мәдениетті күтуге болмайды. Ендеше, патриоттық тәрбие – тәрбиенің басты бағыттарының бастауы десек, қателеспейміз. Қазақстан тарихы «Мәңгілік ел» идеясын, ұлт болашағын, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ерекше үлес қосатын пән. Қазақстан тарихы курсанттардың

дүниеге көзқарасын қалыптастыруға, адамгершіліккке, отаншылдыққа, қаһармандыққа, ұлтжандылыққа, барлық халықтарды құрметтеуге, олармен достық қатынас орнатуға, еңбексүйгіштікке, діннің тарихтағы рөлін дұрыс түсінуге тәрбиелеуге, оларға эстетикалық, экологиялық, экономикалық тәрбие береді. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деп Әл-Фараби айтпақшы, курсанттарға сабақ үстінде тәрбие берудің ерекше әдіс-тәсілдері жоқ, тарихты оқыту әдіс-тәсілдері пайдаланылады, бірақ-та сол әдістерді қолдану тәсілдерінде және олардың әсерлілігінде, эмоциялығында. Оларды талдап атап өтетін болсақ:

- ұлт қайраткерлерінің (хандардың, билердің, шешендердің, байлардың, Алаш зиялыларының, ғалымдардың, ақындардың, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің) портеттерін іліп қойып, қайраткерлік істері мен адамгершілік қасиеттерін талдау;
- оқытушының тебірене айтқан әңгімесі;
- тарихи романдардан оқыған бір-екі минуттық әсерлі үзінді;
- технологияны қолдану барысында кино-фильмдер фрагменттері;
- тарихи құндылығы бар зәулім ғимараттарға берген әсерлі сипаттама;
- терминологиялық сөздікпен жұмыс жасау;
- қосымша мәліметтер БАҚ-та жарияланған материалдарды талдап, курсанттардың өздеріне қорытынды жасатуды және т.б.

Осы айтылғандарды оқытушы тиімді қолданған жағдайда курсанттың ішкі-жан дүниесіне жеткізе білсе, сана-сезіміне әсер етеді. Сондықтанда, ведомстволық жоғары оқу орындарында оқушы курсанттарға Қазақстан тарихы пәнін «Мәңгілік ел» идеясы аясында оқыта отырып, қазақстандық патриотизмде тәрбиелеуіміз керек. Адамдарды уақытша алдауға болатын шығар, ал тарихты алдап кету мүмкін емес. Ғылымда тарихпен тәрбиелеу деген қағида бар. Тәрбиелеумен қоса тарих таразылай да, жазалай да біледі. Тарихтан тағылым алып, тәрбиелік мәнде түсініп, оны түсіндіре білу – ұлтын сүйетін, елін қадірлейтін, тарихын баяндап саралай білетін ұрпақ қана тәуелсіздік тұғырын биіктетуге қабілетті болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». 14.12.12. http://www.akorda.kz

2. Сыздықов С.М. Қарқаралы – «Мәңгілік елдің» мәңгі қаласы // Қарқаралы қаласының 190 жылдығына арналған «Қарқаралы қаласы: тарихы мен бүгіні» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Қарағанды, Тенгри баспасы, 2015. – 166 б.

3. Мәңгілік Ел – Патриоттық акт http://www.egemen.kz/2016/04/27/36900

4. Қазақстан тарихы әдістемелік журнал №1, 2003.

5. Қойгелдиев М. Тарих және қоғам // Егемен Қазақстан 9-ақпан, 2005 жыл.

Макатова А.Е., студентка 1 курса
Научный руководитель – к.п.н., доцент Кенжебаева С.К.
Карагандинский экономический университет, г. Караганда, Республика Казахстан

О РАЗРАБОТКЕ КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ С МОЛОДЕЖЬЮ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

Целью государственной молодежной политики в Республике Казахстан является «создание условий для полноценного духовного, культурного, образовательного, профессионального и физического развития молодежи, участия в процессе принятия

решений, успешной социализации и направления ее потенциала на дальнейшее развитие страны» [1].

Безусловно, молодежь, являющаяся многочисленной (каждый второй житель Казахстана до 30 лет) и динамичной частью казахстанского общества, призвана сыграть важнейшую роль в достижении стратегической цели государства – войти в 30-ку наиболее развитых стран мира.

Социальная политика в настоящее время обновляется в значительной мере, особенно в части, касающейся молодежи. Однако, существует комплекс проблем молодежи, связанный с ее занятостью, здоровым образом жизни, активностью и инициативой, качественным образованием. Пожалуй, самой болезненной проблемой остается правонарушения и преступность среди молодежи. Закономерно, что к числу основных направлений государственной молодежной политики отнесено - повышение уровня правовой культуры.

Социальная работа в государственных учреждениях и неправительственных организациях приобретает свой профессиональный статус, как часть системы социальной защиты населения и необходимого условия социальной самореализации молодежи.

Социальные работники, осуществляя свою деятельность, значительный акцент ставят на формировании правовой грамотности молодежи, профилактических мерах по предупреждению преступности, а также ресоциализации молодых осужденных.

Среди социальных технологий в работе по ресоциализации эффективным считаем технологию использования творческой деятельности и искусства в коррекции ценностных ориентаций молодых осужденных, лишенных свободы. Творчество является средством формирования ценностных ориентиров, личностной самореализации и повышения самооценки осужденного; произведения искусства помогают молодому человеку понять смысловую сферу своего поведения и своих поступков, справляться с отрицательными эмоциональными состояниями.

Интеграция в социальную среду молодых людей, находящихся в местах лишения свободы, средствами искусства является одним из наиболее простых и эффективных методов. Для таких молодых людей творчество является не только интересным и увлекательным занятием, но и возможностью заявить о себе, они получают прекрасный шанс выразить свой внутренний мир на языке творчества, реализовать способности и продемонстрировать талант. Такие мероприятия, безусловно, привлекают внимание широкой общественности, морально поддерживают молодых людей с девиантным поведением, помогают им обрести уверенность в себе, преодолеть барьер отчуждения и стать полноценными членами общества.

Искусством стимулируется самостоятельность, творчество и развитие рефлексивной позиции молодых осужденных на основе выделения ценностно-смысловых ориентиров.

Цель данной технологии - поддержка творческого потенциала молодых людей с девиантным поведением, содействие их социальной адаптации, формирование социально–активной личности.

Задачи:

1) привлечение к воспитательному процессу неправительственных общественных организаций;

2) выявление талантливых молодых людей, находящихся в местах лишения свободы;

3) содействие развитию художественно-прикладного творчества среди осужденных молодых людей;

4) организация культурных мероприятий в воспитательных колониях;

5) помощь в адаптации молодых людей, находящихся в заключении;

6) привлечение внимания органов законодательной и исполнительной власти, СМИ и общественности к проблемам девиантного поведения молодых людей, их социальной адаптации после выхода из учреждения;

7) предоставление молодым людям возможности стать полноправными членами общества и приносить ему пользу.

Проведение творческих конкурсов в пенитенциарных учреждениях положительно влияет на культурное и духовное развитие личности, раскрывает творческие способности заключенных при положительной социализации в обществе.

Полагаем, что дальнейшая работа должна включать следующие направления деятельности:

1. Разработка и последовательная реализация программ перевоспитания молодых людей с девиантным поведением посредством организации культурного досуга данной молодежи, развития их творческого потенциала, оказания профессиональной помощи в творческом самовыражении, стимулирования к раскрытию творческого потенциала молодежи; пропаганды позитивного взгляда на мир.

2. Определение системы социальных, социально-психологических и духовно-педагогических мер по профилактике и предупреждению девиантного поведения среди молодых людей.

3. Использование технологий социальной работы для привлечения девиантных подростков к успешной адаптации в социуме.

3. Организация взаимодействия и сотрудничества государственных органов, ДУИС для комплексной и систематической работы по профилактике девиантного поведения подростков.

Список использованной литературы:

1. Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года № 285-V «О государственной молодежной политике»

Макишова Т., ученица 7 класса
Научный руководитель : Кадирбаева А.А., учитель русского языка и литературы
КГУ «Школа-Гимназия № 102», г. Караганда, Республика Казахстан

МОЛОДЁЖЬ - ЭТО БУДУЩЕЕ КАЗАХСТАНА

Тема здорового образа жизни в современном мире актуальна как никогда. Гимнастика, физические упражнения, ходьба должны прочно войти в повседневный быт каждого, кто хочет сохранить работоспособность, здоровье, полноценную и радостную жизнь. В послании Президента Республики Казахстан народу «Казахстан -2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев» одним из семи долгосрочных приоритетов определен «Здоровье, образование и благополучие граждан Казахстана».

В своем Послании Президент страны акцентировал внимание на наиболее актуальных проблемах здравоохранения и участия в их преодолении всего общества: предотвращение заболеваний и стимулирование здорового образа жизни, борьба с наркоманией, сокращение потребления алкоголя и табака.

Формирование здорового образа жизни — сложный системный процесс, охватывающий множество компонентов образа жизни современного общества и включающий основные сферы и направления жизнедеятельности людей.

Молодежь – это будущее страны! И это не банальный лозунг. Мы должны будем обеспечить не только благополучие наших детей, но и родителей, мы станем ответственными за три поколения людей! И чтобы достойно справиться с возложенной на нас задачей, необходимо уже сейчас приступать к участию в политической жизни страны.

Молодость – это время, когда хочется, чтобы все проблемы решались быстро, препятствия преодолевались легко, а мечты сбывались. Этот период надо использовать в полную силу. Молодые люди должны понимать, что их идеи, возможно где-то рискованные,

где-то фантастические, но однозначно передовые помогут взрослым коллегам достигнуть улучшений в стране.

Нынешняя молодежь способна сама модернизировать свои силы и направить их в то русло, которое им ближе по духу.

В истории всех времен и народов молодежь всегда играла ключевую роль. И это не случайно, потому что молодым присущи активные качества - жажда справедливости, отвага, честь. А если кто-то склонен в молодости усмотреть одни лишь недостатки, тому мы ответим словами американского поэта Лоуэлла: «Возможно, молодость – порок, но только чересчур быстро излечиваемый возрастом». Так что, пока от этого «порока» мы не излечились, не будем зря терять времени! Я верю, что наша молодежь – кладезь талантов, мастерства и умений, нужно не растерять тот потенциал, который заложен в нас, и суметь направить его в нужное русло, чтобы, несмотря на все трудности и препятствия, суметь поднять Казахстан на должный уровень!

Самый умный, самый талантливый на свете человек, кто он? Конечно же, ты сам! И хотя порой кажется, что другие умнее и одарённее, внутренний голос никогда не должен замолкать: ты – самый лучший, ты всё можешь, тебе любые задачи по плечу. Как прекрасна молодость! Она – не только незабываемый период в жизни каждого человека! Это время надежд, открытий, неуемной энергии, честолюбивых планов и их реализации. Энергия молодых, нестандартные решения многих вопросов, яркие идеи, умение добиваться поставленных целей всегда востребованы нашим обществом.

А задача старшего поколения – помочь молодым определить своё достойное место в этом сложном мире, максимально реализовать себя, ведь в их руках будущее родного города, региона, страны – и всем хочется, чтобы эти руки были крепкими и здоровыми!

Список использованной литературы:

1. Назарбаев Н.А. Послание Президента Казахстана: Новое десятилетие - новый экономический подъем - новые возможности Казахстана // Казахстанская правда. - 2010. - 30 января.

2. Назарбаев Н.А Актовая лекция Президента РК. Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее. - Алматы: Казак, университеті, 2009. - С. 20.

Мақан Т.Е., 2 курс, У-23
Ғылыми жетекшісі – оқытушы, Жараспаева З.Ю.,
Ж.К. Бөкенов атындағы Қарағанды банк колледжі, Қарағанды қ.,
Қазақстан Республикасы

ЖАСТАРЫ БЕЛСЕНДІ ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ ЖАРҚЫН

«Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек».
Н.Ә.Назарбаев

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап жастар мәселесі еліміздің ең басты назарында болды. Жастар – XXI ғасырда Қазақстанның тұрақты дамуының кепілі. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға ілгерілетіп қана қоймай, елдің экономикасы мен ғылымын да дамытуға міндетті. Жастары белсенді елдің ертеңі жарқын. Сондықтан олар қазіргі қоғамдағы барлық салаға атсалысып, тәуелсіздіктің тұғырлы болуы жолында аянбай еңбек етуі қажет.Жастардың өзекті мәселелерін шешу мақсатында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың

тапсырмасы бойынша Астана қаласында 2019 жыл «Жастар жылы» болып жарияланды. Жастар жылы және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мемлекет басшысының бағдарламалық мақаласы аясында «Алматы қаласы жастарын қолдаудың жол картасы – 2020» жоспарлы бағдарламасы дайындалып, тұсауы кесілген еді. Ең әуелі, бұл жол қартасы негізгі бес бағыт бойынша жұмыс істеуді көздейді. Атап айтқанда, сапалы білім беру, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету, жастардың бос уақытын тиімді өткізу, мәдени демалысты ұйымдастыру, жас отбасыларға қолдау көрсетіп, оларды баспанамен қамтамасыз ету [5].



1 сурет. Жол картасы – 2020

Президент жастардың бүгіні мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні деп санайды. Ол жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында жастар саясатын жетілдіру бойынша іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі, өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Жастарды жұмыспен қамту мәселесі елімізде басты назардағы мәселе екені белгілі. Осы проблеманы жою үшін елімізде «Дипломмен ауылға», «Бизнестің жол картасы», «Жұмыспен қамту-2020», «Әрбір отбасына «7-20-25» бағдарламасы аясында баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру», «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту», т.б. бағдарламалар қолға алынып, еліміздің түкпір-түкпірінде жүзеге асырылып жатыр. Жастарымыз білім алғаннан кейін, өз мамандықтары бойынша жұмыс істегісі келеді [8].

Қаламызда жұмыс таппай жүрген жас мамандар қатары аз емес. Десек те, «Жастардың жол картасы – 2020» бағдарламасында жас мамандарды жұмыспен қамтуға септігін тигізетін бірқатар бағыттар қарастырылған. Өткен жылы жастар практикасына қатысушылар саны 2,5 есе ұлғайтылып, 1200 қатысушыны құрады. Одан бөлек 3 мыңнан астам жұмыссыз халық Жұмыспен қамту орталығы арқылы IT-технологияларды қолдана отырып, заманауи мамандықтарды игерді. 2018 жылдың жартыжылдық көрсеткіші бойынша жастар арасынан 10 мың адам Жұмыспен қамту орталықтарына өтініш білдірген болса, оның 6,5 мыңға жуығы жұмысқа орналасуға жолдама алды.Сонымен қатар, Медеу, Наурызбай, Жетісу және Түрксіб аудандарында «Мобильді жұмыспен қамту» орталығымен қаладағы бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеде тұрғындарға қаладағы бос жұмыс орындары туралы ақпараттық парақшалар таратылып, жұмыс іздеушілердің мамандығы мен жұмыс өтілімі туралы түйіндемелері әлеуетті жұмыс беруші компанияларға ұсынылды. Іс-шара 6000 адамды қамтыды.

Жаз мезгілінде жастарды, сондай-ақ, жұмыссыз және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар қатарынан шыққан жастар мен жетім балаларды жұмыспен қамту мақсатында мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде «Жасыл ел» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Осы жылы аталған бағдарлама бойынша 975 адам уақытша жұмыспен қамтылды [1].

Бүгінде көпшілік жастардың алдында тұрған негізгі мәселе – тұрақты жеке баспананың жоқтығы. Әлеуметтік сауалнаманың нәтижесі бойынша 35 жасқа дейінгі жастардың 31 пайызы жалдамалы пәтер жалдап тұруға мәжбүр. Осыған орай қала әкімдігі «Жол картасы» шеңберінде жастардың баспана мәселесін шешуге бар күшін салуда. 2017 жылы пилоттық негізде «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкімен» бірлескен «Алматы жастары» бағдарламасы әзірленіп, іске қосылды. Негізгі екпінді жастардың тиімді әрі қолжетімді механизмдер арқылы баспаналы болуын мақсат еттік. Бағдарлама аясында 35 жасқа дейінгі кез-келген санаттағы қала жастарына жеңілдікті несиемен, алдын ала төлемақысыз пәтер алуға мүмкіндік жасалды. Халықтың әлеуметтік осал бөлігіне – көпбалалы отбасы, 1-ші және 2-ші топтағы мүгедектер, толық емес отбасы және жетімдерге біраз жеңілдік шаралары қарастырылған. Басқа мемлекеттік бағдарламалардан ерекшелігі – тек жастар категориясына негізделген. Бұл – бір. Екіншіден, жастар әлеуметтік жағынан әралуан келеді. Яғни, мемлекеттік қызметшілер, әскери қызметкерлер, меншік нысанына қарамастан білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлері қатыса алады. Үшінші, несие тек бастапқы тұрғын үйді сатып алуға мүмкіндік береді, оны бағдарлама қатысушысы өз бетінше таңдайды. Жас отбасыдағы балалар саны, отау құрған жылдар саны, жұмыс өтілімі мен өзінің қаласында тұрақты тіркелген жылдар санының жоғары болуы –жастардың баспаналы болуының жалғыз кепілдігі [4].

Бұдан өзге Елбасымыздың бес әлеуметтік бастамасын жүзеге асыруда «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» мәселесіне қатысты бірнеше студенттік үй салу жоспарлануда.

Еліміздегі тағы бір өзекті мәселі ол жастардың бос уақытың қалай өткізуі. Қазіргі таңда елімізде, қаламызда жастардың бос уақытың өткізуге қолайлы жағдайлар жасалған.

Жастарымыздың бүгінгі таңдағы өміріне қатысты ең өзекті мәселе-бұл олардың бос уақыттарын дұрыс пайдалана білуі болып отыр.

Бос уақытты өткізуге байланысты салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу-тұлғаны қалыптастырудың басты қағидалық принциптерінің бірі. Бос уақыттың қаншалықты қызықты өтуі өнер үйренуге, шығармашылық мазмұндағы ізденіске, дене тәрбиесін жетілдіруге бағытталса, сонымен бірге рухани баюға да мұрындық болады. Жастардың бос уақытының сипаты оның оқуы мен өндірістік қызметіндегі мүдделеріне байланыста болуы керек. Рас, қазіргі уақытта көптеген жас адамдар бос уақыттарының жетіспейтіндігін тілге тиек етеді.Бұл жағдай адамның көп уақытын жұмыспен айналысу, оқумен айналысумен түсіндіреді. Жастар арасында бос уақытты дұрыс пайдалануды ұйымдастыру күрделі процесс [6].

Бүгінгі жастарымыз өз халқының ұлттық мәдениетімен, асыл мұраларымен тек әдебиеттер арқылы танысып жүргендігі ашы да болса шындық. Бос уақытты тиімді өткізетін адам, алдына қойған мақсат-мұратына ең алдымен өзін өзі жетілдіру арқылы жетеді. Білімді, білікті, қоршаған ортаға немқұрайлы қарамайтын адам, өзінің бос уақытын арнайы мәдени орындарда, театр, кино, саябақтарда өткізеді.

Жастар кез келген мемлекеттің кешенді дамуы үшін стратегиялық ресурс болып табылады. Жастар мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысушылардың бірі және қоғамның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мәліметтер бойынша жастар ұйымдарының саны екі есеге дейін өскен және қазір бұл көрсеткіш 743 –ті құрайды, оның ішінде ұйымдардың басым көпшілігін құқықтық мәдениетті қалыптастыру, жастардың құқықтары, бостандықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері бойынша оларға ақпараттық-кеңес берушілік, әлеуметтік көмек

көрсету бойынша қызмет ететін бірлестіктер құрайды. Барлық қоғамдық бірлестіктердің жұмыс атқару формалары мәдени-көпшілік және патриоттық акциялар, қайырымдылық іс-шаралары, концерттер, пікір-сайыстар, интеллектуалдық ойындар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, «дөңгелек үстелдер» және басқалары болып табылады. Табысты жастар ұйымдарының қатарына «Жас Отан» ЖҚ (40,6%) және «Жасыл ел» (27,8%) енген. Бұл бірінші кезекте аталған ұйымдардың қаржылану көлемімен, олардың жұмысының форматымен және қызметтерінің БАҚ-та кеңінен насихаттаумен байланысты [3].

Сонымен қатар, жас азаматтардың, жас ерекшеліктеріне қарай Отанында болып жатқан маңызды халықаралық оқиғаларды дұрыс сезінуі қуантады. Бұдан әрі жастардың еліміздің қоғамдық-саяси өміріне қатысуын бағалау жүргізетін болсақ, негізінен жастар еліміздің қоғамдық-саяси өміріне жастар ұйымдарының қызметіне қатысу арқылы араласады [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қанатты сөздер/ http://www.massagan.kz/
2. Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы /http://www.mtdi.kz/
3. Мырзахан А. Ел болудың жолы – ұлттық тәрбие //Ана тілі, 20 қазан, 2011.
4. Ұлттық тәрбие – ұлттың болашағы /http://kultobe.kz/
5. http://g.engime.org/74-azirgi-jastardi-bos-uaitin-tiimdi-jimdastirudi-joldari-seri.html
6. http://almaty-akshamy.kz/zhastary-belsendi-eldi-erte-i-zhar-y-n/
7. http://testent.ru/publ/studenty/kazak_tili_sabagi/zhastar_zh_ne_o_amdy_jymdar/3-1-0-2989
8. https://e-history.kz/kz/publications/view/2019_zhil__zhastar_zhili__4808

Маулитова Б.Е., 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Биева Г.К., оқытушы
ЖМ «Қазақмыс Корпорациясының Политехникалық колледжі», Балқаш қ., Қазақстан Республикасы

МӘҢГІЛІК ЕЛ – ЖАСТАРДЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛЫ

Мен Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында, «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария етті. Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті... Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенімде «Мәңгілік ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр» деп «Мәңгілік ел» идеясының маңыздылығын айрықша атап өтіп кеткен еді. Осы жолдауы арқылы қазақ халқын бір мақсатқа, бір мүддеге, бір болашаққа үндеген Елбасы ел тізгінін ұстаған азаматтарға ғана емес, өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруді мақсат тұтқан біз секілді педагог тәрбиешілерге де үлкен жауапкершілік жүктеді.

Жәнеде бір айта кететінім Елбасымыз отандастарына айта кеткен болатын:

- Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз!

Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы.

Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды.

Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі.

- Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы.

- Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

- Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият.

- Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.

- Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

- Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

- Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік.Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр.Президент Әкімшілігіне, Үкіметке, Қазақстан халқы Ассамблеясына «Қазақстан-2050» жалпыұлттық қозғалысымен бірлесіп, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін әзірлеп, қабылдауды ұйымдастыруды тапсырамын.

Біз өз халқымыздың игілігі жолында ұлы мақсаттарды алға қоямыз, сондықтан мен барлық саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді, барша қазақстандықтарды 2050 Стратегиясының басты мақсатына жету жөніндегі жұмысқа белсене қатысуға шақырамын!

Әсіресе, жастарымызға мынаны айтамын. Бұл Стратегия сіздерге арналған.Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа әрқайсысыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайлылық танытпаңыздар. Елдің болашағын барша халықпен бірге жасаңыздар!

Яғни қорытындылай келе «Мәңгілік Ел» – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Тағыда Елбасымыздың айтқанын түйіндей келе ,ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Ол кісі армандарды ақиқатқа айналдырып, Мәңгілік елдің ірге тасын бірге қаладық.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді.

Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық.

Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!

Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын.

Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама.

Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.

Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

«Қазақстан-2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, қадірлі халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!

Қазақстанды жарқын болашаққа жетелейтін жастарымыз бабаларымыз аңсап өткен тәуелсіздіктің туын жықпай, желбірете білуі тиіс. Өйткені, бабаларымыздың ұлан байтақ жерін қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап-қадірлегенін білеміз. Жастар сондай текті ұрпақтың ұрпағы екендіктерін сезініп, осы «тәуелсіздік», «мәңгілік ел» ұғымдарын саналарына сіңіріп, қастерлеуге міндетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. http://www.niac.gov.kz/kz/nauchnaya-deyatelnost/sotru..
3. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. — Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі,2010.
4. Күлтегін Тонykөк:Ежелгі түрік рун жазбалары.

Мұқашев Е.Ж., 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі - Өндірістік оқыту шебері Иманбеков А.С.
Теміртау техникалық колледжі, Теміртау қ., Қазақстан Республикасы

МӘҢГІЛІК ЕЛ: ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ

Әрбір адам үшін ең асыл қазына- отанын, туған елін сүю. Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім — тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы - тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы — батыр халық».

Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі біздерге қашан да болса өнеге болмақ. Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай еңбек етуі қажет. Отаншылдық сезім ертеден қалыптасқан, ескірмейтін, мәңгілік, қасиетті ұғымды Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы бар күш – қуатын, ерік-жігерін Отан игілігі мен мүддесіне аямай жұмсау, туған жерін, қасиетті ана тілін, елдің әдет - ғұрпы мен салт - дәстүрін құрметтеу деп түсінемін. Әрбір адам бала кезінен,

« Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын» деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсуі тиіс емеспе? «Қазақстан - біздің ортақ үйіміз, біздің өзіміз де, біздің бабаларымыз да осы жерді мекен етеді. Егер біз өзіміздің өмірімізді, туған жеріміздің қадірін білер болсақ, оны жасампаздықпен жаңғыртып, бой көрсеткен әрбір талшыбықты мәпелеп өсіріп отырмасақ , онда біз өзімізді нағыз патриот деп санай алмас едік.

Ұстаздарымыз айтқандай адамгершілікті, тәрбиелі адам – кез келген мемлекеттің байлығы, әлеуметтік өмірдегі бейбітшілік пен мәдениеттіліктің кепілі. Олай болса ең алдымен тілімізді, дінімізді, салт - дәстүрімізді білсек, тіл - қазақ болуымыз үшін, дін - адам болуымыз үшін, салт - дәстүр - ұлт болуымыз үшін қажет.

Елбасы Н.Назарбаев атамыз біз өмір сүріп отырған мекенге қаншама жақсы жағдайлар жасауда. Біздердің сауатты болып өсуімізге, сапалы білім алып елді өркендету, қызмет ету үшін бағыт беруде.

Елімізде көптеген ұлт өкілдері тұрады. Олар өзара тату-тәтті өмір сүруде. Еліміздегі ынтымақ, бірлік, достықты мақтан етуге тұрарлық. Ынтымақ бар жерде бақыт бар. Біз бақыттымыз. Қазақстан Республикасы – өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі болса Қазақстанды – Отаным деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс деп ойлаймын. Туымызды, Елтаңбамызды, Әнұранымызды тұмардай қасиет тұтсақ деймін. Нұрсұлтан атамыздың рәміздер жайлы айтқан ойтолғамын оқығанымда қатты толқыдым. «Тудың түсін дәл табу оңай болған жоқ, Зеңгір көк түстің мағынасы өте терең.Мұнда біздің ашық аспанды, яғни бейбіт күнді айшықтайтын кіршіксіз көңіліміз бар, мұнда көкті тәңір тұтқан ата-бабаларымыздың арман-аңсары бар, мұнда біздің халқымыздың біртектілігін, мемлекетіміздің бөлінбейтінін білдіретін ұлы тұтастық идеясы бар.

Мына алтын күн алаулаған зеңгір аспанның аясында баяу қалықтаған дала бүркіті-қазақтың қыран көңілін, дарқан да ақ, бітімшіл бейбіт көңілін шырқау биікке алып шыққандай. Мазмұнына өрнегі жарасқан тәуелсіздіктің қасиетті Туы мәңгі желбіресін, күніміз мәңгі сөнбесін! Қазақ өмірінің ұлы белгісі - шаңырақтан тараған таң шапағындай уықтар аясындағы ай мүйізді, алтын қанатты ғажайып пырақтар халқымыздың болашаққа ұмтылған асқақ арманның бейнесіндей болып көрінеді. Қос пырақтың ортақ шаңырақты қанатымен қорғап тұрғаны да көп ой салады. Елтаңбада ұлы идея - Еркіндік идеясы біздің есімізге қазақтың: «Отан үшін күрес - ерге тиген үлес» деген қанатты сөзін еске салып тұратын болсын»,-деген.

«Біздер Қазақстандықтар — бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Осындай елде туылып, өмір сүргенімді мақтан етемін. Отан алдындағы парызым-ұлы жауапкершілікпен білім алып, елдің өркендеуіне өз үлесімді қоссам деймін. Қазақ хандығының 550 жылдығы - ұлтымыздың рухы мен мемлекетіміздің мерейі үшін ерекше оқиға. Сыр бойы-қазақ даласында дәуірлеген мемлекеттер ту тігіп, астанасын салған қасиетті жер. Мұнда Сақ мемлекетінің ордасы, әрі көне қала мәдениетінің орталығы – Шірік - Рабат шахары, Оғыз мемлекетінің астанасына айналған Жанкент, Қыпшақ және Қазақ елінің астанасы болған Сығанақ қаласы салынған. ХХ ғасырдың басында, Қазақ елінің алғашқы астанасы болған бүгінгі Қызылорда қаласының киелі Сунақата ауылында тұрамын. Сыр бойы - бүкіл түркі халықтарына ортақ абыз, бүгінгі Мәңгілік ел идеясының бір тамыры өзінен бастау алатын, ойшыл, мәңгілік өмірдің кілтін руханияттан тапқан сазгер, ыспалы музыкалық аспаптардың атасы Қорқыт бабамыз өмір сүрген, мәңгілік мекен еткен киелі топырақта дүниеге келгеніме шүкір деймін.

15 ғасырдың 70 - жылдарында Қазақ хандығы Сырдария бойымен жүріп отырып, Қаратаудың бөктерін иеленді. Хандықтын жері кеңейіп, оған түкпір-түкпірден туыс рулар келіп қосылып жатты.Қазақ хандығының құрамына алғаш қосылғандардың қатарында Сырдың жағасындағы Созақ пен Сауран қалалары бар еді. Қасым хан жас мемлекеттердің астанасы етіп, Сығанақ қаласын таңдаған. Соның нәтижесінде тоғыз жолдың торабында орналасқан Сыр елінің қалалары көркейе түсті. Ал Тәуке ханның тұсында Сыр бойындағы қалалардың саны 32 - ге жетті. Жоңғар шапқыншылығынаң зардабын тартқан халық тұс-тұстан ауып келіп, алты Алаштың табан тірері - Сыр бойын паналаған. Сондықтан да, сыр өңірі қазақ хандығының рухани-мәдени орталығы ретінде ұлтқа пана болған, Ұлы даланың киелі мекені ретінде танылады. Елбасының Сырды Алаштың анасына балайтыны да сол себептен болар. Тарихи тағдырымызға жүздеген жылдық күрделі кезеңдері үшін, бізге дейінгі және келешекке ең асыл мұра болып қалған Ұлы Отанымыз - Тәуелсіз Қазақстан үшін рахмет деймін.

Ендігі міндет - бабалар аманатына адал болып, Ұлы Дала елінде тәуелсіздікті мәңгі ету. Келешекте елімді көркейтуге тер төгемін, адал қызмет етемін. Ә.Асылбеков ағамыздың сөзіне жазылған «Қазақ елі осындай» әнін үлкен сахналарда шырқап, Мен - мәңгілік елдің перзентімін, Менің елім - Қазақстан деп мақтана бергім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түрік рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли..) – Алматы, « Өлке баспасы, 2001.
2. Зиябек Қабылдинов. Астана ақшамы, Тегі асыл ел тарихын түгендейді, 10.02.2014 ж.
3. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқыныда.- Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010 ж.
4. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. – Астана: Сарыарқа, 2012 ж.

Мұратова Айжан, П-22к
Ғылыми жетекшісі – Бейсембаева И.А., құқықтық пәндер оқытушысы
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

экономика бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ- ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған.Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті.Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Екіншіден, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бүгінгі білім саласындағы өзгерістер, бірнеше ойдан таралған аса бай мұраларды қолға алу арқылы білім алушылардың ел мүддесі үшін жұмыс жасауына септігін тигізіп отыр [1]. Халқымыздың тілін, тарихын, ұлттық дәстүрін, ата салтын ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге ат салысу жалпы ұлтымыздың міндеті. Халқымыздың асыл қазынасын тиімді пайдалану, оның салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауға үйретуі сөзсіз.

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазірде солай. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 20 жылдық тарихына табан тіреген Қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу. Сондықтан да болар, мемлекет тарапынан отансүйгіштікті дамыту, сапалы білімге жол бастау бағытында келелі шаралар атқарылып, көлемді бағдарламалар жасалып жатқаны қаншалық деген сұрақ ойға оралады.

Соңғы 20 жыл ішіндегі өзгерістер, шыққан биік, қайта оралған құндылықтар, өлмес-өшпес мұра, тапқан табыстарды тілге тиек етсек, әр қазақстандықтың жүрегіне қуаныш пен мақтаныш келер күнге деген сенім ұялатады. Осындай жетістікке жетуіміз – халқымызды жасампаздыққа жұмылдырып, еліміздің тарихтағы жаңа орнын айқындаған елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі. Бұл жетістіктер – бүкіл қазақстандықтардың мақтанышы. Бір сөзбен айтқанда, бүкіл қазақстандықтар өз елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адамгершілікке толы тарихын, өнерін жете ұғынбай, отаншылдық сезімді қалыптастыру мүмкін емес [2].

Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа апат әкелуі мүмкін. Оның мысалы тарихта аз емес. Тек сол арқылы ғана халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай рухани мұрасымен жастардың бойына адамгершілік ізгі қасиеттерді қалыптастырып, сіңіртіп, өзінің Отанына адал азамат етіп тәрбиелеу ата-ана мен ұстаздар қауымына жүктеледі

Оқу мен тәрбиелеудің үлкен ортасы – мектеп екені белгілі. Ондағы жоспарлы тақырыптық сабақтармен қатар, сынып сағаттары, тәрбие сағаттары, пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар оқу мен тәрбиенің ең негізгі, ықпалдастығы болып отыр. Бүгінгі таңда, ұрпағымыздың азамат болып қалыптасуы барысында біз олардың жаһанданудың теріс ықпалдарына қарсы тұруын ескеруіміз қажет. Бұл жағдайда тәрбие жұмысының тиімділігі ата-ана мен мектептің өзара байланысынан көрінеді. Өскелең ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық тәрбиені, отаншылдықты, сапалы білімді дарыту – қазіргі кезде көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Ақиқатында, осынау мәселе еліміздің тұтастығын, оны ішкі және сыртқы күштерден сақтау міндетінің өзі жастарды отаншылдық, елжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеуді жүктейді. Өткенін білмеген халқының қадірін білмейді, халық нені бастан кешірді, бүгінге қол жеткені ненің

арқасы, халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, азап шекті, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, жерін қорғап, елін сақтады. Отансүйгіштік сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады. Ұлттық сезім – өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білу. Әрбір адам өз Отанына деген мақтаныш сезімі, өз ұлтын терең сүюі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеуге тиіс. Ұлттың сана-сезімімен ана тілін білу де, жері елінің тарихына зер салу, төл мәдениетін игеру де туындайды. Ана тілін білмейтін адам өзінің де, ел-жұртының да қадір-қасиетін жетік біліп, бағалай алмайды. Жалпы, патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасынан бастау алады. Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет [3].

Өскелең ұрпақ білім мен ұлттық тәрбие негіздерін өзінің ұлттық мектебінен алатыны сөзсіз. «Ұлттық мектеп дегеніміз – ұлттық рухта тәрбие беретін орын». Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзатттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып қала бермек.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ал мұндай мәселелерді зерттеп, көпшіліктің ой-пікірлерін қауым елге жеткізетін негізгі құрал – бұқаралық ақпарат құралдары екені даусыз.

Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттых рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. [4] Адамзат баласының алға қарай сатылай өркениет өріне жетуі әр адамның дұрыс ой түйіп, өнеге ге жол сілтеуі, рухани күшін нығайтуға, аға буын өкілдеріне ізет көрсету отансүйгіштік тәрбенің бастамасы болып табылады. Елбасымыздың кезекті жолдауында да болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі де басым бағыттардың бірі болып отырғаны тегін емес. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» дейді Әбу Насыр әл-Фараби өз қағидасында. Мұнда оқу мен тәрбие егіз. Оқу мен тәрбие ықпалдастығы сондай бірін-бірі толықтырып отырады.

Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып, ықпалдастыру мүмкін болмайды. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбек арқасында әлемдік деңгейдегі дарынды да тәрбиелі оқушы тұлға шығатынына сеніміміз мол. Әр ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу аға буынның қоғам алдындағы зор борышы. Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт дәстүрлердің тәлім - тәрбиелік білім танымдық ролі зор. Қазақ халқы — рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы сырнайының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары мақал-мәтел, шешендік сөз, айтыс өлеңдерінің сан

ғасыр бойы өз ұрпағын сегіз қырлы, бір сырлы, өнегелі де өнерлі адамгершілік ар-ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық [5].

Тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді қан мен жанына сіңіруде осы ата-бабамыздың салт-дәстүр негізін ұстансақ өте ұтымды болар еді. Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық өнегелі дәстүрді, адамгершілігі бар асыл қасиеттерді жастар бойына қалыптастыруда, оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз Сондықтан ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тарихы мен болашағы да мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Бала тәрбиесінің алтын бесігі–отбасы. Бұл шағын әлеуметтік топ-бала үшін өмір мектебі. Сондықтан ата-ана өзінің баласын еңбекқор, елінің қамқоршысы азаматы етіп тәрбиелеуге міндетті. Үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы балабақшадан басталып, белгілі-бір бағдарлама негізіне сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балаларға оқыту мен тәрбиелеу мәселесін жоспарлап, отбасына педагогикалық көмек беруді мақсат етті. Ата-ананың педагогикалық білімінің неғұрлым жоғары болуын олардың қоғам алдындағы өз балаларының тәлім-тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы —1995 жылы 30 тамыз
2. Жақыпов С.М, Бердібаева С.Қ, Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Таймас баспа үйі: Алматы 2015
3. Бабаев С.Б.,Оңалбек Ж.К Педагогика негіздері. Алматы Заң әдебиеті 2005 жыл-228б
4. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану «Егемен Қазақстан».
5. Қапалбеков Б. Ұлттан тілді алса. – Алматы, 2006. – 138 б
6. Мырзахан А. Ел болудың жолы – ұлттық тәрбие «Ана тілі», 20 қазан, 2011
7. ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» 2017.

Мусина К., ученица 8 класса

Научный руководитель – Жакупова Г.Б.

КГУ «Общеобразовательная школа-интернат № 4», г. Караганда, Республика Казахстан

МЫ БУДУЩЕЕ ПОКОЛЕНИЕ НАШЕЙ СТРАНЫ

Лидер нации, Н.А.Назарбаев официально объявил 2019 год – Годом молодежи. Он неустанно повторяет «Будущее государства - это наша молодежь», подчеркивая, что именно молодым предстоит строить новый Независимый Казахстан. Подрастающая молодежь, патриоты – это будущее страны! Да, это действительно так. И как сказал наш Лидер нации Н.А.Назарбаев «Только настоящему патриоту по плечу сделать наш Казахстан более сильной, благополучной и уважаемой в мире страной».

Казахстан – это общая Родина всех народов, проживающих на его территории, ставших единой нацией. Единство нации – основа процветания, стабильности, обновления и динамичного развития нашей страны.

Новая инициатива Лидера нации «Патриотический акт «Мәңгілік Ел», принятая на XXIV сессии Ассамблеи народа Казахстана, является уникальной программой идентичности единства казахстанцев. Патриотический акт и закрепленные в нем главные общенациональные ценности, созданные казахстанским народом, выступают важнейшим фактором единства нации.

«Казахстан – единая нация». Почему мы можем так утверждать? Потому что один народ, единая нация - это единые для всех национальные интересы. «Одна страна» - это наша единая для всех Родина. «Одна судьба» - это трудности и победы, которые мы прошли вместе! Это наша общая перспектива - благополучный и процветающий Казахстан! Всё это, вместе взятое, означает, что для успешной реализации стратегии необходимо единство общества. За двадцать семь лет Казахстан стал образцовой моделью национального успеха для новых независимых стран. Это результат трудолюбия и сплоченности всех казахстанцев! Это великая способность только сильных народов. Мы стали таким народом, единой нацией и должны оставаться на высоте! Казахстан – это единая нация, единый народ, единое будущее. Впереди у нас большие планы. Их реализация будет проходить в непростых условиях глобальных трансформаций. К этому надо быть готовым уже сегодня и всеми силами обеспечивать единство народа. Мы признаем, что наш Казахстан является уникальной страной, несмотря на этническое, культурное и религиозное многообразие, мы сохранили в стране мир и стабильность. Политика Лидера нации Республики Казахстан Н. А. Назарбаева объединяет многие этносы, культуры и религии. Нашу страну по праву называют «перекрестком цивилизаций». Казахстан является естественным мостом между крупнейшими мировыми религиями – исламом, христианством и буддизмом. Веками здесь вместе жили и трудились представители разных народов и этносов. Складывались прочные культурные связи, способствовавшие взаимному обогащению и процветанию.

Весь казахстанский народ, принадлежащий к различным религиям и духовным традициям, выражает свое стремление и приверженность к дальнейшему сохранению мира и согласия в нашем общем доме, остовом которых выступает межнациональный и межконфессиональный диалог – фундамент всех наших успехов и дальнейших преобразований.

Мы, как будущее Казахстана, обязаны поддерживать главную ценность нашей Родины – гражданский мир и межконфессиональное согласие, диалог культур и религий в нашей многонациональной стране, справедливо признанные мировым эталоном. Мы нацелены на объединение наших усилий и помыслов, чтобы любить Родину, уважать национальные обычаи и традиции казахстанцев.

Патриотизм представляет собой особо значимую духовную ценность, являющуюся основой единения, гармонизации общества, сохранения его самобытности и своеобразия в многоликом человеческом сообществе. Ее нельзя свести к узкому, однозначному пониманию. Она сложна, многогранна, неоднородна. Патриотизм - это и любовь к своей стране, и огромное уважение к ее истории и культуре, и вера в собственные силы и силы общества. За минувшие годы страна многого достигла в деле становления своей государственности, укрепления независимости и единства. Ведь ещё никогда за всю свою историю, средневековую и современную, имидж Казахстана не поднимался так высоко, как за последние годы.

«Жизнь народа прирастает с каждым следующим его поколением. Поэтому нет мечты выше, чем мечта о Вечности Народа. Мәңгілік Ел – это идея, которая открывает завтрашний день, выражает веру в будущее, это символ необратимой и прочной стабильности...»;

«В основе Мәңгілік Ел – простые, понятные и самые ценные для каждого из нас истины – благополучие наших семей, гостеприимство и трудолюбие, стабильность, безопасность и единство, уверенность в завтрашнем дне»;

Патриотизм – это любовь к Родине, уважение к народным традициям, культуре, истории страны. Это каждодневный труд, чтобы наша Родина становилась могущественнее и краше, чтобы казахстанцы жили лучше и верили в будущее. Патриот не просто живет на родной земле, но и делает для нее что-нибудь полезное, прославляет ее в своих делах. И как патриот, будущее своей Родины, учу историю, родной язык и культуру своей страны. С большим уважением отношусь к своему народу, его истории, культуре. Я вижу будущий Казахстан процветающей страной. В ней люди будут жить дружно, помогать друг другу. Я уверен, когда я вырасту, мы подрастающее поколение, будущее Казахстана, принесем

большую пользу своей стране. А для этого, мы должны любить и беречь свою Родину. Достойно учиться, трудиться и быть всегда примерными.

Мы сделаем все от нас зависящее во имя мира, благополучия и процветания в нашем общем доме – Республике Казахстан.

Всех нас, людей всех национальностей объединяет одно из важных понятий: МЫ - народ Казахстана. Мы единая нация и в этом наши сила и успех.

Свою статью хочу закончить словами из стихотворения З.Зейнешова.

Твою историю все знаем и все помним,
И как батыри в давние года,
Перед тобою головы преклоним,
И чтить тебя мы обязуемся всегда!

Список использованной литературы:

1. Интернет ресурсы: Выдержки из выступления Н.А. Назарбаева на торжественном собрании, посвященном Дню Независимости Республики Казахстан. 15 декабря 2014 года;

2. Послания Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Нұрлы жол – Путь в будущее»; Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее

3. Самопознание: Учебники для общеобразовательных школ.

Мусрепов З., П-22к
Ғылыми жетекшісі – оқытушы, Бейсембаева И.А.,
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті
экономика бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ПАТРИОТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ДАМУ НЕГІЗДЕРІ

Патриоттық бұл азаматты сипаттайтын ең басты қасиеттердің бірі. Бұл-қоғамдық сананың бір қыры ғана емес, қоғам дамуы мен өмір сүруінің негізі. Қоғам мүшелерінің патриот болуы ел өмірі үшін маңызды. Себебі өз елінің нағыз патриоты ғана отанының тәуелсіздігі мен беделі үшін еңбек етеді.Патриотизм-бұл елі үшін өз еркімен жауапкершілікті мойнына алу, ал жүріс-тұрысы мен мінез-құлқы, іс-әрекеттері, өз ары мен намысы. Біз ешкімге патриот рөлін ойна деп, өзінің отанымен елімен патиоттық тұтастық күйзелісін жариялауды тапсырмаймыз. Патриотизімнің нақ рухани-адамгершілік табиғатын сезіну өте маңызды. Себебі рухани-адамгершілік тәрби негізінде патриотизм жақсы жағдайда ұлт жанды азаматтарды тәрбиелиді.Қазіргі қоғамда ең басты мәселелердің бірі жастарды патриот етіп тәрбиелеу.Патриотизм азаматтардың ұлттық-санасының жалпы және ажырамас бөлігі яғни жастардың отанына, ұлттық тарихына, ұлттық құндылықтарына сонымен қатар тілімен дініне деген құрметі, қазіргі таңда көптеген қазақ жастары өзге тілдердің жетегінде кетіп ана тіліне көңіл бөлмиді және жетік білмиді.Сондықтан қазіргі уақытта тіл мәселесіне көп көңіл бөлу керек.Қазіргі таңда Қазақстан азаматтарының жастардың өз ана-тілдерін жетік білмитіні бізге белгілі.Қазақтың баласы болып қазақ тілін білмитін жастарға Қазақстан азаматтарына қазақ тілін үйренуін талап етіп қатаңтүрде қадағалап үйрету керек.Біз көп ұлтты мемлекетпіз өзге ұлттын азаматтары да Қазақстан азаматы болғандықтан қазақ тілін білуге тиіс. Әр бір Қазақстандық азамат қазақ тілін білуі керек, қазақ тілін білмитін азаматтарға қандайда бір шара қолдану керек. Өз тілімізді, елімізді құрметтетіп өзге елге таныту біздің қазіргі жастардың қолында. Бұл мақсаттарға жету үшін жастардың тәрбиесіне де көңіл бөлу керек. Қазіргі жастар шет елдің кейбір жағымсыз тәрбиелеріне еліктеп кеткен сондықтан Ата-аналарға өз балаларын яғни қазіргі жастарды қазақы тәрбиеде тәрбиелеу керек деген қатаң талап қоюы керек деп ойлайм. Жастар еліміздің жарқын болашағы болғандықтан жастардың тәрбиесіде маңызды.

Қоғам өмірінің барлық саласындағы ең маңызды Факторлардың бірі - патриоттық тәрбиелеу процесі болып табылады. Отанға қызмет ету мұраттарына жету керек екенін айта кету керек

Білім жүйесін лажы келсе қазіргі заманғы білім әдістеме , технологияларын артта қалдыра отырып бірақ әлеуметтік база мен оқыта тәрбиелеу процесінің патриоттық мәнін кеңейте отырып қарастырсақ, яғни білімнің қайнар көзі ғана емес , ең алдымен құрамына ар-ождан тәрбиесі, өзінің борышын сезіну, патриоттық сезімі, ел алдындағы жауапкершілігі , мемлекеттің қоғамдық-ұжымдық ерекшелігін меңгеру әр түрлі ұлыстар кіретін өз Отанын «Үлкен үйі » ретінде қабылдау сияқты басты ар намыс тәрбиенің де негізі болуы керек.

Сондықтан да патриотизм адамдардың іс-әрекеттеріне, қоғамның бірігуіне өзінің ықпалының белгілі бір дәрежеде күшейе түсетін рухани және өнегелі ұстанымдарды нақтылайды.

Мемлекеттік патриотизм бәрінен бұрын біртұтас және жоғарғы мақсат мемлекет мүддесі мен ұлттық қауіпсіздікті қамтиды .Оның негізінде «мемлекет тұлға» іспетті қарым қатынас жатыр. « Отан » ұғымы мемлекеттік патриотизімнің саяси негізі болып табылады. Мемлекет саяси, ақыл-ой адамгершілік мәдениетін қолдап, дамытатындай дәрежеде болмаса, ұлттық тәуелсіздікті, мемлекеттік шекаралықты тұтастықты сақтап соғыс кезінде отанын қарғай алмаса мемлекет бола алмайды. Осыған байланысты қоғамның билікке деген сенімінің деңгейі артады.

Қазақстандық жалпыхалықтық патриотизм көп жағдайда адамның эмоционалды әлемімен тығыз байланысты. « Отан » ұғымы оның рухани адамгершілік негізі болып табылады. Ол патриотизмнің рухани негізін халықтың патриоттық тәжірибесі мен оның құндалықтарының мазмұнын ашады. Қазақстандық патриотизм халық пен қоғамның мүддесін қорғай , қамти отырып және құқықтық нормаларды орындау барысындағы азаматтық іс-әрекеттеріне бағыттай отырып бір мезгілде өмір құндылықтары, моральдық нормалар, салт-дәстүрлерде бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру арқылы нығайтуға ынталандырады. Қазіргі заманғы Қазақстан патриоттық дәстүрлермен құндылықтарды елдің меңгергеніне және жеке, топтық мінез-құлық бағдарламалары болғанына мұқтаж.

Қазақстандық патриот- бұл өз тағдырын халқының тағдырымен, Қазахстанға сенетін оның ғасырлық дәстүрлерімен байланыстырып,онымен рухани, адамгершілік және эмоционалды тұрғыдан байлаулы қазіргі күні мен болашағын ойлап ,сол мақсатта өз мінез-құлқын Қазақстандыкімен сәйкестендіретін адам. Өкінішке орай бүгінгі күні қоғам мен мемлекет тарпынан этномәдени тәрбиенің, әлеуметтендірудің толығын бақылаудан айырылып қалғандықтан,жастардың көбі халық мәдениетіне немғұрайлы қабылдайды. Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мәселелеріндегі қазіргі проблемаларды шешу үшін тұтастай алғанда тәрбиеге принципті түрде жаңа тұрғы қажет.

Ел бинесін және Отанымен ажырғысыз байланыс сезімін мемлекет пен қоғам түрлі тетікткер мен институттар, ең алдымен, білім беру арқылы қалыптастырады. Осыған орай, білім алушыларды Қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, елдің мемлекттік нышандарын танымал етуді қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа білім беру мекемелері мен ұйымдарын белсенді түрде тарату қажет.

Әскери-патриоттық тәрбие азаматтардың әсіресе жоғарғы сынып оқушыларының, студенттердің, әскерге шақырылғанға дейінгі және әскердегі жастардың бойында жоғары патриоттық сезімді, өз Отанына деген берілгендік сезімдерін тәрбиелеудің қалыптастыру жөніндегі маңызды бағыттардың бірі.Жастарға әскери-патриоттық тәрбие берудің мақсаты- азаматтардың бойында жоғары париоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышы мен Конституциялық міндеттерін орындауға дайындығын тәрбиелеу.

Ел боламын деген мемлекеттер ең алдымен ұрапақ тәрбиесін бірінші орынға шығарған еді ғой. Ұл болашағы, ұрпақ тәрбиесінің діңгегі хақ дініміз исламда жатыр. Хадисте де, қасиетті Құран Кәрімді де отансүйгіштік туралы көп айтылған. Осыны санасына құйып өскен жас ертең өз Отанының нағыз патриоты болып шығады. Әйтпесе, бөгде ағымдардың

жетегіне еріп, отан қорғаудан жалтаратын жастардың саны уақыт санап өссе беретіні белгілі.

Кеудесіне « бұл менің елім, менің жерім» дейтін сенім ұялата білген жас қана өз елінің шынайы патриоты бола білмек.Ол үшін « баланы жастан» дейтін халық даналығын естен шығармасақ болғаны. Жас ұрпақты патриоттық, отансүйгіштік рухта тәрбиелеу еліміздің өсіп-өркендеуі үшін қызмет ететіні еш күмән туғызбайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С . Мұса. Жеті жылдық жолдың басы /Егемен Қазақстан, № 11 12-қаңтар, 2006.
2. Д. Исабеков. Сенім салтанаты /Егемен Қазақстан №10 11қаңтар,2006
3. Ақжол ақпарат. Әлемназары Астанаға ауған күн /Ақ жол №4 12 қаңтар 2006
4. Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаев. Қ.Р Конституциалық заңы
5. Н.Ә.Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. Алматы,1996
6. Н.Найзабекова. Патриоттық тәрбие- педагогиқалық проблема// Бастауыш мектеп
7. 22. Л.Сайдахметова. Қазақстан мектептерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу.Алматы,
8. Қ.Тасболатов. Қазақстандық патриотизмнің ұлттық және ұлтаралық үйлесімі

Мұратбек З., студентка гр. Пс-12,
Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова
Научный руководитель – магистр,ст. преподаватель Алпысбаева М.Б.
Карагандинский экономический университет, г.Караганда, Республика Казахстан

МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНАЯ ТОЛЕРАНТНОСТЬ КАК СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ ПАТРИОТИЗМА МОЛОДЕЖИ

В условиях поликультурности стабильные внутригосударственные и межгосударственные взаимоотношения возможны при соблюдении принципов уважения, равноправия, толерантности, в связи с чем была принята «Декларация принципов толерантности», подписанная 16 ноября 1995 года 185 государствами – членами ЮНЕСКО [1].

Однако, наряду с толерантными мировоззренческими позициями, имеют местом быть и противоположные взгляды на порядок человеческих взаимоотношений. Проявление национализма, расизма, религиозного экстремизма – свидетельство тому. К сожалению, приходиться констатировать, что подобные негативные тенденции становятся распространенным явлением.

Как отмечает Н.А.Назарбаев, что «религиозный экстремизм в Казахстане – явление, которое у нас масштабно не проявилось, но в то же время существует определенная опасность, что процесс конфессиональной дестабилизации, в конце концов, может проявиться и у нас. Если конечно вовремя не осознать и не предотвратить эту потенциальную угрозу» [2, с.87].

Государственная и образовательная политика Республики Казахстан одним из приоритетных направлений определяет формирование толерантности, межконфессиональной толерантности подрастающего поколения. Так, в Конституции Республики Казахстан [3], Законе Республики Казахстан «О свободе вероисповедания и религиозных объединений» [4], Законе Республики Казахстан «О противодействии экстремизму» [5] и т.д. - основным положением выступает соблюдение прав и свобод, независимо от конфессиональной принадлежности, стратегическим направлением – воспитание молодежи в духе толерантности, уважения, принятия и признания других, по каким-либо признакам, характеризующихся инаковостью.

В этой связи особую актуальность приобретает формирование межконфессиональной толерантности учащихся в системе образования, которая, обладая значительным

образовательным потенциалом, будет способствовать религиоведческому просвещению подрастающего поколения, формированию межконфессиональной толерантности.

Одной из особенностей Казахстана является то, что исторически наше государство складывалось как сообщество разных этносов, культур и религий. Особую актуальность учет интересов всех населяющих Казахстан народов и культур приобретает в современных условиях, поскольку изменения, произошедшие в стране в области политики, экономики, социальных отношений вызвали, в свою очередь, рост конфессионального самосознания людей. Необходимостью сохранения прочности государства объясняется особое внимание к развитию культуры межконфессиональных отношений и гармонизация религиозных взаимоотношений на современном этапе. Основой казахстанского гражданского общества должны стать признание поликультурного, поликонфессионального построения государственности и формирование дружественных межконфессиональных отношений на основе гибкой политики, реализуемой прежде всего в области образования.

Толерантность как одна из характеристик, в значительной мере влияющих не только на развитие социального климата, межличностные отношения, политику, представляется наиболее актуальной задачей для развития современного человека и его воспитания. Отмечая важность человеческого фактора, Ю.А.Шрейдер пишет: «Самая страшная, из грозящих нам катастроф, это не столько атомная, тепловая и тому подобные варианты физического уничтожения человечества на Земле, сколько антропологическая – уничтожение человеческого в человеке. И прежде чем выяснять, как защитить природу, как избавиться от войн, бедствий и т.д., следует понять, как остаться человеком не только разумным, но и сознающим, т.е. совестливым» [6, с.5].

Принимая более чем 50 лет назад Всеобщую декларацию прав человека, Генеральная Ассамблея ООН провозгласила право на существование любой культуры, любой, самой небольшой нации, религии, любых взглядов, не нарушающих, впрочем, законности и прав других людей. Мы все равны, где бы мы ни родились, где бы ни жили.

Теории Культуры мира уже десять лет. Важно отметить, что миссию по продвижению идей культуры мира взяла на себя Организация Объединенных наций. В рамках мандата ООН ЮНЕСКО разработала концепцию «Культура мира» и приняла «Декларацию принципов толерантности». Согласно документам ООН и ЮНЕСКО, обучение Культуре мира и толерантности означает построение и развитие социальных отношений, основанных на принципах свободы, справедливости, демократии, терпимости и солидарности, отказа от любых видов насилия. Этот тип социальных отношений предусматривает предотвращение конфликтов на ранней стадии их развития с помощью ликвидации порождающих их причин путем установления диалога и ведения переговоров. В Декларации принципов толерантности, принятой в Париже в 1995 году и подписанной 185 странами мира, сказано, что:

1) – толерантность – уважение, принятие и правильное понимание богатого многообразия культур нашего мира, форм самовыражения и способов проявления человеческой индивидуальности;

2) – толерантность – отказ от догматизма, от абсолютизации истины и утверждение норм, установленных в международно-правовых актах в области прав человека;

3) – толерантность – не уступка, снисхождение или потворство, а, прежде всего, активное отношение, формируемое на основе признания универсальных прав и основных свобод человека;

4) – толерантность – привилегия сильных и умных, не сомневающихся в своих способностях продвигаться к истине через диалог и разнообразие мнений и позиций [1, с.15].

Среди основных принципов обучения и воспитания молодежи в духе толерантности мы выделяем следующие:

– воспитание в духе открытости и понимания других народов, многообразия их культур и истории;

– обучение пониманию необходимости отказа от насилия, использованию мирных средств для разрешения разногласий и конфликтов;

– прививание идей альтруизма и уважения к другим, солидарности и сопричастности, базирующихся на осознании и принятии собственной самобытности и способности к признанию множественности человеческого существования в различных культурных и социальных контекстах.

В своей монографии К.М.Арынгазин «Введение в смысловую педагогику» обозначая важнейшую прерогативу воспитания в образовательном процессе, в частности воспитания духовных ценностей, убежден, что актуальным является разработка:

- во-первых, фундаментальных исследований по педагогике, теории и практике системы образования, пересмотром старых образовательных ценностей, конструирования новых систем, отвечающих современным условиям;

- во-вторых, формирования не только нового ученика и учителя, но и новой формы передачи учебного материала и перестройки всей педагогической деятельности на основе построения нового фундамента, исходящего из осознания становления новой образовательной парадигмы, связанного с учетом нового образа мышления, социальных перемен и отношений других наук [7, с.111].

Таким образом, учитывая вышесказанное, мы понимаем толерантность как активную нравственную позицию личности, выражающуюся в готовности признавать, принимать, понимать, уважать многообразие и своеобразие существующего мироздания в процессе взаимодействия субъектов в условиях поликультурности общества. И определяем *межконфессиональную толерантность молодежи как активную нравственную позицию личности, выражающуюся в готовности признавать, принимать, понимать, уважать религиозное многообразие и своеобразие в процессе взаимодействия субъектов в условиях поликонфессиональности общества.*

Список использованной литературы:

1. Декларация принципов толерантности: утверждена резолюцией 5.61 Генеральной конференции ЮНЕСКО 16 ноября 1995 г.
2. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Астана: Атамура, 2003. – 167 с.
3. Конституция Республики Казахстан: принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года, с изменениями и дополнениями 21.05.2007г. – Астана, 2007. – 40 с.
4. Закон Республики Казахстан. О свободе вероисповедания и религиозных объединений: принят 15.01.92г. – Алматы., Казахстан, 1993.
5. Закон Республики Казахстан. О противодействии экстремизму: принят 18.02.2005г. – № 31-3 /www.pavlodar.com/zakon/index.html?dok=03097&all =all/.
6. Шрейдер Ю.А. Ценности, которые мы выбираем. – М.: Изд-во Эдиториал УРСС, 2009. – 208 с.
7. Арынгазин К.М. Введение в смысловую педагогику. – Караганда: Изд-во КРУ, 2005. – 410 с.

Мухитбек Г.А. ПВС-304 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі- директордың оқу- әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары, информатика пәнінің оқытушысы Абикаева Г.А.
Қарағанды Медициналық- техникалық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Мәңгілік ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне

сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел, - деді Президент Н.Ә.Назарбаев өз тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау арқылы Мәңгілік ел бола алатынымызды атап өтті.Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру аса қиын екенін барлығымыз білеміз. Бұл әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан кешкен тарихи шындығы. Өзара алауыздықпен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жібергенін де білеміз. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама? Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік ел біздің өзіміздің қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

Еліміздің мұратына айналған «Мәңгілік ел» идеясы - халықтың әл-ауқатын жақсартып, ынтымағын арттыратын, елді дамудың жаңа сатысына жетелейтін жаңа қадам. Мәңгілік елге айналу үшін тәуелсіздікті сақтап, елдігімізді нығайту басты мақсат болып табылады. Өйткені, тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, сонау алаш тұлғаларының зердесі мен өнегесімен келген аманат дүние болатын.

Қазақстанды жарқын болашаққа жетелейтін жастарымыз бабаларымыз аңсап өткен тәуелсіздіктің туын жықпай, желбірете білуі тиіс. Өйткені, бабаларымыздың ұлан байтақ жерін қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап-қадірлегенін білеміз. Жастар сондай текті ұрпақтың ұрпағы екендіктерін сезініп, осы «тәуелсіздік», «мәңгілік ел» ұғымдарын саналарына сіңіріп, қастерлеуге міндетті.

Жаңарудың, өміршеңдіктің негізі жастарда. Бұл үшін азаматтар тәлім-тәрбие мен ғылымға баса мән беріп, біліммен мықтап қарулануы қажет. Елдің экономикалық, рухани жағдайының дамып, өркендеуі, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру елдің білім деңгейімен де тығыз байланысты. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев алғашқы күннен- ақ Қазақстанда білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударды. Тәуелсіздікті баянды етуде білімнің маңыздылығын жете түсінген Елбасы экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан осы салаға барынша қолдау көрсетті. Халқымыздың «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген ұлағатты сөзін, білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігін, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіргіш күш екенін білуіміз тиіс. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық — рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені, білім — тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын қаруы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. Н.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, қазіргі уақыт адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан молынан сусындауға зейін қоюда. Жастар өз күш-жігерлерін, білімдерін тәуелсіз елінің гүлденуіне жұмсамақ. Елбасы қайсыбіреулердің қатаң сынына ұшыраған «Тілдердің үштұғырлығы» бағдарламасын ұсынды. Мұндағы негізгі мақсат — үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түскен жаһандану, шекара талғамайтын экономика-қаржы және, ақпарат, ағымдары заманында еңбек ресурстарының бәсекелестігін арттыру мәселесі көзделген болатын. Басқаша айтқанда, мұнда мемлекеттік тіл — қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі — орыс тілін және халықаралық тіл — ағылшын тілін халықтың неғұрлым көп бөлігінің меңгеруіне бағытталады. Осы жерде ерекше назар аударатын нәрсе, мемлекет басшысының «тілдердің үштұғырлығы» идеясын бүкіл ұлттық

идея-деңгейіне көтеру қажет. Неге десеңіз, біріншіден, бұл идея халқымыздың болмысында ежелден-ақ бар «жеті жұрттың тілін біл» деген бағалау өлшеміне сай келеді; екіншіден, қазіргі бәсекеге негізделген өмірлік қағидалардың өзі, яғни жас ұрпақ буыннан осыны талап етіп отыр. Білімнің негізінде болашаққа деген шынайы сенім мен үкілі үміт, өз халқына деген ізет-құрмет пен қадір-қасиет жатқанын Елбасы жақсы түсінді. Ол тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастырып, тәрбие арқылы берілетін білімнің болашағы әрқашан баянды болатынын назарынан ешқашан тыс қалдырмады. Өркениет көшіне бет бұрған қыруар істің алатын арқауы болып есептелетін ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы күші білім десек, қателеспейміз.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты — жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу[1].

Тәрбие қазіргі өзгермелі, сан салалы, көпмәдениетті, көпэтникалық үлкен өмірге енуге дайын қабілетті, тұлғаның дамуына бағытталған және рухани құндылықтарының негізінде құрылады. Тәрбие жұмысы — ол арнайы ұйымдастырылған қалыптастырушы үрдіс және ізгіліктілікті қабылдайтын, әлеуметтік құндылықтар мен азаматтық мінез-құлық үлгілері бола отырып, тек ғылыми негізделген тәрбие жүйесінің аясында ғана өзін іс жүзінде көрсетіп, өзін-өзі қалыптастырған тұлға үлгісіне жағдай жасайды. Қазіргі уақыт талабы жаңаша дүниелік көзқарас тұрғысынан жаңаша ойлап, шешім қабылдай алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған тұлғаны, өз елі мен жерінің, туған тілінің жанашырын дайындауды міндеттеп отыр. Бұл міндет жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлтжанды азамат тәрбиелеу ісінің өзектілігін алға тартады. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы — әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ел болу — болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Ұлттық тәрбие — ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты — ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті — мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі — ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриалдық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру болып табылады. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болып табылады. Қазақстанды Отаным деп таныған әр азаматтың осыған өз әлінше үлес қосуы — бұның басты шарттарының бірі. Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан — 2030 " атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «…біздің балаларымыз бен немерелеріміз… бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» — деп, үлкен үміт артты [2].

Болашақ жастардың қолында деген ұрандарды жиі айтып, елімізде осы мақсаттарда қолға алынып жатқан жобалар аз емес. Тек оны өз керегіне қарай пайдалану әрбір жастың құзырындағы жұмыс. Мемлекет тарапынан жасылынып жатқан бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға әрбір жастың өз ұмтылысы болуы тиіс. Өйткені, өмір, ағыны тоқтамақ емес,

жастық шақтың да жарқ етіп өте шығары баршаға мәлім. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді… Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық!

Қорытып айтқанда, Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында жазылғандай егемендік алғаннан бергі жылдар ішінде Мемлекет басшысының сарабдал саясатының арқасында қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылды, соның ішінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының қалыптасу барысында жастарды жаңа қазақстандық патриотизм рухында тірбиелеудің тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, іске қосылды.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылғандай, біз өз отанымыз – Қазақ елі мен оның байырғы халқы – қазақ халқын, басқа өркениетті елдермен салыстыра отырып, тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан өркениет ретінде қарастыруымыз керек. «Бұл - тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның түйінін шешуге мүмкіндік туады» - деген тұжырым Қазақстан тарихшыларына үлкен сенім, әрі міндет артады. Елбасының мақаласы отандық тарихты дамытудың жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсетеді. Бұл туынды Президентіміз айтып кеткендей, оның «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының тікелей жалғасы болып табылады [3]. Сондықтан біз төл тарихын жетік білетін, бағалайтын және мақтан ететін өскелең ұрпақты ұлттық өркениетті рухта тәрбиелеуге белсене атсалысуға міндеттіміз.

Ел ертеңі — білімді жастар. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағыттайық. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол-деңгейде болады» деп атап көрсеткен. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Ендеше жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын өрге бастыра алады. Отаншыл халық жастары болмаған елдің болашағы қараңғы. Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты — жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа», — дейді Елбасы бір сөзінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасының Білім заңы.

2.Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан — 2030 " Жолдау.

3. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» // «Егемен Қазақстан» газеті, 21 қараша 2018 жыл.

Нақыпбеков С.Н., 2 курс
Ғылыми жетекші – Ж.С.Жакеев, әкімшілік құқық және әкімшілік қызмет кафедрасының доценті, полиция полковнигі
Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

КУРСАНТТЫҢ ЖӘНЕ СТУДЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫ МЕН ҰЛТ ПАТРИОТТЫҒЫН ОЯТУ

Адам бұл өмірде өз орнын табу үшін және жүзеге асыру үшін өмір сүреді. Нәтижесінде пенде – ұрпақ, тұлға-мұра, ұлт-руханият қалдырады. Өзінің ұлттық идентификациясын

анықтауға тырысқан заманауи адамға: «Біз кімбіз?» деген сұрақ туындайды және оның өмір сүріп жатқан қоғамына саяси және мәдени көзқарасына негізделіп жауап беруі тиіс.

Қандай да болмасын қоғамның негізгі мақсаты –сенімді, белгілі бір шекті ажырата алатын, шығармашыл, дүниедегі өз орнын таба алатын және өзі құрған өмір үшін жауапкершілік танытатын, өз ұлтының тұлғасын қалыптастыру десек, ол мақсатқа ақиқаттығын, табиғилығын, дұрыстығын өмір көрсетіп берген ұлттық мәдениетке, ұлттық рухани қазынаға сүйенгенде ғана жету мүмкін[1]. Сол себепті, табынушы көпшіліктің орнына өз ұлтымыздың руханиятын нақтылауға, ұлттық сананың қалыптасуын қадағалауға, бағыттауға, әр бір азаматқа ұлттық рухты дарытуға міндеттіміз. Бұл – толассыз терең жауаптылық пен жоғары сапалы ой қызметін талап ететін күрделі міндет. «Ұлттану» құбылысының деңгейі мен сапасы ұлт азаматтарының танымы мен әрекетінен көрініс береді де, сол таным мен көрініс үшін жауапкершілік – ұлттың зиялы қауымында жатады[2].

Атақты ғалым Шоқан Уалихановтың бір сөзінде, «Ұлттың өсіп-өнуіне екі жағдай қажет: азаттық пен білім» – деген еді. Саяси жүйемізден бастап білім беру жүйесіне дейінгі өзгерістер мен жаңалықтар кезеңіндегі ұлттық сананы қалыптастырып, рухты ояту жолындағы міндеттің алғашқысы – тарихи нәубеттердің, саяси-тарихи алаяқтықтың салдарынан алынған «тарихи контузия» зардабынжою, тарихи танымды қалыптастыру. Өз ұлтының өмір-салты мен тек-тамырын білу арқылы адам өзінің тарихи-болмыстық жаратылысын сезініп, дүние сырын, даму заңын түсініп, өзіне сенімді артып, ішкі дүниесіне творчестволық қолдау табады[3].

Құқықтық сана — құқық жасау, қабылдау қажеттілігін анықтайтын, талап ететін негізгі көрсеткіштердің бірі, әлеуметтік барометрі. Себебі қоғамның дамуы барысында нормативтік-құқықтық кесімдер ескіреді, қоғамдық реттеуге дәрменсіздік танытады. Даму — соның айғағы. Құқықтық сана-сезім арқылы қоғам басқарылады, оның өмірі қалыпты жағдайда жүргізіледі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылады.

Ұлтжандылық деген бұл – Ұлы сезім. Адамды ажарландырып, нұрландырып, жігерлендіріп жібереді. Қазақ халқының саны тым аз. Сондықтан біз ұлттың сапалы болуын ойлауымыз керек. Ол үшін нағыз білім болуы керек. Мұны азаматтардың көбі түсінеді, сондықтан құқықтық қатынастардың басым көпшілігі заңды мінез-құлық негізінде құрылады. Азаматтар құқықтың талабын белсенділікпен немесе енжарлықпен орындайды. Соған сәйкес сана- сезім екіге бөлінеді: белсенді заңды мінез-құлық және бәсең (енжар) заңды мінез-құлық. Белсенді заңды мінез-құлық — лауазымды тұлғалардың азаматтардың өз бастамасы мен белгілі мақсатқа бейімделген заңды әрекеттері. Бұл мінез-құлықтың түрлері сан алуан. Ол субъектілердің өз міндеттерін адал ниетпен, сапалы атқарып, азаматтардың өздеріне жүктелген міндеттерін қалтықсыз сапалы түрде орындауы, сонымен қатар құқықтарын жүзеге асыра отырып мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың жұмысына белсене қатысып әлінше көмектесу, заңдардың жобаларын талқылауда бет көрсетіп, өз пікірін ортаға салу — міне, құқықтық белсенділікке осындай әрекеттер жатады[3, 4].

Әскери мектептердің басты міндеті күрделі жауынгерлік жағдайлардағы табысты операциялар үшін курсенттарды дайындау болып табылады. Алайда, іс жүзінде және теориялық тұрғыдан алғанда оларды орындамай-ақ қандай да бір іс-әрекеттерді меңгеру мүмкін емес екенін дәлелденген. Демек, оқу үдерісінде курсанттарды нақты шайқаста немесе шынайы өмірде қалай әрекет етуге шақыратын жағдайлар жасалуы керек.

Курсанттардың құқықтық сана-сезімін қалыптастыру процесі, сондай-ақ, жалпы саналы, кадеттік командада да, жалпы қоғамда да орын алатын шындықтың түрлі құбылыстары мен фактілерінің шексіз санымен өзара әрекеттесумен сипатталады. Біз оның ең күрделі механизмінің бірі, оның жалпы маңызды бөлігі – курсанттардың бірлескен білім беру қызметі, әлеуметтік жетілдірудің белгілі бір деңгейінде білім тек эстетикалық немесе моральдық емес, ең алдымен сананың құқықтық формаларын қалыптастырудың көзі болатынын болжайды.

Әскери ұжымның іс-қимылының бірлігі мен нәтижесін тұтастай алғанда, бірлескен қызмет барысында әр бір курсанттың ерік-жігері бүкіл әскери ұжымның мүдделері мен

мақсаттарын қамтиды. Осы мақсаттар мен мүдделерді ықпалдастыру әрбір курсант өздерінің ұйымшылдық дәрежесімен және деңгейімен алдын ала анықталады. Осындай жағдайларға байланысты, топтардың жұмысында, сондай-ақ оның мүшелерінің құқықтық санасын қалыптастыруда ұйымдық фактор маңызды рөл атқарады.

Зерттеу нәтижесі бойынша төмендегідей үлгі көрсетілді: орта мектепті бітіргеннен кейін оқыған курсанттар (мектеп оқушылары мен Суворов оқушылары арасындағы) оқу сабақтарында үзіліс болған адамдарға қарағанда, проблемалық міндеттерді шешуде, жазбаша жұмыстарды орындауда неғұрлым жаңа білім мен нақты зияткерлік дағдылар белгіленеді (әскери қызметтен кейін алынған немесе өндірісте жұмыс істеген). Педагогтарға курсанттардың түрлі топтарының құқықтық білімін, іскерліктері мен дағдыларын жүйелі түрде теңестіруге тиіс екені түсінікті. Мүмкіндігінше қысқа мерзімде[4].

Студенттердің құқықтық санасын қалыптастыру - университеттің барлық қызметкерлерінің шығармашылық көзқарасын, университет пен қоғамдағы қоғамдық тәртіпті нығайту, заң және тәртіпті нығайту, университеттің өміріндегі жағымсыз құбылыстарды және біздің демократияландырылған орыс қоғамымызды жою үшін дайындықты, тілегі мен қабілетін талап ететін күрделі және ұзақ процесс. Құқықтық білім - бұл олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру және дамыту үшін жастарға тұрақты және жүйелі тәрбиелік әсер ету. Студенттердің құқықтық сауаттылық үдерісін тиімді басқару үшін университетте оқудың барлық кезеңінде студенттердің азаматтық-құқықтық білім беру жүйесін құру қажет. Құқықтық білім беру саласында ең маңызды міндеттер:

• жастарды құқықтық ақпараттандыру;

• заңдар мен құқық қолдану практикасының маңыздылығына, жеке және адамгершілік міндеттеріне, шешім және өз іс-әрекеттерін қабылдау үшін жеке жауапкершілігіне сенім қалыптастыру;

• заңды мінез-құлық стереотиптерін дамыту;

• қоғамдағы құқықтық қатынастардың принциптері мен ерекшеліктерін меңгеру;

• құқықтық тәртіпті қорғауға және құқық бұзушылыққа қарсы тұруға белсенді қатысуға дайындықты қалыптастыру[5].

Университеттегі құқықтық тәрбие жүйесіне студенттерді қосу бірінші курста жүзеге асырылуы тиіс. Оқудың алғашқы айларында оқушыларға әлеуметтік-тұрмыстық, заңсыз мінез-құлыққа қарсы алдын-алу жұмыстарын жүргізу қажет. Студенттер университеттің ішкі ережелерімен танысу керек: сыныптан, зертханадан және кітапханадан. Студенттер оқу орынның және жақын маңдағы шағын аудандардың аумағында тәртіп ережелерін бұзу белгіленген нормаларға сәйкес жазылып, жазаланатындығын білуі керек. Студенттердің девиантты мінез-құлқына ерекше назар аудару қажет:

• оқу корпустарындағы ұрлық;

• вандализм;

• есірткіні тарату және қолдану;

• оқу корпустарында спирттік ішімдіктерді ішу;

• өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу.

Жазаның басқа да шаралары бір мәрте бұзушылықтар болған жағдайда пайдаланылуы мүмкін, яғни мынадай:

• оқу ғимараттарында темекі шегу, қауіпсіздік қызметкерлеріне, шаруа қызметкерлеріне деген дөрекілік көрсету;

• студенттердің осыған арналмаған жерлерде болуы (терезе алды, еденде, баспалдақ маршында отыру және т. б.);

• мінез-құлық, нормаланбаған лексиканы пайдалану (боқ ауыз сөз айту) және т. б.

Университетте құқықтық тәрбиені ұйымдастыру кезінде (циклдар құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулер, тақырыптық кештер, конференциялар, конкурстар, олимпиадалар, фильмдерді, спектакльдерді, телебағдарламаларды көру) педагогтарға қазіргі заманғы кейбір бұқаралық ақпарат құралдарының жойқын әсеріне қарсы тұру керек. Өкінішке орай, көптеген баспа басылымдары, теледидар, радио, интернет,

компьютерлік бағдарламалар мінез-құлықтың құқықтық нормаларын құрметтемеуді көрсетеді. Соның ішінде қазіргі уақытта кең таралып бара жатқан ол - жастар арасында жыныстық ауытқушылықты, криминалдық әлемді бейімдеуді, күшке табынуды насихаттайды.

Түйіндей айтсақ, Елбасының биылғы Жолдауы - Қазақстан үшін жаңғырудың Үшінші кезеңіне көшу арқылы жаһандық технологиялық бәсекелестікке ұмтылуға негізделеді. Ұлттың осындай міндеттерді орындауға әзірлігін пысықтайды. Президенттің сөзімен айтсақ, Үшінші жаңғыру - қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жоспары емес, болашаққа, «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болмақ[6].

Құқықтық сананың алдындағы сан қырлы мүдде-мақсаттың ең күрделісі, ең маңыздысы — қоғамның саяси-экономикалық және Қазақстанның тәуелсіздігін, қорғанысын күшейту. Міне, осы мәселелерге мемлекет, халық, барлық ұйымдар, бірлестіктер, ұжымдар, саяси партиялар бірігіп іс- әрекет жасаулары өте қажет. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігі күшеймей, басқа жақсылықтарды күту, болады ғой деп сену — жай қиял.

Сонымен, құқықтық сана арқылы курсанттар мен студенттердің саяси және құқықтық жауапкершілігін арттырады, өздерінің заңдарда көрсетілген құқықтары мен міндеттерін адал орындап отыруына, мемлекеттік және еңбек тәртібін қатаң сақтауға, ұлттық мәртебесімізді көтеруге зор үлес қосады деп сенеміз[9].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.http://www.vospitau.ru/patriot/formirovanie_pravosoznania_stydents/index.html

2.http://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-01/dissertaciya-formirovanie-pravovogo-soznaniya-u-kursantov-v-protsesse-ih-voenno-funktsionalnoy-deyatelnosti#ixzz5Wx4Cvt12

3.Ш.Уалиханов. Таңдамалылар. Алматы. 1972.

4.М.Хайдеггер. Бытие и время. Москва. 1996.

5.https://baribar.kz/student/1473/qazirgi-zaman-zhaghdayyndaghy-ulttyq-ru/

6.https://articlekz.com/kk/article/15605

7.Арыстамбаева С. Гносеология как парадигма правого общественного сознания // Евразийское сообщество: общество, политика, культура. — — № 2. — С. 26–46.

8.Еликбаев Н. Некоторые аспекты правосознания и правовой культуры в новых условиях // Фемида. — 2004. — № 8,9. — Б. 36–50.

9.Мартышин О.В. Национальная политическая и правовая культура в контексте глобализации // Государство и право. — 2005. — № 4. — С. 16–67.

Нұрбаева Т.Ғ., 2 курс студенті
Ғылыми жетекші – гум.ғ.магистры, оқытушы Шайжанова Г.К.
«Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледжі, Балқаш қ., ҚР

ТҮРКІЛЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ЫҚПАЛДАСТЫҚ

Отандық және шетел зерттеушілерінің көпшілігі Алтай мен Оңтүстік Сібірді мекен еткен түріктер б.з.д. У-Ш ғғ. өзінде-ақ Тәңірге – Көк Құдайына сыйынған деген пікірді қостайды. Қыпшақтар бұл құдайды – «Тәңірі» десе, буряттар – «Тэнгери», алтайлықтар – «Тенгри», монғолдар – «Тэнгер», чуваштар – «Тура» деп атаған [1, 124]. Тәңірі діні уақыт пен кеңістікті игеруге талпынған, қоршаған ортамен тіл табысуға ұмтылған адам баласының алғашқы таным-түсінігі болған. Тәңірі діні көшпелілердің өмір сүруінің кепілі болып, өмір салтына айналды. Бұл әлемдік тарихтағы ең алғашқы монотеистік діндердің бірі. Тәңірі дінінің негізінде бір құдай туралы идея жатыр, бірақ оның осыған ұқсас мұсылмандық идеядан біраз өзгешелігі де бар. Екі дін арасындағы ұқсастықты ортағасырлық мұсылман авторлары байқап өз еңбектерінде көрсеткен екен. Мысалы, араб географы Мақдиси: «Түріктер «бір Тәңірі» дейді, мұнымен олар Құдайдың бір екендігін айтқысы келеді» – деп

көрсетеді [2, 69]. Ал Ибн-Фадлан өз еңбегінде: «Егер де олардың біреуінің өмірінде әділетсіздік орын алып немесе бір бақытсыздық болып қалса, ол басын көкке көтеріп «бір тәңірі» дейд», - деп жазады. Плано Карпини өзінің «Монғолдар тарихы» еңбегінде монғолдардың арасындағы түрік тайпаларының діні жөнінде былай дейді: «Олар бір Құдайға (Тәңірге) сенеді және сол Тәңірі барлық көрінетін және көрінбейтін дүниені жаратушы, сондай-ақ оны осы дүниедегі игіліктер мен қайғы-қасіреттерді де жасаушы деп санайды, бірақ оның құрметіне қандай да болмасын мадақ сөздер, дұғалар оқуды немесе басқа да ырым-жоралар жасауды білмейді» [3, 88].

Тәңірілік дін ғылымда түбегейлі зерттеліп, тарихи тамырлары мен адам қоғамындағы орны жете анықтала қойған жоқ. Тәңірілік дінінің өзекті қағидалары мыналар:

1. Көкте құдіретті жаратушының барлығына шек келтірмеу.
2. Ата-бабалар қалыптастыған дәстүрлі өсиеттерді бұлжытпай орындау.
3. Жас ұрпақты өмір салтына бейімдеп тәрбиелеу.

Бұл қағидалардың кез келген діни сананың дүниетанымына, моральдік-этикалық нормаларына негіз екендігі ақиқат. Жалпы адамзат өркениетіндегі әйгілі мәдени ошақтардың ұдайы көшпелілер мекенімен жапсарлас өңірлерде дүниеге келіп отырғаны кездейсоқ емес. Әлемдік діндердің бастау тегіне Тәңірілік діннің өзекті қағидалары арқау болған.

Түріктер ұғымында Тәңірі – бұл дүниені жаратқан және осы өзі жаратқан дүниенің тағдырын шешетін Аспан (немесе Космос). Тәңірі-Құдай бір мезгілде әрқайсысы Қайырымдылық пен Зұлымдықтан, Күн мен Түннен, Жарық пен Қараңғылықтан, т.б. қарама-қарсы негіздерден тұратын тоғыз қабат аспанда орналасқан. Тәңірі діні бойынша аспан асты әлемі (болмыс) үш өлшемнен: Жоғарғы, Орта және Төменгі әлемнен тұрады деп саналған.

Тәңіріге, Жер-Суға табынудың пайда болуын адамда әуелден қалыптасқан ризашылық сөзімдерімен байланыстыруға болады. Бұл құдайлар қарапайым тіршілік иелеріне қамқорлықпен қараған, ауыр кезеңдерде адамдарға азық-түлікті сыйлаған мейірбандылықтарына алғысын білдіру ниетінен туған еді. Осындай өмірдің нақты шындығына көз жеткізу адамдарға жәрдемдесетін жоғарғы әлем бар деген түсінікті туғызды. Көне түріктердің өздерінің ұғымдарындағы ең биік шынды Хан-Тәңірі деп атауы да кездейсоқ емес. Болмыстың мәнін және оның рухтық көрінісін Аспанға саю қазақ халқында көпке дейін сақталып қалды. Еркектік бастауды (Аспан-Әке) білдіретін жоғарғы құдай ретіндегі Тәңірі мен Жер-Су арасындағы байланысты еркек пен әйел арасындағы байланыстар ретінде қарастыруға болады, өйткені құнарлылық, бітік өскен егін мен онда жайылып жүрген мал табындары жайындағы үміт-тілектер жермен (Жер-Анамен), оның өнімділігімен байланыстырылды.

Тәңірі-Құдай түркі тілдес халықтардың тұрмысына, өмір салты мен ойлау жүйесіне әбден сіңіп кетті. Кейініректе түріктер ислам дінін қабылдағанда да Тәңірі Құдай ретіндегі маңызын сақтап қалды, сондай-ақ түріктердің құдай туралы тұжырымдары Жаратушы туралы исламдық ұғыммен жаңаша түсіндірілетін болды. Түріктердің жаңа дінді жеңіл, ерікті түрде қабылдауының басты себептерінің бірі осыдан болса керек, өйткені түріктер Тәңіріні рухани бастама ретінде де, яғни бүкіл тіршіліктің материалдық емес субстанциясы деп те түсінді. Белгілі философ Н.Г.Аюпов: «Тәңірі – әрі рух, әрі дене, әрі олардың бірлігі секілді бейнеге ие» - деп көрсетеді [4, 37].

Түркі халықтарының әулиелер пантеонында «Әулие-Ана» – Ұмай ерекше орын алды. Ежелден-ақ ол ұрпақ жалғастырушы, береке, молшылық құдайы деп саналған.

М. Қашқаридің жазбаларында Ұмай нәрестенің өмірге келердегі жолдасы, ол сәбиге анасының құрсағында жатқан кезден бастап-ақ қамқоршы болады (Ұмайға табынса ұлды болар), – делінеді [5, 49].

Басқа да кептеген монотеиістік діндер сияқты Тәңіршілдіктің де жетілген ырым-жоралғылық дәстүрі болды, солардың бірқатары исламды қабылдағаннан кейін де сақталған, мысалы, қаза болған кісілердің жатқан жеріне зиярат ету, т.б. Бұл жөніндегі мәліметтер қытай және араб деректерінде бар, сондай-ақ онда Тәңіршілдіктін, "қасиетті үйлері» болғаны жөнінде де айтылады. Түріктерде «ата-бабаларының қасиетті үңгірлерінен» басқа

қағандардың храмдары да болған, солардың ішіндегі ең негізгісі - Түрік империясының негізін қалаған Бумын қаған храмы болып табылады. Дәл осы храмда, Бұғыты жазбаларынан көретініміздей, тәңіріге жалбарынып, «әулие қаганның» аруағымен кеңескеннен кейін ең маңызды мемлекеттік шешімдер қабылданатын және бұл шешімді мемлекеттің негізін қалаған қаганның еркі ретінде халыққа жеткізетін [6, 36].

Тәңіршілдіктің дүниетанымы бойынша бір құдайға сеніммен бірге әр түрлі рухтардың да болатынына сенушілік орын алды. Рухтарға сену бірқатар ырымдарды орындаумен қатар жүрді. Солардың ішіндегі ең негізгісі – ата-баба аруағын қадір тұту, қасиеттеу, мұның өзі ата-баба рухтарының о дүниеде өмірін жалғастырады деген сенімнен туындады. Бұл наным қазір де өзінің маңызын жоғалтпаған, өйткені ол уақыт пен кеңістіктің өзара байланысын, өмірдің мәні мен мақсатын айқындай отырып терең философиялық және рухани-адамгершілік қуатқа ие. Осы наным арқылы жас ұрпақты дүниеден өткен ата-баба аруағын қастерлеуге тәрбиелеу және түркі мәдениетін тарих толқынында болашаққа жеткізу, сондай-ақ өз халқының тарихын қастерлеуге тәрбиелеу іске асырылды, мұның өзі уақыттар байланысын сезінуге мүмкіндік беретін еді. Сондықтан да қайтыс болғандарға байланысты жасалатын ырым-жоралғылар, әсіресе құрбандыққа мал шалу сияқты рәсім көптеген түркі халықтарында осыған ұқсас ислам дәстүріне қарағанда анағұрлым терең мәнге ие.

Ислам дінін қабылдаған түріктердің арасында Қорқыт атаны қастерлеу бұрынғысынша үлкен орын алды. Көшпелілер үшін ол Тәңірімен арадағы байланыстырушы күш болып есептеледі. Түріктер Қорқыт ата әр түрлі дерттен жазылуға көмектеседі деп және жау шапқыншылығынан және басқа да бәле-жаладан қорғайды деп сенді. Аңыз бойынша, ол тек өлімнен құтылудың ғана амалын таппаған. Бұл сенімдер әрбір түрікке жақын болды және белгілі дәрежеде әлі күнге дейін сақталып отыр. Қорқыт ата сәбилерді ауру-сырқаудан, тағдыр тәлкегінен, т. б. қорғайды. Қыпшақтар арасында кең тараған аңыз бойынша Қорқыт ата жаңадан туылған балаға ат береді, өйткені Тәңірі Қорқыт ата арқылы адамдарды дүниеге келтіреді деген сенім болған.

Жалпы, адамзаттың өзін тану, өзін қоршаған әлемді тануға ұмтылуының нәтижесі ретінде пайда болған дүниетанымының, әр түрлі халықтардың діндерінің әрдайым біріне бірі ықпал етіп, бірін-бірі толықтырып отырғаны тарихтан белгілі. Осы орайда ең алғашқы монотеиістік дін ретіндегі тәңіршілдіктің және осы дінді ұстанған түркілердің дүниетанымының, салт-санасының басқа діндерге ықпалы туралы да айта кетейік. Түркі халықтары (соның ішінде қазақтар) күні бүгінге дейін таңның атуы мен күннің батуына дейінгі уақытты беске бөледі: таң, сәске, түс, екінді, ақшам. Осы дәстүр Сырдария бойында туған заратуштра діні арқылы иудаизмге ауысты, одан ислам дініндегі бес уақыт намаздың орнығуына себепші болған болуы керек.

Сонымен бірге ең алғашқы монотеистік діндердің бірі ретінде тәңіршілдік христиан дініне де ықпал еткен. Кавказ христиандары ең бірінші болып тәңіршілдіктің кейбір қағидаларын (ережелерін) қабылдағаны белгілі. Осылайша олар діні бойынша түрік – қыпшақтармен жақындасты, соңғылар осыған жауап ретінде өз кезегінде «Тәңірінің ұлы – Христосты» мойындайды. 452 ж. Рим папасының Римді талқандама деп жалбарынып, ғұн патшасы Аттиланың алдында тізе бүккені белгілі. Алайда Аттиланы тоқтатқан папаның бұл жалбарынуы емес, оның қолындағы Тәңірінің белгісі – крест еді- дейді М.Аджи [1, 132]. Алайда соңғы жылдары археолоттар, бұл пікірді, яғни христиан дінінің тәңірі дініне ықпалы болды деген пікірді жоққа шығаратын бұлтартпас айғақтар тапқан. Сібір археолоттары ортағасырлық түркі қаласы Беленжарды қазған кезде храмдардың қалдықтары мен көне крестер табылды [7, 41]. Храм заттарының бетіндегі бұтақтары өзара тең крест кездейсоқ құбылыс болмаса керек. Бұл Тәңірі діні бойынша тұрақтылық пен мәңгіліктің символы болған,-деп жорамалдайды зерттеуші Н.С. Бакина [8, 87]. «Мальта» формасындағы, яғни өзара тең жақты крест Еуропада тек XV ғ. ғана пайда болған (бұл да сонда). Ал Орталық Азия даласында пайда болған храмды VIII ғ. арабтар қиратқан екен. Мұның өзі бұл крестің Тәңірі дініне христиан дінінен енбегендігін, керісінше бұған қарама-қарсы процесс болғанын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Аджи М. Полынь половецкого поля. – М., 1994. - 215 б.
2. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы, 1989
3. Алексеев Н. А. Ранние формы религии тюркоязычных народов Сибири. Ново¬сибирск: Наука,. 1980. - 318 с.
4. Аюпов Н.Г. Тенгрианство. Учебное пособие. Алматы, 1998
5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі: (Диуани лұғат ат-турк). Аударғандар Қ.Бекетаев, Ә.Ибатов. - Алматы, 1993
6. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. (YI-нач. ХШ вв.) –Алма-Ата, 1986
7. Бартольд В.В. Сочинения (В 9-ти томах). Т.1. Туркестан в эпоху мусульманства. –М., 1963
8. Бакина Н.С. История культуры тюрков. Алматы, 1998

Нурмаганбетова А, МЭ-12 тобы студенті
Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент профессор Қабатаева К.Т.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

БІР СЫҢАРЛАРЫ МАҒЫНАСЫЗ ҚОС СӨЗДЕР

Қосарлама сөздердің мағыналық сипаты аса күрделі. Олардың мағыналарын айқындау үшін, әрине, оның жеке-жеке сыңарларының да мағыналық өзгешеліктерін анықтап алу қажет. Компонентінің не біреуі, не екеуі де жеке-дара қолданылмайтын, мағынасы түсініксіз қосарлама сөздер екі түрлі болады: бірінші түрі – бір сыңары ғана түсініксіз сөздер, екіншісі – екі сыңары да түсініксіз сөздер.

Б.Зиядаұлы алдыңғы сыңары түсініксіз қосарлы етістіктерге апырып-жапырып, алап-жалап, ымқырып-қымқырып, желеп-жебеп, ұбап-шұбап деген қос сөздерді мысалға келтірсе, соңғы сыңары түсініксіз қосарлы етістіктер деп асығып-үсігіп, аптығып-үптігіп, ақсап-тоқсап, алдап-сулап, шатып-бұтып, жамап-жасқа, жылап-сықта деген қос сөздерді жатқызады. Ғалымның айтуынша, «Мұндағы түсініксіз делініп отырған жеке сыңарлар қазақ тілінде жеке-дара қолданылмайтын сөздер. Олардың кейбіреуі әуелде дербес қолданылатын сөздер болған да кейін тек қос сөз құрамында ғана сақталған. Мысалы: «сықта» сөзі көне түркі тілінде дербес қолданылған, қазақ тілінде тек қос сөз құрамында ғана қолданылады. Енді кейбіреуі алдыңғы не соңғы сыңардың айтылу ыңғайына қарай белгілі ұйқас, ырғақ негізінде қалыптасқан болуы керек»

А.Ысқақов мұндай қос сөздердің түсініксіз болып немесе мағынасы жоқ сияқтанып көрінген сыңарларын мынадай екі түрлі жолмен пайда болған дейді:

1.Әуел баста дербес мағынасы бар белгілі бір сөз екі рет қайталанып, бірте-бірте оның я бірінші, я екінші компоненті бастапқы өз мағынасын біржолата жоғалтумен (делексикаланумен) бірге дыбыстық жағынан да тиісті өзгеріске ұшыраудың нәтижесінде өзіне тән дербестігінен айырылып, тек өзгермейтін компонентке қосақтасып жұмсалатын қосалқы я қосақтама мүше ретінде ғана қалыптасқан.

2.Әуел баста дербес мағыналары бар басқа-басқа екі түрлі сөз ұдайы қосарланып жұмсала-жұмсала жүріп, бірте-бірте бірде бір сыңары, бірде екеуі де бірдей өз мағынасын я біржолата, я жартылай жоғалтып (делексияланып), бастапқы өз дербестігінен айырылып, не тек мағыналы компонентке, не бір-біріне қосарланып қосалқы сыңар ретінде ғана жұмсалатын болып қалыптасқан.

Біз өзіміз жинаған деректегі қос сөздерді сыңарларының мағынасы түсініксіз қос сөздер және екі сыңары да мағынасыз қос сөздер деп екіге бөліп қарастырдық.

1.Бір сыңарының мағынасы түсініксіз қосарлама қос сөздерге мысал:

Айғай-сүрең салып қуғыншылар да келіп қалды. (Ғ.Мүс.).

Текке шіріп далада қалатын тері-терсек, жүн-жұрқа керекке жаратқаным ба? (Қ.Жұмаділов).

Ал енді қуанышың қайырлы болсын, той жаса, жеңеше! – дескен абысын-ажын, қайнаға-қайындардың қостау-қошамет сөздері естіледі.(Қ.Жұмаділов).

Мысалдардығы айғай-сүрең, тері-терсек, жүн-жұрқа, абысын-ажын деген қос сөздердің бір сыңары, мәселен, сүрең, терсек, жұрқа, ажын сөздері жеке-дара қолданылмай, мағынасы түсініксіз болып, тек аталған сөздермен ғана қосарланып жұмсалады.

2.Екі сыңары да мағынасыз қос сөздерге мысал:

Қалың жылқы аттың сауырына соқтығып ұмар-жұмар бірге келе жатқандай сезіледі. (Ғ.Мүс.).

Таңертен тұрсам, қашан кеткенін білмеймін, байғұс қонағым зым-зия. (Ғ.Мүс.).

Қазіргі кезде мағынасы жоқ сыңарлар ерте замандарда өзіне тән мағынасы бар дербес сөздер болғандығы шексіз. Ондай түсініксіз сыңарлар делексикалану нәтижесінде өздерінің әуелгі дыбыстық мүсіндерін өзгертумен бірге жеке сөз ретінде қолданылу қабілеттерінен де айырылып, тек белгілі тіркестің құрамында ғана қолданылып «қосалқы компоненттер есебінде сақталған.

Мысалы, ем-дом дегендегі дом сөзі біршама түркі тілдерінде (мысалы хакастарда) дәрі деген мәнде дербес сөз ретінде кездеседі.

Сонымен, қос сөздер мағыналық та, формалық та, грамматикалық та ерекшеліктері мол өз алдына категория екенін, бұл категорияның өзін тән шығу төркіні, даму, қалыптасу заңдары бар екенін көреміз.

Жинақы мағына беретін мәндес қос сөздердің бір сыңары әдеби тілімізде дербес лексикалық мағынада жұмсалғанымен, олар түркі тілдерінің бірінде, не монғол тілінде сол мағыналы компонентінің мәнінде қолданылады. Мұндай «сыңар» мәндес қос сөздердің лексика қорын байытуда және қазақ тілін тарихи зерттеуде алатын орны айрықша. Мысалы, жолдас-жора сөзін алатын болсақ, жора қазақ тілінде жеке лексикалық сөз ретінде (жолдас мағынасында) қолданыла бермей, тек жолдас сөзімен тіркесте ғана қолданылады.

Жеке тұрғанда лексикалық мәні болмайтын жора сөзі қырғыз тілінде жолдас мағынасында жұмсалады. Сондай-ақ өзбек тілінде, дәл осы мағынада түрікмен тілінде әйел адамның жолдасы мағынасында айтылады.

Ә.Нұрмағамбетов «Қос сөздердің құпиясы» деген еңбегінде бірен-саран, қыз-қырқын, жақын-жаран, жүдеп-жадау, киім-кешек, жамап-жасқау, азын-аулақ, асығып-үсігіп, айт-үйт, алдап-арбау, үйлі-баранды, үрім-бұтақ, сәлем-сауқат тағы да басқа қос сөздердің шығу тарихы жайын қарастырып, өз ой-пікірін айтқан.

Мысалы, бірен-саран сөзі жайында: «бірен» сөзінің түбірі «бір» екені белгілі, оған «ен» жұрнағы қосылған, ал «саран» сөзінің қайдан келгені, қандай мағына беретіндігі белгісіз. Біздің байқауымызша, қазақ тіліндегі «сирек» сөзінің мағынасын туваларда «шаоран», якут тілінде «сидэх», монғолша «сийрен» сөздері береді. Ал бұлардың түбірі – «шаор», «сэд», «сийр» сөздері. Қос сөздердің соңғы буындары үйлес, үндес келетінін ескерсек, «бірен» сыңарына сәйкес келтірудің нәтижесінде жоғарыда көрсетілген түбірлерге «ан» жұрнағы қосылып «шаоран» пайда болған. Осыдан келіп «бірен-шаоран» шыққан. Одан «бірен-саран» сөзі пайда болған дейді.

«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» І.Кеңесбаев: «Бұл тіркестігі сөздер қырғыз тілінде өзара ұйқасып, бірін-серін түрінде келеді. Екінші компонентінің түбірі – сара (жеке, дара, өз алдына). Бұндағы –ен/н көне түркі тіліндегі көмектес септіктің жалғауы: -ын/ін, -ан/ен, -ун/үн деп пікір айтады.

Бірен-саран ұры-қары, баскесері болмаса, қалың ел ерген жоқ. (Ғ.Мүс.).

Сонымен, бұл қос сөз сирек, бір-екеу деген мағынаны білдіреді. Тілімізде саралау деген сөз бар. Ол сұрыптау, іріктеу деген мағынаны білдіреді.

Біздің ойымызша, тіліміздегі саралау сөзі «сара» сыңарымен түбірлес тәрізді. Ал қос сөздердің соңғы буындарының үйлесіп тұратындығын жоғарыда айтқан болатынбыз.

Қыз-қырқын сөзі жайында: «Чуваш тілінде «хир» сөзі біздің қолданудағы «қыз» мағынасын меншіктенеді. Әдетте, түркі тілдерінде «з» мен «р» дыбыстарының орын алмасулары жиі кездеседі. Осыдан келіп біздің тіліміздегі «қыз» сөзі шыққан. Ал қос сөздің екінші сыңарында чуваш тіліндегі «хир» сол қалпын сақтаумен бірге, оған «қын» жұрнағы қосылып, «қыз-қырқын» тіркесінің тууына себепкер болған. Мұнда «қыз» сөзі де «қырқын» сөзі де қыз мағынасын иемденген» десе, Ә.Төлеуов «Слово қырқын в древности означало «рабыня», «невольница», как об этом можно судить по словарю Махмуда Кашкарского». Олай болса, қырқын – күң, кіріптар әйел мағынасында дейді.

М.Қашқари сөздігінде жоғарыда айтылғандай «Қыз-күң», «қыз-қырқын-күндер» деп берілген.

Біздің ойымызша, екі ғалымның да айтқан пікірлері дұрыс, шындыққа жанасады. Қалай десек те «қыз-қырқын» қос сөзі қыз-қыз көп деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Онда да лық толы қыз-қырқын, жігіт-желең.*(Қ.Жұм.).

Бүгінгі күн осындай ғып,дақпыртын көрген кәрі-құртан, жігіт-желең, қыз-қырқын, қатын-бала, әрине, бұл уақиғаны оңайлықпен ұмытпайды.(М.Ә.).

Жақын-жаран. Мысалы: *Күдері де осынау аға-жеңге, жақын-жаранмен қоштасар қимас сәтте томағасын алған бүркіттей дүр сілкініп, шын шабыт үстінде тұр еді.* (Қ.Жұм.).

Ә.Нұрмағанбетовтің пікірінше «жаран» сөзінің түпкі төркіні парсы тіліндегі «йар» «дос» деген мағынаны білдіреді. Ал «йар» сөзінің көпше түрі парсы тілінде «йаран» болып келеді. Осыған қарағанда «жақын-жаран» қос сөзі «жақын-дос» деген мағынаға жақындайды.

Сонымен бірге тілімізде «жат-жаран» деген қос сөз бар. Мысалы: *Жат-жарандар кетіп, енді тек өз шаруасындағы адамдар ғана қалған соң, бұйрықтарын қысқа-қысқа, ащық-ашық берді.* (Ғ.Мүс.).

Ғалым А.Ысқақов айтқандай, қос сөздердің қайшы мәндес (антоним) сыңарлардан да жасалатынын ескерсек Ә.Нұрмағанбетовтың жорамалы дұрыс сияқты.

Бөлек-салақ. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Бөлек-салақ – бөлек жүрген, басы артық» деп берілген.

Ә.Нұрмағанбетов аталған қос сөз жайында: «Біздің байқауымызша, біздегі «бөлек, жеке, дара, бөліну» сияқты сөздер моңғол және қалмақ тілдерінде «салах» (монғол тілінде), «салх» (қалмақ тілінде) түрінде айтылады. Біздің тіліміздегі қос сөз құрамында кездесуіне қарағанда «салах» сөзі ертеректе қазақтарда болғанға ұқсайды».

Тілімізде салақтау етістігі бар. Біздің ойымызша, «салақ» сыңары осы салақтау етістігімен түбірлес. Себебі салақтап тұрған нәрсе бөлек, жеке тұрады емес пе? Оны мына сөйлем арқылы да дәлелдеуге болады: *Белбеулеріне байлап алған мыс шәугім, жез құман, қалайы шелек секілді бөлек-салақтары да толып жүр.* (Қ.Жұм.).

Бұл мысалдағы мыс шәугім, жез құман, қалайы шелек сияқтылар белбеулеріне байлап алғандықтан, бөлек яғни салақтап жүр.

Келін-кепшік. «қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: жас әйелдер, келіншектер деп түсіндіріледі.

Бибі бұл сапарға көптен бері дайындалып, ата-енесіне апаратын сыйлықтарын, келін-кепшік, бала-шағаға үлестіретін тәтті дәмді базарлығын алдын ала әзірлеп қойған-ды.(Қ.Жұм.)

Ақ шаршы, кестелі кимешектерін әсем ғып салған күлкіші келін-кепшіктер де көп.(М.Ә.).

Бұл қос сөздің бірінші сыңары түсінікті болғанмен, этимологиясына үңіліп көрсек, көне түркі тілінде «келін» сөзі «кел» деген етістіктен шыққан. «Кел» - бір-біріне қосылу деген мағынада. Сонда «келін» - үйге бір адам қосылды деген мағына береді. Мұндағы –ін- етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ.

Ал қос сөздің құрамындағы «кепшік» сыңары «кел» етістігінің «кеп» болып өзгерген түрі деп жорамалдаймыз. –шік – кішірейту мағынасын тудыратын жұрнақ. Мысалы: үйшік, інішек.

Бұл сөздің екінші сыңары кедей-кепшік қос сөз құрамында да келеді.

Бұл екі қос сөз де менсінбеу, қомсыну мағыналарын білдіріп тұр. Әуел баста келін-кепшік, содан кейін кедей-кепшік пайда болса керек.

Дау-шар. Р.Сыздықова «Сөздер сөйлейді» деген еңбегінде дау-шар қос сөзі жайында: Шар сөзі ертеде «дау, жанжал» мағынасында қолданылған. Мысалы, «Қобыландыда»:

Шарға салып басыңды

Бола көрме сен құмар.

Дау-шар қос сөзінен өзге, бұрын біреудің басын шарға салу, ісін шарға жіберу деген тұрақты тіркестер болған деген.

Ал «қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: Шар. 1.Өз диаметірінің айналасында айналудан пайда болған геометриялық дене, доп-домалақ нәрсе. 2.Тарихи . Октябрь революциясын бұрынғы қазақ өмірінде дауыс бергенде салатын домалақ тас деген мағыналарын келтіреді.

Алайда жоғарыда «Қобыландыдан» келтірген мысалда болыстық сайлау туралы әңгіме жоқ. Сонда шар сөзі дау деген сөздің синонимі сияқты. Мағынасы бірдей екі сөздің қосарлана жұмасалатыны бізге білгілі. Тілімізде оны плеонастикалық құбылыс дейді.

Бір-біріне тәуелділігі синтаксистік байланыс негізінде құрылған, оның тәуелді сыңары (көбіне бірінші бөлігі) тіркестегі негізгі сыңардың мағынасын ерекше анықтап немесе әсірелеп күшейте аларлықтай дәрежедегі, мағына жағынан жақын немесе айқындауыш-анықтауыш қатынастағы синоним сөздердің кез келген тіркестерін плеоназм деп санауға болады. Мысалы: зәулім биік, кәрі шал.

Тілімізде екі мәндес сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейтеді. Мұндай сөз қолданысын тіл білімінде плеоназм немесе плеонастикалық сөз тіркесі деп атайды.

Дүниеінің дау-шарынан,үскірік-ызғарынан құға беріс, жалғыз жылы ұясы бар еді. (Қ.Жұм.).

Осындағы дау-шар қос сөзінің де плеонастикалық құбылыс арқылы жасалғандығы көрініп тұр.

Осыдан байқағанымыздай, қос сөздердің құрамында да аталған құбылыстардың жиі ұшырайтындығын аңғаруға болады. Сондықтан Р.Сыздықованың пікірін бізде құптаймыз.

«Қазақ грамматикасының» авторлары былай дейді: «Дау-шар – қосарлы зат есіміндегі шар сөзі түсініксіз. Көне ұйғыр тілінде сар/шар сөзі – жауыздық бәле деген мағынаны білдірген. Араб тілінде шар сөзі – бәле, жала мәнінде жұмсалады».

Жүдеп-жадау. Ә.Нұрмағанбетов бұл сөз турасында былай дейді: Қырғыз тілінде «жада» сөзінің мағынасы әлсіз, шаршаған, хакаша – «чадап» әрең, зорға, монғолдарда «ядан» - әзер, зорға, манжур тілінде «шада» - шаршау, қалжырау, әлсіздену деген мағыналарды білдіреді. Осы деректерге қарасақ, «жүдеу» мен «жадау» арасында мәні жағынан айырмас барын ажырату қиын емес. Жүдеудің дәл мағынасы – еті жұқарып, арықтау болса, ал жадаудың мағынасы – жүдеу сөзінің нәтижесінен туған – шаршау, әлсіреу, зорға қозғалу мағынасын білдіреді. Егер ойымыз орынды болса, жүдеп-жадау дегеніміз жүдеп-шаршау болып шығады.

«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» жадау сөзінің түркі тілдеріндегі бірнеше баламаларын келтіре отырып: «Түркі тілдерінің даму барысында болған қатаң дыбыстардың ұяңдану, тіл арты дыбыстарының тіл алды тіл алды дыбыстарға айналау нәтижесінде «jadar» сөзі қазақ тілі үшін жадау-жайау болып өзгерген де, екеуі де екі мағынаға ие болып қалыптасқан. Жадау сөзінің осы фонетикалық формада сақталуына оның жүдеу сөзімен тіркесіп қолданылуы себеп болған және оның семантикасы «атсыз» деген мағына емес, жүдеу сөзінің мағынасын қайталап, күйзелген деген мағыналарды білдіреді» делінеді.

Идиомалану, лексикалану, гармматикалану процестері – қос сөздерге тән қасиет. Қос сөздердегі бұл процестер практикада үнемі, әрі жиі қолданылудың нәтижесінде кейінгі замандарда пайда болған құбылыстар.

Қорыта келгенде, тіліміздегі бір сыңары мағынасыз қос сөздердің сыңарларының бір кездерде түсінікті немесе монғол, түркі тілдерінде мағыналы сөз болғандығын байқадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Зиядаұлы Б. Қазіргі қазақ тіліндегі қосарлы етістіктер. Ф.ғ.канд...авторефераты. – Алматы, 1995.

2.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. –Алматы, 1986.

3.Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. –Алматы Мектеп, 1986.

4.Әжібекова Г. Плеоназмдарды мағынасына қарай топтастыру //Қазақ тілі тарихы лексикологияның мәселелер. –Алматы: Ғылым, 1988. – 198 б.

5.Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.- Алматы: Санат. 1997. -256 б.

6.Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002, -783 б.

7.Момынова Б., Саткенова Ж. Қазақ тілі морфологиясы. Есімдер. –Алматы: Арыс.2007. 64.

8.Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. –Алматы: Ана тілі, 1991.

Ныгметдолда Н., 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі - педагогика пәнінің оқытушысы Қоранова А.М.
Абай Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлы-техникалық колледжі,
Саран қаласы, Қарағанды облысы, Қазақстан Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ ЕЛЖАНДЫЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

«Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде қызмет ет»
(Б. Момышұлы)

Қазақ халқы үшін тәуелсіздікке қол жеткізу қараңғы түннен жарық іздеумен тең еді. Алайда біз ата-бабаларымыздың маңдай терінің арқасында сол асқақ шыңның басындағы тәуелсіздігімізге қол жеткізіп отырмыз. Енді осы ұлы аманатты ұрпаққа жеткізу, қазақ ұлтын «Мәңгілік елге» айналдыру біздің ұлт алдындағы борышымыз. Ал «Мәңгілік ел» қандай болады? Ұлттық рухы, салт-дәстүрлері, адамгершілік қасиеті, тарихы, бірлігі сақталған ел кез-келген сынаққа қасқая қарсы тұра біледі.

Тәуелсіздік алғалы елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халық дамуы үшін өзге халықтан кем болмасын деп қолдан келгенін аянбады. Бірақ біз материалдық мәдениетке көп мән беріп, рухани құндылықтарымыздан қол үзіп бара жатқандаймыз. Елбасымыз көреген кісі ғой, мұны да шектен тыс қалдырмады. Ұлттық құндылықтарымыз жаңғыру жолында «Рухани жаңғыру» жолдауын халыққа ұсынды. Елбасымыз өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: « Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді»- деп атап көрсеткен болатын. Білімді жастарды елжандылыққа тәрбиелеудің басты назарда тұратынын Елбасымыз мына мақаласында түйінеп көрсеткен: « Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады». Бол жолдаудағы жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық құндылығымызды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніміз құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ ұлттық

құндылығымызды сақтаймыз деп ұлттық санамызға сіңген жалқаулық, кертартпаушылық сынды халқымызды құлдырататын әдеттерден арылғанымыз жөн. Керісінше, бәсекеге қабілетті, ұлттық санасы оянған, адамгершілігі мол жастарды шыңға көтеруіміз қажет.

Бұл бағдарламаның ерекшелігі бұған дейінгі мемлекеттік бағдарламалардың бәрі экономиканы, әлеуметтік және саяси салаларды дамытуға негізделсе, «Рухани жаңғыру» тұтас бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, болмысын, салт-дәстүрін жаңғыртпақ. Елбасымыз бұл бағдарламаның ұзақ мерзімді жоба екенін, оны жүзеге асыруда асығыстық танытпау керек екенін бірнеше рет айтты. Сонымен қатар Елбасымыз көздеген мақсатқа жету жолында алты басым бағытты –көздеген. Оның алғашқысы латын әліпбиіне көшу. Елбасы 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып қазақ әліпбиінің стандартты нұсқасын қабылдау керектігін айтқан. 2025 жылға қарай елдегі барлық құжатнама, ресми іс-қағаздар латын қарпінде жазылмақ. Дегенмен халық латын әліпбиіне толық үйренбейінше кирилл әліпбиі қолданыстан толық шығып қалмайды деді Елбасымыз. Бұдан өзге «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаңа гуманитарлық-білім». Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Жаһандағы заманауи Қазақстандық мәдениет», «Туған жер» бағыттары бойынша жұмыстар жүзеге асуда. Мұндағы «Туған жер» бағдарламсына ерекше көңіл бөлініп отыр. Аталған жобаның басты-мақсаты ауыл-аймақтардағы мәдени, рухани жағдайды жақсартып, ауыл тұрғындарының әлеуетін арттыру.

«Кез-келген нәрсені өзгерткің келсе өзіңнен баста» деген сөз бар ғой. Алысқа бармай-ақ қояйын, өзім білім алып жүрген Абай Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлы-техникалық колледжінде де мұндай іс-шаралар толастамайды. 2018-жылы колледж студенттер болып «Мұқағали мен Фариза» театрын, Әмре киносын тамашаладық. Әр топтан студенттер жиналып «Карлог» музейіне бардық.Осының барлығын көре отырып біз өзімізді рухани жағымыздан байыта білумен қатар тарихымызды тағы да бір жағына тани білдік. Осы жылы ҚАРМУ студенттері мен колледж студенттер арасында

М. Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Болашағым, сен тұрсаң мен өлмеспін» атты мүшәйра өтті. Мүшайра кезінде студенттер бар өнерлерін ортаға салып, көрерменді аузына қаратты. Көп өтпей «Жастар қаншалықты мәдениетті?» атты дебат өткізіліп, спикерлер өз позициясын қорғап шықты. Апталық соңы М. Жұмабаевтың 125 жылдық мерейтойына арналаған «Көкте күнмін, көпке нұрын шашатын» атты әдеби кешпен жалғасты. 15 наурыз күні Қарағанды қаласының 85 жылдығына орай ұйымдастырылған «Көктем аруы 2019» өткізілді.Әр колледжден небір талантты қыздар қатысып бақ сынады. Біздің колледждің атынан Тілеген Айдана мен Сайлау Әлия қатысып, Сайлау Әлия 3 орынға ие болды. Дәл осылай әр апта сайын біздің колледжден спорттық шаралар, әдеби сазды кештер мен мерекелер толастамайды, әрі бұған студенттер белсенділік танытып қатысады.

Қазіргі заман білімді, еңбекқор жастарды талап етеді. Елбасымыздың 2019 жылды «Жастар жылы» деп атауының да себебі сол. Мемлекетіміздің болашағы біздердің, жастардың қолында.Дәл осынай қарқынмен жалғастырып, өзімізді шыңдаумен болсақ, біз әлі-ақ әлемді аузына қаратқан алпауыт елге айналамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. https:// egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru

2. Қалмырзаев А. Біз-қазақ, ежелден еркіндік аңсаған- Алматы, 1998

3. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның болашағы –қоғамның идеалық бірлігінде. Алматы Қазақстан 1993

Рамазанов Ә.Қ., 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Бейсембаева Б.Ш. - ЖМ «Қазақмыс» коропрациясының Политехникалық колледжінің механикалық пәндер оқытушысы, Балқаш қаласы, Қазақстан Республикасы

РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ПРОБЛЕМАСЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Біз қоғамымызда рухани-адамгершілік құндылықты тек білім арқылы ғана жаңғыртқымыз келеді. Әр адам туа біткен қабілетін толыққанды жүзеге асырғанда ғана өз мемлекетімізге ғана емес, бүкіл жер бетіндегі адамдарға да пайдасын тигізеді.

С.А. Назарбаева

Қазақстан Республикасының «Ұлттық энцикиклопедиясында» адамгершілік ұғымына былай деп анықтама берілген: «Адамгершілік – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы». «Кісілік», «Ізгілік», «Имандылық» тәрізді ұғымдармен мәндес. Халықтық дүниетанымда мінез-құлықтың әр түрлі жағымды жақтары осы ұғымнан таратылады. Мінез-құлық пен іс-әрекеттерде көзге түсетін төмендегідей адамгершілік белгілерін атап өтуге болады: Адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рақымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылық т.б. Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері - оқушылардың белсенді өміршілік позициясын, қоғамдық борышқа сапалық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру. Ол баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы.

Шәкірттердің саналы тәртібі, пайымды мінезі туралы түсінігін қалыптастыру, оған сәйкес сезімін және сенімін тәрбиелеу құлық тәрбиесіне байланысты.

Рухтың мекені — адамның жүрегі. Жүректің жылуы, махаббат, ар - намыс, қайрат - жігер деген сезімдердің барлығы да осы рухтан туындайды.

Түсіну үшін мынадай салыстыру келтіруге болады: Күн - адамның рухы болса, сәулесі - оның ақылы. Рухани бай адам ең алдымен әділ, мейірімді және қанағатшыл болады.

Қазір адамдардың барлығының да көздері ашық, ғылыми- техникалық дамудың шарықтап тұрған кезеңі – компьютер дәуірінде өмір сүріп жатыр. Бірақ бір нәрсе жетіспейді. Бүкіл адамзат соны іздеумен әлек. Ол – рух қажеттілігі, рухани азық.

Рухани азықты тауып, дәмін татып мейірін қандырған адам ғана бұл дүниенің қызыл-жасылы мен баянсыз бақыттарына жүрек байламай, алаңсыз толық қанағат кейпіне келіп, өмірден өзінің нақты орнын табады. Сонда ғана ол өзінің адам деген атына заты сай көзі ашық, көкірегі ояу кемел дәрежесіне жетеді.

Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы - оның халықтық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері болып табылады. Тән азығы мен жан азығының тепе-теңдігін сақтап, әсіресе, жан азығына басым көңіл бөлген халқымыз өміртануды діттеп, оның пәлсапалық заңдылықтарын терең ұғынған. Жан азығынан мақұрым қалған адамның адамдық қасиеті жойылып, оның хайуанға айналатынын ертеден ұғынған халқымыз жан азығын ең әуелі нәрестеге бесік жыры арқылы әуезді әуенмен беруді бастайды, одан соң жас балдырған жеке сөздерді ұғына бастағанда-ақ, оған жақсы мен жаманды ажыратып түсіндіреді.

Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Ол рухани-адамгершілік тағылымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алғаны жөн. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады.

Білім өзінің шынайы міндетіне жауап беруі үшін балаларда жас кезінен бастап, ең маңызды адамдық саналарды - адамгершілікті: сүюді, аяушылықты, төзімділікті,

имандылықты, әдептілікті, мейірбандықты, шыншылдықты және басқа асыл қасиеттерді дамыту керек.

Қазіргі жағдайларда бұны жүзеге асырудың мүмкіндіктері бар:

1.Рухани адамгершілік құндылықтарды кез-келген пәнді оқытудың мазмұнына енгізу;

2.Сыныптан тыс сабақтарды баланың адамдық асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыру;

3.Жеке пән ретінде жүргізілетін сабақтардың бағдарламасына енгізу;

Рухани тәрбие өзінің қуатын әлемнің әрбір құбылысынан алуы мүмкін. Олай болса, кез-келген оқу пәні балалардың адамгершілігін, жақсы мінез-құлығын қалыптастыру құралы бола алады.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы рухани-адамгершілік құндылықтарымен тығыз байланысты болған. Құндылық бағдар жүйесі өздігінен кез келген қоғамның ішкі құрылысын ұйымдастырады және маңызды әлеуметтік жағдайды реттеуде ең маңызды екі сапаға ие: біріншісі тұрақтылық, екіншісі құбылмалылық. Құндылық бағдардың ауысплы, құбыламлы болуы сол қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық дағдарысты немесе қарқынды шапшаң дамуды байқатады деген белгілі француз әлеуметтенушысы Э.Дюркгейм [1]. Қоғамдағы әрбір дағдарыс кейбір құндылықтар мен нормаларды құлдырауға әкелсе, енді біреулері бірінші орынға көтеріліп, жаңа бір әлеуметтік маңызға, жаңа дүниетанымның пайда болуына себепші болады. Құндылық бағдардың астарында мән, мағына, идеал, талап, тілек, қажеттіліктер мен мотивтер сияқты адамның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері жатады.

Тұлғаның құндылық бағдар жүйесі оның жеке басының маңызды мінездемелерінің бірі және оның жеке тұлғасының қалыптасуының негізгі критериясы болып табылады. Тұлғаның құндылық бағдарының даму дәрежесі тұлғаның дамуының деңгейін, оның тұтастығы мен тұрақтылығы жайында ой қорытындылауға мүмкіндік береді.

Құндылық бағдар жүйесі адамның барлық өмір барысында тәрбие мен әлеуметтену процесінде қалыптасады. Тұлғаның құндылық бағдар жүйесінен қандай да бір әрекеттерді орындауға қажет саналы негіздеме болып саналатын іс-әрекет мотивациясы шығады. Әрбір адам белгілі бір қоғамда өмір сүре отырып, өзінің рухани, материалды, әлеуметтік, физикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысады [3].

Сара Алпысқызының авторлығымен енгізілген «Өзін-өзі тану» адамгершілік – рухани білім беру бағдарламасының маңызы өте зор, сырлы әлемге толы дүние. Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.Ұрпақ тағдыры- ұлт тағдыры демекші , ұлттың болашағы – оның білімді , талантты, адамгершілік асыл қасиеттерді бойына сіңірген тәрбиелі ұрпақтың қолында . Рухы күшті ұлт озады. Бұл тұрғыдан алғанда жас ұрпақтың рухани мәдениетін арттырып, көркемдік әлемін байытуда, дүниетанымын қалыптастыруда «Өзін-өзі тану» адамгершілік –рухани білім беру бағдарламасының орны ерекше. Бала тәрбиесі – адамзатты толғандырып келе жатқан өмірдің өзекті мәселесі. Баланың бойындағы ізгілікті мақсат, көтеріңкі көңіл-күй, өзіндік ерекшелігі арқылы өз ортасына деген сүйіспеншілік, сыйластық, бауырмалдық, жауапкершілік, кішіпейілділік секілді асыл қасиеттерін шыңдауға болады.Адамның мінез-құлқының қалыптасу негізінде ар- ұят, өзін-өзі бақылау, бағдарлау мен адамгершілік рухани жан дүниесін байыту арқылы жетуге болады. Шындығында адамзат табиғаттың ажырамас бір бөлігі, адам табиғатта тіршілік етеді, оның мөлдіреген суын, биік тауларын, бұлттарын, әсем де ерекше жыл мезгілдерін көріп тамашалай отырып, бір-бірінен нәр ала отырып, адамзаттың өсіп-өнуіне жол ашады. Алдымызда тұрған жас ұрпақтың, тәлім-тәрбиесі, ұлт мақтанышы, тұғыры биік тұлға ретінде қалыптасуы — халқымыздың бай тарихымен тәрбиелеу арқылы жүзеге асады

Қазіргі кезеңде жоғарғы оқу орнында білім берудің жаңашылдық бағытына сай, студенттердің құндылық бағдарын тереңдетіп, шығармашылық дербестігін қалыптастыру —

кәсіптік білім берудің басты мақсаты. Өйткені қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, әлемдік ортада алдыңғы шептен орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің жаңа сипаты – жаңа оқыту технологияларын, оқу ақпараттарын ұтымды қолдану, шығармашылық оқыту түрлерін кеңінен пайдаланумен тығыз байланысты.

Біздің мақсатымыз студент жастардың құндылық бағдарының ерекшеліктерін анықтау. Өйткені студент жастар қоғамдағы жаңашыл идеяны қуаттап, қоғамдағы рухани-мәдени құндылықтарды дамытуда ерекше орын алады. Борис Герасимович Ананьевтің ойынша, студенттік кезеңде жастардың құндылықтар жүйесі мен қатар мотивтік өрісінде кеңінен жаңаша өзгерістер пайда болады. Осы өзгерістер көптеген арнайы әлеуметтік қабілеттіліктердің пайда болуына себеп болады, мысалы, өмірдің мән-мағынасын іздеу, болашаққа жоспар құру, таңдаған мамандыққа байланысты терең білім алу, өзінің рухани-адамгершілік құндылықтар шеңберінде дүниетанымын кеңейту т.б. оларды жай ойландырып қана қоймай, белсенді әрекетке итермелейді [4].

Олай болса, күндізгі бөлімде оқу студенттердің тек білім деңгейіне ғана емес, сонымен қатар олардың рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесі тереңдейді, өздерін сыйлайды және өзгелерді құрметтеп, өзін қоршаған адамдармен мәдениетті қарым қатынас құруға ықпал етеді.

«Материалдық байлық», «махаббат», «сауық сайран», «сенімді достар», «бақытты отбасы» құндылықтары бойынша статистикалық айырмашылық байқалмады. Өйткені бұл құндылықтар студенттер үшін өзекті белсенділік танытатынын байқадық.

Сонымен, колледж және жоғары оқу орындарында студенттердің құндылық бағдарының тереңдеуіне жүйелі жүретін оқу тәрбие жұмыстарымен қатар, сабақтан тыс ұйымдастырылатын танымдық үйірмелер, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша конференцияар, пәндік олимпиадалар, диспуттар т.б. тиімді ықпал етеді.

Ел ұлағатты ұрпағымен күшті мемлекет болмақ демекші, еліміздің ертеңі жастардың бойына сіңірген құндылықтарымен тығыз байланысты. Отан сүйгіштік, еңбекқорлық, жауапкершілік, мәдениеттілік пен инабаттылық қашанда жеке тұлғаның бетке ұстар адами қасиеттері болып табылады. Осы құндылықтарды күнделікті ұстанған адам өзінің жарасымды қылықтарымен қоршаған ортасында беделге ие болып, көздеген мақсатына жете алады. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу —біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

«Адамгершілік — асыл қасиет» демекші жастар бойымызға рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды, т.б. адамдық асыл қасиеттерді ешқашанда жоғалтпайық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

С.Қабдиева. Ұрпақ тәрбиесіндегі адамгершілік мәселелері. //Бастауыш мектеп, №2, 2005. –Б.26-29.

Т.Сламбекова.Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу — басты мақсат Бастауыш мектеп, №2, 2004. –Б.5-8.

Философиялық сөздік../Ред.кол Р.Н.Нұрғалиев, Ғ.Ғ.Ақмамбетов, Ж.М.Әбдильдин және т.б.-Алматы:Қазақ университеті, 1996. — Б.525.

Макаренко А.С. Цель воспитания.Соч. в семи томах,5 том. –М, 1958.

Рая Рачева Попова
Научен ръководител - PhD, професор Вълчев Генчо Василев
Тракийски университет – Стара Загора, България

КУКЛАТА КАТО ИНСТРУМЕНТ НА ИНТЕГРАЦИЯТА ПРИ ДЕЦА – БИЛИНГВИ

Образователната интеграция подпомага реализирането на правителствената политика по отношение на образователните потребности на децата и учениците от етническите малцинства. Г.Вълчев, основавайки се на множество изследвания обобщава: „За да се случи преходът от дискриминация и сегрегация към развитието на потенциала на всяка отделна личност, трябва да се променят нагласите на всички участници в процеса: децата със СОП; техните родители; общностите, в които живеят, местната администрация и т.н.; педагозите и непедагогическият персонал на общообразователните училища, в които ще отидат; децата в училище и техните родители; директорите и администрацията във всички нива на образователната система; политическите субекти и общественото мнение.“(Вълчев,Г.,2018,с.471). В изпълнение на стратегията за образователна интеграция на децата и учениците от етническите малцинства прилагаме творчески подходи с цел обогатяване на понятийния апарат и езиково – говорното развитие.

В далечната 1925 година в Сливен е построено училище с две класни стаи, носещо името на българските възрожденци Димитър и Константин Миладинови. През 1930 г. класните стаи се увеличават с две, а през 1951 г. собствеността на училището се узаконява. Днес училището е най голямото в областта и в него се обучават 1300 ученика от ромски произход. Всички те живеят в кв.”Надежда” при маргинални условия. Маргинализацията представлява социално изключване и в социологията с този термин се обозначава изтласкването на социални групи, общности или отделни индивиди в "покрайнините" на социума.

Учениците израснали в затворената среда на ромското гето до постъпването си в училище са общували предимно на майчиния си ромски език. През учебната 2018 – 2019г. в училището функционират общо десет подготвителни групи. Пет групи за деца, които са на пет години и пет групи за деца, които са на шест години. В ОУ «Братя Миладинови» – Сливен образователната интеграция е процес, насочен към:

• осигуряване на равен достъп до качествено образование за всички деца и ученици;

• успешна социализация;

• съхраняване и развиване на културната идентичност.

Куклотерапията е раздел от арттерапията, в който куклата се използва с цел психокорекционно въздействие и като преходен обект между педагога/психолога и детето. Корекционната работа през кукла се извършва в образователната институция от учебната 2017 – 2018г. Идентифицирайки се с определен образ, детето в условна ситуация прави проекция и ни разкрива част от своя вътрешен свят. Куклотерапията като метод е основана на процеса на идентификация на детето с любими герои от приказки или анимации. Чрез куклата в процеса на игра детето опознава реалния свят, социалните отношетия в него и активно трупа опит посредством участието си в игровата ситуация. Хората отдавна вярват, че куклата притежава тайнствени магически сили. В Русия съществува легенда, в която се разказва, че в християнско семейство се разболяло момче. То непрекъснато питало баща си кога ще дойде лятото. За да облекчи страданията на детето си бащата направил птици и ги окачил по тавана. Детето ги видяло и оздравяло. В Русия кукла се дарява на новородено за защита от зли сили, на жената - против безплодие, на бременната – за леко раждане. До началото на XX век, театърът е бил привилегия изключително на възрастните. Самата практика за лечение посредством кукли съществува отдавна. Например, невропатологът Малкъм Райт от Уелс още в 1926 година и използвал кукли и куклен театър при невротични пациенти.

Целите, които екипът от психолог, логопед и специален педагог си постави при използването на куклата като инструмент на интеграцията при деца билингви са следните:

- повишаване на социалната адаптация;
- обогатяване речниковия запас под формата на игрово взаимодействие с педагога, логопеда/психолога;
- развитие на самоценката;
- разрешаване на конфликтни оношения посредством творчески дейности;

- подпомагане на децата/учениците да се справят с болезнени душевни преживявания, свързани с процесса на интеграция;
- повишаване на мотивацията за полагане на учебен труд;
- укрепване на психическото здраве.

В процес на работа чрез кукла с децата насочихме усилията си в следните области:

- Комуникативна;
- Емоционална;
- Куклата служи да обединява децата в група, колектив;
- Релаксационна – понижава емоционалното напрежение;
- възпитателна – насочена към промяна;
- Формира личности посредством игрови модели на жиейски ситуации;
- развиваща – развива психическите процеси (памет, внимание, възприятия и д. р.), фина моторика;
- обучаваща – обогатява понятийния апарат и речниковия запас с информация за заобикалящата детето социална среда.

Методика на психолого – педагогическия експеримент:

1. Диагностика на детето/ученика.
2. Обсъждане на решението с екипа.
3. Подготовка за представяне на етюд:

- избор на сценарии,
- емоционална подръжка на детето,
- изготвяне на куклите,
- създаване на образ на куклата,
- вживяване в образа на куклата,
- изучаване индивидуалните особености на детето.

Куклите изготвяме с помощта на детето. Процесът на израбоване на куклата също се явява корекционен. Увлечени в изработването на самата кукла децата стават по – комуникативни, по - спокойни и уравновесени. По време на работния процес се развиват психичните процеси:

- внимание,
- Памет,
- творческо мислене,
- Реч.

До тук сме работили с плоски кукли от хартия, кукли от картон, кукли от дървени лъжици, както и с готови текстилни кукли за куклен театър /мъпет кукли/.

В заключение: играта с кукли това е реалността, в която живее детето. Куклотерапията позволява да се обединят интересите на детето и коррекционните задачи на психолога, логопеда и педагога, дава възможност за естествено и безболезнено съдействие и насочване на детето от страна на възрастния.

Използваният метод цели развитие на комуникативните умения при деца - билингви, профилактика на дезадаптивното поведение, корекция на протестното, оппозиционното и демонстративно поведение в образователната институция.

ЛИТЕРАТУРА

1. Вълчев, Г. (2018) Приобщаващото образование – еволюция на образователната десегрегация, Е.сп.“Педагогически форум“(изв.бр. „XVIII Национален педагогически форум с международно участие“), ISSN 1314-7986, ТрУ-ДИПКУ, Ст.Загора
2. Илиева, М. (2012) «Съвременни образователни тенденции и предизвикателства в предучилищното образование и ранната детска възраст на ромските деца в България», II Есенен научно-образователен форум «Съвременни предизвикателства пред учителската професия», СУ «Св. Кл. Охридски»- ДИУУ, 24-25 ноември 2012г.

3. Илиева, М. (2012) «Образователни тенденции и предизвикателства в предучилищното образование и ранната детска възраст на ромските деца в България», сб. «Съвременност и традиции в предучилищното образование», ЧСОУ «Делфините», април 2012г., стр. 47-51

4. Илиева, М. (2011) «Ефективни подходи за насърчаване на ранното детско образование в ромски общности», сб. «Образователни стратегии, иновации и модели», Тракийски университет – ДИПКУ, гр. Стара Загора, 2011г., XII Национален педагогически форум с международно участие», ISBN 978-954-691-069-1

5. Стойков, А. (2008) Игровите технологии за общуването на децата. В: Предучилищно възпитание, София, № 6, 2008г., стр. 25-30

Речинская А.А., студентка 2 курса
Научный руководитель - Габидуллина И.В., преподаватель русского языка и литературы КГУ «Карагандинский технико-строительный колледж»,
г.Караганда, Республика Казахстан

МӘҢГІЛІК ЕЛ - СТРАНА МЕЧТЫ

Человек родится в конкретном месте – деревне, поселке, городе. Это – его малая родина. Где бы впоследствии не жил взрослый человек, его постоянно тянет на родину, ему хочется пройти по родной улице, постоять у родного дома…

Но у всех у нас есть общая большая Родина. Это – наша страна. Со всеми ее лесами и горами, реками и озерами, городами, деревнями и поселками. Как дорога человеку его Родина, он понимает, когда, например, надолго уезжает за границу. Как бы хорошо ни жилось ему там, он начинает сильно скучать по своей стране, по ее людям, родному языку…

Замечательные слова сказал Д.С. Лихачев: "…В жизни человека огромную роль играет Любовь. Сперва это любовь к своим родителям, к своей семье. Потом это любовь к своей школе, к своему классу, к своему селу или городу. Еще одна важнейшая ступень – любовь к своему народу, к своей стране. Любовь к своей стране и своему народу… приносит ему настоящее счастье…"

Чтобы понимать настоящее и предвидеть будущее, надо знать прошлое. И только гордость за прошлое и настоящее порождает и формирует чувство патриотизма. Народ умирает, когда становится населением, а населением он становится тогда , когда забывает свою историю, поэтому необходимо знать историю своего государства.

Казахстан! Древняя, седая страна… Бескрайняя, бесконечная степь… Когда – то, на закате своей жизни, покидая знаменитую столицу Золотой Орды, Бату – хан шел умирать туда, где «солнце клонилось к краю земли, седая дымка затягивала степные дали».

Не знаю, как тут объяснить,
Но без тебя мне не прожить, -

писал о родной степи, о родной земле М. Жумабаев, гонимый из родных просторов судьбой ли, временем ли.

Степь казаху мила всегда – и в мирное время, и в годину смуты, когда сотрясают её копыта коней, несущих на себе смелых батыров. И всегда, во все времена жила казахская земля мечтой о счастье, согласии, мире. На стеле Культегина была высечена мечта о единстве народа и великом независимом сильном государстве тюрков. Подлинный сын степей, моралист, философ Асан Кайгы мечтал преобразовать родную степь в край изобилия и достатка, в обитель, где будет хорошо всем, и бедным и богатым, где нет «ни зимы, ни зноя, где птицы гнездятся на спинах овец», и назвал ее эпически обетованной землей - Жер Уюк. Асан Кайгы считал, что Жер Уюк должна стать местом счастья и равноправия людей. И независимо от условий жизни, человек должен быть искренним и честным, боясь как огня «ложных показаний», «дурного слова», потому что именно с ними связано «зло» на земле. На быстрой, как ветер, верблюдице Асан - ата объездил все стороны света, однако нигде не

смог найти Жер-Уюк. Неутомимый искатель счастливой земли, выразитель чаяний людей верил, что рано или поздно такое место найдется.

С верой в счастливое будущее жил наш народ всегда. В суровые годы войны, когда, как набат, стучались в дома похоронки, сострадательная казахская земля стала домом, кровом, семьей для сотен тысяч женщин, детей разных национальностей. Мечта о мире, о счастливом завтрашнем дне объединяла людей, давала силы, укрепляла дух. Герой повести М. Магауина «Дети одного отца» Зигфрид, нашедший, как и Яков, и Рашид, в казахском ауле свою родину, став взрослым, скажет: «…мы все русло одной реки, …если хотите, члены одной семьи, сыны одного улуса». Сформировавшаяся на казахской земле многонациональная семья искала, как и «печальник» Асан, путь к жизни без нужды и горя, вражды и ненастья.

Выстояла наша страна, выдержала, как священный саксаул из романа Елубаева «Одинокая юрта», бури и невзгоды. Мечта далеких предков воплотилась сегодня в Республике Казахстан, которая стала родиной для представителей многих этносов, волей судьбы оказавшихся на нашей благодатной земле.

Чтобы государство успешно развивалось, воплощая в жизнь планы и мечты, обществу нужна национальная идея. И она прозвучала в Послании Президента Н. А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее». Лидер нации провозгласил национальную идею «Мәңгілік Ел», которая рождена всем тысячелетним историческим опытом казахского народа, казахстанским путем, пройденным за годы независимости. «Мәңгілік Ел», - это новая идеологическая концепция страны, направленная на объединение, сплочение и согласие казахстанского народа

Главная идея Послания 2014 года - «Стратегия «Казахстан -2050» – это реалистичный план по построению Казахстана будущего на благо всего народа и каждой семьи. Это наш путь продвижения в тридцатку развитых экономик мира. Послание Главы государства является конкретизированным руководством для дальнейших действий по достижению поставленных целей, нового этапа процветания нашего государства. Реализация Стратегии – наш общий долг и достойная цель, отметил Лидер Нации. В своем Послании Глава государства отметил, что «каждый должен понимать и знать, что в рыночных условиях не надо ждать манны небесной, а нужно эффективно трудиться. Задача государства - создавать для этого все условия». Стратегия «Казахстан-2050», состоящая из нескольких блоков, позволит Казахстану постепенно не только укрепить экономику, но и достойно предстать на мировой арене. А достигнуть намеченной цели возможно только в том случае, если каждый казахстанец внесет свою лепту. Завершая свое выступление, Президент обратился именно к нам, молодым, с призывом участвовать в реализации «Стратегии-2050», потому что нам пожинать плоды ее успеха. «Включайтесь в работу, каждый на своем рабочем месте. Не будьте равнодушными. Создавайте судьбу страны вместе со всем народом!», – сказал Президент, и его слова, я считаю, должны стать девизом всей патриотично настроенной молодежи.

Быть патриотом значит не только с уважением и любовью относиться к своей истории, хотя, безусловно, это очень важно, а прежде всего, служить обществу и стране. Солженицын говорил: «Патриотизм - чувство органическое, естественное. И как не может сохраниться общество, где не усвоена ответственность гражданская, так и не существовать стране, особенно многонациональной, где потеряна ответственность общегосударственная». Замечательные слова! «Идея «Вечного государства» - «Мәңгілік Ел» и должна стать для нас, молодежи, общей целью, объединяющим и вдохновляющим девизом.

Сегодня мы, студенты, но совсем рядом другая, взрослая жизнь, заманчивая и немного пугающая. Но мы уверенно смотрим в завтрашний день, и знаем, что мы граждане огромной страны, где чтут историю, уважают старость, верят в молодость.

До чего ж богат он и поныне,
Край степенных прадедов моих.

Эти слова Ж. Молдагалиева не теряют своей актуальности. Мой край богат не только природными, сырьевыми ресурсами. Дух предков - намыс, святая историческая память,

традиционное гостеприимство, казахстанский патриотизм, гуманная этническая и духовная культура – вот главное наше богатство. Национальной идее «Мәңгілік Ел» - быть, жить, развиваться.

Список использованной литературы:
1. Н.А. Назарбаев. Послание народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050». -2012
2."Мәңгілік Ел" журнал.-№2 2013,№12 2015
3. Д.С.Лихачев. Земля родная: кн. для учащихся. — М., Просвещение. — 1983.
4. https://ru.wikipedia.org/wikiказахстан_2050

Сабытай Р., 1 курс курсанты
Ғылыми жетекші - полиция аға лейтенанты Қ. Монай, Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қандай да бір болмасын мәселені зерттегенде негізгі үш сұраққа жауап іздейміз: 1. Қашан пайда болды? 2. Қандай даму белестерінен өтті? 3. Бүгінгі жай-күйі қандай? Ұлттық идея тарихы да бұл сұрақтардан тыс тұра алмайды. Хронологиялық тұрғыдан келер болсақ, қазақстандағы ұлттық идеяның жасы – қазақ этносымен түйдей құрдас. Ол қазақтармен бірге дүниеге келді әрі тарих сахнасына да қазақтармен қол ұстаса көтерілді. Мұратсыз ұлт – ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес. Ендеше ұлттық идеямыздың бес ғасырдан астам тарихы бар екен. Оның өзі бірнеше дәуірден тұрады. Қазақ хандығы тұсында ұлттық идеяның өзегін мемлекеттікті нығайту, этникалық территорияны қалыптастыру, бірде тілін, бірде тісін көрсеткен Ресей, Қытай, Жоңғар, Орта Азиялық мемлекеттермен оңтайлы қарым-қатынас орнату құрады.

Кеңестік Қазақстандағы ұлттық идеяның тарихы мен тағдырын бір ауыз сөзбен айтар болсақ, ол – ұлтжанды тұлғалардың қасіреті мен қуғын-сүргінге ұшырағаны, кешегі әр алуан ұлттық идеяны әу бастағы тартымды мән-мағынасынан айырылған социалистік идеяның алмастырғаны, ол – өз еліндегі, өз жеріндегі қазақтың күшпен таңылған саяси-идеологиялық тапшыл ұрандар мен адасулар әсерінен қазақтан жатсынуға бет түзегені. Ұлтын сүйген, рухы биік ақын-жазушылар, ғалымдар, жекелеген тұлғалар туған халқының тілі, діні, мәдениеті, жері үшін отқа күйіп, суға түскенмен, қылышынан қан тамған тоталитарлық жүйе тілге жеңіл, жүрекке жылы ұлттық идеяны түзуге де, халыққа ұсынуға да жеткізбеді, көктей солдырды.

А.Байтұрсынов: «Қазақ − жоқ іздеген халық» »[1, 57 б.] - деген екен. Иә, ол замандағы қазақ баласы білімнен, ғылымнан, өнеркәсіптен ала алмаған еншісін іздеді. Әлі де «жоқ» іздеп жүрміз. Биік технологиялардан кенже қалыппыз. Әлемдік бәсекеге даяр емес екенбіз. Елбасымыз «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «МЕН»- дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр… Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет» [2, 39 б.] - деп жазуында өмірлік мәні бар шындық жатыр.

Армансыз адам – қанатсыз құспен тең – дейді, халқымыз. Ендеше ұлттық идеясыз қала берек, қанатсыз ұлтқа айналарымыз сөзсіз. Ұлттық идеяны таппайынша елде жүріп жатқан реформалар қарын тойдырудың ғана міндетін атқарып шығатындай көрінеді.

Алдымен бізге қажет ұлттық идеяға қойылатын талаптарды пысықтап алу керек. Біріншіден, ол идея Ата Заңымызға қайшы келмеуге тиіс. Яғни нәсілдік, ұлттық, діни, жыныстық кемсіту немесе дәріптеуден алыс тұрғаны абзал. Екіншіден, ұлттық идея қазақстанның атын анықтап отырған қазақ халқының мұратын ұлықтаумен қоса, басқа диаспоралардың тарихи, дәстүрлі, этникалық ар-намысына тимейтіні былай тұрсын, қайта соған қуат беретін факторға айналуын қамтамасыз ететін болсын. Үшіншіден, ұлттық

идеяның хронологиялық бастапқы сәті белгілі болғанмен, бүгін де, ертең де шексіз жүзеге аса беретінін баса көрсеткені жөн.

Ұлттық идея құндылықтары мен ұстанымдарын екі әлеуметтік қауым арасында мейлінше дәйекті бекемдеу қажет. Бірі – бала бақшада тәрбиеленуші бүлдіршіндерден бастап, университет аудиторияларында отырған жастарға жеткізуден ештеңені аяуға болмайды. Біздер болашақ мамандар мен зиялылар ұлттық идеяға қалтқысыз сеніп, санамызға, өмір салтымызға сіңген ұлттық идеяны жеткізе алатынымызға еш күмән жоқ. Ұлттық идея барша халықтың күш-жігерін, іс-әрекетін уақыт алға қойып отырған аса жауапты тарихи міндетті шешуге жұмылдыратын, баурап әкететін күш болуын қалаймын. Ұлттық идеяның мән-мағынасын дәл қазіргі таңда «Қазақ елі. Азаттық. Бірлік» деген ұғым-түсініктер аша алады. Бірліктің Ұлы күш екенін халқымыз қапысыз ұққан. Бірлік жоқ жерде тірлік жоқ, деген ғой ол. „Сөздің атасы – шындық, анасы – бірлік” деген ұлағатты сөзді Қаздауысты Қазыбек би айтқан екен. «Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең – істің бәрі бос», – деп ұлы Абай жырлаған. Қазақтың, барша қазақстандықтардың бірлігі тап қазір ерекше мағынаға ие болып тұр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «жан-жақты дәйектелген экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару міндеттері ынтымақ - бірлік барда ғана жүзеге асады» » [3, 76 б.] деп дұрыс баға берді.

Бұл мәселені қоғамдық деңгейде талқылау, бүгінде екі түрлі көзқарастың қалыптасуына түрткі болды. Мәселен, қазақстандықтардың бірнеше бөлігі ұлттық идеяның бүгінде қажеттілігі жоқ, себебі, әлеуметтік, саяси және т.б. идеялар мен идеологиялар уақыты өткен кеңестік кезеңде қалды, сондықтан да, нарық жағдайында саналы іс-әрекет пен индивидуализмге жүгінуі керек дейді. Ал қазақстандықтардың келесі бір бөлігі жалпыұлттық идеяны мүлдем жоққа шығарып, қандай да болмасын ұлттық негіздегі идея қауіпті және көпұлтты қоғамда бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде өте зиян дейді. Олардың көзқарастары бойынша қандай да болсын ұлттық идея қандай да түрде болмасын бұқара санасында адамзатқа талай қасірет әкелген ұлтшылдық-ты тудырады. Бұдан өзгеше көзқарасты жақтаушылар, яғни, көпұлтты мемлекетте ұлттық идея тек бір ғана этностың немесе халықтың идеясы болып қала алмайды. Қазақстандағы көпұлтты мемлекет ретіндегі ұлттық идея мән-мазмұн жағынан жалпыұлттық идея болуы қажет.

Ұлттық идея этникалық, мәдени, діни немесе басқа да тұтастық негізінде біріккен қандай да бір адамдар қауымдастығының ортақ ұстанатын түсініктері, идеалдары, стереотиптер, ұжымдық естеліктер мен құндылықтары болып табылады. Ұлттық идея негізінде, қазіргі әлемде этникалық немесе құрамы жағынан мультиэтникалық болып келген қауымдастықтың ұлттық бірегейлігі қалыптасады. Ұлттық бірегейліксіз, ұлттық идеясыз ұлт қалыптасуы мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының басты мақсаты - байырғы қазақ жерінде құрылған ұлттық мемлекетті сақтау және нығайту.

Осы мақсатта: тәуелсіздігіміз бен егемендігіміздің баянды болуын қамтамасыз ету; қазақ ұлтының тарихи жадын, тілін, ділін сақтау мен жан-жақты дамыту, оның жаһандану заманындағы өзіндік ұлттық-мәдени ерекшелігін қалыптастыру және әлемге паш ету; елімізде тұрып жатқан барлық этностық топтардың өз тілі мен мәдениетінің дамуына шек қоймай, олардың барлығының ортақ Отаны - Қазақстан Республикасына адал қызмет етіп, оған деген сенімін арттыру қажет.

Бұл үшін мемлекет пен қоғам өздерінің ерік-жігерін төмендегі негізгі міндеттерді атқару үшін жұмылдыруы керек:

- Қазақстан Республикасы қоғамының негізгі ұлттық құндылықтарын қалыптастыру және дамыту;
- қазақ тілін шын мәніндегі мемлекеттік тіл деңгейіне жеткізіп, оны барша Қазақстан азаматтарын біріктіретін факторға айналдыру;
- этносаралық және дінаралық саладағы мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара тиімді және пәрменді қарым-қатынастарын қамтамасыз ететін жүйені қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының бұл саладағы басты міндеті - оның тәуелсіздігі мен егемендігін, саяси және экономикалық дамуының тірегі болатын, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы білімді жаңа ұрпақ тәрбиелеу, ғылымды жан-жақты дамыту.

Ол үшін:

- ұлттық тарихты, зердені, рух пен мәдениетті терең насихаттайтын әр деңгейдегі, сан алуан технологиядағы жаңа буын оқулықтарын дайындау;
- жоғары оқу орындарында оқытылатын гуманитарлық және техникалық мамандықтарға арналған мемлекеттік тілдегі оқу құралдары мен оқулықтардың сапасын арттыру;
- арнайы мемлекеттік бағдарлама арқылы жасөспірімдер үшін қазақ және басқа тілдерде ұлттық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін, бай эпикалық мұрасын кеңінен насихаттайтын кітаптар, мультфильмдер, дискілер шығару;
- 90-жылдардағы жабайы жекешелендіру кезінде жабылып қалған балабақшалар мен мәдени ошақтары желісін қайтарту және демографиялық үдерістерге сай қайта жаңғырту;
- білім беру жүйесі жас азаматтардың қазақ тарихы мен мәдениетіне, мемлекеттік тіліне деген құрметін арттыруға, Қазақстан Республикасына, оның мемлекеттік рәміздеріне, құндылықтарына деген сүйіспеншілік сезімдер мен отансүйгіштік қасиеттерді өсіруге бағыттау;

Ұлттық идеяның негізі-ұлттық сана-сезім, ұлттық патриотизм, әр халықтың ұлттық ойлау қабілеті, ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүр қоршауында сақтайтын негізгі рухани байлық. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы бала дүниеге келгеннен бастап отбасындағы ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты. Егер отбасында ұлттық тәрбие болмаса, балалардың ұлттық тұлға болып қалыптасуы сондай теріс тәрбиеге лайықтанып қалыптасады.

Ұлттық өзіндік сана дегеніміз — этностық сананың жоғары, күрделіленген, жетілдірілген формасы. Ұлттық өзіндік сананы ұлттың өзінің әлеуметтік-этностық мәнін танып білуі, дүниежүзілік қауымдастық жүйедегі өзінің орнын және қандай орын ала алатынын, адамзат тарихындағы атқарып жүрген әрекеттік рөлін және оның қандайын атқара алатынын, адамзат жасап жатқан өркениетке қосқан және қоса алатын үлесін сезіп тұшынуы, сонымен қоса өзге халықтармен тең, еркін және тәуелсіз өмір сүрудің табиғи-тарихи құқығын түсінуі деп ұғуға болады.

Ұлттық сананың қалыптасуына және оның дамуына екі тұрғыдан қарауға болады: біріншісі-сезімдік, түйсіктік, екіншісі-саналы теориялық. Біріншісі өз елін, халқын, ұлтын сыйлайтын, сүйетін алғашқы ыстық сезімнен туса, екіншісі өз елінің, халқының, ұлтының өткенін, қазіргісін, келешегін толық біліп, тексеріп, халық тағдырына, ұлт мәселелеріне мемлекеттік, елдік, тіпті дүние жүзілік тұрғыдан теориялық ұлттық бағыт-бағдарлама тұрғысынан қарап, аңғару арқылы болатын саналы ойдан туады. Ал, ұлттық сананың жасаушысы, қолдаушысы, қорғаушысы, сақтаушысы әрқашанда ұлттық интеллигенция, ұлттық зиялы қауым.

1. Жетілген адам, яғни «Сегіз қырлы, бір сырлы адам» тәрбиелеу.
2. Отанды, халқын, жерін,елін сүю. «Атаның ұлы емес, халықтың ұлын» тәрбиелеу.
3. Адал, арлы азамат тәрбиелеу, яғни «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы».
4. Жеті атасын білуге тәрбиелеу. «Жеті атасын білмеген жетесіз».
5. Отбасы шежіресі және мұрагерлік (туыстық қарым-қатынас, үш жұрт, отбасындағы кенже ұлдың ерекше рөлі). Ата-баба дәстүрін жалғастыру.

Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әрбір кезінде-ақ оқушы бойына сіңе бастайды.

Елімізде ұлттық сананы қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) маңызы ерекше. Жаңа қазақстандық қоғамда жастардың теледидар мен радионы еркін пайдалануға мүмкіндік мол.

Өскелең ұрпақ білім мен ұлттық тәрбие негіздерін өзінің ұлттық мектебінен алатыны сөзсіз. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» демекші, ата дәстүріміздің қалыптаса беруіне отбасы тәрбиесінің ықпалы зор. Әйтседе, күнделікті тірлікте ортақ тәрбие құралы – бұқаралық ақпарат құралдарын баса пайдаланып келеміз.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай кезінде былай деген: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» [4, 31 б.].

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзатттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету арқылы жастардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру басты міндетіміз болып қала бермек. Ұлт толыққанды ұлт болып қалыптасып дамуы үшін оның ұлттық санасы, ұлттық құндылығы және ұлттық мүддесі болуы керек. Олай болса бүгінгі күні қазақтар өздерінің саяси тәуелсіздігін алып, егеменді ел болғаннан бері, өткен жиырма жылдың ішінде ұлттық санасын қалыптастырып, ұлттық құндылықтарын қадірлеп, ұлттық мүддесін қорғауда қандай жетістіктерге қол жеткізгенін білу үшін біз әуелі ұлттық сана, ұлттық құндылық, ұлттық мүдде деген сөздердің мағынасына талдау жасап, оның ұғымына түсінік беруіміз керек.



Ұлттық сана дегеніміз сол ұлтты құрайтын халықтың әр адамының жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлау қабілетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы қоғамға тән ортақ сипатқа ие болған ұжымдық түрі, яғни ұжымдық сана.

Қорытындылай келе Ұлттық идеяның мынадай басты тұғырларын ерекше атап көрсетуді ұйғардым:

Бірінші тұғыры - ел бірлігі;

Екінші тұғыры - экономиканың бәсекеге қабілеттілігі;

Үшінші тұғыры - интеллектуалдық жасампаз қоғам;

Төртінші тұғыры - өркениетті мемлекет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев Ә. Әбжанов Т.«Ойлау тарихының белестері», Алматы, 1994.

2. Сайдахметова Л. «Қазақстан мектептерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу», Алматы, 2002.

3. Назарбаев Н.Ә. «Тәуелсіздік белестері», Алматы, «Атамұра», 2003

4. Бурбаев Т.Қ. «Ұлт менталитеті», Алматы, 2002.

Савинов В., ученик 10 «А» класса
Научный руководитель – учитель истории Кулагина Л.Н.
Коммунальное государственное учреждение «СОШ №17», г. Караганда,

Республика Казахстан

СОХРАНИМ ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ СТРАНЫ

Все великие достижения человечества, все великие государства в своем развитии, в своей модернизации опирались на национально-культурные корни. Сакральные территории Казахстана благодаря своим уникальным природным и культурным элементам выполняют различные функции. Исследования различных ученых показывают, что они выражают и хранят ключевые идеи и ценности народа, обеспечивая передачу из поколения в поколения традиционные знания, историческую память народа. Крайне важно, чтобы каждое место святое было таковым для казахстанцев вне зависимости от их места проживания, национальной, религиозной и другой принадлежности. Народ сам определяет духовные святыни. Духовность – это незримая, но великая сила, которая ведет за собой миллионы, дает надежду, рождает шедевры, это порой не написанная, но настоящая жизнь. Культурно-географический пояс святынь – символическая защита, источник гордости. Когда ослабевает духовность, начинается воздействие извне, происходит духовная экспансия. Стирается национальная идентичность, человек не просто отрывается от корней, он и внутренне становится чуждым своему народу. Мы понимаем, что глобализация неизбежна. И именно поэтому важно сохранить свое, национальное, чтобы в потоке глобальных изменений не потерять собственное лицо. Мне хотелось бы привлечь внимание молодых казахстанцев, моих ровесников к сохранению исторического наследия, через определение особенностей и уникальностей историко-культурных памятников, расположенных на территории прежде всего Карагандинской области, места, где я родился и живу, и внесение их в сакральную карту Казахстана; изучение родного края и его достопримечательностей, уважительного отношения к истории и культурно–историческим памятникам.

Помнить прошлое. Думать о будущем. Модернизировать традиции. Мы за любовь: к родной земле, истории, культуре. Сегодняшняя молодежь хочет открыть миру неизведанный Казахстан. Главное – показать всем истинное значение уникальных объектов, свидетельствующих о вечных ценностях.

Сакральные места – это почитаемые среди населения страны памятники культурного наследия, светской и религиозной архитектуры мавзолеи и природные ландшафты, кроме того, места с устойчивыми историческими ценностями связанные со значимыми политическими событиями. Объекты, занимающие важное место в общественно – политической жизни Казахстана, как символы историко-культурного наследия и национального единства. История сохраняет память предков, а потомки всегда чтят ее. Народ, как и земля, старости не знает.

Недалеко от поселка имени Тохтара Аубакирова археологи раскопали уникальное изваяние, напоминающие скифские памятники Причерноморья. Ученые уверены: эта находка-еще одно подтверждение тому, что племена, обитавшие в античности в Восточной Европе, напрямую связаны с Центральной Азией. В Карагандинской области, как и во всех городах, очень много святых мест. Здесь есть святые места разных религий. К православным местам относятся церкви (Свято-Введенский собор, собор Архангела Михаила, храм Покрова Пресвятой Богородицы), а к мусульманским относятся мечети и мавзолеи.

У каждого народа, у каждой цивилизации есть святые места, которые носят общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа. Путешествуя по сакральным местам, мы заново осмысливаем свою историю, тем самым закладывая новый фундамент для будущего, для продуктивного развития. Посещение святых мест - это удивительный путь не только к укреплению веры, но и знакомство с культурой и казахскими традициями. Я думаю, что очень важно, когда молодежь помнит о своих предках и традициях, потому что это культурное достояние прошлого. Без него не было бы народа. Очень приятно видеть, что древнее наследие не забывается потомками и свято чтится. Как гласит народная мудрость «Чтобы выжить, надо измениться».

Список используемой литературы:
1.Попов Ю. Каркаралинские находки. -А., 1978.- 63 с.
2.Воейков А. Город солнечного камня.- А.,1977.- 93 с.
3. Степанов В.И.Путешествие по Казахстану.- А., 1989.- 261 с.
4. Артыкбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов.- А., 2001.- 115 с.
5 http://el.kz/ru/news/sakral_nii_kazahstan
6. http://www.zakon.kz
7. https://ru.sputniknews.kz
8. http://e-history.kz/ru/publications/view/3137
9. http://pricom.kz

Сайлауова М., 3 курс курсанты
Ғылыми жетекші - педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, полиция аға лейтенанты Турсумбаева Н. Ж.
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

ПАТРИОТТЫҚ, МӘДЕНИЕТТІЛІК, СЫЙЛАСТЫЛЫҚ ПЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ОТБАСЫДАН БАСТАУ АЛАДЫ

Отбасы – жеке адам өмірінің мәні ғана емес, ұлт өмірінің дирижері болар мемлекеттіліктің іргетасы да. Бұлай дейтін себебіміз, адамның тұлғаға, оның өз кезегінде дара тұлғаға айналу ісінде отбасы құндылығының негізгі рөл атқаратындығы сөзсіз. Елбасымыздың жарлығымен 2013 жылы қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күні» болып белгіленді. Оның мақсаты- отбасылық құндылықтарды нығайту. Жылдар өткен сайын адам баласы өркениет жолына жармаса түскенімен, адам өмірінің сәнін келтіріп мәнді қылатын рухани құндылықтардан ажырап бара жатқан секілді. Жаһандану деп аталатын әлемдік құбылыс қармағына іліксек те, ұлттық бет-бейнемізді сақтау басты мақсат болып отырған таңда отбасы құндылықтарына мемлекеттік деңгейде ерекше ықылас қоюдың мәнін ұғынамыз.

Отбасынан жаман мен жақсыны айырып өскен тәрбиелі жанның мемлекет үшін баға жетпес байлық екендігі де даусыз. Патриоттық, мәдениеттілік, мейірімділік пен қайырымдылық секілді адами қасиеттерді бала бойына сіңіру отбасында жүзеге асатын қасиет. Мәдениетті, мейірімді жан-қоғамға қайырымын төгетін тұлға.

Адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы ата-ана. «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған - туыстарына деген сүйіспеншіліктен басталады.» - деп Елбасы айтқандай, бала әкеден – ақыл, анадан – мейір алып өседі. Қай ата - ана болмасын баласының тәрбиелі, білімді, мәдениетті болуын қалайды. Ал адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі баланың ата- анасына ардақ тұтып, өзінің перзенттік парызын бір сәтке де есінен шығармауында. Отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді. Сондықтан ол адам үшін ең үлкен мәнге ие орта.

Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан отбасылық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің негізі.

Отбасы - болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, мәдениеттілік, сенімділік, рухани және әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі [1].

Төл тарихымызға байыппен зер салып, бала бойынан батырлық рухты оятуға себепкер болған отбасы құндылығын зерделегенде, әке феномені жіті көзге түседі. Отбасындағы

әкенің рөлі, ұрпақты тәрбиелеудегі әкенің орны, ұлттың даму жолындағы әкенің қосқан үлесі тым ерекше. Сондықтан да, қазақ «Әке – асқар таудай» деген даналықты да қалдырған. Асқар тау қандай биік болса, әке де асқар таудай рухани биіктікте болған. Әке шаңырақтың иесі, әйелі мен бала-шағасының қорғаны болған бейне ретінде ұғынылған. Әке бойындағы қасиетті арттыратын сапалар әкенің беделін қалыптастырып, отбасы құндылығын еселейді. Нәтижесінде, әкені айрықша құрметтеу сезімі бірте-бірте әдетке айналып, әкені ерекше құрметтейтін отбасылық дәстүрді өмірге әкеледі. Әкенің алдында қалай болса солай сөйлемеу, бей әдеп күле беру, әке айтқанын тыңдамау және осы тектес тұлғалануға жат қылықтар бас көтермейді. Қазақ даналығы: «әке тұрып, ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып, қыз сөйлегеннен без» деп өсиет етеді. Жатқылықтар болмаған жерде отбасы мүшелері арасында жарастық тамырын жайып, әке феномені өмірге келеді. Әке тұлғасын қалыптастыру мәселесі, ең алдымен, ер азаматтың өзін қадірлетуге байланысты, содан кейін, әйелдің ер азаматты сыйлай білу тәрбиесіне, үшіншіден, ата-анасының перзенттерін қалай тәрбиелейтіндіктеріне қатысты айқындалады.

Ер азамат тектілігімен өзін қадірлете білген еді. Нәтижесінде, ер азаматтың тектілік деңгейі қалыптасып, халық та тектілене түсті. Отбасының қорғаны бола білген адам Отанға да қорған болатындығы ақиқат. Өйткені, қазақы сананың тұтастығы бұзылмаған заманда сөз құдіретімен ұрпақты тәрбиелеген уақытта ер бала мен қыз баланың атына затына сай болып өсуі заңдылық еді. Қазақы отбасында ер азамат мәртебесінің жоғары болғандығы өмір заңдылығынан туындады [2].

Қазіргі жаһандану заманында ұлттық дәстүрдің ұлттық мейрамдарда ғана ескеріліп, отбасы құндылығының еуропалық түсінікпен зерделенген уақытында әке феномені мен ана бейнесі өзіндік келбетінен ажырай бастады. Ер азаматты, ананы қадірлеу ісіне қатысты көптеген мәселелер де бас көтеруде. Ер азамат беделінің жоғары болуына тұрмыс сәні ықпал етті. Ал, тұрмыстан сән кеткен уақытта ер азамат беделі де өзінің түпкі мәнінен айырыла бастады. Осы бір халық мінезінде болған өзгерісті тарқата айта кетсек. Адам санасына тұрмыс салттың ықпал ететіндігі сөзсіз. Ер азамат отбасының асыраушысы қызметін толық мәнде атқара алған жағдайда ғана отбасы билігіне толықтай қол жеткізеді. Бұл жерде билік мәселесіне ұлттық сана тұрғысынан қарағанымыз да жөн. Отбасы билігі деп отырғанымыз ер азаматтың әйел мен бала тәрбиесіне оң ықпал етуге қадам басқызатын қылықтары. Билік жөн көрсетіп түзу басшылық жасай алған адамның қолына жинақталады деп айтсақ, қателеспеген болар едік. Қазақ халқында «әйелді – бастан, баланы – жастан» деген даналықтың астарында тәрбие қуаты жатыр. Түсінген адамға әйел болудың өзгеше өмір мектебі екендігі белгілі. Себебі, әйелдің атқаратын ерекше өмірлік мәні жоғары қызметі сан ұрпаққа жеміс береді. Оны тарих жүзі дәлелдеп отыр. Қыз баланың өз үйіндегі тәрбиесі жат жұртқа барғанда оның одан арғы өміріне бағыт болғанымен, әйелдік міндетті дұрыс атқаруы, барған жерінің үйретуіне әрі өзінің үйренемін деген ықылас ниетіне де тәуелді. Бұл екі жаққа да тәуелді мәселе. Үйретуші мен үйренушінің екі жақты қарым-қатынасы жемісті болғанда ғана елдік санаға ұйытқы болар отбасы қалыптасады. Ата мен ене мектебі жаңа түскен келінге өмір мектебі екендігі рас. Сол өмір мектебіне икемделген жан ғана аз жылдан соң сол әулеттің беделді мүшесіне айналып, ақырында, ақылшы ана кейпіне ене береді. Сөйтіп, өзіне дейінгі әжелер институтының жалғастырушы буынына айналады [3].

«Отбасы мықты болса, Отан да мықты». Яғни өнегелі отбасының мәуелі жемісі – саналы тәрбиеленген өскелең ұрпақ болары даусыз. Ендеше тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы екендігін әрбір тәрбиелі азамат өзінің өміріне талдау жасап, мол мәліметтер жинақтап байқайды. Ата-ананың бірден – бір мақсаты жан-жақты жетілген, үйлесімді дамыған, адамгершілігі мол парасатты, ұлтжанды тұлғаны қалыптастыру.

Есті адам ұрпағының қамын ойлап, елдік санаға қызмет етеді. Қазақ тарихындағы Батырлық рухтың үлгісі ата-баба-әке тәрбиесінен бастау алғандығы шындық. Ахмет Байтұрсынұлы «елде жоқ рух ақын сөзінде қайдан болсын» дегендей, елде рух болу үшін отбасы мүшелерінің бойында рух болу керек. Қазақ даналығы айтқандай, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің».

Сонымен, отбасы құндылығын сақтау әрі оны кейінгі ұрпаққа аманаттау қазақ өркениетінің қазына мұрасы болып табылады. Ұрпақты мәдениеттілікке, сенімділікке, рухани құндылыққа тәрбиелеу осы отбасынан бастау алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 «Отбасы және балабақша» журналы №13-2011ж.
2 «Тәрбие құралы» журналы №5-2006ж.
3 «Бала тәрбиесі» журналы №7-2007ж.

Самалова А. Д., ученица 10 класса
Научный руководитель - учитель истории Кулагина Л.Н.
Коммунальное государственное учреждение «СОШ №17», г. Караганда,
Республика Казахстан

ВОСПИАНИЕ УВАЖЕНИЯ К ИСТОРИЧЕСКОМУ И КУЛЬТУРНОМУ НАСЛЕДИЮ

В своем эссе я хочу затронуть вопрос важности изучения родного края и его достопримечательностей через особое отношение к родной земле, ее культуре, обычаям, традициям.

In my essay I want to touch how important to study our native land and his attractions through special treatment to motherland, it culture, customs, traditions.

Менің жумысымда мен туған өлкені зерттеудің маныздылыгы, қаланың көрнекі жерлер ерекше туған жерге, мәдениетке, дәстүр арқылы көтергім келеді.

У каждого народа, у каждой цивилизации есть святые места, которые носят общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа. Путешествуя по сакральным местам, мы заново осмысливаем свою историю, тем самым закладывая новый фундамент для будущего, для продуктивного развития. Вне зависимости от места проживания, национальности или религиозных взглядов мы должны знать нашу историю и уважать ценности прошлого и, на их основе мы создаем свои, новые. Я думаю, что очень важно, когда молодежь помнит о своих предках и традициях, потому что это культурное достояние прошлого. Без него не было бы народа, не было бы нас.

Я считаю, что за этими сводами скрыта глубокая философия и возможно стоит чаще задумываться об этом. Ведь памятники не открыли еще всех своих тайн. Очень приятно видеть, что древнее наследие не забывается потомками и свято чтится.

Качества духовные - вот что главное в человеческой жизни.

Spiritual qualities- are the main thing in human life.

Адам өміріндегі басты қасиет - рухани қасиеттер.

Живая душа и отзывчивое сердце должны вести человека, тогда и труд его осмыслен и достаток уместен.

Изучая, историю своей страны я понимаю, что территория Казахстана с глубокой древности являлась ареной многих исторических событий, которые отложили отпечаток на культурно-экономическом развитии живших здесь когда-то племен и народов, и все это нашло отражение в памятниках прошлого. Мне кажется, что воспитание уважительного отношения к истории и культурно–историческим памятникам очень важно. Недооценка патриотизма как важнейшей составляющей общественного сознания, приводит к ослаблению социально-экономических, духовных и культурных основ развития общества и государства. Этим и определяется приоритетность патриотического воспитания, которое сегодня становится важнейшим направлением государственной политики, всей системы воспитания молодых граждан Казахстана.

Я вижу, мои ровесники, одноклассники, огромная часть молодежи с удовольствием

изучает наш родной язык и историю. Возможно, через несколько столетий в учебниках по истории напишут и о нас, о нашем поколении. Когда-нибудь будущие поколения будут помнить о нас, говорить о нас и уже мы станем чьим- то прошлым!

One day future generations will remember about us and we'll become someone's past.

Бір кезде келешек ұрпақ біз туралы есте сақтайды және біз біреудің өткені боламыз.

Список использованной литературы:

1. http://el.kz/ru/news/sakral_nii_kazahstan
2. http://www.zakon.kz
3. https://ru.sputniknews.kz
4. http://e-history.kz/ru/publications/view/3137
5. http://pricom.kz
6. http://el.kz/ru/news/sakr
7. https://www.inform.kz/
8. http://www.ng.kz/modules/news/article.php?storyid=28344
9. Степанова В.И. Путешествие по Казахстану.- М., 1989.- 261 с.
10. История Казахстана в легендах и преданиях .-Караганда, 2002.-96 с.
11. Агапова, Г. В. Патриотическое воспитание как фактор становления и развития личности гражданина и патриота.- Воронеж, 2008.- 198 с.

Сапарқызы Ж. СР-21 к тобының студенті

Ғылыми жетекшісі – PhD доктор, аға оқытушы Манасова М.М.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҚҰНДЫЛЫҒЫ – АСТАНА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Қалалар өркениеттік дамудың негізі ретінде мемлекеттің экономикалық-саяси және мәдени жағының көрсеткіші ретінде рөл атқарады. Қоғам дамуының тарихи кезеңдеріне көз жүгіртетін болсақ, әр кезеңде қалалар рөлі жан-жақты қызмет атқарады. Алғашқы қалалардың пайда болуымен отырықшы мәдениет тығыз байланысты. Ежелгі қалаларда қолөнер, сауда-саттық, әскери күштің рөлі ерекше. Кейінгі ортағасыр, жаңа заман, модернизм, постмодернизм, қоғам дамуының әр процесінде қалалар жаңа функциялар атқарып отырады. Қала мәдениетін зерттеу XIX ғасыр урбанизация процесі қарқындай бастаған кезеннен бастап өзекті мәселеге айналды. Батыс Еуропа және Американдық әлеуметтанушылар тарапынан зерттеліп, типологиялық талдау жасалады.

Американдық зерттеуші Sharon Zukin (1995) "The Cultures of Cities" атты еңбегінде қалалардың салынуы дәстүрлі және экономикалық факторларды үйлесімділігімен байланыстылығын айтып кетеді [1,7].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «…Тарихшылар пікірталасуы бойынша жер бетіндегі бірінші қаланың қайда және қашан пайда болғаны маңызды емес. Ең бастысы, қалалар адамзат тарихындағы ең драмалық, көңілді және қайғылы беттері орналасқан жер» [2, 9] – деп, қаланы әлеуметтік-мәдени феномен ретінде таныстырып кетеді.

Қазіргі заманғы жаһандану әлемінде қалалар жаһандануы процесі болып отыр. Соңғы 50 жылда қалалардың атқарушы қызметіне сәйкес «Қала креативті орталық ретінде», «Қалалар ақпараттануы», «Медиа қала», «Глобальды қала», «Қала спутник» деген анықтамалар қалыптасты. Бұл қалалар ұлттық және әлемдік орталық, өндіріс концентрация және интеграция орталығы, әлемдік денгейдегі қаржы және басқару орталықтары ретінде белгілі.

Қала типологиясы бойынша әртүрлі ғылыми көзқарастар мен анықтамалар бар. Атап өтсек: философиялық утопия ретінде (Платон, Т.Кампанелла), идеалды тип ретінде (Вебер, 1994), тарихи-мәдени индивидуалдылық ретінде (Бродель, 1994), әлеуметтік организм

ретінде (Зиммель, 2002) және әлеуметтік орта (Коган, 1996, Глазычев 2008), мифологиялық мәтін (Топоров, 2002), семиотикалық жүйе (Лотман, 1982) және әлеуметтік-мәдени миф (Барт, 1996), құрылымдық-коммуникативтік «қоқыс тастайтын жер» (Бодрийяр, 2002) ретінде қарастырады. Сонымен қатар, қала архитектуралық формаларды, этникалық және демографиялық кескіндер, әлеуметтік-мәдени ойын-сауық және күнделікті өмір сүру ерекшеліктерін бөлшектеп қарап, өңдеуден өткізіп отырушы орта.

Қазақстан қалалары, бүкіл әлемдік қалалар дамуына сәйкес, әкімшілік, қаржылық, шаруашылық, идеологиялық, әскери-стратегиялық және мәдени аймақтарды басқару қызметтерін мойнына алды. Қазақстандық өркениеттің дамуы далалық кеңістіктегі және көшпенді тұрғындардың қалаға біртіндеп бейімделуімен байланысты.

Б.Нұржановтың айтуынша, көшпенді тілдерінде батыстық мәні бар «кеңістік» сөзі болмаған. «Кеңістік» - ол белгілі бір шекарасы бар жер, «белгілі бір территорияда өмір сүретін отырықшы адамның құрылуы» [3, 35]. Отырықшы адам үшін мұндай жер қала болды. Кеңістіктің қазіргі заманғы мәні «ғарыш (космос)», «универсум» ретінде отырықшы адамның қоршаған әлемге белгілі бір территорияда билік жүргізуі. Көшпенді адам үшін шекара жоқ, еркін және барлық жерде өз үйіндей сезінеді. Шексіз дала – көшпенді бейнесі.

Қазақстанда бүгінгі күні 84 қала бар. Елордамыз Астана - дүние жүзі бойынша ең жас астаналардың бірі. Бұл қала 1830 жылы Ақмола казак форпосты ретінде негізі қаланған. 1997 жылы 10 желтоқсан Тәуелсіз Қазақстан астанасы ретінде статусқа ие болды.

Американдық географ Анакер (2004) Қазақстан астананың Алматыдан Астанаға ауысуындағы Н.Назарбаев рөлін және Астананы зерттеудің теоретикалық негіз жағынан кең әрі ұлт қалыптасуындағы құндылығының жоғарылығын өз ғылыми мақаласында айтып кетеді [4].

Тағы бір американдық географ N.Koch Астананың тарихи қалыптасуын, Назарбаев Университеті білім жүйесін басқа астаналардағы білім жүйесімен салыстыра отырып, университеттің мемлекет қалыптасуындағы маңыздылығын айқындайды. Өзінің ғылыми мақаласында Н.Ә.Назарбаев жобасы мен Анкарадағы Ататүрік жобасы арасында ортақ құндылықтарға салыстырмалы талдау жасайды [5]. Елорда тарихы, архитектурасының символикалық мәні, геосаяси ерекшелігі, мәдени рөлі бойынша отандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан жан-жақты зерделеніп отыр.

Астана өзінің мәдени және рухани бейнесін жаңа парақтан жасайды. Елбасы саясатымен «толеранттылық» негізінде қалыптасқан қайталанбас жаңа қала түрін жасайды. Қазақстанның астананы ауыстыруының мәдени аспектісі осыдан көрінеді [6].

Бас қаламыздың архитектурасындағы өнердің жаңа туындылары зерттеушілерді бей-жай қалдырмады. Астананың архитектуралық және мүсіндік ескерткіштеріндегі бейнелердің рәміздік мәні осы тақырыпқа деген қызығушылықты арттырып отыр. Еліміздің тұрғындары бізге мұра ретінде жетіп отырған мүсіндік және архитектуралық ескерткіштердегі рәміздік, шынайы мағынасынан бейхабар.

Жастардың қаланың мәдени мұрасына деген қызығушылықтары төмен. Сондықтан да алға қойылып отырған басты мақсатымыз – астана архитектурасының рәміздік ерекшелігіне назар аударту.

Қала ескерткіштерінің рәміздік белгісіне назар салсақ, әр мүсін – кеңістікте өзіндік семиотикалық мәні, мәдени қаһармандары және белгілік геометриясы бар күрделі жүйе. Қаладағы әр құрылыс адам әлемінен ерекше хабар беріп отырады.

Ежелгі қалалардағы архитектуралардың салынуы белгілі бір сенім арқылы туындайды. Римдегі Пантеон, Египеттегі пирамидалар секілді. Пантеон, сол кезеңдегі қала халқының бойында бір-біріне деген сыйластықб махаббат сезімін оятады. Астана темір жол вокзалының алдында орналасқан «Бата» ескерткішінің рәміздік мәне қазақ мәдени ерекшелігімен тығыз байланысты. Қазақ халқы ақ батасыз жолға аттанбаған.

«Бата» ескерткіші тәңірлік дәстүрге ерекше құрмет көрсетудің бір белгісі. Бата – қазақ тілінде «алғыс, бата беру» деген мағынаны білдіреді. Тілек-бата сөздерінің мәтіні қазақ халқының ғасырлар бойы өмірден түйген тәжірибесінен алынған. Онда бүкіл халық

болмысының сенімі мен нанымы, өмір тәжірибесі көрініс тапқан. Сондықтан ол қасиетті әрі киелі ұғым болып саналады.

Ескерткіштегі арка формасындағы «босаға» - жол басының символы ретінде көрсетілген. Сонымен қатар «бесікті» көруге болады. Оның мәні – өмір бейнесі, ер және әйел бастамасы.

«Тайтұяқтың» негізінде отбасындағы жақсылық және молшылық мәні жатыр. Ескерткіштің жоғарғы жағында орналасқан диск тәңірлік дүниетаным белгісі, төбесіндегі айна күн мен аспанды дәріптейді. Фонтан түріндегі су өмір көзі және логикалық түрде тұрмыстық қажеттіліктің символы ретінде бейнеленген.

Осындай ескерткіштердің Астанада пайда болуы қазақ тарихындағы архаикалық кезеңнің бейнесін көрсетеді. Юрий Лотман символда әрқашан архаикалық мәннің бар екенін айтады. «Бата» ескерткішіндегі символдардың тоғысуы ерекше байқалады. Ескерткіштің негізі архаикалық табиғатқа ие және жазба дәуіріне дейінгі кезеңнен шығып отыр. Көрсетілген бейнелер – халықтың ауызша естелігінде сақталған сюжеттер мен мәтіндерді көрсетеді. Осындай символдар артында мәнді-мағыналы мәтіндер жатыр. «Бата» ескерткішінің өзгешелігі мағыналы және құрылымдық еркіндігін сақтаумен ерекшеленеді. Ол семиотикалық қоршаудан бөлініп, қаланың жаңа мәтіндік бейнесіне айнала алады. Осы жерден символдың өзіндік мәнін байқаймыз: «Символ ешқашан тек бір мәдени кезеңге жатпайды, ол өткеннен болашаққа ауысып отырады» [6,12].

Астананың ұлттық идея қалыптастырудағы міндеті қандай? Барлық архитектуралық шешімдердің символикалық қорытындысы қандай болмақ? деген сұрақтар ойымызға келіп отыр. «Символ» сөзі семиотикалық ғылым жүйесінде көпмағыналы мәнге ие. «Символикалық мағына» сөзі белгіліктің синонимі ретінде қолданылады. Кейде символдар конвенция түрінде келеді. Белгілерді белсенді, жетекші түрге айналдырсақ символ қызметіне ауысады [7,10]. Өнердегі басқа бағыттармен салыстырғанда символика, символизм «ақыл-ой жетпейтін», тылсым идея түрінде сипатталады.

Қазақ мәдениеті рухани құрылымға бай ерекше мәдениет. Мифологиялық ойлау жүйесінде заттарды антропоморфтауға, жанды зат ретінде көрсетуге тырысады. Жалпы мифтің түрлеріне тоқталатын болсақ: космогониялық және антропогоникалық миф, эсхатологиялық және күнтізбелік миф, қаһармандық миф, жануарлар жайындағы миф, діни, астральды мифтер болды.

Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымына ашықтық, табиғатқа жақындық, ғарыштық, ақындық, реалистік және тұтастық тән. Көшпенді өмір сүру образы ұлттық менталитетке ерекше әсер етті. Қазақ мәдениеті мифті шынайы тіршіліктен басқа әлемді қабылдау жүйесі ретінде түсіндіреді. Мифке әртүрлі анықтама беруге болады. Миф – әлемді бір-бірімен байланыстырады. Миф – ол метафора, яғни мән мен құндылықтардың бір әлемнен екінші әлемге ауысуы. Мифологиялық ойлау метафораланған, олардың мәнін ашу үшін толассыз өзгеріс қажет. Леви-Стросс ойынша, әртүрлі тақырыптардың басқа түрге айналуы, әдіс-тәсіл мен мақсаттар, заттар мен сөздер, тұлғалар мен есімдер, дәл және ауыспалы мағына арақатынасын ашады [8,146].

Астана қаласындағы ресей мүсіншісі Даши Намдаков салған «Жер-Ана» монументінде сақ патшасы Томиристің алып бұқаның үстінде тұрғандығы көрсетілген. Бұл мүсіннен де номадтық ерекшелікті көреміз. Еркіндік сезімі ерекше байқалады. «Жер-Ана» атауын рәміздік жағынан талдасақ, қазақ аңызында Жер-ана мен Тәңірадамның махаббаты, үйлесімде өмір сүруінің қажеттілігі, жердің бастапқы тазалығын сақтап, аспан екеуінің асқақтығы, көркемдігі баяндалады. Егер адамзат Жерге қайырымды болып, нағыз сүйіспеншілігін көрсете алмаса, ал Тәңірадамға деген шынайы сенімін қайтара алмаса, Жер ана мен Тәңірадамның махаббат дастаны, адамзат өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу тарихы осылайша өкінішті аяқталуы мүмкін» екендігін айтылады [9].

Келесі символикалық мәнге толы "Өмір ағашы" фонтаны – шар түрінде бейнеленген. Төрт жағында 4 табиғи күштер (стихия) белгіленген. Түріктерде жел жылқы бейнесінде, от қой немес қошқар, су – бұқа, сиыр бейнесінде, ал жер түйе бейнесінде болады. Ежелгі

аңыздар бойынша табиғи күштер жыл сайын қайта өмірге келіп отырады. Бұл композиция ежелгі түрік халықтарындағы әлемнің жаралуы, өмір мәні, адамды қоршаған табиғи күштер туралы аңыздар мен мифтерді бейнелейді. Фонтан ортасында – Өмір ағашы, әлемнің үшбірлік түсінігін сипаттайды: тамырлары – жерасты әлемі, біздің ата-бабаларымыз, діңі – ортаншы әлем, біз өмір сүретін әлем, жоғарғы әлем – руханилық және болашақ ұрпақтарымыздың әлемі. Төрт жағында жануарлар бейнесіндегі төрт әлемдік күш орналасқан. Әр жануар фигурасының басында айдаһардың басы орналасқан – бұл даналық символы. Бұл құрылыстың символикалық мәні зор. Құрылыс символикалық негізі - мәңгілік өмір айналысын білдіріп отыр.

Мәңгілік махаббат және сенім символы ретінде астаналықтар «Бақытым менің» ұл мен қыз бала қола статуясын атайды. Оларды жүректен шыққан бір-біріне деген сезім қосады. Бұл Орта Азиядағы сезімге толы мүсіннің бірі.

«Халықтар достастығы» монументі фонтандары бар қауыз, ортасында 8 метрлі үш бір-бірімен қосылған қола мүсінді фигуралармен көркемделген. Монументтің символикалық мәні бір-бірімен байланысқан тармақтардың (ветви) тоғысуы, қол алысу, достық, бірін-бір қамқорлыққа алу, бейбітшілік және келісімді білдіреді. Топологиялық ғылымда «беделі (клеверный) жапырақтар» деп аталатын түйіндер кездеседі. Бұл үш бір-бірімен байланысқан жең, басы мен аяғы жоқ, ұзақ ғұмыр, мәңгі бақыт және жақсылықтың нышаны. Мүсіннің қасындағы фонтандар «орманы» бар. Бұл фонтандар, Қазақстан халықтары мен этностарын рәміздейді. "Композицияның көпмағыналығы, терең философиялық мәні, қолдардың байланысу құпиясы, фонтандардың бір ретте ағуы көрерменнің бойындағы достық мен келісімде өмір сүру сезімін оятады. Елбасымыздың айтуы бойынша, ұлтаралық келісім және тұрақтылық – біздің еліміздің басты құндылығы, осындай достық пен келісім арқасында ғана мемлекет алға дамиды.

«Киелі Көкбөрі мен Сәби» мүсіндік композициясына байланысты қазақ мәдениетінде аңыз-әңгімелер көп. Көк бөрі – түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың бірі. Көне түркілер қасқырды «бөрі» деген. Көк дегеніміз – көк түс, көк аспан. Көк бөрінің түркілер тайпасын ажалдан аман алып қалғандығы, көк аспандағы Көк Тәңірісінің өзі жіберген ерекше қасиетті жануар екендігі аңыздарда айтылып, көне түркілер наным-сеніміне сіңісіп кеткен.

Көк бөріге қатысты әңгімелер ежелгі үйсін, түркі және монғол аңыздарында кездеседі. Көк бөрі туралы аңыздардың қытай тіліндегі жылнамаларында сақталып қалған деректерде былай суреттеледі: «Бір халық жаугершілік заманда қырылған екен. Бетпақ дала ішінде аяқ – қолы шабылып жараланған он жасар бала ғана тірі қалғандығы айтылады. Ол балаға бір қасқыр жолығып, емізіп, қанын тоқтатып, жарасын жалап жазып алады. Бала есейгенше сол қасқырмен бірге тұрған деседі. Кейін жаулар бала жігітті тауып алып, өлтіргенше буаз қасқыр Гауачан тауының терістігіндегі бір үңгірге барып жасырыныпты. Қасқыр осы үңгірде 10 бала босанады. Он ұл есейіп, үйленіп, көбейіп үлкен елге айналыпты. Он ұлының ең күштісінің Ашина есімі олардың жалпы атына айналыпты, кейін халық үңгірге сыймайтын болған кезде Ашинаның ұрпағы Асянь – Шад деген елбасы халықты үңгірден шығарып, олар түрік деген атпен Алтайды қоныс еткен деседі [10].

Түркі халықтарының генеологиялық мифологиясында халықты жау қоршауынан құтқаратын да, жорықтарда қол бастайтын да, дәрменсіз сәбилерді асырайтын да көк бөрі деп бейнеленеді.

Қаланың осындай рәміздік мәні бар мүсіндік механизмдері адамға, оның рухани болмысына, қаланың өзіндік материалды және рухани атмосферасының қалыптасуына ықпалы зор.

Неміс философы Мартин Хайдеггердің ойынша «Архитектура – философиялық дәстүрде мәнді рөл атқарады. Архитектура – философиялық ойлау тәсілі» [11]. Астанаға қарап отырсақ XX ғасырдың белгілі антропоурбанистикалық жобасы екенін көреміз. Қазақстан Астанасы өз мәдени мәтінін архитектурасы арқылы жасап отыр.

А.Тойнби қала процестерін зерттеуде «шақыру-жауап беру (вызов-ответ)» тарихи-әлеуметтік әдіснамасын қолдана отырып, қаланың әлеуметтік топтары, яғни тұрғындары қала дамуына септігін тигізетінін баяндайды. Сондықтан қала тұрақты болуы үшін қоғамдық қызметі жоғары болуы тиіс [12]. Қоғамның әлеуетіне ұлттық сананы, рухани негізді қалыптастыру осындай ескерткіштердің символикалық мәнінің тереңдігімен де байланысты.

Қала өз қалыптасуында материалды мәдени құндылықтармен толықтырылып, оның семиотикалық нүктесіне айналады. Қазіргі заманғы көптеген антропологиялық сюжеттердің жүзеге асу ортасы қала кеңістігі. Жаңа архаикалық және жаңа метафизикалық постмодернистік жобалардың арқасында қазіргі заманғы қалалар адамзат тағдырын онтологиялық жағынан зерделеу үшін объект болып отыр. Антропологиялық зерттеулерде қала тек орны мен қауымдастық өзгешелігі арқылы ғана емес, қаланың статусы мәдени жағынан өзгеріске ұшырау арқылы қарастырылады.

Астана – Еуразия аймағы бойынша ең ірі мәдени орталықтардың бірі. Еліміздің мәдени астанасы және ұлттық қарым-қатынас орталығы, мәдени алмасудың жетекші орталығы. Астаналық университеттер, мұражайлар, театрлар, архивтер, көрмелер, көркемдік шеберханалар, шығармашылық ұйымдар, концерттік алаңдар астананы дәстүр мен мәдени құндылықтарды сақтаушы орын ретінде танытады. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасы бойынша мәдениет ұлттың генетикалық коды ретінде белгіленген болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Zukin, Sharon, The Cultures of Cities. *Cambridge, Mass: Blackwell*, 1995, 322p.
2. Назарбаев Н.А. В сердце Евразии. Астана: Атамура, 2005. - 192 с.
3. Нуржанов Б.Г. Город и степь // Евразийское сообщество: экономика, политика, безопасность. -1997. -№ 3. – 29с.
4. Koch, N. 2013. Why not a world city? Astana, Ankara, and geopolitical scripts in urban networks.Urban Geography 34(1): 109-130.
5. Anacker, S. (2004). "Geographies of Power in Nazarbayev’s Astana." Eurasian Geography and Economics 45(7): 515-533.
6. Галия Алпысбаева: Нурсултан Назарбаев – создатель Астаны. http://www.dialog.kz/articles/obshchestvo/2008-07-30/
7. Лотман Ю.М. Избранные статьи. Т. 1. - Таллинн, 1992. - 191-199с.
8. Леви-Стросс К. Структурная антропология. – М.:Наука, 1985. – 536 с.
9. Жер ана туралы мысал. http://kz.tolegenmukhamejanov.kz/zher_ana_turaly_ayz
10. Древние тюрки. В 2-х кн. Кн. 2 / Л.Н. Гумилев; сост. А.И.Куркчи.- М.: Институт ДИ-ДИК, 1999.- 480с.
11. Хайдеггер М. Положение об основании. Статьи и фрагменты. – СПб.: Алетейя, 1999 – 292с.
12. Тойнби А.Д. Постижение истории. Сост. Огурцов А.П. М.: Прогресс, 1991. - 736 с.

Сатмаганбетова А. Ф. студентка 3 курса,
Научный руководитель: к.э.н., доцент, кафедры ТиРД Жуспекова А.К.
Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза,
г. Караганда, Республика Казахстан

СОБЫТИЙНЫЙ ТУРИЗМ

Наряду с экологическим, медицинским, паломническим, охотничьим- и гастрономическим туризм событийный – явление хоть и не новое, но в последнее время быстро развивающееся. Он прекрасно совмещается со всеми другими видами организации

путешествий, но в то же время может сохранять совершеннейшую «чистоту жанра», когда целью туристической поездки становится конкретное событие: международный фестиваль или национальный праздник, деловой форум или спортивный турнир, ярмарка или редкое явление природы. Мы пока только учимся зарабатывать на интересных и самобытных мероприятиях, хотя мировая туристическая практика доказывает: событийный турбизнес может быть не только прибыльным и быстрым на отдачу вложений, но и весьма выгодным в плане привлечения инвестиций.

Словом, рынок событийного и хобби-туризма нынче широк и разнообразен, на нем продается все, что имеет спрос. Главное – успеть предложить что-то необычное и правильно оформленное. Определенно, Казахстан имеет все возможности для успешного развития этого направления турбизнеса. И они на поверхности. Ведь и у нас постоянно что-то происходит. Пусть не карнавалы, так байга или козлодрание, не менее зрелищные и азартные. А еще самобытное в своих традициях празднование Наурыза и Дня единства народа Казахстана, фестивали беркутчи и национальных видов спорта. Сегодняшнее возрождение местных культурных обычаев и развитие народного творчества только укрепляют интерес к этнике в собственном обществе и скоро вызовут его у наших соседей по планете. Тогда, вероятно, и появятся празднества мирового уровня, которые будут четко ассоциироваться с Казахстаном.

Из конкретных проектов привлечения в страну туристов на событийные мероприятия непременно нужно вспомнить открытие для массового туризма ракетно-космического комплекса «Байконур». По своему туристическому потенциалу он не уступает американскому космодрому на мысе Канаверал, который принимает до 3 млн посетителей в год. Но пока Байконуру для таких достижений не хватает ни развитой инфраструктуры, ни широкой информационной поддержки.

Объектом «живой истории» может стать национальная киностудия «Казахфильм». В России и Украине получает развитие экскурсионный туризм по съемочным площадкам и павильонам известных студий по производству кинофильмов, и он уже заинтересовал их казахстанских коллег. Грамотный менеджмент таких бизнес-идей способен обеспечивать запросы и внутреннего, и внешнего туризма. Ведь туры на знаменитую российскую киностудию «Мосфильм» приносят не меньше доходов, чем некоторые музеи Москвы.

Даже сакральное место Акыртас в Жамбылской области, окутанное мистикой и особым вниманием экстрасенсов и специалистов по паранормальным явлениям, при должной рекламе может привлечь достаточно паломников, ищущих особый контакт с природой. С кулинарным туризмом и вовсе кажется все очевидно. Само собой, напрашивается: национальные фестивали кумыса и бешбармака, казы-карта и баурсака. Они, как известно, проводятся в разных областях республики, но никак не наберут достаточной мощи, чтобы выйти на мировой уровень.

Все это позволило строить довольно амбициозные планы, в их числе – привлечь в столицу четыре миллиона туристов, из которых половина – иностранцы. Собственно, на эти цели и будет работать новый план туристификации Астаны, предполагающий развитие событийного, делового, рекреационного городского и медицинского туризма. В программный перечень включено не менее 40 мероприятий международного характера – культурных, спортивных, а также международных форумов и конференций.

Со временем в городе появятся Музей космоса, ботанический сад, крытые оранжереи, аквапарки, центры семейного отдыха и другие рекреации. По всему видно, столица готова принять на себя роль туристического центра государства. Что ж, это логично, справедливо и, похоже, теперь уже вполне по силам главному городу страны [1].

Павлодарская область и его живописный уголок Баянаул, как туристско-рекреационная зона, широко известен среди туристов СНГ. История освоения и развития территории, как туристского региона связана с общегеографическими исследованиями. На территории Павлодарской области расположен Баянаульский государственный национальный природный парк, на территории которого насчитывается 35 домов отдыха, из них на берегу оз. Жасыбай – 28, оз. Сабындыколь – 5, оз. Торайгыр – 2 домов отдыха и 2 детских лагерей

предоставлением мест проживания, лодок, катамаранов, автобусов для экскурсии, культурно-развлекательные мероприятия в летний период. В настоящее время на территории национального парка имеется 37 археологических памятников, памятников природы и места показа. В целях развития туризма на территории парка разработаны и утверждены 11 туристских маршрутов с общей протяженностью 208,5 км и 1 ботаническая тропа. К северо-востоку от г. Павлодара расположен лечебно-оздоровительный санаторий «Мойылды». О лечебных свойствах озера Мойылды с его уникальными грязями жители Павлодарского Прииртышья знали с древнейших времен [2].

На правом берегу р. Иртыш расположен Палеонтологический памятник природы Республиканского значения “Гусиный перелет”. Захоронение гиппарионов фауны является крупнейшим в Евразии. В будущем на месте памятника планируется создание палеонтологического парка и раскопочного павильона, что позволит не только сохранить уникальный памятник для науки, но и привлечь туристов из других регионов Казахстана и из-за рубежа, таким образом, повысив туристский и экономический потенциал региона [3].

На самом деле организация событийного туризма – задача актуальная и посильная. Он хорош тем, что не требует больших вложений и может развиваться на территориях, не имеющих особого туристического потенциала. Здесь все просто: есть хороший повод – будут и гости.

Необходимо продолжать имиджевое продвижение Казахстана, используя для информационной поддержки все каналы современных коммуникаций, ибо турист, выбирающий для путешествий конкретные мероприятия, часто бывает более искушенным и требовательным.

Испытания ЭКСПО-2017 для казахстанской столицы завершились как минимум двумя достижениями: повысилась узнаваемость Астаны в глазах туристов и выдержала проверку на прочность городская инфраструктура. В рамках выставки проведено огромное количество спортивных, культурных и экономических мероприятий. На сегодня индустрию гостеприимства составляют 201 отель на 15 тыс. мест и более 1 100 кафе, ресторанов и других объектов [4].

Недостаточно просто хорошо съездить, отдохнуть в новое место. Стало хотеться чего-то большее. Провести время с пользой, еще желательно в кругу единомышленников. Основные сейчас запросы: “Как мне эффективно провести время в отпуске”, “Как мне интересно и с пользой отдохнуть?” Именно после таких запросов и родилась идея о событийном туризме. Что это такое? Объединяются единомышленники, которые хотят все вместе в одном кругу с одной энергией двигаться к какой-то цели. Этот вид отдыха такого активного время препровождения идеально подходит для тех, кто хотел бы быть в кругу единомышленников, активно и с пользой проводить время, открывать для себя что-то новое и постоянно это новое пробовать. Это для тех, кто просто радуется жизни. Мы не только трудимся, мы много наслаждаемся и получаем удовольствие от каждого момента, который проживаем. Мы открываем другие страны, которые до этого никогда не были и стараемся чувствовать себя здесь именно как местные жители смотреть их глазами.

Список использованной литературы:

1. http://www.kazpravda.kz/articles/view/glavnoe-povod1/
2. Павлодарское Прииртышье: край, устремленный в будущее, Ю. Поминов. Редакция «Золотая книга»
3. Туризм в Павлодарской области, Статистический сборник, 2012.
4. Энергия будущего. ЭКСПО-2017. Режим доступа: URL: http: //expo2017astana.com/pages/energy/

Саттарова Д., 2 курс студенті
Ғылыми жетекші - оқытушы Абильдинова М.К.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті
Экономика, бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ- ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мақсаты: Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, ойлау жүйесін калыптастыру, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасай отырып, білім сапасын, қазақ тіліне деген қызығушылығын жоғарлату.

Міндеттері:

1. оқушылардың таным белсенділігін арттырудың негізгі теориялық және практикалық амалдарын нақтылау;

2. электрондық оқыту технологиясын оқыту үрдісіне енгізу негізінде:

а) оқушылардың шығармашылық – танымдық қабілеттерінің, ақыл- ойының, коммуникативтілігін дамыту;

б) білім сапасының артуына ықпал ету;

в) әдістемелік материалдар, жетілдірілген бағдарламалар жасап, іс- тәжірибені жетілдіру.

Күтілетін нәтиже:

1. оқыту қызметін ұйымдастыру процесінде қазіргі заманғы АТ мүмкіндіктерің аясы кеңейеді;
2. оқу процесінде мультимедиа технологияларын, гипермәтіндік және гипермедиа жүйелерін пайдалануға дағдыланады;
3. оқушылардың интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік деңгейлерін, сабаққа дайындық деңгейлерін бақылауға ықпал етеді;
4. оқытуды басқаруға, тестілеудің нәтижелерін бақылау процесін автоматтандыруға, интеллектуалдық деңгейіне қарай тапсырмалар бере аламыз;
5. кері байланысты іс жүзінде тез арада қамтамасыз ету.

Негізгі ой

Презинт тіл туралы: «Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін, бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз. Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты емін-еркін бар бояуымен төгілтіп түсіретін тіл – қуатты тіл, қазақ тілі – сондай тіл. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде».

1. Электрондық оқыту жүйесін тиімді қолдануда педагогикалық қызметкерлердің теориялық және практикалық дайындығын қалыптастыру.

2. Электронды оқыту – білім берудің ұшқыр мазмұны, іс-әрекеттің интерактивтік тәсілдері және оқушылардың оқу нәтижелерін тұлғаландырылған есепке алу негізінде ақпараттық білімдік орта жайында білімдік процесс субъектілерінің интерактивтік қашықтың өзара әрекеттестігін құратын педагогикалық және ақпараттық-қатынастық технологияларды кіріктіру негізінде іске асырылатын оқытудың өзіндік түрі.

3. Электронды оқыту оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттер түрінің алуан түрлілігі және лездік кері байланыстар есебінен білімдік процесс субъектілерінің бір бірімен және білімдік ақпараттық ортамен интерактивтік өзара әрекеттестігі ретінде жүзеге асады.

4. Ақпараттық технологиялар түрлі білім беру технологияларын біріктіреді: коммуникациялық, компьютерлік, желілік, біртұтас ақпараттық білім ортасындағы мультимедиалар, электрондық оқыту технологияларының негізгі компоненттері болып табылады.

Электронды оқыту жүйесінің архитектурасы:



Электронды оқытудың технологиялық құралдарын былайша топтастыруға болады

Электронды оқулықтың құрылымы

Электрондық оқытуды қолдану және пайдалану тиімділігі:

Біз өз сабақтарымызда электрондық оқулықтарды, мультемедиалық оқулықтарды пайдалана келе, дәстүрлі қағаз бетіндегі оқулыққа қарағанда артықшылығы басым болатындығына көз жеткіздік:

1. мультемедиялық мүмкіндіктерді қолдану: музыкалық немесе дикторлық дайындау, анимация, графикалық қойылым, бейне клиптер, слайд – шоу және т.б.

2. жүйенің басқару құрылымы – оқытушы өз ойын, көзқарасын, өз кезегінде материалды ұсына отырып, әртүрлі аудиторияға бір ғана оқу мәліметтерін ұсынуға мүмкіндік алады және анықтамалық жүйе ретінде қолдана алады.

3. жүйенің білімді бақылаумен тез арада нәтиже алуы, орындалған жаттығуларды бағалауы.

Серикова А., П-22к
Ғылыми жетекшісі – Бейсембаева И. А.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті
экономика, бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ- ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ

Еліміздің бүгінгі жастары жаңа жағдайда заманауи мемлекеттің жасап жатқан саясатының арқасында алысқа қол сермеп, әлемдік деңгейдегі ұстанымды игеріп, келешектің кілтін өз қолдарына алуда. «Жастар-болашаққа апаратын алтын көпір»,- дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік- эканомикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық- саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып,өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.Рухани - адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани - адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани - адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата - аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым - қатынастарынан көрінеді.Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды [1].

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы борышымыз.Мектепке дейінгі адамгершілік тәрбие — балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез- құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері. Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет- ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс [2].

Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы- балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені-ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ..Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада , қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Ағдарбеков Т. «Мемлекет және құқық теориясы»
3. Булгакова Д.А. «Мемлекет және құқық теориясы»
4. Жоламан Қ.Д. «Мемлекет және құқық теориясы»
5. «Заң және Заман» журналы №7/ 2006 ж.
6. Мырзахан А. Ел болудың жолы – ұлттық тәрбие «Ана тілі», 20 қазан, 2011
7. ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»

Синеева Д.К., Хабибуллина А.Р., ученицы 9 класса
Научный руководитель – Кулагина Л.Н.
Коммунальное Государственное Учреждение «СОШ №17», г.Караганда,
Республика Казахстан

БУДУЩЕЕ СТРАНЫ НАЧИНАЕТСЯ С МОЛОДЕЖИ

"Жизнь народа прирастает с каждым следующим его поколением. Поэтому нет мечты выше, чем мечта о Вечности Народа. Мәңгілік Ел – это идея, которая открывает завтрашний день, выражает веру в будущее, это символ необратимой и прочной стабильности..."

Н. А. Назарбаев

Казахский народ издревле подвергался нападкам врагов и захватчиков, был жертвой геноцида. Казахов пытались сломить многие, но ничто и никто так и не смог сломить сильный, бесстрашный дух нашего народа: ни войны, ни джут, ни годы Великого бедствия. Падая и поднимаясь, с каждым разом казахи становились все сильнее. Казахи – милосердный и гостеприимный народ, но, если кто-то пытался посягнуть на наши земли, мы без промедления давали отпор. Наши предки имели тот стержень, который помогал им выстоять, давал силы бороться. И этот стержень состоял из тех традиций, нравственных принципов и ценностей, которые легли в основу общенациональной идеи «Мәңгілік Ел». «Мәңгілік ел» – это национальная идея, озвученная Лидером нации Н.А.Назарбаевым. Президент в своем послании говорит, что к 2050 году наша страна должна войти в 30 самых развитых государств мира. Н.А.Назарбаев рассматривает вопросы образования, науки, социальной защиты казахстанцев, помощи людям. Также уважение к своей нации, государственному языку, традициям казахского народа, уважение к старшим. В основе «Мәңгілік ел» лежат все ключевые ценности. Каждое поколение должно сохранять ценности, стремиться к развитию и строить будущее страны.

«Мәңгілік ел» - это труд все казахстанцев, труд молодежи. Уважение к нации, к традициям предусматривает собой патриотизм. Мы, молодежь – патриоты своей страны. Патриотизм – готовность пожертвовать своими интересами во благо своей страны, это любовь к своей стране, к своему народу. Мы должны доказывать свою любовь, патриотизм, уважение на поступках, на делах, а не на словах. Например, мы все трудимся на субботниках, заботимся о животных, бережем природу своего родного края. Ежегодно, уже много лет подряд, наша школа участвует в городском конкурсе «Кубок чистоты». Конкурс состоит из 3 этапов: визитка от своей школы, викторина и, конечно, субботник. Субботник проходит в игровой форме, нам весело, и в тоже время в едином порыве, мы заботимся о природе, чистоте нашей страны. Убирая на субботниках школьный двор, территорию нашего микрорайона, мы вносим свой вклад в общее дело, думаем о будущем своей Родины.

Возлагая особую ответственность за реализацию нового стратегического курса «Казахстан-2050» на казахский народ, Президент акцентировал внимание на то, что адекватный ответ вызовам времени можно дать только при условии сохранения культурного кода (языка, духовности, традиций) нации. «Если нация теряет свой культурный код, то разрушается и сама нация». Только достойная история, память о славных предках помогут нам преодолеть трудности грядущего времени». В этой связи вполне правомерна позиция многих ученых о том, что национальные идеологии живут долго и нации борются за них как за собственное «я», без которого вообще не может идти речь о нации и перспективах ее исторической жизни.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылдары АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына инклюзивті білім беру бағдарламасын толық енгізді. Біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Инклюзивті білім беруді дамыту ең алғаш АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Испания, Финляндия, Германия, Италия және Австралия елдерінде білім беру саясатының жетекші бағдарына айналды. Жоғарыда аталған елдерде балалардың дамуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін тиісті психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған жалпы білім беру ұйымдарында психикалық және дене бұзылыстары бар, дамуында артта қалушылығы бар балалар қалыпты дамыған құрдастарымен бірге табысты білім алуда.

Инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесін қарастырсақ, 1991 жылдан бастап Ресейде «Мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялау» жобасын іске асыру басталды.

Жобаның нәтижесінде он бір аймақта мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялап оқытудың эксперименталды алаңдары құрылды. Бұл елде мүгедек балаларды оқытудың инклюзивті білім беруден басқа да нұсқалалары бар: арнайы мектептер мен интернаттар, коррекциялық мектептер, интернат-үйлер, үйден оқыту және қашықтықтан оқыту[2].

Швецияда ерекше қажеттілікке мұқтаж балалар қарапайым сыныптарға орналастырылған және балалар онда қажетті қолдау алуда. Әр сыныпта арнайы педагогтың немесе ассистенттің көмегі және көмекші арнаулы құралдарды қолдану арқылы білім беріледі.

Есту, көру қабілеттері бұзылған, ойлауында артта қалушылығы бар балалар ауытқулары бойынша бөлінген арнайы мектептерде білім алады және онда 21 - 23 жасқа дейін оқи алады. Арнайы мектептер қазір жалпы білім беретін мектептегі сыныптарға кірістірілген балаларды қолдау ресурстарының орталығы болып табылады. Ойлауы артта қалған балаларға арналған арнайы мектептер жалпы білім беретін мектептердің ғимараттарына сыныптарды біріктіру жолымен орналасқан.

Америка Құрама Штаттарын қарастырсақ, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту жалпы және арнайы оқытуды біріктіру ұсыныстарынан тұрады.Оның 3 негізгі жолдары бар:яғни, «негізгі бағыт», «жалпы білім инициативасы», «енгізу». Алайда,бұл арнайы білім беру алаңында үлкен дау тудыруда.

Мысалы, негізгі бағыт - мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту негізгі мектептерде оқытуды көздейді. Екінші жолы жалпы білім беру инициативасы-дамуында ауытқуы бар оқушыларға білім беру шарттарына фундаментальды өзгеріс енгізуді ұсына отырып, жоғарыда аталған негізгі бағыттан ары қарай дами түскен.

Өз кезегінде осы сала мамандары дефектологтар мен негізгі мектептің басшылары жалпы білім беру инициативасын мақұлдаса, кейбір дефектологтар мен негізгі мектептің мұғалімдері ауытқуы бар балаларға жалпы білім беру инициативасының әсер ету мүмкіндіктерін түсіну үшін қосымша сынақтар мен зерттеулер қажет дейді.

Үшінші жолы енгізу моделі,ол балаларды ауытқу түріне және көріну деңгейіне тәуелсіз тұрған жері бойынша жалпы білім беру үрдісіне енгізуді көздейді. Осындай балаларға мамандар тобы жеке оқыту бағдарламасын құрады, сол бойынша оқушының жетістігі бағаланады.

Франциядағы арнайы білім беру жалпы білім беретін мектептерге дамуында жетпіспеушіліктері бар балалардың санын неғұрлым көбейтуге бағытталған. Дамуында ауытқулары бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне енгізу 4 нұсқада жүзеге асырылады.

Біріншісі,мұнда бала қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша оқиды, бірақ мектепте немесе одан тыс уақытта оған қосымша қызмет көрсетіледі: емдеу шаралары, тәрбиелеу жұмыстары т. б. қарастырылған.

Екінші нұсқа бойынша, бала қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша оқиды, қосымша күтім алады және қосымша арнайы бағдарлама бойынша оқиды.

Үшінші нұсқа, бала мектептегі негізгі уақытта арнайы сыныпта, арнайы бағдарлама бойынша оқиды, мұндай типте психикалық дамуында кешігушілік бар балалар қарастырылған. Ал, уақытының басқа бөлігінде қарапайым бағдарлама бойынша өз жасындағы оқушылармен дайындалады.

Төртінші нұсқа бойынша, бала тек арнайы бағдарлама бойынша арнайы сыныпқа барады, бұл типте әдетте ойлау қабілеті бұзылған балалар білім алады [3].

Әр елдің тәжірибелерін қарастыра отырып, біздің көретініміз шет елдерде инклюзивті білім беру мәселесі біздің елге қарағанда едәуір жолға қойылған. Бұл елдерде инклюзивті білім беру XX ғасырдың 70 жылдарынан басталған, ал біздің елде екінші мыңжылдықтың басында қолға алына бастады. Европа елдерін алатын болсақ, инклюзивті білім беру көптеген мәселелерді шешкен. Бұл елдерде мүгедек балаларға жалпы білім беретін мектептерде қосымша көмек жолдары ұсынылған.

Біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет

«Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медика-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған.

Халықаралық тәжірибелерді жан жақты қарастыра отырып, оларды толық зерттеп, еліміздің даму стратегиясын, экономикасын, білім беру жүйесін, әлеуметтік саясатын, қоғам қажеттілігін, тіпті еліміздің менталитетін ескере отырып, тәжірибелерді осы ескерулерге сай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп жүзеге асыру қажеттілігі туындап отыр.

Ал, біздің ойымызша, қазіргі таңда инклюзияны жүзеге асыру табыстылығы тікелей болашақ мамандардың, яғни жастардың қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы, Алматы Қарасай батыр, 2011 ж.

2. Грозная Н.С. Инклюзивное образование за рубежом. От мечты к реальности.- 2011, № 1.

3.Қазақстандағы инклюзивті білім // egov.kz мемлекеттік порталы.

Тулькубаева Н.Е., ученица 9 класса
Научный руководитель- Скакова А.М., учитель русского языка и литературы
КГУ «ОКШДС № 77», г. Караганда, Республика Казахстан

ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Знание только тогда становится знанием,
когда оно приобретено усилиями своей
мысли, а не памятью.
Л. Н. Толстой

Всем известно, что в рамках обновлённого содержания образования учебный процесс направлен на создание условий, способствующих гармоничному развитию и становлению личности, характеризующейся активной деятельностью на уроках и умеющей самостоятельно «добывать» знания. Каждый учитель-предметник в школе старается применять различные методы и формы работы для активизации познавательной деятельности учащихся на уроке. Одним из таких методов, на наш взгляд, является метод исследовательского обучения.

Исходя из определения, исследовательский метод обучения – это организация познавательной, поисковой деятельности учащихся путём постановки учителем познавательных и практических задач, требующих самостоятельного творческого решения. Исследовательский метод в обучении даёт возможность повысить уровень умений и навыков восприятия, запоминания, классифицирования, обобщения. При данном методе обучения учащиеся учатся выделять главное, подбирать аргументы, у них развиваются внимание, наблюдательность, творческие способности, появляются лидерские качества и навыки ораторского искусства. Развитие исследовательских умений и навыков учащихся помогает достичь определенных целей: поднять интерес учащихся к учёбе и тем самым повысить эффективность обучения.

Исследование может быть организовано на всех этапах обучения русскому языку и литературе. Такое обучение строится на основе принципа проблемности, реализуемого через различные типы учебных проблем. Наличие различных типов учебных проблем обеспечивает поисковую или частично-поисковую деятельность ученика в ходе выполнения теоретических и практических самостоятельных работ, при изложении учебного материала

учителем. Для практической реализации исследовательского подхода в обучении на своих уроках применяем такие формы учебной работы, как индивидуальная, групповая, коллективная, фронтальная. Из вышеперечисленных форм работы наиболее успешными для формирования в учащихся мотивации в освоении исследовательских навыков, на наш взгляд, являются индивидуальная и групповая формы обучения. Работая индивидуально, ученик выполняет учебные задания самостоятельно, находясь в исследовательском поиске, и из собранного материала отбирает главные аргументы и тезисы. Всё это способствует развитию долговременной памяти.

При групповой форме работы происходит непосредственное взаимодействие между учащимися. На наш взгляд, это даёт ученикам опыт разнообразного общения, создаёт на занятиях атмосферу непринуждённого сотрудничества, у учащихся повышается обучаемость, эффективность усвоения и актуализации знаний. При совместном выполнении заданий происходит взаимообучение.

Для активизации познавательного интереса учащихся на своих уроках мы используем следующий дидактический материал: раздаточный материал с заданиями (открытые тесты, соотнеси понятия и определения, составь постер на определённую тему, Корзина идей, написание эссе, составление тезисов к определенной теме), обучающие таблицы, а также мультимедийные презентации по темам уроков).

Большинство заданий исследовательского характера должны представлять собой небольшие поисковые элементы, применяемые как при индивидуальной, так и при групповой форме.

Приведём несколько примеров заданий из опыта работы:

1. Учащимся предлагаются небольшие тексты, после чтения которых они выполняют послетекстовые задания:

Медведица кая

По влажной песчаной тропе ползёт Медведица кая. Утром, ещё до дождя, здесь проходили лоси - сохатый о пяти отростках да лосиха с лосёнком. Потом пересёк тропу одинокий и чёрный вепрь. И сейчас ещё слышно, как он ворочается в овраге, в сухих тростниках.

Не слушает вепря Медведица и не думает о лосях, которые прошли утром. Она ползёт медленно и упорно и только ёжится, если падает на неё с неба запоздалая капля дождя.

Медведица кая и не смотрит в небо. Потом, когда она станет бабочкой, ещё насмотрится, налетается. А сейчас ей надо ползти.

Тихо в лесу.

С веток падают тяжёлые капли.

Сладкий запах таволги вместе с туманом стелется над болотом.

По влажной песчаной тропе ползёт мохнатая гусеница Медведица кая.

Вопросы и задания:

1. Выпишите из текста ключевые слова и словосочетания.
2. Сформулируйте основную мысль текста.
3. Как вы понимаете выражения: сохатый, вепрь, таволга, ёжится.
4. Составьте постер по теме «Изменение глаголов по лицам и числам».

Когда дети научатся выполнять предложенные учителем исследовательские задания, усложняем задачу: составить вопросы по данному тексту и задать их одноклассникам.

В качестве домашнего задания ребята могут сами подобрать тексты и составить к ним вопросы, составить постер на тему «Глагол как часть речи».

2. Учащимся предлагается разделиться на группы, выбрать одну из тем проекта, подготовить его и защитить в виде презентации: «Добро и зло в русских народных сказках», «Интересные факты из жизни писателей», «Красна речь пословицей», «Словари русского языка» и т.д.

3. Написать эссе на одну из предложенных тем: «Увлечения известных музыкантов», «Рекорды в мире спорта», «Хобби знаменитостей» и т.д., используя Интернет ресурсы.

4. Найти и выписать из предложенных стихотворений художественно-изобразительные средства.

Системная и целенаправленная работа по формированию навыков исследовательской деятельности позволяет достичь положительных результатов. Учащиеся, занимающиеся исследовательской деятельностью, уверенней чувствуют себя на уроках, активны, грамотно задают вопросы и отвечают на них. При поисковой работе у детей расширяется кругозор, они становятся более коммуникативны, у них формируется познавательный интерес, вырабатываются навыки творческой деятельности.

Список использованной литературы:

1. Богоявленская Д. Б. Основные современные концепции творчества и одаренности. – М.: Педагогика, 1997.
2. Джадрина М.Ж. Дидактические аспекты дифференциации содержания школьного образования. Алматы, 2000.
3. Маркова А. К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 1983.
4. Руководство для учителя. Первый продвинутый уровень (второе издание). Программа курсов повышения квалификации педагогических работников РК.- АОО «Назарбаев интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014.

Тыржанова А., П-35к
Ғылыми жетекшісі – Бейсембаева И.А.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті
Экономика бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ТӘУЕЛСІЗДІК - АЩЫ ТЕРМЕН КЕЛГЕН ТӘТТІ ЖЕҢІС

Тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді қан мен жанына сіңіруде осы ата-бабамыздың салт-дәстүр негізін ұстансақ өте ұтымды болар еді. Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық өнегелі дәстүрді, адамгершілігі бар асыл қасиеттерді жастар бойына қалыптастыруда, оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз Сондықтан ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тарихы мен болашағы да мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Бала тәрбиесінің алтын бесігі–отбасы. Бұл шағын әлеуметтік топ-бала үшін өмір мектебі. Сондықтан ата-ана өзінің баласын еңбекқор, елінің қамқоршысы азаматы етіп тәрбиелеуге міндетті. Үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы балабақшадан басталып, белгілі-бір бағдарлама негізіне сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балаларға оқыту мен тәрбиелеу мәселесін жоспарлап, отбасына педагогикалық көмек беруді мақсат етті. Ата-ананың педагогикалық білімінің неғұрлым жоғары болуын олардың қоғам алдындағы өз балаларының тәлім-тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттырады.

Ұлттық тәрбиені ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарауға болады. Ол үшін ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етіп алуымыз жөн. Әрине, тәрбие жалаң

болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде де ұлтымызға ұстын, болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына, еліміздің дамуына, жеріміздің көркеюіне өз үлестерін қосып жүрген белді азаматтардың барлығы да ауыл мектептерінен білім алып, ауылда тәрбиеленгендер. Қоғамның дамуына байланысты ауылдарымыз да күннен-күнге жаңарып, жақсарып жатыр. Соның бірі – ауыл мектептерінің жағдайы. Ғылым мен технологияның дамыған заманында білім беру саласы да қарқынды дамуда. Қазіргі таңда ауыл мектептері жаңа технология құралдарымен жабдықталып, ұстаздар білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері бойынша білімдерін жетілдіру үстінде [1].

Ендеше заманына қарай амалы, демекші бұрынғы кездегідей қарапайым дәстүрлі сабақтың мәні де сәні де кеткен уақыт. «Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі», - деп дана халқымыз айтқандай, бүгінгідей ел болашағы – жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауыр екені баршаға мәлім. Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат – жан – жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой – тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру. Н.Ә.Назарбаев «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз. Елдің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді», - деп болашақ ұрпаққа XXI ғасырда нені оқыту керектігі, ұстаздарымыздың оларды қалай дайындайтындығы, оқушы бойындағы іскерлік қабілетін ашу және оларды шығармашылыққа баулу, жаңа білімді жай ғана иеленіп қоймай, ол білімді қажетті жерде қолдана білуге үйрету басты мақсат болып табылады [2]. Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру - қоғамның басты мәселесі. Еліміздің өркениетті алпауыт мемлекеттерден қалыспай, тең қадам басуы үшін болашақтың тұтқасын ұстар білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің міндеті. Елбасы осындай жан-жақты дамыған білімді, елжанды, еңбекқор, өзінің атқарған ісіне жауапкершілікпен қарауды азаматтық парызы санайтын ұрпақ тәрбиелеуді білім беру саласы қызметкерлеріне жүктеді. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай да жасалуда. Рухани, мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен күнге айқындалып келеді. Әрбір елдің өркендеуі, тұғырының берік болуы да білімге келіп тіреледі. Заңғар жазушы М.Әуезовтің сөзімен айтар болсақ, «Халықпен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Жақыпов С.М, Бердібаева С.Қ, Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Таймас баспа үйі: Алматы 2015[1]
3. Бабаев С.Б.,Оңалбек Ж.К Педагогика негіздері. Алматы Заң әдебиеті -228б[2]
4. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану «Егемен Қазақстан».
5. Қапалбеков Б. Ұлттан тілді алса. – Алматы, 2006. – 138 б
6. Мырзахан А. Ел болудың жолы – ұлттық тәрбие «Ана тілі», 20 қазан, 2011
7. ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» 2017.

Хабиден Ш. М., 2 курс студенті

Ғылыми жетекші – мұғалім Аубакиров Е.Ж.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

СТУДЕНТЕРДІ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҮНЕМІ БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ ЖАҢА БІЛІМДІ МЕҢГЕРУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Осы тақырыпты алған себебім, болашаққа деген үмітім зор екенімді білдіреді, қазіргі уақытта өмір сүргенімді мақтан етемін. Тәуелсіз Қазақстанның кішкентай ғана тұрғынымын.Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында. Жастар алдынғы буын ағалардың жолын лайықты жалғастырып, өздерінің сенімді ізбасар екенін дәлелдеуде. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеяларымен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне барша үлес қосып келеді. Өйткені, біздер үшін, біздің болашағымыз үшін мемлекетіміздің Елбасшысы үлкен еңбек етуде [1].

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.А.Назарбаевтың Мәңгілік ел идеясының шеңберінде 2014 жылдан бері «Серпін-2050: Мәңгілік ел жастары – индустрияға» атты әлеуметтік жоба жұмыс жасайды [2].

Қазақстан Республикасы Үкіметті жастар мәселесіне арнап: «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» атты арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасында жаһандық деңгейдегі дағдарыс кезінде елімізде әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың шешуші міндеттерін көрсетіп, өткен ғасырдың 60 жылдарынан кеңінен тараған тұтынушылық қоғам тұжырымдамасы орнына балама ретінде Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын ұсынды. Сонымен қатар, «Елімізде жұмыс орындарын құрудамыз, жаңа өндірістер салудамыз. Сондықтан, жұмыс бар жерге бару керек»,-деп көрсетті [3].

Жобаның басты мақсаты еңбе кресурстарынвң мол артықшылығы орын алып отырған республиканың оңтүстік өңірінің (Алматы, Маңғыстау, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары) жастарын еңбек ресурстарына сұраныс көп батыс және солтүстік аймақтарда тегін білім алуларына және одан әрі еңбек етіп, кейін сл жерлерде жұмысқа орналастыру мүмкіндігін жасау, біржола тұрақтап қалуына жағдай туғызуды көздеген тың үдеріс болып табылады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Дүние жүзі қазақтарының V құрылтайында «Бағдарламаны көбейтіп, оны көшіп келген ағайындарға да бейімдеуіміз қажет. Сол жақтарда бейімдеу орталықтары түсіндіру жұмыстарын жүргізсе, мамандығы жоқтарын мамандыққа баулитын болса, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыратын болса, сол кезде келушілер тұрақталып қалатын болады. Келген ағайындарды қоныстандыратын үйлер салып, әлеуметтік инфрақұрлым жасау керек. Оны бағдарлама түрінде қолға алғанымыз жөн. Қажетті мамандық алуына жәрдем беру, жұмыспен қамту үшін жол картасын жасау қажет. Осының барлығы ұлтымыздың, еліміздің жарқын болашағы үшін атқарылатын маңызды шаралар болмақ»,- деп айтқан болатын. Сонымен қатар, барша жасты сапалы білім беру жүйесі, қолжетімді жоғары білім, қолына диплом алған жас мамандарды жұмыспен қамту, жас отбасыларды тұрғын үй мәселесі сияқты сұрақтар толғандырады. Бүгінде әр жас азамат қоғамда өз орнын тауып кету үшін тырмысып жүргенінің куәсіміз. ҚР Президентінің ірі қалалардағы жас отбасылардың тұрғын үй проблемалары, еңбек нарығына шығатын жастардың санын арттыру, жаңғыртылған 200 оқу орнының базасында сұранысқа ие 100 индустриялық және қызмет көрсету мамандықтары бойынша кадрлар даярлау, қашықтан оқыту мүмкіндігін жоғарылату, отбасы институтын қалыптастыру сынды көтерген мәселелері мен үкіметке берген тапсырмалары қазақ жастарының жүректеріне үміт отын сыйлары күмәнсіз.

«Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» - «Серпін» әлеуметтік жобасы бойынша әлеуметтік желілерде арнайы парақша ашып, оны үнемі ақпаратпен қамтамасыз етіп, білім

алушылардың, студенттердің мәселелері бойынша жедел кері байланыс желілері қарастырылған [2].

2016 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице министрлігі болған Суханбердиева Эльмира Амангельдиевна, Ұлттық жобалар бағдармасы бастығы Тобатаев Күлзия Қадырқызының қатысуымен,Семей қаласының әкімі Е.А.Бидахметұлы, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ вице-министр Т.Т.Асқаров, ҚГЗУ ректоры Ш.А.Құрманбаева т.б. белгілі тұлғалардың ақыл-кеңестері әрбір серпіндіктердің, сонымен қатар студенттердің жадында сақталып қалады деген ойдамын [4].

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында:

«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухан мәдениетіміздің бір парасы ғана. Халықтың құнды мұралары тәлімдік – тәрбиелік ой пікірдің бастауы, халықтың рухан мұрасы. Олардың қайсысының болсын педогогикалық мүмкіндіктері жоғары, өзіне тән мазмұны, ерекшеліктері бар танымдық, тәлімдік мәні зор, ұлан – ғайыр баға жетпес дүние» [5].

Қорытындылай келе,біздің Елбасымыздың сөзімен аяқтағым келіп отыр: «Қазақстанның болашағы сіздерге – сіздердің білімдеріңізге, күш-жігерлеріңіз бен патриоттық сезімдеріңізге байланысты.» Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолдарымызда, яғни болашағымыз жастардың жауапкершілігінде. Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез - келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беруі керек. Санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жыл

2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы. – Астана, 2014 жыл

3. Елбасымен бірге - жаңа жеңістерге жастар форумы. – Астана, 2015 жыл

4. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған Жастардың республикалық форумы. - Астана, 2016 жылғы

5. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» // «Егемен Қазақстан» газеті, 2018 жыл.

Хасен Н.Ж. – 9-ЭА-17 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі - оқытушы Айтбаева Н.Қ.
Қарағанды техника-құрылыс колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ТУҒАН ЖЕР – ТҰҒЫРЫҢ!

Туған жер сан ғасырдан бері көптеген жырларға, әндерге, дастандарға арқау болған мәңгі тақырып. Әр адамға кіндік қаны тамған жері ерекше ыстық болатыны да заңды құбылыс шығар. Дүние есігін алғаш ашып, аяулы ата-ананың ыстық ықыласына бөленіп, асыр салып ойнап, өскен орда.

Қазақстан Республикасының тұңғыш призиденті Н.Ә.Назарбаевтің халыққа жорлдаған "Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру" атты жолдауында "XXI-ғасырдың ұлттық сана"деген атпен жүзеге асыру, қолданыстан шығып қалған тарихымыз бен туған жерімізге деген махаббатымызды ояту қайта жаңғырта отырып қолдануға міндеттті түрде ел болып, жер болып ат салысуға талап қойды.

Жастарға міндеттеліп отырған осы бір жолдаудың ішінде маған ерекше талап етіліп алдыма қойылып отырған міндетті жобам «Туған жерге айрықша іңкәрлікпен ат салысу». Осы жоба бойынша Қарағанды обылысы Ақтоғай ауданының Шабанбай би ауылына ат басын бұрдым.

Шабанбай би ауылының географиялық орны аудан орталығы - Ақтоғай ауылынан шығысқа қарай 45 км жерде, Қызыларай тауынан басталатын Қаратал өзені бойында орналасқан. 2009 жылғы санақ бойынша 500 тұрғыны бар.

Тарихына тоқтала кетсем, ауыл 2002 жылға дейін Шылым деп аталған. Іргесі 1909 жылы қаланған. 1930-1963 жылдары "5-декабрь", "Ұлы Октябрь", "Ақтұмсық" шағын ұжымшарларының орталығы, 1963-1991 жылдары қой өсіретін "Қаратал" кеңшарының және Амангелді ауылдық кеңесінің орталығы болып келді. Оның негізінде Шабанбай би ауылында және округке қарасты Беғазы, Керегетас, Қасабай, және Сона ауылдарында 65 шаруа қожалығы құрылған.

Осы ауылымыздың атын асқақтатып жүрген алаштың үш арысы Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбай, Әлімхан Ермеков туып өскен жері. Осы өңірден шыққан күйшілеріміз бен әншілеріміз де жетерлік. 'Арқада -Аққыз, Батыста –Дина' деп, Жаңғали Жүзібаев айтқандай, әлемге аты әйгілі Аққыз апамыздың өлкесінен ән- күй тыңдап өскен ұрпақтарының біріміз.

Менің туып өскен жерім Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылы. Ауыл алғашында Шылым деп аталған себебі ертеректе осы ауылға орыс ұлтының үш адамы келіп шылым еккен екен. Содан Шылым атанған, арада біраз жыл өткен соң, Қаратал атанады. Себебі сарқырап аққан өзеннің бойында қара талдар қаулап өседі содан ауыл адамдары Қаратал деп атап кеткен. Кейінгі 10 жыл ішінде Шабанбай бидің құрметіне Шабанбай би атын берді. Абай Құнанбаевтың әкесі Құнанбай мен Шабанбай би Меккеге барып, қажылықтарын өтеген екен.

Осы Шабанбай би ауылының тарихы тереңде жатыр. Ауылдың тарихи жерлері айтарлықтай. Менің туып өскен үйімнің өзі тарихи ескерткіштердің біріне жатады. Осы үйде Шомақбаев Сейдіғазым деген Ұлы Отан соғысының ардагері тұрған. Соғыстан аман-есен оралған Шомақбаев Сейдіғазым ауылды көркейту үшін, ауыл-шаруашылығын көтеру мақсатында халық алдында көп қызмет атқарған. Тағы да ауыз толтырып айтарлықтай мәдени ескерткіштердің бірі Беғазы Дәндібай қорымы. Б.з.д VIII-XIII ғасырларда ертедегі қола дәуірі, тас дәуірінен қалған ескерткіш. Бұл ескерткіштен Әлкей Марғұлан атты зерттеуші құмыра, білезік, қазан ошақ, ыдыс аяқ, адам сүйектерін тапқан. Қорым тастардың биіктігі 2,5 метрге жетеді. Бұл баға жетпес жәдігерлер қазірі уақытта мектебіміздің мұражайында сақталуда. Мектеп маңында Ә. Ермековке арнайы 2017 жылы салынған ескерткіш бар. 3 қабатты мектеп, 2 қабатты мектеп интернаты 1979-1981 жылы ауыл орталығынан бой көтерді. Мектепте ауыл тарихын, шежіресін, жәдігерлерінен сыр шертетін мұражай бар. Мектеп 11 жылдық болып үздіксіз жұмыс жасауда. 1998 жылдың 27 қарашасында әкем Хасенов Жоламан Балтабайұлының ағасы Хасенов Айдаржан Балтабайұлы рухани дүниеңді жандандыратын мешіт салды. Бұл ерекше мешіт ғимараты 3 блоктан тұрады. Біріншісі – құлшылық залы, екіншісі – сауат ашу сыныптары, үшіншісі – әкімшілік зал. Әр блок ерекше көркем жазбалармен бөлініп, салынған. Сонымен қатар 1941-1945 жылы ел үшін жер үшін майданға аттанып қайта оралмаған аталарымыз бен апаларымызға арнайы салынған «Ер есімі ел есінде» тақырыбындағы 3 ескерткіш бар. Осындай тарихы тереңде жатқан туған жеріме бүгінде 90 жыл болыпты. Геологиялық құрылымы пермьнің граниттерінен, төменгі пермь, орта тас көмір дәуірі жыныстарынан түзілген. Тау беткейлерінде қарағай орманы, тауаралық аңғарлардағы қызыл қоңыр топырағында қайың, көктерек, тал, арша, қараған; ойпаң жерінде тобылғы, астық тұқымдас әр түрлі шөпті шалғын өседі.Таудың табиғи көркі мен табиғат байлығы шаруашылық әрекеттерге көп ұшырай қоймауы мұнда болашақта қорық ұйымдастыруға толық мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Оңтүстік бөлігінде орналасқан, сырқаттанып жүрген адам сол таудың етегіне барып бір түнеп шықса, дертінен жазылатын керемет тылсым күшті сиқыры бар

Әулие тауы бой көтеріп тұр. Жасыл желекке оранған Бегазы Дәндібай қорымы, әлемнің үш-ақ жерінде кездесетін балығы мол Тоқырау өзені созылып жатыр. Ұзындығы 298 км. Су жинау алабы 21100 км2. Бастауы Қарашоқы тауынан солтүстікте 10 км жерден басталып, Балқаш көліне 28 км жетпей жерге сіңеді. Ірі салалары - Жалаңаш, Қараменде, Қосабай, Қаратал, Жіңішке. Суы - тұщы. Суын Балқаш көлі, Саяқ кеніші, Ақтоғай, Үшарал, Сарытерек, Шылым, Жанарқалық елді мекендер тұрғындары ауыз суға, мал, жер суаруға пайдаланады.

Баяндамамның қорытынды бөлімінде көркем табиғатынан сыр шертемін. Жерлесіміз ақын Тәжібай Балтабайұлының Шабанбай би ауылының табиғатын «Ауыл табиғаты» атты шығарған өлеңінен-ақ тамашалап түсінуімізге болады.

АУЫЛ ТАБИҒАТЫ

Шылымның көктемі кеш, қысы ерте,
Жамылып әлі жатыр қардан көрпе.
Тартымды табиғаттың күшіменен,
Әр адам өз жеріне өзі ерке.

Басыңнан бұлт кетпес тауы биік,
Ойнаған бауырыңда арқа, киік.
Тәкаппар құз жартасты өр тұлғасы,
Тұрады көкті тіреп, күнді сүйіп.

Үйеңкі, қарағай мен қайың, терек
Жамылған бастарына жасыл желек.
Көкорай баурайында жасыл шалғын,
Тұрады сайдың басын гүлге бөлеп.

Бүлдірген, итмұрын мен доланасы,
Қарақат толып тұрған сай-саласы.
Әр жерден мөлдір бұлақ сылдыр қағып,
Көмкерген орман-тоғай айналасы.

Болғанда шөбі шүйгін, суы кәусар,
Жұтқанда мейірленіп тыныс ашар.
Самал жел майдай ескен бетке соғып,
Желпініп қырға шықсаң мауқың басар.

Тобылғы, қараған мен аршасы бар,
Сай толы майда шілік баршасы бар.
Болғанда ойы көкпек, тауы шеңгел,
Білмеймін әлі қандай қаншасы бар.

Екі өзені екі жақтан ағып жатқан.
Шылымның ортасында тоқайласқан.
Бір өзен Төр қорадан ағып келіп,
шеуі Беғазыда басын қосқан.

Қалың ши қаптап жатқан кер бетеге,
Даланың ерке желі тербете ме.
Жерінің түгін тартсаң майы шығады,
Осындай дәл Шылымға жер жете ме?!
Сана ойлап, тілім жазды жеткенінше,

Қағазға көңіл күйін төккенімше.

Мадақтап әлде болса талай жазам,

Өмірден ажал келіп өткенімше. - деп жырлағандай, шынымен де ауылым алтын бесігіме жететін ештеңе жоқ. Тау басына шығып айналаңа бір көз жүгіртіп қараса көк орай оранған белдері, тап-таза ауасы, сылдырап аққан бұлақ суы, мұрын жарып бара жатқан итмұрын, долана, құлпынайларын-ай. Шіркін табиғаты әсем, ауасы таза, суы кәусәр, тарихы терең Шабанбай би ауылы болашақта дамып жер қойнауынан алынып жатқан алтын менен мұнайдан түскен пайданың 1%-ы болса да Шабанбай би ауылының қазынасына түсіп, ауылды көркейту мүмкінідігі болса. Бүгінгі кезекте ауылды көркейту жолының бірі туризмді дамыту. 2018 жылдың мамыр айында туризм бағдарламасының бірінші жобасы жүзеге аспақ. 90-ншы жылдардың тоқыраушылық кезеңінде балалардың демалыс лагері жабылып қалған. Ауыл әкімі осы мәселені жыл сайын көтеруде.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде «Елді одан әрі дамыту тек білімді, дамыған және мәдениетті жастардың қолында» деген болатын. Біз, жалынды жастар ерік – жігерімізбен осы шараға атсалыссақ, оған ауданымыздың, ауылымыздың абзал, жанашыр азаматтары керісінше қолдау көрсетіп, көмегін бермесе, бізге тоқтау қоймасы анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006ж.;

2. “Қазақстан”: Ұлттық энцклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998ж.;

3. Т. Балтабайұлы/ «Шылымның көктемі кеш, қысы ерте». – Алматы: Арыс баспасы, 2011ж.

Цемох П.О., курсант 1 курса

Научный руководитель – магистр социальных наук, преподаватель Жумарова С.Т.

Костанайская академия МВД Республики Казахстан имени Шракбека Кабылбаева,

г. Костанай, Республика Казахстан

К ВОПРОСУ О ПАТРИОТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ

В современных условиях развития общества и образовательного пространства особо актуальным стало воспитание чувств гражданственности и патриотизма у молодежи.

Мы хотим затронуть тему патриотического воспитания молодежи. На самом деле эта тема о самом главном: о ценностях, о нравственных основах, на которых мы можем и должны строить нашу жизнь, воспитывать детей, развивать общество, в конечном итоге укреплять нашу страну.

Патриотическое воспитание подрастающего поколения — залог стабильного развития страны в будущем. Однако, что такое патриотизм? В «Толковом словаре живого великорусского языка» В. И. Даля отмечается: «патриотизм (от греческого patriots — соотечественник, patris — Родина, Отечество) — это преданность и любовь к своему Отечеству, к своему народу; привязанность к месту своего рождения, месту жительства» [1]. С. И. Ожегов в «Словаре русского языка» трактует «патриотизм», как «преданность и любовь к своему отечеству, к своему народу» [2].

Известно, что многие известные учёные, выдающиеся педагоги, талантливые писатели, философы и публицисты в своих трудах уделяли особое место патриотическому воспитанию. Проблемы патриотического воспитания являются исследованием отечественных учёных.

Казахстан — это сильное и независимо государство с многовековой историей. Огромный вклад в патриотическое воспитание также внес Президент нашей Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев: «Казахстан начал третье двенадцатилетние

Независимости с большой духовной модернизации. В рамках моей программной статьи во всех регионах страны начата масштабная работа. Один из важных проектов, реализуемых на основе «Рухани жаңғыру» — «Туған жер». Земля, на которой человек родился, всегда будет в его сердце. Мы все гордимся своими родными краями, скучаем по ним, заботимся о них. Любовь к родной земле продолжается в любви к Родине, забота о родной земле — в заботе о Родине», — отметил глава государства [3].

Само понятие «патриотизм» не рождается на пустом месте. Его истоки - в глубоком знании истории страны, в понимании и уважении деятельности тех поколений, усилиями которых обеспечивались ее независимость и процветание. Патриотизм очень сокровенное чувство, находящееся глубоко в душе (подсознании).

Патриотизм - это понимание собственного участия, который подтверждается ежедневной работой на благо своего отечества [4] . Нашей стране повезло, мы определили свой путь и теперь все вместе создаем идеологию. При этом нужно брать все лучшее из советского опыта и сделать акцент на нашей истории, культуре.

Настоящий патриот никогда не станет недоброжелателем своей страны. Патриот тот, кто делает все для своей страны и исходит из интересов своей страны. Не может быть сильным ни государство, ни общество, если народ не объединен чувством любви и преданности своему отечеству.

Казахстанский патриотизм — это осознание государственного, казахстанского. Он включает в себя: чувство привязанности к тем местам, где человек родился и вырос; уважительное отношение к родному языку; заботу об интересах родины; проявление гражданских чувств и сохранение верности родине; гордость за ее социальные и культурные достижения; отстаивание ее свободы и независимости; уважительное отношение к историческому прошлому родины и унаследованным от него традициям; стремление посвящать свой труд, силы и способности расцвету родины.[4]

Патриотическое воспитание молодежи - это часть государственной молодежной политики страны. Быть патриотом своей страны - всегда большая честь для любого человека, имеющего гордость и собственное достоинство. Но патриотами не рождаются, ими становятся. Причем патриотическое воспитание в уверенно развивающемся государстве не следует оценивать только как творческий процесс. Это еще и борьба за молодежь, будущее страны, борьба против таких негативных явлений, как вынужденная миграция, рост преступности, наркомании, алкоголизма и экстремистских настроений.

В Государственной программе по патриотическому воспитанию граждан РК, казахстанский патриотизм определяется как осознанная ответственность каждого гражданина за судьбу, безопасность, будущее своей Родины. Строить здоровое общество и сильное государство может только человек, воспитанный в духе патриотизма. Это должна быть уникальная личность, готовая внести свой вклад в построение правового государства и гражданского общества [5].

Мәңгілік Ел – это идея, которая открывает завтрашний день, выражает веру в будущее, это символ необратимой и прочной стабильности..."В основе Мәңгілік Ел – простые, понятные и самые ценные для каждого из нас истины: благополучие наших семей, гостеприимство и трудолюбие, стабильность, безопасность и единство, уверенность в завтрашнем дне [5].

В этом смысле патриотизм должен стать приоритетом в воспитании чувства гражданственности молодого поколения страны. Для современного казахстанского общества важно, чтобы каждый человек не только помнил свою историю, гордился своей страной и понимал, что от успеха страны зависит счастье каждого, но при этом не оставался безучастным к событиям, происходящим в государстве.

И я, будучи абитуриентом Костанайской академии МВД Республики Казахстан имени Шракбека Кабылбаева, мне было предложено при поступлении продолжить свое обучение в ВУЗе Российской Федерации. Но я считаю, что мне со школьной скамьи заложены те качества гражданственности и патриотизма, которые должны быть в гражданине Республики

Казахстан. И я точно знаю, что смогу принести пользу своему государству став дипломированным сотрудником уголовно-исполнительной системы.

Высокий уровень патриотизма - залог высокой конкурентоспособности нации. Поэтому государственная политика в этой сфере имеет ряд важных направлений.

Во-первых, это сфера образования - как фундаментальная основа воспитания подрастающего поколения.

Во-вторых, это сфера культуры, которая касается прежде всего преемственности поколений.

В-третьих, это сфера межнационального согласия. Казахстан - единая Родина всех казахстанцев. Долг каждого гражданина - способствовать миру и согласию в нашем общем доме.

В-четвертых, это сфера межконфессионального согласия и открытого либерального общества.

В-пятых, это сфера информационного пространства. С развитием информационных технологий последний аспект становится особенно актуальным» [6].

Нравственное воспитание это процесс взаимодествия воспитателя и воспитанника, направленный на развитие патриотических чувств, патриотических убеждений и устойчивых норм патриотисекого поведения. Патриотизм открывает в молодежи всех народов чувство свободы, единства, равенства и братоства, культуры межнационального общения [6].

Таким образом, казахстанский патриотизм, отражающий достижения молодого, независимого и успешно состоявшегося государства во всех сферах его деятельности, имеет все необходимые предпосылки, для того чтобы состояться в качестве самостоятельного и глубокого политического явления. В его создании призваны участвовать все казахстанское общество, заинтересованное в дальнейшем процветании и благополучии своей страны.

Список использованной литературы:

1. Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка. — М.: Русский язык, Том 1–4, 1989–1990.
2. Ожегов С. И. Словарь русского языка. URL: http://www.ozhegov.org/ (Дата обращения: 02.11.2017).
3. Назарбаев: Патриотизм является нерушимой опорой Мәңгілік Ел. URL: http://muftyat.kz/ru/news/11876 (Дата обращения: 02.11.2017).
4. https://agartu.com/1244-kazahstanskiy-patriotizm.html
5. Патриотический акт "Мәңгілік ел"/ kazpravda 2015/
6. Нурлигенова З. Н., Амантаева К. М., Курбанова Д. Н. Патриотическое воспитание казахстанской молодежи: история и перспективы // Молодой ученый. — 2017. — №45. — С. 160-163.

Шабденбеков Б.Д., II курс студенті

Ғылыми жетекшісі – қоғамдық пәндер оқытушысы Қозыбағаров А.И.

А. Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлық-техникалық колледжі, Саран қ., Қазақстан Республикасы

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МӘНІ

Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген этностық сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ұлт бар жерде ол да бар. Ұлтпен бірге өмір сүреді, жойылмайды, құбылып өзгермейді.

Ол бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету, мемлекеттік

деңгейде ұлттық идеяның негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру және ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұраны игеру сияқты міндеттерді шешуді жүктейді. Қазақтың ұлттық идеясы туралы кезінде әртүрлі пікірлер айтылғанымен оның айқын тұжырымы қалыптасқан жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары көрініс берген ізденістер бір арнаға тоғыспай аяқсыз қалды. Міне, осы сәтте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын жариялады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атануы еді, ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл арманды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. «Мен қоғамда: «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болу керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлттық мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы», - деген еді. Тәуелсіздік арқасында халқымыз мәңгілік мұраттарға қол жеткізуді, еліміздің жүрегі Елорда тұрғызылды. Қазақтың мәңгілік ғұмыры, ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналды.Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың перзенті. Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық мемлекеттер үшін маңызды болып отыр.

Мәңгілік Ел идеясын, ұлттық идеологияның негізгі факторы ретінде қарай отырып, оны барлық қазақстандықтар қолдайтын ортақ, әлеуметтік, этностық, діни бірегейлікті қамтамасыз ететін басты ұстанымға айналдыру қазіргі кезеңнің басты міндеті болмақшы. Сонымен бірге, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты, негізгі іргетасы – бірлік екенін ұмытпағанымыз абзал. Бірлік – ол елдің рухани бірлігі, халықтың мәдени, тілдік, діндік, ақпараттық кеңістікке деген бірлігі. Қазақстандықтардың әлеуметтік, мәдени, рухани бірегейлігін дамыту, ұлттық идеологияны дамытудың басты факторы болуы тиіс.Сондықтан да «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың тұжырымдамалық негізін философиялық тұрғыдан талдау қажеттілігі туындайды. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бері жүзеге асырып келеді. Ол қазақ халқының тарихи санасын қалыптастырып, дамытуға бағытталған.

Тарих – шындыққа айналған тағдыр. Әрқилы тағдырдың тоғысып, адамзаттың тұтас ғұмырын құрайтыны сияқты, түрлі ұлттың шежіресі де әлемнің ортақ тарихына айналады. Сондықтан дүние тегершігі айналған сайын тарлан тарихтың қатпары арта түседі. Бұл тұрғыдан алғанда, адамзат тағдыры мен өркениет тамырын түркілер тарихынсыз елестету мүмкін емес. Бағзы заманға көз жіберсек, қуатты империялар құрған түркілер ғасырлар бойы ұлан-ғайыр аймаққа билік жүргізіп, арғымақтың тұяғы жеткен жерге – Байкалдан Балқанға дейінгі орасан зор аймаққа иелік етті. Алтайдан тарайтын айбынды ел тілі жақын, танымы мен талғамы ұқсас бір әлемді – ортақ өркениетті құрады. Алтын тақта отырып билік жүргізген айбарлы қағандар мен абыздар «Мәңгілік Ел» орнатуды армандады. Ешкімге тәуелсіз, еркін өмір сүрген, елін жаудан азат еткен күллі көне түркі елінің арманы да мәңгілік Ел идеясы болған. Елін тәуелсіз еткен Күлтегін батыр халықты байлыққа кенелткен: «Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым. Тату елге жақсылық қылдым»,- деп мақтаныш сезіммен баяндаған.

Жоңғар шапқыншылығы және Ақтабан шұбырынды алмағайып заманда қазақ ұлттық идеясының бағыт-бағдары айқындалып, отаншылдық, патриоттық сарыны өзекті ойларға арқау болады. Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастаны ұлттық идеяның негізіне айналды.

Көпұлтты әрі көпдінді Қазақстанның алған асулары мен жеткен жетістіктерінің бастауы – бейбітсүйгіш халқымыздың ақ-адал пейілі мен қонақжайлылығы, төзімділігі мен еңбекқорлығы, елімізді мекендейтін түрлі ұлт өкілдерінің қазақтың дәстүрлі құндылықтарын қадірлеген доспейілділігі. Сондай-ақ, жүз отызға жуық ұлттар мен он сегіз конфессиялық топ

өкілдерінің береке-бірлігі жарасып, ынтымақтаса өмір сүруі – еліміздің бейбітшілік пен келісімді сақтау жолындағыұтымды саясаты мен ауқымды еңбектерінің жемісі.

Елбасымыз «Жер бетінде мыңдаған ұлттар мен ұлыстар бар. Біз – дербес мемлекет құру бақытына ие болған 193 ұлттың біріміз. Басқа бақыттың қонуы – бір бөлек, сол бақытты бағалай білу – бір бөлек. ...Тәуелсіздік – тарихтың сыйы немесе бүгінгі буынның меншігі емес. Ол – өткен бабалардың алдындағы қасиетті борыш және келешек ұрпақтың алдындағы зор жауапкершілік. Біз Тәуелсіздігімізге тәу етіп, тәубе деп, Тәуекелмен болашаққа бет түзеп келеміз. Біз бүгін Ұлы тарихымыздың тағы бір шебінен сенімді өтіп келеміз», – деген еді.

Ата-бабамыздың сан ғасырлар бойы арманы, бүгінгі ұрпақтың ақиқаты болған қасиетті тәуелсіздігімізді, елдігімізді сақтап, дамығанелдердің қатарына қосылу – Мәңгілік ел болудың нысаны. Келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін әрқайсысымыз ортақ құндылыққа үлесімізді қосуымыз шарт.

Бабалар арманы болған тәуелсіздікке қол жеткізген соң, оны сақтап қалу үшін ел ішіндегі алауыздыққа жол бермейтін біртұтас идея, алға жетелейтін бағыт-бағдар, мақсат-мұрат болу керек. Алдына асқақ мақсаттар қоятын, тілі мен дініне берік, жастары алғыр, рухы биік, жақсылыққа жаны құштар, ертеңіне сеніммен қарайтын халық қана тарихта «Мәңгілік ел» болып қалатыны анық.

«Мәңгілік ел» идеясы – халықтың мүддесіне, қоғамдағы тыныштық пен ынтымақтастыққа қызмет ететін, бағыты мен бағдары анық жол, бейбітшілік пен келісімді, ұлтаралық татулық пен төзімділікті сақтап, сындарлы сәттерден сүріндірмейтін ұлы мұрат.

Бұрынғы-соңғы білімдарлардың пайымдауынша, елді ілгері сүйрейтін идея мемлекеттік сипат алып, қоғам мүшелерінің көңілінен шығуы үшін негізгі екі талап орындалуы тиіс екен. Оның біріншісі – сол мемлекетте өмір сүріп отырған халықтың болмысымен, мақсат-мүддесімен толық сәйкес келуі; екіншісі – мемлекет тарихымен сабақтасып, ұзақ мерзімдер бойы сол қоғамда қалыпты, жетекші идеологиялық мәні болуы. Ұлы қағанат құрған түркілер осы екі қағиданы да ұстанған екен.

Адамзат баласы рухани тығырыққа тіреліп, әлемдік қауымдастық жаңа қатерлермен бетпе-бет келіп, дінаралық, ұлтаралық қатынастардың маңызы артқан тұста, халықты идеялық тұрғыда біріктіретін, басталған реформаларды ары қарай табысты түрде жүргізетін, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтап қалатын идеяларға қажеттілік артып отыр. Тарихта өткен талай мемлекеттердің түбіне жеткен зобалаңнан аман қалып, өзіндік ерекшеліктерге ие дәстүрді сол жаһанданудың алапат дауылына ептілікпен қарсы қоя білу – біздің мемлекетіміздің мәңгілігінің кепілі.

Халқымыздың ата-бабадан мұраға қалып, елеусіз қалған бұл өсиеті – қазақтың дәстүрі, дәстүрлі дүниетанымы, қазақтың дәстүрлі дүниетанымынан нәр алған қазіргі «Мәңгі ел» идеясы. Бұл идеяның түп мақсаты – қазіргі әлемді дағдарысқа тіреген рационалды идеяларға балама ретінде қазақ халқының тарих сынынан өткен ұлттық дүниетанымын ұлттық, қала берді, барынша гуманистік идея ретінде әлемдік идеяға айналдырып, нәтижесінде тек Қазақстан мемлекетінің ғана емес, әлемдік қауымдастықтың, барша адамзаттың да бағдары болатын рухани темірқазығына айналдыру болып табылады.Мәңгілік Ел идеясы –қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және елімізді ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген идеология болатынына сенуге болады.

Қазақ елінің бүгінгі басты мақсаты – бірлігі жарасқан, экономикасы мығым,әлеуеті жоғары, бәсекелестікке қабілетті, алдыңғы қатарлыотыздыққа ену. Қазақтың біртуар перзенті Нұрсұлтан Әбішұлы тәуелсіздік алған күннен бастапқұндылықтарымызды қадірлеп, асылымызды ардақтауға үндеп келеді. Бүкіл әлем қызыға қарайтын елдегі тыныштық пен тұрақтылық, экономикалық даму, ұлтаралық татулық – халқымыздың салқынқанды сабырлылығы мен Елбасымыздың сындарлы саясаткерлігінің жемісі.

Мемлекеттің тірегі – халықтар достығы, ел бірлігі, қоғам тұтастығы. Осы үш тұғыр бекем болса, Мәңгілік елдің шаңырағы биік, келешегі кемел.

«Мәңгілік ел» – кемел келешектің жобасы, сондықтан оның ұрпақтар сабақтастығына ұласатыны мәлім. Ұлы Дала елінің ғаламат тарихы мен қайталанбас құндылықтарын ұрпаққа ұлағаттап, үлгі болатындай игі істер атқару – бүгінге міндет, келешекке – аманат.

«Мәңгілік Ел» идеясын іске асыруды бастау бақыты бүгінгі ұрпаққа бұйырса, бабалардың алдындағы қарызымыз бен балалардың алдындағы парызымыздың орындалғаны. Қазақстан әлемдегі алып елдердің қатарынан өз орнын алса, әлемге танылған елдің өрендері ел мен жердің иесі болатындай намысты болып жетілсе, ұлттық дәстүрлі құндылықтарымыз жоғалмай, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырса, «Мәңгілік ел» болашағы баянды, келешегі нұрлы болары айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы// Егеменді Қазақстан. – 2015. №230.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 2014 ж. 17 қаңтар.

3. Амангелді Айталы. «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи тамыры», «Егемен Қазақстан», 2014

Шакенова К.К., студентка 2 курса
Научный руководитель – к.ф.н., доцент Сейфуллина Г.Р.
Карагандинский экономический университет, г.Караганда, Республика Казахстан

О РОЛИ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ЦЕННОСТНОГО МИРА СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Екіншіден, материалдық аспекті ретінде, сақтанушы азаматтарға, сақтандырылған адамға, пайда алушыға өздерінің шығындарын өтеп алуға үлкен мүмкіндік жасайды. Себебі, сақтандыру оқиғасы болған кезде, сақтандырушымен жасалған келісімшартқа сай сақтанушы мүліктік мүддесіне өзінің төлемақысын ала алады. Сақтандырушы тарапынан емес, жасалған шартқа негізделген материалдық көмек болады. Сақтанушыны материалдық жағынан қамтамасыз етеді. Осы жерде айта кететін жайт, материалдық көмек тек сақтанушыны қамтып қана қоймайды, сондай-ақ сақтандырушыныда қамтиды. Неге дегенде, сақтандырушы сақтанушымен сақтандыру келісімшартын жасағаны үшін, сақтандыру сыйақысын алады. Бұлда сақтандырушыға келетін пайда немесе материалдық көмек деуге болады. Сондықтан материалдық көмек екі жаққада тиімді әдіс.

Үшіншіден, сақтандыру қатынастарын жүзеге асыру психологиялық жағынан өте жағымды болып келеді. Себебі, адам сақтандырған мүліктік мүддесі үшін әрқашанда жақсы ойда жүреді. Егер мүлкіне немесе өзіне зиян келген жағдайда оның сақтандырылып, мүліктік жағынан қорғалып тұрғаны оған үлкен көтермелеу жағдайын туғызады. Мәселен, егер адам сақтандырылуға тиісті жағдайлардан сақтандырылмаса, онда оқыс оқиғадан келген шығындардың орынын өзі толытыру керек болады. Ол өз кезегінде оған ауыр психологиялық соққы болуы мүмкін. Сондықтан мүліктік мүддесі сақтандырылған болса, мүліктік мүддесі жағынан шығыны н өтеп беретін сақтандыру ұйымының бар болуы оған жақсы ойлап жүруге көп көмек береді.

Ескере кететін жайт, заңдық және психологиялық аспектілер материалдық аспектісіз-ақ пайда бола береді. Сақтандыруды жүзеге асыру кезінде сақтандыру төлемі болмауы да мүмкін, себебі ол сақтандыру жағдайының болу, болмауына тәуелді. Осылайша,

сақтандырушы сақтандыру қатынасына түскенде сақтандыру жағдайы әсерінен келген залалды жоюға көмектесетін, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қызмет етеді.

Заңдық және психологиялық аспектілерде сақтандырушы сақтандырудан алған материалды емес игілікті көрсетеді. Бұл игілік өзінің құндылығын және өзінің тұтыну құнын көрсетеді. Сақтандырудың материалды аспектісі, сақтандырумен қарастырылған сақтандыру және басқа да төлемдер сияқты материалды игілік түрінде көрсетіледі.

Бізде халық сақтандыру жүйесінің пайдасы туралы әлі де толық білмейді. Шетелде – сақтандыру дегеніміз тұтастай мәдениет. Яғни, жоғары жалақы алатын адамдар өздерінің алдағы өмірін лайықты табыспен қамтамасыз еткілері келеді, сондықтан да сақтандыру компанияларына шарт жасасу үшін ерікті түрде жүгінеді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін шарт бойынша аударған қаржысымен өзін қаншалықты қамтамасыз етсе, сонша зейнетақы алатын болады. Демек, азамат бұған өзіне лайықты өмірді қамтамасыз ету үшін барады. Әрине, сақтандыру мәдениетін дамыту шарттарының бірі – ол азаматтардың табысын арттыру арқылы халықтың өмір сүру деңгейін көтеру. Жалпы алғанда бір адамның болашағын инвестициялау мәдениеті мен өмір сүру деңгейі бойынша тұтастай мемлекеттің даму деңгейін айқындауға болады.

Сақтандыру қатынастырының тұрақты дамуына кедергі келтіріп отырған бірнеше мәселені келтіре кетсек. Біріншіден, көпсалалы сақтандыру қатынастарына түсетін кезде еліміздің сақтандыру нарығынан оңай шығып кете алатындай сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығының жетіспеуі.

Екіншіден, сақтандырушылық қатынастарда көптеген шаруашылық субьектілердің болуы, сақтандырудың мүддесін қорғау кезінде мамандандырылған тиімді қызметтерді көрсетудің жоқтығы.

Үшіншіден, ұлттық сақтандыру ұйымдары қызметінің барысында жаңа бағыттарды дамытудың тұралап қалуы. Олардың бұрынғы ескі, қайталанатын жоспармен жұмыс жасап жатуы.

Сақтандыруға қатысты заңнаманың олқылық жақтары жоқ емес. Ал шындығында, сақтандыру қызметінің басты түйткілі халықтың қалай сақтануды білмеуінен емес, сақтануға мүмкіндік беретін табысының аз болуынан туындап отырған жоқ па екен?! Сондықтан шетелдерде бұл қызмет жүйесінің жоғары деңгейде дамуын зерттеп, талдаған дұрыс. Оларда сақтанудың мәдениеті жоғары дейді мамандар. Шетелдерде кез-келген азамат өзінің ертеңгі өмірін қамтамасыз етуді, болуы мүмкін қиын жағдайда тал қармап қалмауды – басты қажеттіліктердің бірі деп санайды. Сол үшін де сақтандыру компанияларын өздері іздеп барып, олармен міндетті түрде шарт жасасады екен. Ал бізде, сақтандыру шартын көбінесе сақтандырудың заңмен көзделген міндетті түрлерімен ғана жасалатыны белгілі. Тек ерікті сақтандыруды санаулы адамдар жасайды. Бүгінде күтпеген жерден еліміздің біраз аймақтарының (Қарағанды, Павлодар т.б.) қыстан шыға бере тап болған үйлерді су басу апаты мәселесі басты орында. Егер осындай жағдайларда материалдық мүліктік мүдделерді қорғау, шығынның орынын толтыру мақсатында алдын ала сақтандырылып қойған кезде көптеген жеңілдіктер орын алушы еді. Тіптен мемлекеттің өзі жауапкершіліктен құтылуға себеп болуы мүмкін. Мұны дамыған елдер тәжірбесінен кездестіруге болады. Сондықтан үйлерді сақтандыруды әрине, заңмен міндетті етіп енгізу қиындық тудыратын жағдай. Себебі жоғарыда айтқандай халқымыздың материалдық жағдайы көтермейді. Осындай мәселеден құтылу үшін мемлекет болып ат салысып, көмектессе қалай болар еді деген ұсыныс бар. Мысалы, біздің елде «өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» [5] заң бар. Осы заңның негізінде ауылшаруашылығындағы кәсіпкерлер ауыл шаруашылығы дақылдарын (дәнді, майлы дақылдар, қант қызылшасы, мақта) өңдеу процесінде алынған өнімдерін сақтандырып қоюға міндетті.

Міндетті сақтандырудың бұл түрінің ерекшелігі сол оны мемлекеттік қолдаудың болуында. Яғни, міндетті сақтандырудың бұл түріне мемлекеттік қолдаудың болуы осы салаға бюджет қаражатын бөлуден көрінеді. Мәселен, «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қарашадағы №1133 Қаулысында (өзгерістер мен толықтырулар 1.11.2013 №1195) былай делінген «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін бюджет қаражаты және уақытша бос ақшаны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырудан түскен кірістер есептелетін Ұлттық Банктегі шоттағы ақша пайдаланылады» [5]. Міне осы сияқты, тек қана мемлекетке пайда келтіретін кәсіп түрлерін ғана мемлекеттің қолдауына ие болмай, сондай-ақ, қарпайым халықтың жағдайында ескеріп, олардың мүліктік мүдделерін сақтандыруға мемлекеттен қолдау болып, көмек қаржы бөлінсе. Сонда ғана ауырып ем іздегенше, ауырмай тұрып ауырмаудың жолын тапқан болар едік.

Қоғамдағы әрбір адамның өзінің өміріне қауіп төндіретін және ол ондай жағдайды жалғыз өзі түзете алмайтын жағдайлар да болатынын атап өткен жөн. Осыған байланысты сақтандыру нарықтық экономика жағдайында жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қатерден әлеуметтік қорғау нысандарын айқындайды.

Міне осындай мәселелер төңірегінде оларды төмендегідей шешу жолдарын ұсынылды:

- сақтандыру нарығының тұрақты түрде сенімді дамуы, олардың өз функцияларын жоғары дәрежеде атқаруы өздігінен орындалмайды, нәтижелі сақтандыру саясатын жүргізуге және тиімді мемлекеттік реттеуге байланысты дамиды, сол үшін тиімді мемлекеттік сақтандыру саясаты болуы;
- қоғамдағы өмір сүрудің сапасын жоғары деңгейге көтеру үшін, сақтандыру саласында шараларды қолданбалы түрде іске асыру;
- сақтандыру қызметіне жүгінуді халықтың болашақтағы өмір сүруіне, қызметіне, табиғи апаттар мен техногендік қолайсыз жағдайлардан өзіне сенімді болуына әсер ететінін жағдайларды жиі жарнамалау;
- сақтандыру ұйымдарының қызметіне қашықтықтан интернет арқылы бақылауды жүзеге асыру;
- сақтандыруды құқықтық реттеуге қатысты көптеген елдердің тәжірибелері зерттеп, оларды Қазақстан жағдайында қолдануды жүзеге асыру;
- сақтандырудың міндетті түрлерін жүзеге асырғанда олардға қаржылай көмектесу тетіктерін қарастыру.

Қорыта айтқанда сақтандыруды жетілдіру және құқықтық тұрғыдан реттеу оның болашағының бар екенін және адамдар арасында сенім тудыратын және сақтандыру қатынастарын тиімді реттеудегі маныызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2014 жыл *17 қаңтар.*

2. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126 Заңы (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 02.07.2018 № 166-VI)

3. Азаматтық кодекс ерекше бөлім 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Кодексі (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 02.07.2018 № 166-VI)

4. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы №533 Заңы (өзгерістермен толықтырулар ҚР 10.01.2018 № 134-VI)

5. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қарашадағы №1133 Қаулысы (өзгерістер мен толықтырулар 1.11.2013 №1195)

Аманбаева З., Толеутаева А., студентки 3 курса
Научный руководитель - доцент Дуброва Н.Б.
Карагандинский экономический университет,
г.Караганда, Республики Казахстан

МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ТРУДА

Международно-правовое регулирование труда – это регулирование с помощью международных соглашений государств (многосторонних и двусторонних договоров) и других международно-правовых средств вопросов, связанных с применением наемного труда, улучшением его условий, охраной труда, защитой индивидуальных и коллективных интересов работников [1].

Формальным юридическим выражением международно-правового регулирования труда являются нормы (стандарты) труда, закрепленные в актах, принятых международными организациями, а также в двусторонних договорах и соглашениях отдельных государств.

Конституция Республики Казахстан закрепляет принцип приоритета международных правовых норм над нормами национального законодательства. "Проникновение" норм международно-правового регулирования в трудовое законодательство Республики Казахстан реализуется в 2 направлениях: во-первых, путем ратификации конвенций и иных актов международных организаций и их органов; во-вторых, путем заключения двусторонних и многосторонних международно-правовых договоров с другими государствами [2].

Первая область связана с нормативной деятельностью Организации Объединенных Наций, Международной организации труда, Европейской региональной Ассоциации Совета Европы, Содружества Независимых Государств (в первую очередь с конвенциями и рекомендациями МОТ); вторая-с совместной практикой нормотворчества двух или более конкретных государств, заинтересованных во взаимном или региональном урегулировании вопросов трудового права.

Источниками международно-правового регулирования труда являются правовые акты различных уровней, в разной степени регулирующие отношения в сфере труда, принятые различными международными организациями. Эти законы применяются к странам, которые подписали и/или признали их.

Основополагающее значение среди этих актов имеют акты ООН. Прежде всего, это Всеобщая декларация прав человека и Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах.

Эти акты имеют различную юридическую силу. Всеобщая декларация прав человека была принята Генеральной Ассамблеей ООН 10 декабря 1948 г. в форме резолюции. В этом нет необходимости. Это в основном политический документ, но он заложил краеугольный камень в международную защиту прав и свобод человека.

Во Всеобщей декларации прав человека выделен и сформулирован пакет основных неотъемлемых и неотчуждаемых трудовых прав человека: право на труд; право на свободный выбор работы; право на защиту от безработицы; право на справедливые и благоприятные условия труда; право на равную оплату за равный труд без какой-либо дискриминации; право на справедливое и удовлетворительное вознаграждение, обеспечивающее достойное человека существование для него самого и его семьи и дополняемое при необходимости другими средствами социального обеспечения; право создавать профессиональные союзы и вступать в профессиональные союзы для защиты своих интересов; право на отдых и досуг, включая право на разумное ограничение рабочего дня и на оплачиваемый периодический отпуск [3].

Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах был принят Генеральной Ассамблеей ООН в 1966 году. По своей юридической природе это многосторонний международный договор (Конвенция), ратифицированный огромным большинством государств-членов ООН.

Специализированным учреждением ООН является международная организация труда (МОТ), которая была основана в 1919 году на основе Версальского договора как структурное подразделение Лиги Наций [4].

Членами МОТ являются подавляющее количество государств-членов ООН. Трехсторонняя (трехсторонняя) организация МОТ отличает ее от других международных организаций и оказывает значительное влияние на принятие и содержание ее конвенций и рекомендаций. Необходимость создания МОТ определялась следующими политическим, социальными, экономическими причинами.

В декларации основных принципов и прав в области труда, принятой в июне 1998 года, сформулированы четыре основополагающих принципа, соблюдение которых является обязательным для всех государств-членов МОТ независимо от ратификации конвенций. К ним относятся: свобода объединения и действенное признание права на ведение коллективных переговоров; упразднение всех форм принудительного труда; действенное запрещение детского труда; недопущение дискриминации в области труда и занятий.

В качестве приложения к декларации утвержден механизм его реализации. Основным принципом работы МОТ является трехсторонний подход, который означает, что формирование почти всех ее органов базируется на триединстве представительства - от правительств, представителей работников и предпринимателей.

Смысл существования МОТ изложен в преамбуле ее Устава. Это должно способствовать установлению всеобщего и прочного мира путем поощрения и развития социальной справедливости. В соответствии с этой идеей были определены основные задачи, стоящие перед организацией, и разработана программа действий по реализации идеи социальной справедливости.

Деятельность МОТ разнообразна, однако традиционной основой целей МОТ является нормотворчество и сотрудничество с государствами-членами, а также с организациями работодателей и трудящихся.

Инструменты МОТ являются одним из основных источников международного трудового права. На сегодняшний день МОТ приняла 184 конвенции и 194 рекомендации по различным аспектам работы.

Процедура принятия конвенций и рекомендаций МОТ является сложной. До их принятия они должны обсуждаться дважды (последовательно) на международных конференциях (сессиях МОТ), перед которыми должны представляться доклады МОТ, основанные на обобщении законодательства и практики различных стран. Каждая конвенция или рекомендация обсуждается специальной комиссией, сформированной конференцией. Эти документы требуют одобрения большинством в 2/3 присутствующих на конференции делегатов [1].

При одинаковых требованиях к процедуре принятия Конвенции и рекомендаций как источников международно-правового регулирования они имеют различный правовой статус.

Конвенция приобретает статус многостороннего международного соглашения после ратификации ее как минимум двумя государствами-членами МОТ и с тех пор он налагает определенные обязательства на оба ратифицировавших и не ратифицировавших государств. Но для отдельного государства-члена МОТ, положения Конвенции становятся юридически обязательными только после его ратификации Верховным государственным органом (конвенции содержат нормы о порядке их денонсации).

Факт ратификации конвенции налагает на государство ряд обязательств:

— во-первых, оно обязано принять законодательные или иные акты, гарантирующие проведение ее в жизнь;

— во-вторых (и это является особо сдерживающим фактором), регулярно представлять в МОТ доклады относительно принятых мер по эффективному применению ратифицированной конвенции. Такие доклады представляются раз в 2 - 4 года [5].

Рекомендация также содержит международно-правовые нормы, но в отличие от конвенции не требует ратификации и предназначена для добровольного применения в

национальном законодательстве государства-члена МОТ. Надо согласиться с мнением проф. И. Киселев, что эта рекомендация является источником информации и образцом для совершенствования национального законодательства. Рекомендация детализирует, уточняет, а иногда и дополняет положения Конвенции, делает их содержание более полным и гибким, расширяет возможности выбора для государств при решении вопроса о принятии международных норм [1]. Довольно сложный механизм принятия конвенций и рекомендаций является гарантией от поспешных решений. В то же время государства-члены МОТ несут серьезную ответственность за представление докладов организации, что не очень обнадеживает в плане принятия таких обязательств (эта позиция особенно заметна в связи с ратификацией конвенций).

Приведем характеристику основных конвенций МОТ. Ряд конвенций посвящен защите трудовых прав в области условий и охраны труда. Конвенция № 47 "О сокращении рабочего времени до сорока часов в неделю" (1935) предусматривает, что установление 40-часовой рабочей недели не влечет за собой уменьшения заработной платы. Сверхурочная работа считается сверхурочной работой в соответствии с конвенцией, которая допускается только в определенных случаях и подлежит дополнительной оплате. Определенные нормы установлены также для еженедельной работы, оплачиваемого ежегодного отпуска и учебного отпуска.

В области регулирования заработной платы наиболее важными являются Конвенции № 131 «Об установлении минимальной заработной платы» (1970) и № 95 «Об охране заработной платы» (1949). При определении минимальной заработной платы предлагается учитывать потребности работников и членов их семей (учитывая общий уровень заработной платы в стране); стоимость жизни; социальные пособия; сравнительный уровень жизни различных социальных групп; экономические соображения, включая требования экономического развития; уровень производительности труда и желательность достижения и поддержания высокого уровня занятости. Конвенция также предусматривает создание и функционирование специальной процедуры, направленной на систематический контроль за заработной платой и пересмотр минимальной заработной платы. Ни при каких обстоятельствах не следует снижать заработную плату.

Многие международные документы МОТ касаются прав трудящихся в области охраны труда. Эти акты требуют от государств-членов Международной организации труда по реализации государственной политики в области охраны труда и создания эффективной системы инспекции труда.

К числу конвенций о свободе ассоциации и правах человека относится Конвенция № 87 "О свободе ассоциации и защите права на организацию" (1948 год), в которой закреплены права 9 трудящихся и предпринимателей на свободу организации в целях поощрения и защиты своих интересов. Дополнительные гарантии права на организацию предоставлены Конвенцией № 98 «О применении принципов права на организацию и на ведение коллективных переговоров» (1949). Конвенция №154 «О содействии коллективным переговорам» (1981) предусматривает, что коллективные переговоры являются универсальным средством регулирования вопросов труда. Коллективные переговоры проводятся между предпринимателями (группой предпринимателей), организацией (организациями) работников в целях определения условий труда и занятости; регулирования отношений между предпринимателями и работниками; регулирования отношений между предпринимателями (их организациями) и организацией (организациями) работников.

К 2001 году МОТ приняла более 182 конвенций и 190 рекомендаций. Конвенции МОТ имеют обязательную силу для страны, которая присоединилась к ним путем ратификации. МОТ контролирует это. Большое количество актов МОТ конкретизируют положения актов ООН о равноправии в труде и запрете дискриминации в труде и занятости (конвенции № 100, 111, 117 и др.). Рядом актов МОТ установлены критерии незаконного увольнения и обеспечение защиты от них. Так, Конвенция №158 предусматривает, что увольнение

возможно только при наличии законных оснований, связанных со способностями или поведением работника или признанием производства банкротом.

Таким образом, основной целью международно-правового регулирования труда является содействие совершенствованию труда, установление международных стандартов почти по всем институтам Особенной части трудового права и по многим вопросам общей части. Международно-правовые акты имеют значительное влияние на национальное законодательство во всех государствах.

Список использованной литературы:

1. Трудовое право: Учебник /Под ред. О.В. Смирнова. С. 500; Киселев И.Я. Международно-правовое регулирование труда (международные стандарты труда): Учебное пособие. М., 1995.
2. Конституция Республики Казахстан от 30.08.1995 года
3. Декларация об основополагающих принципах и правах в сфере труда и механизме ее реализации. Женева, 1998.
4. Трудовое право: Учебник / Под ред. А.С. Пашкова. СПб., 1994. С. 272.
5. Экономика труда. Социально-трудовые отношения. Учебник./ М.: Экзамен, 2006, С. 313

Аманбек А.А., 1 курс студенті
Ғылыми жетекші - аға оқытушы, магистр Орынбеков А.С., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қрағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

«Сыбайлас жемқорлық қоғамға, мемлекеттің
конституциялық негізіне қауіп төндіреді,
сондықтан онымен күрес жүргізу — жалпы ұлттық міндет»
Н.Ә.Назарбаев

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2018 жылы қазан айының 5-ші жұлдызында Қазақстан халқына арнаған жолдауында сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрес жалғасатындығын мәлімдеді. Елбасымыздың осы жолдауында көрсетілген бағыттары, соның ішінде мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа көшірілуі өте оңтайлы шешім. Яғни, мемлекеттік қызметтердің электронды түрде ашық көрсетіліп орындалуы, сыбайлас жемқорлықтың жойылып кетуіне де өз септігін тигізеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы бойынша "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының осы тараптарда да қосар үлесі зор. Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және сыбайлас жемқорлықпен күрес жолдарында цифрлық технологияларды пайдалану өте дұрыс бағыт.

Қазіргі таңда шешімі өте күрделі болып келетін, еліміздің экономикасының өркендеуіне кесірін тигізетін өте өзекті мәселе - сыбайлас жемқорлық. Бұл мәселе бүкіл әлемнің қасіреті. Сыбайлас жемқорлық өз еліміздің өркендеуіне кесірін тигізіп қана қоймай, қоғамдық сананың бұзылуына әкеп соқтырады. Қоғам санасы бұзылса, сыбайлас жемқорлық одан әрі өркендеп кетуі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық (латын тілінен аударғанда, бұзу деген мағынаны білдіреді) – лауазымды тұлғаның өзінің биліктік өкілеттіліктерін, өзіне жүктелген құқықты жеке пайдасы үшін пайдаланып, бекітілген ережеге қарсы әрекет етуінен туындайды. Осындай жағдайларды тудырмас үшін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінде, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы

Қазақстан Республикасының заңдарына, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын жалпы қабылданған талаптары, сондай-ақ олардың мінез-құлқының негізгі стандарттары қарастырылған.

Алайда, мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға бой алдыруы әліде жалғасып келеді. Мемлекеттік қызметшілердің заңға бағынбауы және этикалық ұстанымдарының төмендігінен болса керек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әліде жалғасуда.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның арқасында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр түрлі салаларда күні бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Алайда, беріп жатқан нәтижесі қарын тойдырарлық емес. Қоғам парақорлық дертімен бетпе-бет келуде. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып күресуіміз керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғам санасын түзеу керек. Қоғамның санасы түзелген кезде, қоғамнан тәрбие алатын азаматтар мен азаматшаларда өз еліне адал қызмет атқаратын болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды одан әрі күшейтіп, мектеп қабырғасынан бастап арнайы сабақтар, дәрістер берілуі керек. Сыбайлас жемқорлықпен болып жатқан күрестің мықты әрі адуынды екенін қоғамға ашық көрсетілсе дейміз.

Елімізде орын алып жатқан осындай оқиғалар кейде жасырын түрде қалады. Қазіргі таңда ақпараттар кеңінен таралады. Ғаламторда түрлі жарнамалар арқылы да жасөспірімдер, ата-аналар, студенттер жалпы қоғам хабардар болып отырады. Сол себепті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесіне қатаң талаптар мен жазалар қойылуы керек деп санаймыз. Сонымен қатар, жұмыссыздық, жалақының аздығы, халықтың әлеуметтік жағдайының төмендігі сыбайлас жемқорлықтың одан әрі дамуына әкеп соқтырады.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі ол қоғамның арыздары мен шағымдары. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті [1]. Осы заңдарды ескере кететін болсақ, сыбайлас жемқорлық орын алған кезде азаматтардың жасырып қалуы. Келіп түскен арыз-шағымдардың дер кезінде қаралмауы да сыбайлас жемқорлықтың дамуына әкеп соқтырады.

2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді [2].

Стратегияның басты мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

«Нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолына келер болсақ оқу орындарында, мектептерде, тағы да көптеген мекемелерде арнайы сауалнамалар мен іс-шаралар көптеп жүргізіліп, айлық көрсеткіштер беріліп отырса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес өзінің оң нәтижелерін берер еді.

Ауылдық жерлерде жұмыссыз азаматтардың көп екені, халықтың әлеуметтік жағдайының төмен екенін барлығымыз білеміз. Ол жерлерде тек мектеп , әкімшілік орталық, мәдениет үйлерінде ғана жұмыстар бар. Ол жердегі жұмыстар барлық ауыл тұрғындарына қамтылмайды. Осындай себептер де сыбайлас жемқорлықтың тууына әкеп соғады. Ауылда тұрып өз бизнесін ашқалы отырған отбасылармен ауыл әкімшілігі жиналыстар ұйымдастырып, оны жоғары жаққа ұсынып шаруалықтарын дамытатындай жағдай жасалынса, бірнеше адамды жұмыспен қамтуға болатын еді.

«Хан әділ болса - халық ынтымақты болады!» - деген нақыл сөз сот саласындағы қызметкерлердің ұстанымы іспеттес. Елбасы жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, заң

баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты сөзі бар. Олай болмаған күнде біз кеңестік кездегі «заң *қалай бұрсаң солай бұрылатын тәртенің* керін қайталайтын боламыз», - деп атап көрсеткен. Олай болса, сыбайлас жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесіде жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуға міндетті. Егер біз қоғам болып елімізге әділ қызмет етсек, жемқорлықты түбімен жойып жібере аламыз.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының азаматтық борышы екенін естен шығармауымыз керек. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 13-қадамында да жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мәселелері нақты көрсетілген. Осындай нақты қадамдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді деген ойдамыз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Конституциясы, 1995 жылдың 30 тамызы (өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда) // adilet.zan.kz
2. ҚР – 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққы қарсы күрес стратегиясы // adilet.zan.kz.

Аманжол Жания., Ю-12П тобының магистранты
Ғылыми жетекшісі - заңтану магистрі, аға оқытушы Адильбекова Қ.Қ.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ШЕКТЕУ ТҮСІНІГІ МЕН НЕГІЗДЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ӨЗЕКТІ ОЙЛАР

Қазіргі таңда теориялық тұрғыдан адамның табиғи құқықтар концепциясын, адам мен азаматтың конституциялық құқықтарын, оларды шынайы тұрғыдан қорғалуына берілетін кепілдіктерді нығайту мәселелерін зерттеп, қарастыру ерекше маңыздылыққа ие.

Жаңа демократиялық мемлекеттердің алдында адам құқықтары мен бостандықтары жүйесін дамыту, оның мазмұнын толықтыру сияқты мақсаттар пайда болды. Осыған орай, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің шарттары мен механизмін жетілдіру маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы адамның құқықтары мен бостандықтарын белгілеу саласында адамзат жинақтаған тәжірибе мен адамның негізгі құқықтары тұжырымдамасының негізгі ережелерін айқындаудан, олардың тиімді іске асуының тетіктерін қарастырудан құралады.

Мемлекет және құқық теориясы оқулықтарынан адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу түсінігі мен сипаттамасының жалпы және тұжырымдамалық тұрғыда зерттелетінін білеміз. Бұл ретте осы құқықтар мен бостандықтар ұғымына, адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің құрылымына, адамның бұзылған құқықтарын қалпына келтірудегі мемлекеттің рөліне және ең жақсы жағдайда адам мен азаматтың қоғамдағы құқықтары мен бостандықтарын шектеу негіздеріне екпін жасалады. Сонымен, көрнекті құқық теоретигі Е.А.Лукашева өз еңбектерінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің жеке анықтамасын бермейді, тек "құқықтарды пайдалану адамның жауапкершілігімен, белгіленген құқықтармен, ізгілік, ынтымақтастық, адамгершілік принциптерімен белгіленген шектеу мүмкіндігімен ұштасады" – дейді [1,78б.]. Халықаралық және мемлекетішілік құқық нормаларына сілтеме жасай отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге іс жүзінде жол берілетін жағдайлар әкеледі. Ал, академик В.С.Нерсесянц саяси-құқықтық ой тұрғысынан адам құқығы мәселесін зерттей отырып, адам құқығын жалпы құқықпен байланыстырады. Бірақ шектеулі құқықтар туралы және құқық субъектілерінің бостандығының құқықтық теңдігіне

қатысу және мойындау қажеттігі туралы, яғни олардың бір-бірінен формальды тәуелсіздігі туралы, субъектілердің игілігі туралы қызықты пайымдайды. Құқық тетігі арқылы бастапқыда адамдардың еркін емес массасы (соңғылардың құқықтары шектеулі, қысым жасалған және т.б.) біртіндеп еркін индивидтерге айналатынын негіздейді [2,103б.]. Құқық теориясындағы адам және азамат құқықтары бойынша соңғы зерттеулерді жинақтаған С.С.Алексеев адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қазіргі кезеңде шектеу дегенде адам құқықтары туралы жаһандық тәртіп құбылысы ретінде ойлайды және осы тұрғыда демократиялық қоғамда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қатаң сақтау, туындайтын бұзушылықтарды, коллизияларды және т.б. жою қажеттігі туралы айтады. Әлеуметтік мемлекеттегі адамдардың теңдігін, яғни барлығының заң мен сот алдындағы теңдігін және әлеуметтік-экономикалық өмірдегі бастапқы ұстанымдардағы теңдігін білдіреді [3,63б.]. Ресейлік заңгер Т.Радько құқықты шектеу функциясы шеңберінде жалпы құқықты шектеу түсінігін бөліп, бұл шектеуді қарама-қарсы мүдделерді теңдестіру ретінде анықтайды. Содан соң осы ұғым арқылы ғалым адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеуді түсіндіреді, олар федералдық заңмен тек конституциялық құрылыстың негіздерін, басқа адамдардың адамгершілік, денсаулығы, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында қажетті шамада ғана белгіленуі мүмкін деген пайымға келеді [4,87б.].

Байқап отырғанымыздай, мемлекет пен құқық теориясында осы күнге дейін адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеуді нақты анықтау әзірленбеген және бұл шектеулер тек жалпы акцептуалды, саяси-құқықтық жоспарда сипатталған. Аталған құқықтар мен бостандықтардың шектеулері белгіленген құқықтармен, гуманизм, ынтымақтастық, адамгершілік қағидаларымен анықталатын шара және еркіндік шекаралары ретінде түсіндірілсе де; бұл шектеулер жалпы құқыққа байланысты, яғни құқық субъектілерінің құқығын, бостандығын шектеу ретінде қарастырылады. Қарастырылатын шектеулер сот құқықтары мен бостандықтарын тарылту аспектісінде және әртүрлі бастапқы мүмкіндіктер мағынасында зерттеледі, бұл шектеулер қарама-қарсы мүдделерді теңдестіру арқылы зерттеледі.

Осыған байланысты адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу сұрақтарына жауап беру үшін алдымен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын анықтауға жүгінеміз. Біздің ойымызша, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары - бұл тұрақты, белгілі бір шамада дәстүрлі, игіліктер мен әлеуметтік құндылықтар жүйесі, қоғамдық қатынастардың басты қатысушылары - адам мен азаматтың құқықтық талап ету объектісі болып табылады. "Адам құқықтарының нормативті табиғаты, оның белгілі бір игіліктер мен қалыпты өмір сүру жағдайларына деген талаптарын белгілейтін, қоғамдық өмірге тұрақтылық пен құқық тәртібін енгізеді, - деп атап өтті Е.А.Лукашева. Оның ойынша, адам бостандығы мен құқықтарын қорғау, олардың кепілдіктері - бұл тұлғаның өзін-өзі бағалылығын, оның өмір сүру құқығын, жеке қолсұғылмаушылықты, лайықты өмір сүруге, мұқтаждық пен кемсітушіліктен еркіндікті, мәдени, конфессиялық, ұлттық өзіндік ерекшелікке құқықты сақтау тәсілдерінің бірі". Кез келген демократиялық мемлекетте адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары - қоғамның жетістіктерінің объективті шарасы, оның кемелденуі мен өркениетінің көрсеткіші болып табылатын маңызды әлеуметтік және саяси-құқықтық институт болып табылады. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары негізінде жатқан адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің тікелей билік еркімен құрылмайды. Сондай-ақ, осы мемлекеттік ерік арқылы адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының күші жойылуы немесе қажетсіз деп жариялануы мүмкін емес. Сонымен, мемлекет - адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының мойындалуы, сақталуы, кепілдік берілуі және қорғалуына байланысты қатынастардың маңызды қатысушысы. Оны қызметінің бұл жағы демократиялық және құқықтық мемлекет тұрғысынан алғанда оның бастапқы сипаттамасы болып табылады. Осыдан байқайтынымыз, құқықтар мен бостандықтардың мойындалуы, сақталуы, кепілдендірілуі мен қорғалуының мемлекетке, оның атқаратын міндетіне

тәуелділігі, осы міндетті орындаудың толықтығына, дұрыстығы мен тиімділігіне тәуелділігін айқындайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Лукашева Б.А. (ред.) Права человека. Учебник для вузов. - М.: Издательство НОРМА (Издательская группа НОРМА-ИНФРА М), 2001. - 573 с.

2.Нерсесянц В.С. Общая теория права и государства. – М., 2000.

3.Алексеев С.С. Государство и право. - М., Проспект, 2008.

4.Радько Т. Теория государства и права в схемах и определениях. - М., Проспект, 2013

Афгонов С.Х., студент 3 курса
Таджикский государственный университет Коммерции
Научный руководитель – к.ю.н., доцент Балгимбеков Д.У.
Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, г. Караганда, Республика Казахстан

ТАКТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ДОПРОСА СВИДЕТЕЛЕЙ ПО ДЕЛАМ О ВЗЯТОЧНИЧЕСТВЕ

Данное следственное действие регламентируется уголовно-процессуальным кодексом Республики Казахстан [1] и уголовно-процессуальным кодексом Республикой Таджикистан [2]. Общей тактической задачей допроса потерпевших и свидетеля является получение полных и правдивых показаний о фактах совершенного преступления и других обстоятельствах, имеющих значения для расследования уголовного дела. Это самый распространенный способ получения доказательств по делу и поэтому в криминалистической литературе на тактику допроса свидетеля обращено особое внимание ученых криминалистов. Поэтому, не останавливаясь на общей характеристике тактики допроса потерпевшего и свидетеля, ограничимся лишь особенностями допроса свидетеля по делам о взяточничестве.

Всех свидетелей по делу можно условно разделить на шесть основных подгрупп:

1) лица, впервые передавшие подарок в сумме или стоимостью, не превышающей двух месячных расчетных показателей, если совершенные этим лицом действия (бездействие) не были обусловлены предварительной договоренностью;

2) лица, давшее взятку, если в отношении них имело место вымогательство взятки со стороны взяткополучателя, или если это лицо добровольно сообщило правоохранительному или специальному государственному органу о даче взятки;

3) лица, сообщившие о факте совершения коррупционного правонарушения или преступления;

4) лица, оказавшие иное содействие, имевшее впоследствии значение для выявления, пресечения, раскрытия и расследования коррупционного правонарушения или преступления;

5) лица, по объективным стечениям обстоятельств были очевидцами подготовительного, непосредственного и заключительного этапа факта передачи-получения предмета взятки;

6) Лица, ранее наблюдавших факт передачи предметов взятки, но ошибочно полагавшие что происходит законные сделки;

7) лица, являющиеся очевидцами противоправных действий преступных действий взяточника (лицо, содействующее органу уголовного преследования и выполняющее роль клиента, понятые, сотрудники, производившие задержание подозреваемых с поличным, и другие лица);

8) лица, располагающие важной информацией, имеющей значения для расследования дела (владельцы и персонал саун, гостиниц, квартир, сдающие в наймы своё жилье, соседи,

лица, занимающиеся частным извозом или водители такси, которые не осведомлены о действительных событиях, и другие лица);

9) лица, осуществившие представление информации о местонахождении разыскиваемого лица, совершившего коррупционное преступление;

10) лица, могущие охарактеризовать членов преступной группы (родственники членов преступной группы, супруг или супруга, в том числе находящиеся в разводе, свойственники, сослуживцы, соседи членов преступной группы и другие лица).

Научный и практический интерес в рамках расследования взяточничества представляют лица, давший взятку, криминальная активность которых заключается в совершении преступления предусмотренные статьей 367 Уголовного кодекса Республики Казахстан[3] (320 Уголовного кодекса Республики Таджикистан[4]). В примечании к этой статье указано, что, если в отношении них имело место вымогательство взятки со стороны взяткополучателя, или если это лицо добровольно сообщило правоохранительному или специальному государственному органу о даче взятки, то они освобождаются от уголовной ответственности. Поэтому тактика допроса заявителя о вымогательстве взятки заключается в получении полных и правдивых показаний. Готовясь к производству немаловажного следственного действия - допросу - следователь должен учитывать то обстоятельства, что в отношении заявителя применена поощрительная норма освобождения от уголовной ответственности.

Если заявитель не желает давать правдивые показания или дает не полные сведения, то его следует познакомить с показаниями других лиц, продемонстрировать аудио-, видеозапись. Если и после этого свидетель не желает давать правдивые показания, то его следует познакомить с нормами законодательства, предусматривающими ответственность за отказ или за дачу заведомо ложных показаний.

Знание фактов, имеющих значения для дела, и воспроизведение их во время допроса таких лиц отличаются некоторыми особенностями.

Во-первых, в отличие от других свидетелей, осведомлены о членах преступной группы сводников и её лидерах, коррумпированных связях, обстоятельствах расследуемого преступления, о неизвестных эпизодах преступной деятельности группы и других обстоятельствах, интересующих следствие. Такие данные могут помочь следователю составить представление об организованной преступной деятельности сводников, наметить направление расследования и составить план расследования по делу, выдвинуть версии с целью обнаружения доказательств.

Во-вторых, взяткополучатели обладают сведениями, компрометирующими лиц заявивших о фактах коррупции, поэтому показания последних могут быть искаженными и не отвечающими объективной действительности из-за страха быть разоблаченными в случае дачи ими правдивых показаний.

В-третьих, возможно использование правоохранительных и специальных органов для устранения «конкурента в должности». Отсюда показания «жертвы вымогательства» могут быть тенденциозными и клеветническими. Однако заинтересованность заявителя в наказании взяточника не должна рассматриваться следователем как обстоятельство, дающее основание недооценивать её показания.

В-четвертых, заявители в процессе свободного рассказа могут выйти за круг поставленных вопросов и дать обвиняющие показания в отношении других лиц и по другим уголовным правонарушениям.

В-пятых, после дачи показаний заявители о вымогательстве, могут не явиться в органы уголовного преследования для проведения других следственных действий, а также для дачи показаний - в судебный орган. В тех случаях, когда они могут скрыться от следствия и суда, их показания следует депонировать в соответствии с процедурами уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан. Основные вопросы выясняемые при допросе лица добровольно заявившем о факте взяточничества смотри приложение.

Что касается других подгрупп свидетелей, то их допрос, как правило, происходит в бесконфликтной ситуации и не отличается от обычных процессуальных, криминалистических и оперативно-розыскных приемов, методов и средств ведения следственного действия.

Список использованной литературы:

1. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.01.2019 г.) // https://online.zakon.kz

2. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Таджикистан от 3 декабря 2009 года. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.01.2019 г.) глава 23. // https://online.zakon.kz

3. Уголовный кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.01.2019 г.) // https://online.zakon.kz

4. Уголовный кодекс Республики Таджикистан от 21 мая 1998 года № 574 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.01.2019 г.) // https://online.zakon.kz

Әбдіреева Қ.О., Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты, полиция аға лейтенанты Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Қазіргі уақытта қазақстандық қоғамда он сегіз жасқа толмағандар жасаған құқық бұзушылықтардың қарқынды өсуі өзекті проблемалардың бірі болып табылады, сондай-ақ қоғамға қауіпті қол сұғушылықтардың сипаты мен құрылымы түбегейлі өзгеріп жатыр. Жасөспірімдердің қылмыстылығын толығымен жою мүмкін емес, өйткені ол «ересек» қылмыстылықпен қатар қоғамның және мемлекеттің барлық тарихи дамуында бар. Жасалған қылмыстардың қатыгездігі мен сипаты бойынша көптеген жағдайларда «балалық» қылмыстар ересек және тәжірибелі қылмыскерлердің жасаған қылмыстарынан кем емес.

Біздің болашағымыз жас ұрпаққа тәуелді болғандықтан, мемлекеттің даму мақсаты жасөспірімдердің қоғамға қауіпті әрекеттерінің санын азайту, жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін жоғарылату және құқықтық нигилизмді жою болып табылады.

18 жасқа толмаған адамдар жасаған қылмыстардың құрылымы қоғамдық тәртіпке (бұзақылық), меншікке (тонау, опасыздық), жеке адамға (адам өлтіру, әртүрлі ауырлық дәрежесінде денсаулыққа зиян келтіру) қарсы қол сұғушылықтар болып табылады.

Соңғы уақытта жеке адамның жыныстық бостандығы мен тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың өсуі байқалады. Көптеген жағдайларда мұндай қылмыстарды тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан жасөспірімдер, тұрғылықты жері жоқ қадағалаусыз қалғандар және балалар үйінің тәрбиеленушілері жасайды.

Көптеген психологтардың пікірінше, жасөспірімдер жиі топтарда әрекет етеді, олар «табындық инстинкт» деп аталады, көпшілікке қосылу арқылы өзін-өзі танытуға тырысады. Топтарға бірігу, мүдделер бойынша топты немесе қоғамдастықты іздеп табу жасөспірімдердің ерекшелігі болып саналады, бірақ әрбір кәмелетке толмағанды жеке алғанда мұндай топтар қылмыс жасауға көбірек бейім.

Біздің ойымызша, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық пен қылмыстылығының жоғары деңгейі келесі себептерге байланысты:

- тиісінше тәрбиелемеу, ата-аналардың балаларға бақылаудың төмен деңгейі және кәмелетке толмағандардың бос уақытын тиісті ұйымдастырмауы;
- жасөспірімдермен жасалатын құқық бұзушылықтардың жеткіліксіз профилактикасы;

- отбасындағы қолайсыз жағдайдың жасөспірімнің мінез-құлқына ықпалы;

- білім беру жүйесіндегі тәрбиелеу функциясы толығымен жүзеге асырмалуы;

- кәмелетке толмағандарға құқық бұзушылық жасағаны үшін жазаның қатаң емес болуы.

Қылмыстылықтың ұлғаюына ықпал ететін себептердің бірін - біз тиісінше тәрбиелемеуді атадық, өйткені он сегіз жасқа толмаған адамдардың тәрбиесіне тиісті көңіл бөлінуі мен бақылауды қажет етеді деп есептейміз. Бірақ қазіргі заманда ата-аналардың күнде жұмыста болуының себебінен, балалардың тәрбиесіне жеткіліксіз уақыт бөлінеді, оның барлығы ата-аналармен балалардың арасында бір-бірін түсіну қиыншылықтарына әкеп соғады.

Сондай-ақ, жастар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасының жеткіліксіздігі атап өткен проблемалардың бірі. Бұл проблема кешенді болып табылады, оның шешімі тек құқық қорғау органдарының ғана емес, қамқоршылық және қорғаншылық органдарының, әлеуметтік жұмыстың, кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың және басқа да органдардың қызметі бағытталуы тиіс.

Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтардың келесі себебі - қамқорлығынсыз қалған балалар, панасыз қалған балалар, балалар үйінің және бейәлеуметтік отбасылардың балалары. Жоғарыда айтылғандай, балаларды тәрбиелеу олардың өмірі мен болашағында маңызды рөл атқарады. Отбасы – нақты сонда тұлғаның қалыптасуы басталады, бала ата-аналардың мінез-құлқын келтіруге тырысады, жақсылық пен жамандықты түсінуге үйренеді.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың көбі бейәлеуметтік отбасылардан, өйткені мұндай отбасыларда ата-аналар бейморальды өмір сүреді, мұндай ата-аналар тіпті өздерін тәрбиелеуге қабілетсіз болса, олар өз балаларына қандай тәрбие беру мүмкін. Сондай-ақ «маскүнемдер» және «қылмыскерлер» ата-аналарының жаман генетикасын мұра еткен балалар үйінің тәрбиеленушілері де бар. Әрине балалар үйінен шыққан балаларға тек қана генетиканың әсері емес, көбінесе балалар үйлерінде жасөспірімдерге тиісті көңіл және бақылау бөлінбейді, сондықтан олар қарым-қатынасқа жабылып, ренішті ішке сақтап қалуы мүмкін, мұның барлығы жаман салдарға әкеп соғуы мүмкін. Сонымен қатар тұрғылықты жері жоқ қадағалаусыз қалған балалар, олардың саны жылдан жылға көбейіп жатыр, мұндай балалар өзіне-өзі берілген соң қылмысты және құқық бұзушылық жасауға душар болады.

Кәмелетке толмағанды ересек адамдарға қарағанда қылмыс жасауға көндіру әлдеқайда оңай, өйткені жасөспірімдер заңдарды түсінбейді және белгілі бір қылмыс жасағаны үшін қандай жаза алатынын білмейді, олар жазадан құтыламын деп үміттенеді. Өйткені соттар кәмелетке толмағандарға қатысты адамгершілікпен қарайтыны құпия емес. Қамаққа алу және бас бостандығынан айыру соңғы шара ретінде пайдаланылады. Мұндай жағдайлар жеткілікті, адамгершілікті білдіру жасөспірімдерде жазасыздық сезімін тудырады.

Білім беру жүйесінің негізгі функциясы - білім беру және тәрбиелеу болып табылады, бірақ практика көрсеткендей, білім беру жүйесі тек білімге үйретеді, ал тәрбиелеу функциясы мүлдем жоқ екендігін айтып кеткен жөн. Ескере кететіні, кәмелетке толмағанды тәрбиелеу бұл - балаға қоғамда қалыптасқан және оның рухани, дене бітімі, имандылық, психикалық, мәдени, зияткерлік жағынан дамуына және әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғауға бағытталған мінез-құлық ережелері мен нормаларын дарыту жөніндегі ата-анасының немесе басқа да заңды өкілдерінің, сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тарапынан оған әсер ететін үздіксіз процесс [1].

Сондай-ақ, проблемалардың бірі, менің ойымша, кәмелетке толмағандарға қылмыс жасағаны үшін жазаның қатаң еместігі. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 6-тарауы он сегіз жасқа толмаған адамдардың қылмыстық жауапкершілікке тартылу ерекшеліктеріне арналған. 80-бапқа сәйкес, кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ, он сегізге толмаған адамдар танылады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға жаза

тағайындалуы мүмкін не оларға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін [2].

Қазіргі уақытта көп әлеуметтік бағдарламалар мен шаралар құрылған, олар жасөспірімдердің қылмыстылығын төмендетуге жағдай жасайды, мектептерде және өзге де білім беру мекемелерінде балалармен профилактикалық әңгімелесу жүргізіледі, балаларға арналған жедел желілер мен сенім телефондары қызмет атқаруда, сонымен қатар құқық бұзушылық жасаған тұлғалармен жұмыс жүргізілуде, олар психологиялық-әлеуметтік көмек алады, ол кәмелетке толмаған балалардың психологиялық қолдауына және эмоционалдық тұрақсыздығына бағытталған.

Біздің ойымызша, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтардың деңгейін төмендету үшін келесі қажет:

- тұрмысы қолайсыз отбасыларға, қамқоршылық және қорғаншылық органдарының бақылауын күшейту, нақтылай келе мұндай отбасылардағы кәмелетке толмағандардың бос уақытына есеп жүргізу;
- мектептерде және басқа да оқу орындарында жасөспірімдердің жеке басын дамытуға, олардың патриоттық тәрбиесіне, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын-алуға бағытталған 18 жасқа толмағандар үшін апта сайынғы міндетті сабақтар өткізу;
- қоғамға қауіпті әрекет жасағаны үшін кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды жазалау ретінде қоғамға пайдалы түзеу жұмыстарына тарту, ал мұндай шаралардың күрделігі мен ұзақтығын жасөспірімдерді қайта тәрбиелеу үшін жасаған құқық бұзушылықтың немесе қылмыстың ауырлық деңгейіне қарап тағайындау қажет.

Жоғарыда көрсетілген құқық бұзушылықтарды және қылмыстарды алдын алу шаралары Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандар арасындағы құқыққа қарсы әрекеттердің деңгейін түсіруге ықпалын тигізеді деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 Заңы.

The State Revenue Committee of the Republic of Kazakhstan constantly conducts negotiations and meetings with the diplomatic services of foreign countries on customs issues. Only in the first half of 2018, meetings were held with the ambassadors of the United States, Afghanistan, China, Japan, and the trade representatives of Pakistan, Turkey, and Switzerland who are in the Republic of Kazakhstan. A seminar was held in the Republic of Kazakhstan for diplomatic missions to clarify customs legislation.

With independence, Kazakhstan becomes an active participant in the activities of the global customs community. The Republic of Kazakhstan one of the first of the former USSR countries became a member of the World Customs Organization since June 1992. This made it possible to establish contacts with the customs services of foreign countries, thanks to which Kazakhstan customs officers receive technical and advisory assistance.

Thus, Kazakhstan becomes an active participant in the activities of the global customs community.

Today, the customs service of our country is at a qualitatively new level of its development. In recent years, a number of reforms have been carried out aimed at creating the basis for the further successful functioning of customs. The increase in foreign trade turnover of Kazakhstan, the improvement of the investment climate, the harmonization of the Customs Code with international standards - all this is evidence that the customs service of our country is developing dynamically[3].

List of used literature:

1. Eurasian doctrine of Nursultan Nazarbayev / Comp .: An. Nysanbayev, V.Yu. Dunayev /. - Almaty: 2010. - 404 p.

2. N.A. Nazarbayev The strategy of social transformation and the revival of the Eurasian civilization. - M., - P.421

3. D. Momysheva. The Importance of the Activities of Customs Authorities in the Implementation of the Customs Policy of the Republic of Kazakhstan // Jurisprudence: Problems and Prospects: Proceedings of the II Intern. scientific conf. (Perm, January 2014). - Perm: Mercury, 2014. - p. 18-20.

Жақан Г.Б Ю-18-1К тобының студенті
Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., доцент Сатбаева Қ.
Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Еліміздің Конститутциясында адам және азамат құқықтарының жан жақты реттелуі, егжей тегжейлі қарастырылуы, еліміздің Негізгі заңында Адам және азамат бөлімінің басты орнында тұруы – бұл мемлекетіміздің аталмыш мәселеге ерекше назар аударуының айғағы.

Жалпы зерделеп отырған тақырыбымның мақсаты – Негізгі заңға адамдардын көзқарасы мен олардың өз құқықтары мен бостандықтарын жан-жақты жүзеге асырып, міндеттерін орындау тетіктерін қаншалықты толық меңгере алатындығын зерделеу болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында « ...оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген. [1] Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мойындау, сақтау және қорғау – бұл мемлекеттің міндеті. Адам мемлекет пен қоғамның маңызды элементі болып табылады және мемлекет пен құқықтың барлық әрекеттері оның лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталуы керек. Сонымен қатар, өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыра отырып, адам бір мезгілде басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауы керек. Осыдан азаматтардың өздерінің құқықтық мүмкіндіктерін жүзеге асыру жөніндегі іс-әрекеттері, заңды мінез-құлықтың маңызды құрамдастарының бірі болып табылатын басқа адамдардың құқықтары мен міндеттерін бұзбауы тиіс деген қорытынды жасауға болады. Барлық осы әрекеттер заңмен реттелуі тиіс, өйткені заңдық реттеусіз адамдар бірге өмір сүре алмайды, ал құқық өз кезегінде адамзат қоғамына байланысты болады.

Алайда, адам өз өмірінде құқықтан басқа көптеген принциптерді, қоғамдағы құқықтық сана деңгейін, оның тарихи даму ерекшеліктерін және басқа да көптеген факторларын басшылыққа алады. Осы критерийлердің жиынтығынан құқыққа сай мінез-құлық дамиды.

Жақсы құқыққа сай мінез-құлық құқықтық мемлекеттің негізі бола отырып, оның құқығының дамуына және де құқықтық қатынастарды одан әрі дамытуға ықпал етеді.

70 жыл бойы тоталитаризм тұмшауында болған қоғамға оның болашағы үшін жаңа бастаулар, жаңа құндылықтар және жаңа өмір салты керек. Сонымен қатар қоғамның адамға қаншалықты еркіндік беріп жатқанын есте ұстау керек, сол бостандықтың жауапкершілігі әлдеқайда зор.

«Біздің бостандығымыз ешкімді мойындамауда емес, біздің бостандық жоғарыдағыға құрметпен қарағанымызда. Мұндай құрмет бізді көтереді; біздің мойындауымыз біздің жан дүниемізде өзімізден жоғары тұрған нәрсенің бар екенің көрсетеміз және оған тең болуымызға лайық екендігімізді көрсетеміз». [2]

Құқықтық мінез-құлық – адамның құқық нормаларына сәйкес мінез-құлқы. Құқықтық мінез-құлық экономикалық, әлеуметтік, саяси- идеологиялық қоғамдық қатынастардың жай күйіне ықпал жасап, дамуына септігін тигізеді. Құқықтық мінез-құлық негізінде борышты, қоғамдық қажеттілікті сезінуден, қоғамдық мүддемен сабақтас жеке мүддеден туындайтын ниет жатады және ол адам санасы мен еркіндігінің бақылауында болады. Ал құқыққа қарсы жағымсыз мінез-құлыққа пайдакүнемдік, өзімшілдік, зорлықшыл пиғыл сияқты теріс қылықтар жатады. Құқықтық тұрғыдан нақты тәртіпке келтірілген мінез-құлық қана

құқықтық мінез-құлық болып саналады, ал рұқсат етуші не тыйым салушы құқық нормаларында қарастырылмаған мінез-құлық құқықтық мінез-құлыққа жатпайды. Құқықтық мінез-құлық мемлекет тарапынан қадағаланып отырады. Жағымды, оң мінез-құлыққа құқықтық кепілдік беріледі, ал құқыққа қарсы жағымсыз, теріс мінез-құлық үшін адамға құқықтық жауапкершілік жүктеледі.

Қоғамдық бағыттағы себептердің жоғарғы сатысы болып, қылықтың әлеуметтік құндылығының күшіне байланысты, айналасындағылар, туыстар мен жақындар, қоғам үщін пайдалылығына көз жеткізу болып табылады. Құқыққа сай мінез-құлықтарға жағымды баға беруге қиын себептер де тудырады. Өйткені, себептің сипаты мен қылықтың құқыққа сайлылығының арасында қатаң үйлесімділік жоқ. Бірақ, көпшілік жағдайларда жағымды себептер құқыққа сай мінез-құлық тудырса, ал жағымсыздар – құқыққа қайшы мінез құлық тудыртады. Әйтсе де бұл тәтіптің ерекшелігі бар. Оның пайда болуы себеп пен құқықтың арасында тағы бір түйіннің – жоспарлау мен шешім қабылдаудың болуы. Ол әлеуметтік тиімді себептерді өзгертеді немесе, керісінше, әлеуметтік зиянның орнын толтырады.

Құқықтық мінез-құлық, егер ол тікелей құқық нормаларымен қарастырылса және қоғамның өнегелік мүмкіндігі мен мақсаттылығы туралы көзқарастарымен қайшы келмесе қажетті сипатқа ие болады. Құқықтық мінез-құлық ұсынылған құқықты пайдалану барысында жеке тұлға басқа тұлғалардың мүдделерін немесе жалпы адамгершілік мақсаттарын есепке алмаса қажетті болмай қалады.

Құқыққа сай мінез-құлықтың түрлі көрініс табуы түрлі критерийлер бойынша оның жүйеленуіне түрлі көзқарастар үшін негіз береді:

- салалық тиістілігіне байланысты – конституциялық құқық, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, қылмыстық құқық және басқалар;
- қоғамдық өмір салалары бойынша - саяси эканомикалық, әлеуметтік-мәдени;
- субъектілері бойынша жеке тұлғалар (азаматтар, лауазымды тұлғалар), ұжым (топтар, қоғамдық ұйымдар, мемлекет).

Құқыққа сай мінез-құлықтың көрініс табуының түрлі нысандарына қарай, В.Н. Кудрявцев аталып өткен жүйелеу шеңберінде қосымша ішкі жүйелеуді ұсынды. Жеке тұлғаның құқыққа сай мінез-құлқы автормен (өз құқықтарын жүзеге асыру, міндеттерді орындау, әлеуметтік құқықтық белсенділік) және (құқықтар мен міндеттерге ие болу, өз құқықтары мен заңды мүдделерді қорғау) деп бөлінеді. Ұжымның құқыққа сай мінез-құлық қызметтік үлестері бойынша ішкі және сыртқы, кәсіби және қоғамдық, ұжымның әрекеттері бүтіндей және оны жетекшінің алып жүруі, лауазымды тұлғалар мен жұмысшылар болып бөлінеді. Әрекеттерінің белсенділік деңгейіне байланысты – белсенді, кәдімгі, пассивті; көрініс табу нысандарына байланысты – әрекет немесе әрекетсіздік; ұстанымдарды жүзеге асыру сипатына байланысты – сақтау, орындау, пайдалану және қолдану болып бөлінеді. [3]

Аталған классификацияда құқықтық мінез-құлық генезисі жөніндегі сұрақ анықталмаған күйі қалып отыр, сондықтан да субъектілердің іс-әрекетінің мотивтеріне (қозғаушы бастама, ішкі реттеу) қатысты болатын құқыққа сай мінез-құлықты классификациялауды қарастыру қажет. Бұл критерий бойынша мінез-құлықтың келесідей түрлері бөлінеді:

- маргиналды мінез-құлық (латын тілінен marginalis - шегінде тұрған, шекаралық). Құқықты бұзудың пайдасыздығын (жақындарының беделін, құрметін жоғалтудан қорқу) сипаттайтын, заңды тек жазалаудан қорыққаны үшін бұзбайтын, жеке тұлғаның құқыққа сай және құқыққа қайшы ниеттері арасында баланс жасаушы, пассивті сипатқа ие болып табылады. Кез-келген жағдайда, жеке тұлғада әрекет етіп тұрған құқыққа және оның қағидаларына құрметпен қарау қатынастары жоқ болады. Өзінің позитивті болуына қарамастан, маргиналды мінез-құлық константты құнды құқықтық орнатылымдардың жоқ кезінде қоғамға белгілі бір қауіп тудырады - кез келген сәтте ұстаушы факторлардың әлсізденуі нәтижесінде ол құқыққа қайшыға айналуы мүмкін;

- конформистік мінез-құлық, құқықтың қажеттілігін түсінбей және оны тиесілі сыйламай, құқықтық ұстанымдарда мойынсұну болып табылады. Мұндай мінез-құлық негізінде қоршаған ортаның еркі мен пікіріне мойынсынуға ұмтылу жатады;

- әдетті (стереотипті, оң) мінез-құлық құқықтың нормаларын, жеке тұлғаның меңгерген қағидаларын сақтау болып табылады;

- жағымды құқыққа сай мінез-құлық – мұндай мінез-құлық қоғамда бар құқық нормаларының әділ және әділеттілігіне деген мызғымас сенімге, құқықты құрметтеуге және оны терең білуге негізделеді. Мұндай мінез-құлық құқықтың әдеттегі қалып бойынша, әр түрлі себептер мен дәлелдердің іштей арпалысуынсыз орындалуынан (атқарылуынан) көрінеді;

- құқыққа сай, әлеуметтік тұрғыдан белсенді мінез құлықтың түрі құқықтың құндылығының қажеттілігі жөніндегі мызғымас сенім мен құқықты құрметтеуге ғана емес, сонымен бірге құқыққа дәлелді түрде қарау мен оны жете түсінуге негізделген.

Әр адамның мінезі әр түрлі, ал заң бәрімізге ортақ. Өз қауіпсіздігіміз үшін өзіміз заңды қатаң сақтап жүруіміз қажет. Әркім өз мінез-құлқын, жүріс тұрысын заңға сәйкес ұстаса, қоғамымыз қауіпсіз, болашағымыз жарқын болар еді. Әркім өзіне-өзі жасаған іс-әрекеттеріне есеп беріп және жасаған іс-әрекеттерінің дұрыс немесе бұрыс екенің саралап жүрсе, онда болашақта біздің қоғам, біздің мемлекет бүкіл әлем үлгі тұтатын мемлекет – демократияның есігі болатыны сөзсіз. Елбасымыздың салиқалы саясаты «Рухани жаңғыру», «100 қадам», «Қазақстан 2050» сияқты бағдарламаларның іске асуы да осы халықтың құқыққа сай мінез-құлқынан бастау алады және де тірегі болады. Заңды мінез-құлық – бұл ғылыми әдебиетте кеңінен қолданылатын құқықтық санат. Дегенмен, заңды мінез-құлыққа жеткілікті көңіл бөлінбейтінін атап өту қажет, бірақ қоғамдағы заңды мінез-құлықтың рөлі өте жоғары. Қоғамның қалыпты жұмыс істеуі мен дамуы үшін қажетті әлеуметтік қатынастарды реттеуге үлес қосатын заңдық мінез-құлық, заңның үстемдігі қамтамасыз етіледі. Заңды мінез-құлықтың әлеуметтік рөлі қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға дейін төмендетілген деп айту дұрыс болмас еді. Заңды тұлғалардың мүдделері туралы ұмытпаған жөн.

Қоғамға да, мемлекетке де қатысты заңды әрекеттерге кедергі келтіретін субъектілердің іс-әрекеттеріне жол бермеу үшін заңдылықты көтермелеу және ынталандыру керек. Қоғамның қалыпты дамуы үшін адамның жоғары заңды мәдениеті ғана емес – «бұл заңның білімі мен түсінуі, оған сәйкес іс-әрекеттер» және мемлекет тарапынан олардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың кепілі. Адамның және мемлекеттің өзара жауапкершілігінсіз, қарама-қайшылықтарды болдырмау мүмкін емес және де құқықтық мемлекет құру мүмкін емес.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000
2. Исмағанбетова А.Н. “Социология” –Алматы. 2005.
3. Первова И.Л. "О социальной поведения детей и подросков" // Санк-Петербург. 1999.

Жақып М., 2 курс студенті
Ғылыми жетекші - Мағдатова Қ.Ж.,Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті Экономика, бизнес және құқық колледжі, Қрағанды қ., Қазақстан Республикасы

БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі таңдағы өткір мәселелердің бірі зорлық-зомбылық. Өйткені қазіргі таңда отбасындағы зорлық-зомбылық проблемасы күннен күнге әлеуметтік ғылымдардың ғана емес, сонымен қатар қоғамның да назарына ілігіп отыр.

Қазақстанда балалар, бүкіл әлемдегідей, үйінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық-зомбылықпен ұшырасып отырады, алайда осы кезге дейін қоғам бұл проблемаға зейін қойып көрген жоқ.

Балалар, ересектер сияқты, негіз қалаушы: сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие, сондай-ақ адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы мен азаматтық және саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық актіде көзделген заң тарапынан да тең қорғау көрсетілуіне құқылы.

Бала үшін ата-анасының үйі әрқашан ең қауіпсіз жер бола бермейтінін айғақтайтын фактілер жиі кездеседі. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық көрсету проблемасы бойынша мәліметтер мен жетік статистикалық деректердің жетіспеу проблемасы бар елдердің қатарына Қазақстанда жатады: проблеманың тереңдігі мен көлемі әлі белгісіз, ал біздің қолымыздағы біркелкі емес және үзінді зерделеу нәтижелері іс жүзіндегі жағдай туралы болжамдар жасауға ғана мүмкіндік береді.

Қазақстанның қолдануында іс-әрекеттер жасаудың белгілі құқықтық негізі–балалар құқықтары туралы Конвенция бар, дегенмен, нақты міндеттемелерге келер болсақ, жалпы алғанда мемлекет, әлеуметтік қызметтер, құқық қорғау органдарының ресми тұлғалары, қоғам, БАҚ, отбасы тарапынан күннен-күнге тиісті жауапкершілікпен қарауы байқалмай келеді.

Балаларын бағып-қағу міндеттерін орындамаған, саны мыңнан асқан ата-аналар құқығынан айрылды, сонымен қатар, ата-аналар әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа да тартылып жатыр.

Балаларға қатігездік көрсету және адамзаттық абыройына нұқсан келтіру, оларды ата-аналарының және өзге қамқоршыларының жазалауын қоғамдық пікірдің қолдауы, балалар мүддесін қорғауға бағытталған, аталмыш қоғам ішінде рұқсат етілетін «тәрбиелеу» мен жол берілмейтін «қатыгездік» ұғымдарының ара-жігін ажыратуға мәжбүр қызметтер жұмысына айтарлықтар кедергі келтіреді. Қоғамдағы пікір бойынша балаға қасақана зақым келтіру немесе абыройына нұқсан келтіру қалыпты жағдай болып есептелсе, балаларды қорғау және тәрбиелеудің оң нышандарының дамуына ықпал жасау қажеттілігін көңілге қонымды етіп негіздеу мен жеткізу мүлде мүмкін емес.

«Ресми статистикаға сүйенсек, жыл басынан бері балаларға жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық көрсеткендері үшін 133 қылмыстық іс қозғалған, ал 16 жасқа толмаған балаларды жыныстық қатынасқа тартқан және жыныстық сипаттағы басқа да әрекеттерге қатысты 465 факт тіркелді»

Өздеріңіз білесіздер, соңғы жылдары балалардың құқығын қорғау бағытында, әсіресе, осы балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау үшін бірқатар заң жобалары қабылданды. Ата-аналардың да жауапкершілігін арттыратын шаралар бар. Мысалы, жаңа қылмыстық кодекске сай, өз баласының тәрбиесіне көңіл бөлмеген ата-аналарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға болады.

Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген.

Тән азабын шектірген зорлық–адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін.

Жан азабын шектірген зорлық–жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін қорқыту, адамның психикасына әсер ету. жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе тіпті жан ауруына ұшыратуы мүмкін.

Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болып табылады.

Елімізде зорлық-зомбылыққа қатысты 20 дағдарыс орталығы бар.

Әйелдер мен балаларға арналған зорлық-зомбылық проблемасы елімізде елеулі мөлшерде асқынды. Статистикалық мәліметке қарағанда елде жыл ішінде 500-дей әйел мен бала тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны болады.

Отбасылардың қиюы қашуының басты бір себебі–жанұядағы зорлық-зомбылық.

Кикілжіңі көп болатын отбасында өскен балалар есейген соң не әкесінің, не шешесінің отбасында өзін-өзі ұстау үлгісін алады.

Зорлықтың түрлері:

- Эмоциялық зорлық–балағаттау, қорлау, сөгу, балалардың жеке өміріне қол сұғу;
- Физикалық зорлық–отбасы мүшелерін мас күйінде немесе сау күйінде ұруды қолданатын эмоциялық зорлық;
- Қауіп-қатер – отбасын тастап кетемін деп қорқыту, әйелін немесе балаларын ұру, өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу;
- Балаларды анасына қарсы қолдану, әйелін өз балаларын ешқашан көрсетпейтіндігімен қорқыту, қорқытатын жолдауларды беру үшін балаларды қолдану.

Қазақстандағы тұрмыстық зомбылық туралы заңды қабылдау қажетілігі туды. Зорлық зомбылық дағдарыстан шығу және даму кезіндегі еліміздегі адамзат әлеуетіне қажеттігі де туындап отырғандығын ескертеді.

Қазақ халқының дана сөзі бар: «Әйел адамға рухы әлсіз ер адам ғана қол көтереді». Бұны халық жазылмаған заң деп санап осы уақытқа дейін сақтап келеді, алайда өкінішке орай кейбір ер адамдар ұмытып кеткен сыңайлы.

«Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» - демекші балаға отбасы тәрбиесінің әсері мол. Тәрбиеге әсер беретін өскен орта, ата-ананың тәрбиесі дұрыс болмаса, жаман әсерлер адамды азғырып, түрлі жаман мінезді жұқтырады.

Отбасындағы ата-ананың мінез құлқы–баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны.

Нашақорлық, темекіге, ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді.

Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі–жаман қылықтардан, яғни зорлық-зомбылықтан аулақ болу. Ішімдікке үйір адам есінен айырылып, қасындағы адамдарға зиянын тигізеді, отбасына ойран салады, отбасы мүшелеріне оғаш қылықтар көрсетіп мазасын алады. Бұл баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Бала өзіне керекті рухани дүниенің барлығын қоршаған ортадан алады.

Қорыта айтқанда, балаларға қатысты зорлық зомбылықтың алдын алудың шешуші басымдықтары балаларға зорлық-зомбылық көрсету және балаларды жұмыс күші ретінде пайдаланудың алдына алу және болдырмау; ауыр жағдайда қалған балаларға көмек көрсету, балалардың өмір сүру деңгейімен сапасын арттыруға жағжай жасау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Бала құқықтары туралы Заңы 2002ж.08.08.
2. Байжанов Н. Неке және отбасы. Алматы 2011ж,
3. Баймолдина З.Х. «ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы» 2009ж
4. ҚР Азаматтық кодекс 2018ж.01.01 өзгерістер мен толықтыруларымен
5. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі (2017.11.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
6. "Баланың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 12 ақпан N 223
7. “ Құқықтану: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы оқулық /А. Ибраева, Г. Өлібаева, Қ. Айтхожин. — Алматы: "Мектеп" баспасы, 2006ж.

Жасымбеков Д., 3 курс студенті
Ғылыми жетекші - Бейсембаева И.А., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті Экономика бизнес және құқық колледжі, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

АРДЫҢ ШЫҢЫ-АТА ЗАҢ

Біз елдігіміздің тұғыры – Ата Заңымызды құрмет тұтып, оның әрбір әрпі өмірлік заңымызға айналуын қадағалап келеміз. Соның нәтижесінде асқар асулар мен биік белестерді бағындырдық, еңселі елге айналдық. Кешегі тарихтан тамыр алған, ертеңгі тарихқа тұғыр болған Ата Заңымыз салтанат құрып тұрғанда еліміз толағай табыстарға бөлене бермек.

Бүгін тәуелсіздіктің қарсанында Қазақстанның Республикасының барлық жерінде Тәуелсіз Қазақстанның өнері мен білімі, жетістіктері мен жеңістері аталып өтуде. Қазақстан халқы өз өміріндегі ешкімге алаңдаусыз, еркін және бейбіт өмірінің есебін беруде. Осы күнге жетуді қазақ ғасырлар бойы армандағаны сөзсіз. Тәуелсіз елдің негізгі нышандарының бірі – Ата заңы. Тәуелсіз Қазақстанның Ата заңына 23 жыл. Қандай ел болмасын, заңға жүгініп, тәртіп пен тұрақтылыққа көңіл бөлсе, сол елдің дамуы мен тұрақта болуы анық.Қастерлі құндылығымыздың қағидаттарын бұлжытпай орындаудың нәтижесінде біз қысқа мерзімде мызғымас мемлекетімізді орнатып, Тәуелсіздігімізді тұғырлы еттік.Ата Заң тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың кепілі ретінде біздің бірлігімізді бекемдеп, елдегі тұрақтылық пен татулықтың берік тұтқасы болды. Конституцияның 23 жылдығы мемлекетіміз үшін мерейлі меже, айрықша маңызды күн болып саналатыны, Ата Заңымыздың еліміздің арайлы азаттығымыздың айнымас айғағы, жарқын болашағымыздың бұлжымас бағдары екені, ол еліміздің алтын арқауы, толағай табыстарымыздың бастау қайнары болып саналады.[1]

Әрбір қазақстандықтың Конституциясының мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, сонымен бірге жеке өзі, өз отбасы мен өз балалары үшін де мәнділігін бағалай білу, өз міндеттемелерін қастерлеп сақтап орындауы маңызды.

Конституция біздің басты құндылығымыз Тәуелсіздікті, бейбітшілік пен тұрақтылықты ғасырларға бекітті.Барша мемлекеттік институттардың, әрбір қазақстандықтың парызы-осы құндылықтардың қырағы күзетінде болу.Тілге құрмет – елге құрмет. Тілді өркендету – баршаның ісі. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Тіл — қай елде болмасын қастерлі, құдіретті рухани, әрі тарихи құндылық.

Ұлттық мәдениеттің гүлденуі, салт-дәстүрдің одан әрі дамуы, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың ұлы жемісі – ана тілі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Ана тіліміз ананың ақ сүтімен бойымызға дарып, бесік жырынан, қоршаған ортаға еліктеу арқылы меңгереміз. Ана тілі арқылы ғана маңайындағыны саралап, ой түйетін адам өзінің тіліне деген сүйіспеншілігі арттыра түседі. Қазақтың ұлы тұлғалары Абай, Мағжан, Мұхтар, Сәбит сынды ата-бабаларымыздың тарихы мен шежіресі, түрлі әдеби мұралары бүгінгі ұрпаққа өзіміздің ана тіліміз арқылы жетіп отыр. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіп, жүйелі сөзбен алқалы топты еңсерген ойшыл, шешендерді ел басқару ісіне араластырып, халық жүрегінде жатталған дала данышпандары, кемеңгер ойдың кемелді арнасы, тілінен бал тамған, қара қылды қақ жарған әділетті би – шешендер ұлылық пен ұлағат сөздер арқылы, тіл келешек ұрпаққа өнеге, аталы ойдың алтын қазығы бола білді. Тек ана тіліміз арқылы ата – анаға, елге, Отанға, халыққа деген махаббатымызды жеткізе аламыз. Адам баласы өз анасын қалай сүйсе, өз тілін де солай сүюі тиісті екені анық.[2]

Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған.Патриотизм кіндік қаның тамған жеріне, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріне, яғни туған жеріне деген сүйіспеншіліктен басталады.Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті.Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні

туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Екінші, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек.Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі.Бүгінгі білім саласындағы өзгерістер , бірнеше ойдан таралған аса бай мұраларды қолға алу арқылы білім алушылардың ел мүддесі үшін жұмыс жасауына септігін тигізіп отыр.

1. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы —1995 жылы 30 тамыз
3. Конституция үшін күрес Н. Назарбаев Егемен Қазақстан. -2011. - 30 қыркүйек.
4. Назарбаев Н. А. (Президент Республики Казахстан) Жить поКонституции Н. А. Назарбаев .Страна и мир. - 2010. - 30 авг.(№ 34). - С. 1-2.
5. Ағыбаев А. Адам құқығының бас құжаты.А. Ағыбаев Айқын. - 2012. - 24 тамыз.[1]
6. Бектасова Г. Ата Заңды ұлықтау - ұлтты ұлықтау Г.Бектасова Түркістан. - 2012. - 30 тамыз.[2]
7. Конституция - діни сенім бостандығының кепілі ЕгеменҚазақстан. - 2013. - 20 ақпан.
8. ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»

Жетпіс Ақнұр ТД-21К тобының студенті
Ғылыми жетекшісі - Сыздыкова С.А.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖОЛМЕН АЛЫНҒАН КІРІСТЕРДІ ЗАҢДАСТЫРУҒА (ЖЫЛЫСТАТУҒА) ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы қылмыстық жолмен алынған кірістерді және терроризмді қаржыландыруды жария етуге қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың (ЕАТ) мүшесі болып табылады. Бұл мәртебе ҚМК осы ұйымның қатысушыларымен бірлескен типологиялық зерттеулерге қатысуға, оның ішінде желілік қашықтықтан өткізілетін семинарларға, тренингтерге және басқа да оқыту іс-шараларына қатыса отырып, ҚМК талдаушыларының кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жүйесі 2011 жылы КЖ/ТҚҚ саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан ЕАТ-тің бірінші бағалауынан өтті.

2015 жылғы қарашада Қазақстан 3-ші Прогресс туралы есепті ұсынды, оның қорытындысы бойынша ЕАТ Пленарлық отырысы Қазақстан негізгі және базалық ұсынымдар бойынша бар кемшіліктерді жою бойынша айтарлықтай прогресске қол жеткізгенін атап өтті. Алайда, ҚР Қылмыстық кодексіне қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ақшаны жылыстату бойынша шекті тәсілді (Р.1) енгізуге байланысты, сондай-ақ Заңның жекелеген ережелерінің нормалары 2016 жылғы ақпаннан бастап және 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілуіне байланысты ЕАТ Пленарлық отырысы Қазақстан Республикасына қатысты күшейтілген мониторинг шеңберінде 2016 жылғы мамырда ЕАТ-тың 24-ші Пленарлық отырысына прогресс туралы кезекті есепті беру туралы шешім шығарды.

Кемшіліктерді жою мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 тамыздағы № 343-V Заңы, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша 22 нормативтік құқықтық акті қабылданды.

ЕАТ 24-ші Жалпы отырысы Қазақстан Республикасы басшылығының саяси шешімін және олқылықтарды жою бойынша ауқымды ілгерілеуге жету бойынша жүргізілген жұмыстарды атай отырып, Қазақстанды ЕАТ мониторингі рәсімінен шығару жөнінде шешім қабылдады.

Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамамен (бұдан әрі – АЖ/ТҚҚ) қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жүргізілетін операциялардың 19 түрі анықталды.

Қаржы мониторингінің 18 субъектісі (бұдан әрі – ҚМС) Қаржы мониторингі комитетіне (бұдан әрі – ҚМК) ақпараттық жүйе арқылы қаржы мониторингіне арналған операциялар туралы хабарламаны ұсынады..

АЖ/ТҚҚ саласында қажетті нормативтік база құрылды.

ҚМС қоғамдық ұйымдармен тығыз өзара іс-қимыл келтірілген, Қауымдастықтармен АЖ/ТҚҚ саласында өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы келісімдер жасалды, арнайы және құқық қорғау органдарымен қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты мәліметтер мен ақпарат алмасу және беру бойынша өзара іс-қимыл туралы бірлескен бұйрықтарға қол қойылды, олардың шеңберінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді (экстремизмді) қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп отырған жұмыстардың тиімділігін бағалау үшін берілген және алынған материалдар бойынша салыстырып тексеру актілері жүргізіледі.

2014 жылдан бастап ҚМК есірткі заттарын өткізу инфрақұрылымын анықтау және жою бойынша арнайы және құқық қорғау органдарымен бірлескен іс-шаралар жоспары бойынша қаржы операциялары мен мәмілелер, есірткі бизнесінен алынған ақша қаражатын жария ету арналарын жабуды, мүлікті және өзге де активтерді тәркілеу өткізген есірткі бизнесіне қатысы бар тұлғалар бойынша іс-шараларды іске асырады.

2015 жылы ҚМК-нің жұмысы есірткі және психотроптық заттарды өткізуге және тасымалдауға қатысы болуы мүмкін адамдарға қатысты құқық қорғау органдарымен тығыз өзара іс-қимылға бағытталды. Қазақстан Республикасында ақша қаражатын қолма-қол ақшаға айналдырумен байланысты берілген материалдарды талдау бойынша жұмыс жүргізілді, ақша қаражаты қозғалысының оны әрмен қарай қолма-қол ақшаға айналдыру мақсатында өте жиі пайдаланылатын схемалары анықталды, ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландыру схемаларының типологиялары зерделенді.

2016 жылда Министрлік шеңберінде берілген материалдардың «көлденең мониторингі» бойынша іс-шаралар басталды. Осы іс-шараларды жүргізу нәтижесінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында жүргізілетін бірыңғай мемлекеттік саясаттың тиімділігі артты. Ұлттық заңнаманы ФАТФ халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта қорына, Халықаралық Қайта құру және Даму банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Халықаралық Инвестициялық Дауларды Реттеу Орталығына, Еуропалық Қайта құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүше болуына байланысты осы халықаралық ұйымдармен жасалған келісімдердің шарттарына сәйкес Қаржы министрлігі республика атынан ХҚДБ, ХҚК, ХДҚ, ИККА, ЕҚДБ, АДБ, ИДБ тиісті сомаларды төлеуге өкілетті.

Осы құқық Қазақстанға олардың қаржы ресурстарына қол жеткізуіне және қатысу үлесіне барабар дауыс беруге құқық береді. Халықаралық ұйымдарға аударымдар 2014 жылы – 1 198,9 млн. теңге, 2015 жылы – 1 020,7 млн. теңге, 2016 жылы – 13735,1 млн. теңгені құрады.

Елдің имиджін және кредиттік рейтингін арттыру мақсатында мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау жүзеге асырылады, ол елге неғұрлым төмен пайыздық мөлшерлемелері бойынша жаңа қарыздарды тартуға мүмкіндік береді, инвестициялардың өсуін ынталандыруға және мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша дефолт фактілеріне жол бермеуге ықпал етеді. 2013 – 2015 жылдарға мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді сомасы толық көлемде орындалды.

Осылайша бюджет бағдарламасының қаражаты есебінен мынадай тікелей нәтижелер қол жеткізілді: «Астана қалалық коммуналдық шаруашылық» АҚ экологиялық жағдайды жақсартуға және қалдықтарды кәдеге жаратуға қол жеткізілді.

Соңғы үш жылдағы шығындар серпіні мынадай деректермен беріледі: 2013 жылы – 290 803,2 мың теңге; 2014 жылы – 317 841,0 мың теңге; 2015 жылы – 340 056,0 мың теңге .

«Жаңа тұрғын үй саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі № 1344 Жарлығына сәйкес 1999 жылдың 5 сәуірінен бастап теңгенің айырбас бағамының өзгеруіне байланысты «Тұрғын үй құрылыс банкі» ЖАО жеңілдікті ұзақ мерзімді кредиттерін алған азаматтардың міндеттемелерінің бөлігі жыл сайынғы негізде республикалық бюджеттен қаржыландырылады. Бағдарлама төлем қабілеттілігі төмен болып табылатын халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қысымнан бостауға бағытталған.

Соңғы үш жылдағы шығындар серпіні мынадай деректермен беріледі: 2013 жылы – 12 890 мың теңге; 2014 жылы - 12-105,4 мың теңге; 2015 жылы – 12 358,7 мың теңге.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://online.zakon.kz
2. Егемен Қазақстан Email: egemenkz@mail.online.kz
3. Kazakhstan Today ақпараттық агенттігі

Исина Ж.Е, студент 2 курса;
Громов В.В., СОШ №63 г.Караганда;
Научный руководитель – к.ю.н. Филин В.В.
Карагандинский экономический университет, г.Караганда, Республика Казахстан

СЛУЖБА В ОРГАНАХ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ КАК РАЗНОВИДНОСТЬ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ

Современная государственная служба организуется и осуществляется с учетом многообразия и специфики сфер и отраслей государственной деятельности. Поэтому к государственной службе относят военную службу и службу в правоохранительных органах. Правовое регулирование этих и других видов государственной службы характеризуется системностью, охватывая службу в органах всех уровней или службу в соответствующих отраслях (сферах) в целом.

Милитаризованная служба (военная, полицейская и т.д.) имеет множество отличительных признаков, которые выделяются при анализе нормативных правовых актов, устанавливающих правовое положение этих видов государственной службы и соответствующих государственных служащих. По мнению Д.Н. Бахраха, для милитаризованной службы характерны следующие отличительные от гражданской службы признаки: профессиональной обязанностью служащих этой категории является защита жизни и здоровья людей, обеспечение безопасности граждан и установленного порядка управления, основных прав граждан и публичных интересов, материальных ценностей,

охрана общественного порядка и правопорядка; поступление на государственную службу милитаризованного характера осуществляется лицами, достигшими, как правило, 18-летнего возраста; наличие особых дисциплинарных уставов, положений о дисциплине, обусловленных специфическими особенностями должностных функций милитаризованных служащих; эти служащие имеют особые условия поступления на службу, её прохождения, присвоения специальных званий, проведения аттестаций и прекращения службы; наличие установленного в специальных административно-правовых актах особого правового статуса милитаризованных служащих (права, обязанности, ответственность, специальные льготы и т.д.); особый порядок привлечения к правовой ответственности (особенно административной и материальной) [1, с.22].

Государственная служба в органах внутренних дел является разновидностью государственной службы в Республике Казахстан. Эту службу нельзя рассматривать как абсолютно самостоятельную категорию, оторванную от общего развития государственной службы, ей присущи как общие характеристики государственной службы, так и специфические особенности, исходящие из задач и функций органов внутренних дел. Поэтому к изучению государственной службы в органах внутренних дел необходимо подходить комплексно.

Государственная служба Республики Казахстан имеет свою историю становления, развития и современного функционирования. Без рассмотрения государственной службы Республики Казахстан, хотя бы в общих чертах, нельзя ответить на вопрос о месте, роли, значении государственной службы в органах внутренних дел. В связи с этим необходимо выделить те отдельные моменты, которые, на наш взгляд, необходимо учитывать при комплексном изучении вопросов службы в органах внутренних дел.

Общественно-полезная деятельность людей, исходя из её правовой регламентации, содержания, особенностей, подразделяется на определенные виды. С развитием гражданского общества, государственности, социально-экономических отношений общественно-полезная деятельность людей имеет тенденцию к развитию, что влечет появление её новых видов.

Служба как вид общественно-полезной деятельности людей занимает особое место среди других её видов. Она не оставила равнодушными на всем пути своего развития ни ученых, ни практиков и в научно-практической плоскости подвергалась исследованию. Но научных споров, нерешенных проблем не стало меньше, а, наоборот, в условиях современного казахстанского общества этот вид общественно-полезной деятельности требует более глубокого и всестороннего изучения с учетом развития не только внутреннего но и международного законодательства.

Термин "служба" в литературе и в практической деятельности имеет несколько значений и употребляется по-разному: как вид деятельности, как социально-правовой институт, как система специальных органов государства, как духовная деятельность и т. д. Как вид деятельности человека служба по содержанию и по своему назначению выполняет роль управления или социально-культурного обслуживания [2, с.6].

Институт государственной службы в органах внутренних дел относится к числу комплексных правовых институтов и регулируется различными отраслями права, например административного, трудового, финансового, уголовного, гражданского, гражданско-процессуального и уголовно-процессуального, земельного права и другими.

В структуре государственной службы в органах внутренних дел различаются две стороны отношений. Первая - организация и подготовка государственной службы. Вторая - служебная деятельность, т. е. осуществление каждым сотрудником органов внутренних дел своих служебных полномочий.

Отношения по организации государственной службы в органах внутренних дел охватывают блок вопросов, например выработку общих правил поступления на государственную службу, профессиональную подготовку кадров, установление должностных наименований и определение объема полномочий по каждой должности,

определения механизма продвижения по службе и прекращения служебных отношений и другие. Отношения по осуществлению служебных полномочий сотрудниками строятся по следующей схеме: каждый сотрудник занимает должность; должность определяет объем полномочий; полномочия подлежат реализации.

Вместе с тем следует отметить, что термин "государственная служба в ОВД" широкого применения еще не нашел. Чаще всего употребляется термин "служба в ОВД".

Применительно к органам внутренних дел термин "служба" употребляется чаще всего в следующих значениях. Во-первых, для определения характера и рода деятельности сотрудников ОВД, отражая факт общественного разделения труда. Во-вторых, "службой" иногда именуют структурные подразделения ОВД (например, участковых инспекторов полиции, миграционной полиции, уголовного розыска, дорожной полиции, тыловое и т.д.). В-третьих, "службой" именуют разновидность деятельности сотрудников ОВД, определенную часть их работы, отличающуюся спецификой полномочий (патрульно-постовая, уголовного розыска и т. д.). В-четвертых, под термином "служба" понимается самостоятельное ведомство.

Исходя из опыта развития правовой системы Казахстана, институт государственной службы в научной литературе большинства исследователей рассматривается в двух крупных периодах-измерениях: советском, постсоветском. Аналогично этому изучаются и государственно-служебные отношения в органах внутренних дел Казахстана. Служба в этих органах теснейшим образом связана с институтом государственной службы этих периодов.

В советский период вопросам государственной службы должного внимания не уделялось. Отсутствовал единый законодательный акт, регламентировавший государственно-служебные отношения. Достаточно полно был определен только правовой статус отдельных категорий лиц, которые проходили службу в вооруженных силах, в органах внутренних дел (милиции) и некоторых других органах. В качестве примера можно привести несколько документов, регламентирующих государственно-служебные отношения в ОВД. Так, 3 апреля 1919г. СНК РСФСР издал декрет "О советской рабочей милиции"; 22 августа 1919г. НКВД РСФСР утвердил Дисциплинарный Устав служащих советской милиции, 3 июля 1930 г. ЦИК и СНК СССР утвердил Положение службы начальствующим составом рабоче-крестьянской милиции; 29 июля 1970 года приказом МВД СССР введена в действие Инструкция по службе участкового инспектора милиции; 23 октября 1973 года введено Положение о прохождении службы рядовым и начальствующим составом органов внутренних дел и другие документы.

Однако цельной правовой базы сформировано не было. Отсюда - законность подменялась целесообразностью; была сформирована партийно-государственная номенклатура, руководители подбирались по принципу личной преданности. Кадровая политика осуществлялась в государстве не на основе закона, а на основе института усмотрения. В результате партийно-государственная машина не выдержала испытания временем, оказалась нежизнеспособной и неэффективной, одной из причин упадка советской государственности было игнорирование института государственной службы.

В системе Министерства внутренних дел Республики Казахстан в настоящее время вопросы государственной службы регулируются Законом РК от 23 апреля 2014г. "Об органах внутренних дел РК", Законом РК от 6 января 2011 года "О правоохранительной службе", Приказом Министра внутренних дел РК от 27 мая 2011г. № 246 «Некоторые вопросы прохождения службы в органах внутренних дел Республики Казахстан» и другими нормативными актами.

Особо хотелось бы выделить из предложенного перечня нормативных актов последний - ведомственный. Это нормативно-правовой акт, который впервые комплексно отразил порядок и условия прохождения службы сотрудниками ОВД. Данный акт смог поднять правовую базу государственно-служебных отношений сотрудников ОВД на новый уровень регулирования. Анализ Положения о службе в ОВД позволяет отнести к основным идеям, составляющим суть его концепции, следующее: усиление начал службы; деполитизация и

департизация службы; обеспечение сочетание централизованных и децентрализованных начал в решении кадровых вопросов; устранение чрезмерной бюрократизации служебных отношений; обеспечение правовой и социальной защиты сотрудников; комплексный подход к правовой регламентации службы в ОВД. Этот нормативный акт вносит существенные изменения и дополнения практически во все элементы правового института служебной деятельности сотрудников ОВД. Таким образом в ОВД значительно укрепились демократические тенденции развития государственной службы, четче обеспечено сочетание централизованных и децентрализованных подходов в решении кадровых ситуаций, созданы правовые условия по снижению бюрократизации государственно-служебных отношений, повысились гарантии обеспечения правовой и социальной защищенности сотрудников ОВД. Все это не могло не сказаться на отборе кандидатов на службу, кадровом составе, профессиональном ядре ОВД. Однако, как показывает практика, есть определенные сложности в применении отдельных норм Положения о службе в ОВД. Нередко это связано с тем, что некоторые нормы этого правового института не конкретны, носят отсылочный характер, устарели. В ряде случаев правовые нормы формальны, отсутствуют определенные механизмы реализации социально-правовых гарантий сотрудников в их повседневной жизни.

Необходимо отметить, что в современном законодательстве о государственной службе» дается определение государственного служащего. Государственный служащий - гражданин Республики Казахстан, занимающий в установленном законодательством порядке оплачиваемую из республиканского или местных бюджетов либо из средств Национального банка Республики Казахстан государственную должность в государственном органе и осуществляющий должностные полномочия в целях реализации задач и функций государства [3].

Исходя из определения, можно выделить три признака, характеризующие сотрудника органов внутренних дел как государственного служащего. Первый признак заключается в том, что государственный служащий действует при исполнении служебных обязанностей по поручению государства и от его имени. Второй признак - государственный служащий занимает должность, которая определяет его правовой статус. Третий признак - государственный служащий осуществляет государственную службу за вознаграждение, которое подчеркивает особенности в оплате труда, установленные для государственных служащих, например оплата за специальное звание, процентная надбавка за выслугу лет и т.д. В качестве самостоятельного признака государственного служащего, в том числе сотрудника ОВД, некоторые авторы также выделяют гражданство [4, с.94].

Исходя из законодательства и практики его применения, можно определить, что сотрудники органов внутренних дел - это граждане Республики Казахстан, состоящие в должностях рядового и начальствующего состава органов внутренних дел или в кадрах Министерства внутренних дел Республики Казахстан, которым в установленном законодательством порядке присвоены специальные звания рядового и начальствующего состава органов внутренних дел.

Сотрудники органов внутренних дел Республики Казахстан получают денежное довольствие, на них распространяется продовольственное обеспечение, они имеют форменную одежду, им выдаются служебные удостоверения. Анализ основных элементов государственной службы позволяет дать определение государственной службы в ОВД. Государственная служба в органах внутренних дел Республики Казахстан - это разновидность общественно-полезной деятельности гражданского общества и особый вид государственной службы. Она носит специальный характер и функционирует в единой системе государственной службы, оплачивается за счет республиканского или местных бюджетов и осуществляется сотрудниками в целях обеспечения защиты прав и свобод человека и гражданина, охраны правопорядка, создания гарантий общественной безопасности, борьбы с правонарушениями.

Список использованной литературы:

1. Бахрах Д.Н. Государственная служба. - М.: Юрист, 2005.

2. Старилов Ю.Н. Государственная служба в РФ: Теоретико-правовое исследование. Воронеж: «Статиздат», 1996.

3. Закон Республики Казахстан от 23.11.2015 за №416 ЗРК «О государственной службе Республики Казахстан» // Электронный ресурс: http://adilet.zan.kz/rus/search

4. Какимжанов М.Т., Нурпеисова А.К., Филин В.В. Реализация антикоррупционной политики в системе государственной службы Республики Казахстан. // Материалы МНПК «Наука и образование в современном мире», - Караганды: РИО «Болашак-Баспа» 2019., Том 1 – С.92-96

Искаков А.М., курсант 3 курса
Научный руководитель – Тафинцев П.А., преподаватель кафедры досудебного расследования преступлений, м.ю.н. капитан полиции
Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, г. Караганда, Республика Казахстан

МЕТОДИКА РАССЛЕДОВАНИЯ КРАЖ

Чтобы рассмотреть методику расследования краж для начала следует рассмотреть характеристику данного вида уголовного правонарушения.

И так, тайное хищение чужого имущества, то есть кража является самым распространенным в нашей стране преступлением. Тайный способ хищения имущества предполагает наличие у виновного уверенности в том, что он действует незаметно для потерпевшего и других лиц.[1, с.112]

Особенности расследования этих уголовных правонарушений определяются их характеристикой, которая охватывает само преступное деяние, способы его приготовления, совершения и сокрытия, механизм следообразования в широком смысле слова и личностные особенности субъекта преступления и потерпевшего, а также закономерные связи между перечисленными элементами.

Большинство краж, как показывает практика, совершается в рабочие дни с 8 до 18 часов, т.е. когда основная масса граждан находится вне дома, работает большинство предприятий, учреждений и организаций, а на общественном транспорте, рынках, улицах большое скопление людей. Это позволяет многим преступникам, свободно перемещаясь с одного места на другое, использовать любой подходящий момент для совершения кражи. Наибольшее количество краж совершается в период с 10 до 13 часов. В некоторых случаях выбор места и времени совершения преступления связан с условиями охраны предмета преступного посягательства. Так, кражи автомобилей из гаражей совершаются, как правило, в ночное время, а с открытых стоянок - днем; значительное число карманных краж происходит в часы пик, когда для них создается благоприятная обстановка в общественном транспорте, магазинах и других многолюдных местах.

Похищенное имущество хранится, как правило, по месту жительства преступника либо в непосредственной близости от него, а также у знакомых, родственников. Иногда преступники используют для этого камеры хранения, тайники. В городах похищенное имущество сбывается в комиссионных магазинах, ломбардах, на рынках, улицах, в предприятиях общественного питания и торговли, на вокзалах и так далее.

Всех лиц, совершающих кражи чужого имущества, в зависимости от данных о личности преступника и способа совершения преступления условно можно разделить на несколько групп:

а) примитивные преступники, совершающие кражи без использования технических средств в силу обстоятельств, заранее не готовясь к ним. Такие кражи совершаются по

внезапно возникшему умыслу, когда сама обстановка совершения преступления не требует никаких подготовительных мер. Например, когда вещи оставлены без присмотра, не заперта дверь в квартиру, автомашина не оборудована охранной сигнализацией и т.д.;

б) квалифицированные преступники - лица с устойчивой антиобщественной установкой, которые обладают определенными навыками и совершают кражи тщательно продуманным способом, с использованием орудий преступления. Они склонны к использованию одних и тех же приемов, например совершению краж путем подбора ключа, отмычек. Как правило, эти лица ранее были судимы за кражи или иные преступления против собственности;

в) профессиональные воры, которые совершают кражи, являющиеся для них основным источником доходов, в силу устойчивой антиобщественной направленности. Ранее почти все они были судимы за аналогичные преступления. Обладая преступными навыками и опытом, они стараются совершать кражи каким-либо хорошо подготовленным и отработанным способом и специализируются только на совершении квартирных или карманных краж.[2, с.57]

В характеристике краж имеют значение и данные о личности потерпевшего. Следует учитывать, что поведение некоторых потерпевших перед совершением кражи бывает виктимным (находился в нетрезвом состоянии, оставил вещи без присмотра, пригласил домой малознакомого человека и т.д.).

При рассмотрении методики расследования краж наиболее существенное значение имеет учет способа их совершения, в первую очередь кем, где, что и каким образом было похищено.

Наибольшее практическое значение имеет методика расследования квартирных краж и краж со взломом из государственных и общественных хранилищ.

Аграрлық секторда кәсіпкерлікті дамыту Қазақстан экономикасының дамуына, өсуіне, ұлттық табыс, жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, жұмыспен қамтылу дәрежесі және тағы да басқа көрсеткіштердің артуына тікелей әсер етеді. Бұл бағытта бәсекелестік қабілеті бар шағын бизнестің аграрлық өндірістік құрылымдарының бір бөлігіне айналып және оның

еліміздегі экономикалық үрдістердің белсенді қатысушы болғандықтан, аграрлық секторда бизнесті қалыптастыруға ғылыми негіздемелерді жетілдіру саясатының талдауы үлкен маңызға ие. Сондықтан, бұл мәселені зерттеу қазіргі уақытта тек ғылыми жағынан емес, сондай-ақ өркенетті дамуға ұмтылған жас тәуелсіз елдер үшін өмірлік қажеттілік болып табылады. Елімізде азық-түлік қауіпсіздігін толық қамтамасыз ету проблемасын шешудің маңызды бөлігі — ол рыноктағы тұтыну бағасын тұрақтандырып, оны халықтың басым көпшілігінің қолы жететіндей деңгейден асырмауды қамтамасыз ету болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігі дегенде, біз көбінесе отандық өнімдер көлемінің халықтың тұтыну сұранысын қанағаттандыруы тұрғысынан қараймыз да, оның шешуші көрсеткіші — халықтың сол өнімдерге экономикалық тұрғыдан қол жеткізу мүмкіндігін, яғни олардың бағасының халықтың табысына сәйкес болуын ескере бермейміз.

Демек, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайтумен қатар, халықтың әл-ауқатын жақсартуда да экономикалық даму тетіктерін жүйелі үйлестіре жүргізу қажет. Экономиканың өсуі елеулі дәрежеде бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлікті шетке шығару және шеттен әкелумен анықталады. Ұлттық экономиканың дамуы үшін бастылардың бірі болып отандық агроөнеркәсіптік кешен табылады. Тиімділігі жоғары агроөнеркәсіп кешенін құру экономикалық тұрақтылықты, тұтынушылардың қажеттілігін толыққанды қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың материалдық әл-ауқатын әрі қарай көтерудің негізгі алғышарты болып табылады [2].

Қазіргі кезде еліміздің азық-түліктен қауіпсіздігін сақтау және оны нығайтумен қатар, ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық даму механизмін жетілдіру, дәлдеп айтқанда, елді мекендер тұрғындарының табыс деңгейін көтеру, экономикалық қызмет салаларын кеңейту, ауыл халқының кәсіпкерлік белсенділігін арттыру өзекті экономикалық мәселелердің біріне айналып отыр. Бүгінгі таңда ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту, бұл бағытта атқарылған іс-шаралар мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігі болып табылады.

Осыған орай, нарықтық қатынастар жағдайында ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуында кәсіпкерлік қызметті жетілдіру, оның әдістемелік жақтарын зерделеу қажеттілігі туындайды. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалын көтеруде кәсіпкерлік қызметтің бір түрі ретінде отбасылық бизнесті қалыптастыру мен дамыту мәселесіне ерекше назар аудару орынды. Аграрлық саладағы отбасылық бизнестің ауыл шаруашылығына негізделген экономикалы елдерде маңыздылығы жоғары. Нарықтық экономикаға өту барысында ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін кәсіпорынның экономикалық қатынастарын түпкілікті қайта құру — қазіргі кезеңдегі аграрлық саясаттың өзекті мәселелерінің негізіне айналып отыр. Қазақстанның бүгінгі агроөнеркәсіп кешенінің потенциалын халқын асырауға ғана емес, сонымен бірге аграрлық өнімдердің көптеген түрлерін экспортқа өндіру есебінен дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы ауылшаруашылық мемлекет болуына мүмкіндіктері бар. Жақын арада республика экспортының негізгі бағыттары: бидай, мақта талшығы, ет, жүн, қаракөл терісі, былғары және тон-тері шикізаты болып қалмақ. Ұзақ болашақта дайын өнімнің экспортына бағдарлану, ол үшін бәсекеге қабілетті өнім өндіретін технология мен техниканы пайдалану негізінде қайта өңдеуші өнеркәсіпті дамыту қажет.

Аграрлық секторда отбасылық бизнестің рөлі Ауыл шаруашылығында өндірілетін өнімдердің 75 пайызы шағын шаруа қожалықтары мен ауыл тұрғындарының үлесінде. Оларда инновациялық технологияны пайдалану мүмкіншіліктері әлі де шектеулі. Табан ақы, маңдай терлерімен өндірген өнімдерін қалыптасқан нарықтық бағамен өткізуге қол жеткізе алмай келеді. Сондықтан қазіргі таңда сол сәйкессіздікті болдырмау үшін кооперацияны дамыту өзекті болып табылады. Кооперация — аграрлық сектордың барлық салаларын қамту керек, яғни өнім өндіру, өндірген өнімді сақтау, қайта өңдеу, сұранысқа қарай өткізу, сервистік, басқа қызмет жүйелі атқарылуы тиіс [3].

2015 жылғы 29 қазанда ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Ауылшаруашылық кооперативтер туралы» ҚР Заңына қол қойды. Аталмыш заң түрлі ауылшаруашылық

өндірушілердің экономикалық бірлестігі үшін негізді қамтамасыз етеді. Осыған байланысты «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және Ауыл шаруашылық министрлігі ауылшаруашылық кооперациясын дамыту жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспары даярланып жүзеге асуда. Ауыл шаруашылығы өндірісін басқаруда ұйымдастыру механизімін жетілдірудің тағы бір себебі, рыноктық қатынастарға көшумен байланысты экономикадағы өзгерістер әсерінен ауыл шаруашылығы саласындағы қалыптасқан басқару құрылымдары әлі даму үстінде , олай дейтін себебіміз кеңес одағы кезінде ауыл шаруашылығы саласында тек екі ұйымдық құрылым жұмыс жасады, ол совхоздар мен колхоздар және мемлекет басқарушы роль атқарады. Ал рыноктық экономикаға көшумен байланысты ауыл шаруашылығы саласында көптеген жеке меншікке негізделген ұйымдық — құқықтық құрылымдар жұмыс жасауда және олар әлі дамып, қалыптасу үстінде. Сондықтан өндірісті рынокқа бейімдеу үшін оны дұрыс ұйымдастырып, басқара білу қажет.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Ұлт жоспары — қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында экономиканы дамытудың жолы — шағын және орта бизнеске қолдау көрсету екенін атап көрсетті. Біз тәуелсіздігіміздің 25 жылдық белесінде кәсіпкерлікті дамыту — нарықтағы импортқа тәуелділікті азайту және жұмыссыздықпен күрестің бірден-бір тетігі болатынына көзіміз жетті. Мемлекет басшысының қолдауымен шағын бизнес айтарлықтай дамып, отандық өнімдердің үлес салмағы артты. Әсіресе, ауыл шаруашылығы саласында. Дамыған мемлекеттер шағын және орта бизнеске қолдау көрсетумен қатар, тиісті деңгейде қорғайды. Бұл елдердің экономикасының табыстылығының сыры да осында. Жалпы, кәсіпкерлікті қорғау әрі қолдау экономиканың маңызды қағидаты болып табылады. Бұл — әлдеқашан дәлелденген қағида. Енді біздің елімізде де Президент ұсынған бес институттық реформа аясында кәсіпкерлер құқығы қорғалатын болады. Елбасы ұсынған «100 нақты қадам» — Ұлт Жоспарының «Индустрияландыру және экономикалық өсім» атты үшінші бағытында экономиканы әртараптандырудың нақты қадамдары көрсетілген. Мемлекет басшысы осы реформаны бюрократтық шығынсыз жүзеге асыруды талап етіп отыр. Аграрлық секторда әкімшілік кедергілер қысқартудың жолын да ұсынды [5].

Аграрлық сектор — халықтың қолайлы өмір сүруі үшін қажет әрі маңызды сала. Халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету осы саланың еншісінде болғандықтан, аграрлық сектордың еліміздің экономикалық, әлеуметтік өмірінде айрықша орын алатыны баршамызға белгілі. Сондықтан, ауылшаруашылығында кәсіпкерлік қызметті дамыту мен мемлекеттік қолдауды күшейту қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаевтың Н. Ә. Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. http://www.akorda.kz
2. Сидорович.А.В., Ә.Ә. Әбішов. Ұлттық экономика. Оқулық. Алматы 2011ж
3. Есполов Т. Ғылым қырағылығы жете меңгерілсе, өнім бұлағына айналады. //Егемен Қазақстан. — 2012. — № 689-693. — 20 қазан Кооперация дегеніміз тиімді. http://palata.kz/
4. Әбдіқадыров Р. . Аграрлық секторда кедергілер азаяды.// http://www.akjolgazet.kz
5. «100 нақты қадам». http://www.akorda.kz

Аманова А.Қ., Муратбаева А.К. СПиС-21 тобының студенттері,
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, магистр Балабекова Л.Г.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІ – ЕЛІМІЗДІ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗІ

Жыл сайын әр түрлі қызметте жастар ерекше белсенділігімен, икемділігімен және керемет идеяларымен ерекшелене бастады. Осыған орай, жастардың еліміздегі бизнесклиматын жақсартуға айтарлықтай күш салатыны туралы қорытынды жасауға болады.

Жастар арасынан шыққан жігерлі кәсіпкерлер – уақыт талабы және елдің экономикалық дамуының жақсы көрсеткіші. Жастар кәсіпкерлігін дұрыс және мақсатты түрде қолдау елдегі кәсіпкерлікті дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді,ал бұл өз кезегінде экономикалық өсу мен әлеуметтік тұрақтылыққа әкеледі.

Өз бизнесімен айналысу жастардың өмірлік ұстанымының нығаюына, олардың әлеуметтік жауапкершілікті сезінуіне, маңызды шешімдер қабылдай білуі және өзін-өзі қамтамасыз етуге ұмтылуы сияқты қасиеттерінің дамуына негіз болады. Жастар бизнесі жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздық деңгейін қысқарту, білікті кадрлар даярлау сияқты әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде басты рөл атқарады.

Жастар кәсіпкерлігінің мүмкіндіктерін кеңейту және ықпалын күшейту оның әлеуетін дамыту қажеттілігін негіздейді, сол себепті жастар бизнесі шағын кәсіпкерліктің маңызды сегменті болып табылады.Кәсіпкерліктің ерекше сегменті ретінде жастар кәсіпкерлігін бөлу қарастырылады және кәсіпкерліктің басқа түрлеріне қарағанда оның өзіндік ерекше белгілері, күшті және әлсіз жақтары бар.Жастар кәсіпкерлігінің күшті жақтары:

- Жоғары инновациялық белсенділік, ойлау инновациялылығы;
- Жоғары ұтқырлық, тәсілдердің икемділігі, жаңа нарықтарды игеру бойынша реакция жылдамдығы;
- Өндірістің және нарықтың өзгермелі талаптарына сәйкес өзінің кәсіпкерлік білімі мен дағдыларын жүйелі түрде жаңарту мүмкіндіктерінің жоғары деңгейі;
- Жастардың кәсіпкерлік қызметке, әсіресе оның бастапқы кезеңінде ілесіп жүретін жоғары еңбек және жүйке жүктемелеріне төтеп бере алатын әлеуетті қабілеті;
- Жастардың тәуекелге бейімділігі.

Жастар кәсіпкерлігінің әлсіз жақтары:

-Елеусіз әлеуметтік тәжірибе;

-Іскерлік беделдің болмауы;

- Экономикалық заңдар мен механизмдерді қолданудың әлсіз практикалық дағдылары;
- Бастапқы капиталды қалыптастыру мәселесі
- Бизнес саласында және билік-басқару құрылымдарында жеке байланыстардың жетіспеушілігі;

-Бюрократиялық құрылымдардың әсерінен қорғалмау;

- "Көлеңкелі" кәсіпкерліктің неғұрлым белсенді құлшынысы және криминалдық құрылымдардың ықпалынан қорғалмау.

Бұл белгілер жастар кәсіпкерлігін ерекше санатқа бөлектей отырып, оны қолдау жөніндегі негізгі міндеттерді анықтайды [1].

Жастар кәсіпкерінің тақырыбы Қазақстанда өте танымал: жас кәсіпкерлердің қауымдастықтары, комитеттері мен мектептері құрылуда, түрлі идеялар, стартаптар мен жобалар конкурстары өткізіліп, даму жоспарлары әзірленуде. Бірақ әлі де болса көптеген сұрақтар бар. Кәсіпкерлікті қолдау саясатының пайдалы әрекет коэффициенті жоғары ма? Жас бизнесті қолдау жөніндегі жұмыстар қарқынды жүріп келеді ме?

Қазақстанның қазіргі заманғы экономикасы ШОБ-тің айтарлықтай серпінді дамуымен сипатталады, алайда бұл сектор субъектілерінің өнім шығаруы Қазақстанның ЖІӨ-нің 30% - ға жуығын құрайды. Дүниежүзілік Банктің зерттеулері егер елде ШОБ ЖІӨ-нің 40% - дан кем өндірсе, онда мұндай экономикаға инвестициялар қажетті экономикалық әсер бермейтінін көрсетті. Сондықтан мемлекеттің алдына 2020 жылға қарай елдің ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін 10% - ға арттыру стратегиялық міндет қойылды. Дамыған елдерде ШОБ ЖІӨ-нің 70% - ға дейін өндіреді және 50% - дан астам жұмыс орындарын құрады.

Елімізде кәсіпкерлікті дамыту ауқымы статистикалық мәліметтер көрсетіп отырғандай, әзірге әлемнің дамыған елдерінің тиісті көрсеткіштерінен артта қалып отыр. Дамыған елдермен салыстырғанда ЖІӨ-ге ШОБ-тің төмен үлесі ЖІӨ-дегі үлкен үлесті экономиканың

шикізат салаларында шоғырланған ірі бизнес құрудан туындады. Әлемдік тәжірибе ШОБ-тің орта тапты қалыптастыру үшін негіз, халықтың экономикалық белсенділігінің ерекше түрі болып табылатынын көрсетеді. Шағын және орта кәсіпкерлік нысандары арқылы адамдар шығармашылық әлеуетті іске асырып, ашудан тұратын оның әлеуметтік функциясы маңызды.

Кәсіпкерлік-бұл, ең алдымен, адамға өз қабілеттерін, білімдерін, ақпараттарын және кірістерін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін жеке еркіндік. Экономиканың, өндірістік сектордың қазіргі заманғы дамуы инновациялық ойлайтын жас кәсіпкерлерді қалыптастырусыз мүмкін емес.

Қазақстанда жастар кәсіпкерлігін жылдам дамыту мен жастарды кәсіпкерлік қызметке жаппай тарту үшін жағдай жасау және жас кәсіпкерлер мен жалпы қазақстандық кәсіпкерліктің "дұрыс" имиджін қалыптастыру қажет. Статистикаға сәйкес, әлемде 18-29 жас аралығындағы 300 млн жастар тұрақты жұмыс орны жоқ немесе мүлдем жұмыссыз. Олардың шамамен 20 % - ы өз бизнесін бастау үшін тамаша қабілетке ие және әр түрлі себептерге байланысты, тек 5% - ы өз кәсібін бастауда жетістікке жете алады[2].

Осы себепті Қазақстанда кәсіпкер жастарды көбейту үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ынталандыратын қолайлы жағдайлар жасау жалпы мемлекеттік және өңірлік деңгейдегі әртүрлі бағдарламаларда қарастырылады. Олардың ішінде жас кәсіпкерлерге "Бизнестің жол картасы – 2020"көмек көрсетеді, оның аясында "Бизнес Кеңесші"жобасы әзірленді.

Бұл жоба ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді Қаржылай емес қолдаудың құралы болып табылады. "ДАМУ" кәсіпкерлікті дамыту қоры "Даму-Көмек", "кәсіпкерлікті қолдау орталығы" және "шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру"бағдарламалары қарастырылған. Жоғарыда жазылған бағдарламалармен қатар, неғұрлым тиімді болып табылатын Қазақстанның Даму Банкін, технопарктер мен бизнес инкубаторлар құруды қолдайтын технологиялық даму жөніндегі Ұлттық агенттікті, "Қазагроқаржы", Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорын, "KaznexInvest" экспорт және инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттікті, Қазақстандық индустрияны дамыту институтын атап өтуге болады.

Халықаралық бағдарламалар арасында Еуропалық даму және қайта құру банкін, сондай-ақ "SES" Германиядан Аға сарапшылар қызметін, АҚШ-та іскерлік тағылымдаманың "SABIT"арнайы американдық бағдарламасын бөліп көрсетуге болады. Сонымен қатар, жақында ғана ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңес Жастар бастамаларының қорын құрып, таныстырды[3].

Бизнесті дамыту үшін 2019 жылдың 13 ақпанында MOST бизнес инкубаторы Jastar Business жастар кәсіпкерлігін дамыту бағдарламасын жариялады. Онда бизнес өкілдері жас кәсіпкерлерді қолдау шаралары туралы айтты. Бағдарламаның басты міндеті – стартап жобалар мен жас кәсіпкерлерді қолдау.

MOST бизнес-инкубаторының директоры Алим Хамитовтың айтуынша, жоба Қазақстандағы жастар жылы аясында құрылған. Ол атап өткендей, Youth Business International, 56 елде жұмыс істейтін кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі халықаралық желі. «Бұл бағдарламаға қатысатын жобалар мен кәсіпкерлер осы сараптамаға, білімі мен тәжірибесіне тікелей және жанама түрде қол жеткізе алатынын көрсетеді», - деп атап өтті ол. Сонымен қатар, Jastar Business жобасы бизнесті ашқысы келетіндерге, сондай-ақ өсу нүктелерін тапқан адамдарға көмектесуге бағытталған. Бағдарлама жыл соңына дейін жалғасады және бірнеше кезеңнен тұрады. Келесі кезеңде Startup - Weekend марафонын ұйымдастыру жоспарлануда. Бұл іс-шара, онда 54 сағат ішінде қатысушылар идея кезеңінен прототипке дейін жол таба алады. Оған дайын командалар да, онсыз да адамдар да қатыса алады. Іс-шара аясында кәсіпкерге команда құруға көмек көрсетіледі. Барлығы 4 Startup Weekend ақпан айының соңынан сәуір айының басына дейін Алматы мен Астанада өткізу жоспарлануда.

Қорыта айтқанда, жастардың, қоғамның неғұрлым білімді, салауатты және мақсатты бөлігі ретінде бизнес ісіндегі басымдыққа ие екені сөзсіз. Бизнес тауарлар мен қызметтерді өндіретін, пайдаға ұмтылатын және бір-бірімен бәсекелесетін жеке кәсіпорындардағы қызмет ретінде сипатталады.

Көптеген адамдар этика және мораль ұғымдары тек тұрмыстағы, отбасындағы және қоғамдағы барлық нәрсеге ғана қатысты деп санайды. Алайда, бизнесте де ұстамдылық пен ұстамдылық, ақылға қонымды шектерді көру және сақтау, өзіне батылдықты басу сияқты қасиеттер қажет. Біз жастарды өз идеяларын іске асыруға батыл кірісуге шақырамыз және тек қана іс үшін емес, өз ісі үшін батыл қадам басуға шақырамыз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Агеев А.И. Предпринимательство: проблемы собственности и культуры. – М.,1991

2. Сәбден О. Шағын бизнес негіздері. – Алматы: Фолиат,2008.

3.«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы. – Алматы:Бизнес кеңесші баспасы,2010.

Ахметбеков А.Н. ОПУ 101 тобының студенті,
Ғылыми жетекшісі: жоғары санатты ағылшын тілі
пәнінің оқытушысы Тусупбекова Г.А
«Жезқазған Бизнес және көлік колледжі» ЖМ, Жезқазған қ.,
Қазақстан Республикасы

ЖАҢА КҮН, ЖАҢА МҮМКІНДІК - ТАБЫСҚА БАСТАР ЖОЛ.

«Үлкен және маңызды істі тындыру
үшін екі нәрсе қажет: нақты жоспар және
шектеулі уақыт»
Хоббард Элберт

Қазақстанда Жастар жылы ресми түрде басталды. Негізі, ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өткен жылы қазан айындағы Қазақстан халқына Жолдауында 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынған болатын. Президент өз сөзінде жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керектігін айтқан еді. Арада бір айдан астам уақыт өткенде Елбасы Жарлығымен 2019 жыл Жастар жылы деп жарияланды. Президенттің форум барысында айтқан бастамалары мен тапсырмалары Қазақстанның жас буынын жан-жақты қолдауға бағытталған және барша жастарды отаншылдықты көрсететін, елге әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосылуға көмектесетін, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыратын нақты іс-әрекеттерді жасауға шақырды. Соның бірі, Жастар жылының ашылу рәсімінде еліміздегі жас кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан берілген мүмкіндіктер мен көрсетіліп жатқан көмектің нәтижесінде ірі бастамалардың сәтті жүзеге асқандығын айтты.

Қазіргі таңда жастарды кәсіпкерлік саласына тарту өте маңызды. Дені сау еңбекке жарамды, тепсе темір үзетін жастарға жәрдемақы, әлеуметтік төлмедер төлеудің орнына, оларға тек өздерінің білімі, қабілеті мен мүмкіндіктерін өздерінің отбасылары мен мемлекет игілігіне тиімділікпен жұмсауына мүмкіндік берген маңыздырақ. Жастар жылы аясында жастарды кәсіпкерлікке тарту мақсатында қолға алынып жатқан іс-шаралар аз емес, соның бірі өзім білім алып жатқан Жезқазған Бизнес және көлік колледжінің жанынан құрылған «Болашақ кәсіпкер» бизнес класс оқу бағдарламасы. «Болашақ кәсіпкер» бизнес класс оқу бағдарламасы ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын негізге ала отырып құрылды. Бағдарламада біліктілікті арттыру, қайта даярлау курстары, шағын және орта бизнестегі қолдау айтылған. «Болашақ кәсіпкер» бизнес

– класс оқу бағдарламасын оқыту колледж студенттері үшін өз бизнесін құру жолының мүмкіндіктерін іске асыра отырып, тұлғалық бағыттағы тәсілдерге, қоғамдағы өзінің экономикалық каптиалын дамытуға үлес қосу туралы алғы шарттар негізге алынды. Мемлекет басшысы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауында шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау жұмыстарын жалғастыру қажеттілігін атап өткен. Елбасының осы сөзін басшылыққа ала отырып құрылған бағдарламаның мақсаты: кәсіпкерлікті ұйымдастыру саласында студенттерді теориялық және тәжірибелік біліммен қамтамасыз ету, бизнес - жоспар жасауда кәсіпкерлік іс- әрекетті дұрыс жүргізуде тәжірибе жинақтауға көмектесу. Қазіргі заманғы қоғамда дамудың өзекті міндеттерінің бірі – іскерлік қызметке, бизнес идеялар жобаларын іске асыруға көшу. Бизнес саласын қоғам өмірінің және кәсіпкерліктің ақпараттандыруына, оның үдерісіне жаңа тәсілдерге, әлеуметтік әріптестікке, құзыреттілікке және тұлғалық бағыттағы тәсілдерге, білім берудегі елдің зияткерлік каптиталын дамытуға үлес қосу болып табылады. Кәсіпкерліктің қыр – сырын жас – кәрінің барлығы білуі тиіс. Кәсіптен нәсіп тапсам деп жүрген белсенді студенттерге бизнес класс бағдарламасы бизнесті қалай жоспарлау керек, қалай бастау керек, нені негізге алу керек деген сұрақтарға жауап алу үшін мынадай оқу материалдарының мазмұны түсіндірілуде. Бизнес идеяларды қалыптастыру мақсатында колледж студенттері арасынан «Іріктеу тесті» алынды.

Сауалнама нәтижесінде жинақталған құраммен «Табысқа бастар жол атты» иллюстративті түсіндірмелі оқыту жұмысы жүргізіліп, интернет ресурс арқылы студенттер өзіндік жұмыстарының идеяларымен ой бөлісті. Студенттерге кәсіпкерліктің бір бөлігі болып табылатын, өзіндік дамуға арналған бес негізгі дағдылар ұсынылды.

Бағдарлама барысында студенттердің логикалық ой өрісін дамыту, бизнес саласынан сауатты болу үшін бағдарлама жүргізуші коучтер эвристикалық әңгімелеу әдісі арқылы әлемдік танымал, таңдауды авторлардың төмендегідей туындыларымен таныстырды. Роберт Кийосакидің «История успеха учеников Богатого Папы», «Школа бизнеса», «Богатый ребенок, умный ребенок», «Если хочешь быть богатым и счасливым не ходи в школу», «Квадрат денежного потока», «Прежде чем начать свой бизнес», Николай Танкушинның «Начни своё дело и не наделай косяков!», Брайн Трейсидың «Оставьте брезгливость, съеште лягушку», «21 секрет успеха миллионеров», «Жетістікке жетудің негізгі қағидалары», «Путь к финансовый независомости! Первый миллион за семь лет!», Джордж Клейсонның «Самый богатый человек в Вавилоне», Эрик Ристің «Бизнес с нуля», Билл Гейтстың «Бизнес со скоростью мысли», Напалеон Хиллдың «Думай и богатей», «Как стать богатым за один год», Джиллиан Коулмен Уиллердің «Как быстро заработать денги в Интернете», Саидмурод Давлатовтың «Мен және ақша», Джон Кехоның «Түйсігіңмен ойлай біл». Сонымен қатар 2,5

жылда 10 мейрамхана ашып, ұлттық арнада "Үміткер" бизнес реалити шоуын түсіріп, атақты ресейлік "Бизнес молодость" жігіттеріне сұхбат берген алғашқы қазақ кәсіпкері Куаныш Шонбайдың "Екінші болма" кітабын оқу арқылы өзімізге тек қана бизнес саласында ғана емес, өмірімізге қажет мотивациялық кеңестер ала алдық.

«Болашақ кәсіпкер» бизнес класс оқу бағдарламасының жұмысы алғашқы жылы бастау алып отырғандықтан, әлі де алға қойылған мақсатары жоғары оның аяқталу нысаны «Жетістіктің формуласы» атты бизнес жоспарлау практикумы арқылы және стартапшылар идеяларының жобаларын қорғау жұмысы арқылы жүзеге асырылады. Оқыту барысында күтілетін нәтиже студенттер бизнес – жоспар жасауға және өз идеяларын жүзеге асыруға дағдыланады. Бизнес класстың практикалық бағыты бизнес жобаларды іске асыру болып табылады. Студенттердің әр түрлі жобаларға қатысқан нәтижелері айқындалып, әлеуметтік және шығармашылық белсенділігінің өсу динамикасы артады деп күтілуде.

Жастар жылы аясында елдегі жас буын өздерінің идеялары мен бастамаларын жүзеге асыруға, білім мен ғылымды дамытуға, бәсекеге қабілетті жаңа қоғам құруға атсалысуға арнайтын болады және біз жастар біліміміз бен тәжірибемізді елімізге арнауға дайынбыз.Жастар жылы – жастардың өзін дамытуына үлкен мүмкіндік. Еліміздің барлық жастарына тек сәттілік тілеймін!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Егемен Қазақстан, Жастар жылы туралы пікірлер.25.01.2019 жыл.
2. E-mail: info@egemen.kz | Интернет-редакция: portal@egemen.kz
3. Кәмшат Бекжігітова Ойыңды өзгертіп, өміріңді өзнерт, Алматы 2017 ж
4. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы,
5. 10 шагов по развитию предпринимательства www.damu.kz
6. Қазалы аудандық қоғамдық саяси газет. www.inform.kz24.01.2019 ж

Әшір А.Т 1 курс студенті,
Ғылыми жетекшісі: магистр, аға оқытушы Абурахманова З.А.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҚОНАҚ ҮЙ ПЕРСОНАЛЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ

Кез келген ұйымның негізі байлығы - бұл адамдар. Қазіргі танда адам ең қымбат ресурс болып табылады. Салмағы мен ауқымын айқындағысы келетін көптеген ұйымдар өздерінің өндірістік қуаттылығы, өндірісі немесе сатылымы және т.б. туралы емес, ұйымдағы қызметкерлердің саны туралы айтады. Жақсы ұйым өз қызметкерлерінің әлеуетін барынша арттыруға тырысады, қызметкерлердің ең тиімді жұмыс істеуі үшін және олардың әлеуетін қарқынды дамыту үшін барлық жағдай жасайды.Персонал - өндірістің ғылыми-техникалық деңгейіне, еңбек өнімділігін қамтамасыз етуге және белгіленген нормативтік талаптарды қанағаттандыратын белгілі бір құрылымы бар қызметкерлер тобы. Адами ресурстар - әрбір кәсіпорынның негізгі ресурсы, кәсіпорын қызметінің сапасы және оның бәсекеге қабілеттілігі негізінен осы факторға байланысты. Жалпы,бірінші басқару дегеніміз не деген суракка жауап бергеніміз жөн болар. Басқару - реттеуге, қорғауға, қойылған мақсатқа сай нысанның жүйесін өзгертуге немесе жоюға бағытталған, субъектінің нысанға әрекет ету процессі. Басқарушы жұмыс адамның психологиялық белсенділік түрінде жүзеге асыратын ақыл-ойдың санатына жатады. Турлі әдебиеттер «персоналды басқару» тұжырымдамасының түрлі анықтамаларын ұсынады. Оған персоналды басқару, персоналды маркетинг, персоналдың экономикасы, адам ресурстарын басқару және әлеуметтік басқару кіреді. Әртүрлі дереккөздерді зерттей отырып, қандай анықтаманы

тандасақта, мән-мағынасы өзгеріссіз қалады - ұйымның адамға бағытталған әрекеті, оның максималды пайдасын алуға ұмтылудағы мақсатты өзгерісіненег ізделеді және жоғары деңгейге жету үшін бүкіл ұйымның натежиесі.

Қонақжайлылық индустриясының персоналды басқару кәсіпорындарының міндеттері: [1]

1.нарықтық жағдайда кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2.өндірістің және еңбектің тиімділігін арттыру, атапайтқанда, барынша пайда табу;

3.команданың жоғары әлеуметтік тиімділігін қамтамасыз ету.

Қатаң бәсекелестік жағдайында аман қалғысы келетін әрбір ұйым үнемі өз қызметін жетілдіру жолдарын іздеуі керек. Көптеген компаниялар инновациялық процестің маңыздылығын біледі және инновациялық жолды ұстануға қорықпайды. Қазіргі уақытта қонақүйлердің жоғары бәсекелестік жағдайында және қонақ үй қызметтерінің тұтынушыларының сапа талаптарын жоғарылату жағдайында қонақжайлылық индустриясында инновациялық менеджменттің үрдісі артып келеді. Қызмет көрсету секторы кәсіпорнын тиімді басқару үшін, кәсіпорынның қызметін бақылап қана қоймай, қызметкерлерді ынталандыруға, олардың шығармашылығын және тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін басқаруда инновациялық, жетілдірілген және дәстүрлі емес тәсілдерді қолдану қажет. Инновациялық басқару – қызметкерлердің инновациялық мінез-құлқынынталандыру және ынталандыруға бағытталған қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін дамытуға негізделген басқару.

Қонақ үй бизнесі саласындағы инновациялық менеджменттің негізгі функциялары:[3]

- инновациялық қызметті дамытуға бағытталған өзара сенімге негізделген кәсіпорындағы климат;

- тиімді өндіріс жүйесін құру идеялар мен шығармашылық ұсыныстардың жинақталу механизмі;

- инновациялық коммуникацияларды дамыту;

-қызметкерлердің инновациялық мінез-құлқын қалыптастыру және ынталандыру;

Сонымен бірге, қонақ үй бизнесі кәсіпорындарының инновациялық қызметінің негізгі мақсаты тактикалық немесе стратегиялық болуы мүмкін.[3]

Еңбек менеджментіндегі инновацияның тактикалық мақсаты – бір немесе бірнеше себептермен туындаған дағдарысты еңсеру,мысалы мынадай себептер: персоналды іріктеу және қызметкерлерді іріктеудің тиімсіздігі, жұмыс процестерін ұйымдастырудағы қателіктер, әлеуметтік және еңбек мәселелерінің пайда болуы, ынталандыру жүйелерінің немесе еңбек бақылауын жүргізу жүйесінің тиімсіздігі және т.б. Қызмет көрсету секторындағы еңбек менеджментіндегі инновацияның стратегиялық мақсаты болашақта жұмыс тиімділігін арттыру және жетілдіру болып табылады. Екіжағдайда да, нәтиже ңбек өнімділігін басқарудың тиімділігін арттыруы тиіс, бұл өз кезегінде еңбек өнімділігін арттыруға және бүкіл кәсіпорынның тиімділігін арттыруға әкеледі.

Осылайша, кез келген инновациялық қызмет, қонақ үй бизнесі саласындағы инновациялық жұмыстарды одан әрі дамыту және жетілдіру қажет, демек, қызметкерлерді инновациялық мінез-құлқынынталандыру және ынталандыру әдістерін кеңінен енгізу, инновациялық коммуникацияларды дамыту қажет. Иинновацияларды тиімді қалыптастыру және жинақтау жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ инновацияларды тиімді енгізу және тарату механизмін құру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :

1.В.В. Васильев, В. В. «Инновациялық менеджмент негіздері: теориялар мен практика». -

М .: «Экономика» баспасы, 2004. - 518 б.

2.Васильев К.Е. Облыстың кәсіпорындарында кадр саясатын жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен әдістері // Кәсіпорындарды қайта құрылымдау әдістері. СПб .: IRE РАН, 2010. - 176 б.

3.Мухамедьяров, А. М. Инновационный менеджмент: учебное пособие. — М.: ИД «Инфра-М», 2010. — 176 с.

Бексултанова А., 3 курс студенті,
Ғылыми жетекшісі: магистр, аға оқытушы Аешова Н.Т.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТУРИЗМ ЖІКТЕУІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Туристік саяхат адамның белгілі бір мөлшерде қажеттілігін қанағаттандырады. Бір нәрсені ескеруіміз қажет, адамның қоршаған ортаны зерттеуінің барлығы саяхатпен байланысты. Қозғалыс – туризмге тән ерекшелік. Тіпті бұрынғы уақытта сауда байланысын ұстау үшін адам көрмеген жаққа сапар шеге берген. Осындай саяхаттар тек қана сауданы дамытқан жоқ, терең түрде еңбекті, қоғамдық жағдайды бөлді және адамдардың қоршаған әлемді тануына кеңінен тануына мүмкіндік берді. Әлемдңік шаруашылықтың күшеюіне байланысты тұрғындардың қозғалысы аумақты масштабта ұлғайды және туризмнің дамуына себеп болды.

Миллиондаған адамдар саяхатқа жаңа жерлерді көру үшін, табиғаттың әдемілігіне сүйсіну үшін, таудың немесе орманның таза ауасымен демалу үшін, қала халқымен қарым-қатынасқа кенелу үшін, сонымен бірге көпғасырлық өнер мен мәдениетті тамашалау үшін аттанады. Осы күнде әр түрлі деңгейде туризм жауламаған ел қалмаған. Жыл сайын бүкіл әлемде 4 млрд.-тан астам адам 5-6 күннен кем емес уақытын өзінің тұрып жатқан жерінен тыс өткізеді. Жартысының көбі демалу мақсатымен сапар шегеді, төрттен бір бөлігінің көбі іс-сапармен, 5-6%-ы халықаралық конгресстердің, симпозиумдардың, жиналыстардың қатысушылары, 10-15%-ы туған-туысқандарына бару үшін саяхатқа шығады.

Сонымен туризм қазіргі заман адамының тұрмысына нық орналасып алды. Туризмге деген қызығушылық күн санап өсіп келеді. ДТҰ болжамы бойынша 2010 жылға қарай халықаралық туристік сапар 1 млрд. АҚШ долларын, ал 2020 жылға қарай-1,6 млрд. АҚШ долларына тең.

Қозғалыс - туризмге тән қасиет. Сонау ерте заманның өзінде саудалық байланысты орнату қажеттігі адамдарды бейтаныс жерлерге саяхаттауға итермелейді. Мұндай саяхаттар сауданың дамуы, қатар қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеуі, адамдардың қоршаған әлемі туралы танымының кеңейуіне ықпал етеді. Үлкен масштабтағы әлемдік шаруашылық байланыстардың белсендендірілген халықтың қозғалысын ұлғайтып, туризмнің, дамуының жеделдеуіне себепші болады.

Миллиондаған адамдар жаңа жерлерді көру, табиғаттың сұлулығына тамсану, таудың таза ауасымен немесе орман ауасымен демалыу, ұлттармен қатынасын байыту, қалаларды, мәдениет пен өнердің көп ғасырлық ескерткіштерін көру мақсатында саяхаттайды. Бүгінгі әлемде белгілі бір деңгейде туризмде билік етпейтін ел жоқ. Жыл сайын 4 милиардтан астам адам өзінің кем дегенде 5-6 күндік уақытын өзінің тұрғылықты жерінен тыс өткізеді. Осы санның жартысынан көбі демалу мақсатында, ширегінен көп - ерекшелік мақсатта, 5 - 6% -халықаралық конгерестер, симпозиумдарға қатысушылар, 10-15% - өздерінің туған - туыстарына бару мақсатында саяхаттайды.

Осылайша, туризм қазіргі адамның тұрмысына тығыз әсер етеді. Қоғамның өмірінің әлеуіметтік және экономикалық жағдайына әсер ете отырып, ол одан әрі күрделі және көпқырлы құбылысқа айнала түседі. Сондықтан осы зерттеу кешенді жан – жақты тәсілдерді талап етеді. Бүгін де онымен географтар, экологтар, экономистер, социологтар, архитекторлар, дәрігерлер және білімнің басқа салаларының мамандары айналысуда.

Дегенмен, туризм - бұл көп жағдайда кеңістік құбылыс, ол кеңістік көріністегі табиғи және әлеуметтік үрдістерді қарастыратын географиямен тығыз байланысты.

«Туризм» ұғымы кең мағыналы әрі сыйымды болып табылады. Әдебиеттерде оның түрлі анықтамаларын кездестіруге болады. Үлкен кеңістік энциклопедиясында туризмге келесі анықтама берілген: «Бұл бос уақыттағы саяхат «сапар белсенді демалыстың бір түрі». 1963 жылы Халықаралық туризм мен сапарлар бойынша. БҰҰ-нің Римдегі конференциясында Бүкіләлемдік Туристік Ұйымының (БТҰ) танымал анықтама қабылданды. Соған сәйкес: «Туризм - бұл адамдардың өздерінің тұрғылықты жерінен сауықтыру, бос уақыттағы мүшелерді қанағаттандыру немесе кәсіби іскерлік мақсатта уақытша кетудің барлық формаларының орта атауы».

Туризмнің атағы тек оның демалыстың барлық түрлерінің ішіндегі ең әмбебаптылығымен ғана емес, оның адамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандырумүмкіндігін беруімен түсіндіріледі. Бұл дегеніміз, туризмнің мемлекеттік және экономикалық көзқарастар тұрғысынан маңызы зор, ел экономикасының дамуына оң ықпал етеді.

Қазіргі әлемде туризм әр түрлі елдер арасындағы мәдени алмасу жұмысында оң орын алады. Оны дамыту өнеркәсіп дамыған, дамушы елдердегі маңызды әлеуметтік - экономикалық проблемеларды шешуге себепші болады. Әсерлердің импорты мен экспорты халықтың жұмысбастылығының басты көзі болып табылады. Әлем көшбасшылары туризмнің дамуын ХХ ғасыр стратегиялық және экономикалық жоспарда приоритеті жоғары деп есептейді. Әлемдік эканомиканың бірден - бір саласы туризм сияқты тұрақты емес.

Әлемнің көптеген елдерінде ол мемлекеттің ұлттық табысының деңгейі мен құрылымына, оның төлем балансына маңызды ықпал етеді. Туризм - бұл туристік фирма үшін де, мемлекет үшін де табысты бизнес, мемлекет оның дамуына өз саясаты арқылы себепші болады.

Туризмге деген қызығушылық кеңірек масштабта арта бастады.

БҰҰ-ң жорамалы бойынша халықаралық туристік сапалар саны 2000 жылы- миллионды құрап, 2010 жылы - 1 миллиард, ал 2020 жылы - 1 миллиард 600 миллионға жетеді дейді.

Халықаралық туризмнің дамуының жобаланған динамикасы туризмнің атағының одар әрі өсе түсетіндігіне куә болады. Қазіргі туризмнің жаңа әрі қарқынды дамушы бағыттарының бірі болып экологиялық туризм табылады.

Экологиялық туризм, туристік қызметтің дәстүрлі түрлеріне қарағанда келесі белгілермен сипатталады:

- экотризмнің негізгі объектілері ретінде қайталанбас табиғи көрікті жерлердің болуымен;
- туристік индустриясының жоспарлы дамыту негізінде табиғи және мәдени потенциялының сарқылмай пайдалануымен;
- экологиялық туризмнің басты міндеттерінің бірі болып табылатын экологиялық ойлауды қалыптастыру және экологиялық білімді ұйымдастыру.

Бүгінгі туризм әртүрлі формалар мен қатынастарда байқалып, оны жіктеудің қажеттігін туындатады.

Туризмді жіктеу туризм индустриясын жоспарлау мен территориялық ұйымдастыруда үлкен мәнге ие.

Жіктеудің мәні: әртүрлі типтері бойынша келу туризмі, шығу туризмі, ішкі туризм түрлерін бөліп көрсету.

Туризмнің халықаралық даму динамикасының болжамы бойынша болашақта туризм осыдан да танымал болады. Қазіргі замандағы туризмнің жаңа динамикалық дамып келе жатқан бағыты – экологиялық туризм. Экологиялық туризм, дәстүрлі туризмнің түрлеріне қарағанда мынадай белгілерімен сипатталады:

- Экологиялық туризмнің негізгі объектісі ретінде керемет табиғи көріктілігімен;

- Туристік индустрияның жоспарлы түрде дамуында тасымалданбайтын табиғи және мәдени потенциалдар;

- Салыстырмалы түрде төмен капиталды күш сиымдылығы;

- Экологиялық туризмнің негізгі мақсаты экологиялық білім беру ұйымдары және экологиялық ойды саралау;

- Жекелеген аумақтар мен тұтас мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық жағынан көтерілуіне көмек беру.

Сонымен қатар қазіргі заман туризмінің классификацияснан экологиялық туризмге орын тауып беру керек. Осы кезде туризм әр формада және байланыста өзін көрсетуде, сондықтан оның классификациясын құру шарт болды.

Қазіргі заманғы туризмді классификациялауда саяхатшының алға қойған мақсаты маңыздырау, ол өз кезегінде туристердің материалдық мүмкіндігін көрсетеді, оның денсаулық жағдайын, жасын, мамандығын, мәдениеттілік деңгейін және т.б. көрсетеді. Туристер саяхаттай отырып алдына алдына тек қана бір мақсат қоймайды.туристің жекелеген қажеттілігіне қарамастан оның бірі негізгі орында болады.

Қазіргі заманғы туризмнің классификациясында экологиялық туризм экскурсиялық туризм ретінде қарастырылады. Экскурсиялық туризм бұл табиғаттың, мәдениет пен тарихтың көрнекі орындарында болу, яғни экологиялық туризмнің белгілеріне тән.

Жоғарыда көрсетілгендей, экологиялық туризм – бұл табиғи қалпында жақсы сақталған орындарға саяхат, бірақ көптеген жағдайда саяхаттың жеке түрін, яғни тек жабайы табиғатты бөліп-жару мүмкін болмайды. Сондықтан көптеген авторлар үшін экологиялық туризм табиғаты бағдарлау туризмі болып қарастырылады. Қызығушылығына қаржылық көмекті, мәдениетті, сәулетті және тұрғылықты тұрғындардың дәстүрін қосып алады. Қорытындысында экологиялық туризмнің бірнеше түрін аңғаруға болады: табиғи, жасыл, агротуризм. Фототехника мен фототехнологияның динамикалық дамуының арқасында фототуристердің қажеттіліктері қанағаттандырылуда. Егер де біз барлық саяхаттарды экологиялық туризм ретінде қарастырсақ қателеспейтін шығармыз:

- Алғашқы пайда болған табиғатты қарамағымызға алу және оған үнемділікпен қарау;

- Туризмнен түсіп жатқан пайдадан міндетті түрде табиғи экожүйені бірқалыпты деңгейде сақтауға қаржы бөліп тұру қажет.

Экологиялық туризмнің Қазақстанда тұрақты дамуы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешеді, жергілікті және аймақтық деңгейде тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етеді. Экологиялық туризмнің әлеуметтік салада дамуына келсек, халықаралық қатынастардың нығаюына себепкер бола тұра мәдениеттің өрлеуіне өз үлесін қосады, бастысы – тұрғындардың экологиялық сауатын аша отырып, әлеуметтік байланысты кеңейтуде маңызды фактор болып саналады.

Экологиялық туризмге экономикалық көзқараспен қарасақ, экологиялық бағыттарға жақын елді-мекендердің инфрақұрылымын жақсартады. Сонымен қатар жергілікті тұрғындар экологиялық туризмнен күн көретіндей пацда табуы мүмкін, жекелеген туристер мен туристік топтарды күзету арқылы, туристерді қажетті азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету арқылы, сонымен бірге үйлерді жалға беру арқылы өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуына мүмкіндіктері бар. Экологиялық туризмді экономиканың бір саласы деп қарастыруға болады, шетелдік туристерді, шетелдік ақшаның белгілі бір мөлшерін елге кіргізу арқылы мемлекетке үлкен кіріс кіргізуге болады.

Қорытындылай келсек, экологиялық туризм адамдардың санасы мен әдеттерін өзгертуге мүмкіндік бере отырып, табиғи ортаны табиғи қалпында сақтау арқылы оларды табиғатқа үнемділікпен қарауға тәрбиелейді. Сонымен бірге, экологиялық туризм табиғи ортаны қорғауда нақтылы әсер ету үшін жергілікті тұрғындар мен жергілікті басқарма табиғи ресурстардың аумағын экологиялық туризмнің объектісі ретінде пайда көрумен бірге табиғи аумақтың сақталуымен тығыз байланысты болуы шарт. Сонымен қатар ынталы түрде табиғатты қорғау үшін бұл пайда белгілі мөлшерде бөлініп және пайдаланып отыруы тиіс. Егер табыс шағын ортада дұрыс бөлінбесе, тұрғылықты тұрғындарда қорғалатын аумақтың

ресурсын рациональды түрде қолдану ынтасы болмайды. Сол себепті экологиялық уризмнің мүмкіншілігі толық табиғи ортаның жағдайына байланысты.

Қазіргі туризмді жіктеу туристік шаруашылықты территориялық ұйымдастыру оның туристік қызметтің жеке түрлеріне деген сұранысын анықтау және т.б. бірқатар проблемаларды шешіп, солардың негізінде туризмнің материалдық техникалық базасының даму жоспарын әзірлейді.

Қазіргі туризмді жіктеуде экологиялық туризм экскурсиялық туризм шегінде қарастырылады. Ал экскурсиялық туризм - бұл табиғи, тарихи – мәдени көрікті жерлермен танысу мақсатындағы сапарлар, ол экологиялық туризмге де тән.

Жоғарыда атап өткеніміздей, экологиялық туризм. - бұл табиғи күйінде жақсы сақталған жерлерге саяхаттау, бірақ басты назардың объектісі болып жабайы табғат табылатын сапарлардың жеке категориясын бөліп көрсету мүмкін емес.

Сондықтанкөптеген авторлар экологиялық туризмді өзінің мүдделері мен қаржылық қолдануында жергілікті халықтың мәдениетін, архитектурасын дәстүрлерін қамтиды, табиғатқа бағытталған туризм түрінде қарастырады. Осыған байланысты экологиялық туризмнің бірінші түрін бөліп көрсетеді: табиғи, жасыл, агротуризм. Фототехника мен фототехнологияның кең дамуы фототуристердің қажеттігін қанағаттандырады. Саяхаттардың осыған ұқсас барлық түрлерін келесіаталған жағдайларға экологиялық туризм ретінде қарастырсақ қателеспейтін шығармыз.

- жабайы табиғат объектісінің басымдығы және оларға ұқыпты қарау;
- табиғи экожүйелердің тереңдігін сақтау үшін туризмнен түсетін табысты міндетті пайдалану бағытын қолдау

Көптеген мемлекеттерде туристерді қызықтыратын ерекше табиғи аумақтар ауылшаруашылық қажеттіліктер үшін қолданылуда. Әр жыл сайын өсіп бара жатқан жер өңдеу, ағаш дайындау, сонымен бірге халықтың күн санап өсуі, көші-қон және орналасу бұл аумақардың тек қана жерінің сапасын ғана емес, экожүйенің тұтастығын да бұзады. Осы мақсатта экологиялық туризм бұл аумақтар үшін неғұрлым күштірек экономикалық негіз бола отырып, неге басқаша жолмен ауылшаруашылығын және өнеркәсіпті дамытуға болмайды.

Қазіргі кезде экологиялық туризмді республикада дамытудың тағы бір түрі – экономикалық даму мен табиғатты қорғау мақсаттарынан басқа адамның арқасынан физикалық және рухани жүкті түсіру. Белгілі болғандай, техникалық даму және урбандану адамның материалдық жағынан өмір сүруін жеңілдетті, екінші жағынан күйзелістер мен соққылар жүйкеге ауыр психологиялық салмақ күшейіп кетті. Американдық социологтардың зерттеуі бойынша зерттеуі бойынша ауқатты адамдар санының өсуімен экологиялық таза аумақтарға деген сұраныс, табиғат аясына шығу ғажайып пейзажды тамашалау мүмкіншілігі мен таза ауамен демалу бір-бірімен пропорционалды түрде.

Сонымен, экологиялық туризмді дамыту бос уақытта қолдану мәселесіне жүйелік жақындаудың жолы салауатты өмір салтын жүргізу мүмкіншіліктерін тарату және құру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Биржаков М.Б. Введение в туризм. — М–СПб.: «Издательский Дом ГЕРДА», НП «Издательство «Невский Фонд», 2014. — 544 с.
2. Матаева Б.Т. Туризмология негіздері: Оқу құралы – Қарағанды: Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университет, 2009. – 114 бет.
3. Смағұлова Қ.С. Туризм инфрақұрылымы: Оқу құралы – Қарағанды: Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университет, 2009.

Белгибаева А., 3 курс студенті,
Ғылыми жетекшісі: магистр, аға оқытушы Абдурахманова З.А.,
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

“GOOD JOB”- КӘСІПОРЫНДАРДА ПЕРСОНАЛ ЕҢБЕГІН МОТИВАЦИЯЛАУЛАУҒА БАҒЫТТЫЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

Басқарушылық еңбектің бөлінуі - басқараушылық қызметкерлері түрі топтарының еңбек әрекеттерінің тәуелсіз өрістерде дербестелуі — объективтік процесс. Бұл процесс басқарушылық ықпал сапасының жоғарылауына жағдай туғызады. Олардың арасында атқаратын міндетіне байланысты функционалды бөлінуі ерекше орын алады. Себебі, еңбек бөлінісінің бұл түрі басқаларының пайда болуының негізі. [1]

Мысалы, кадрлармен жұмыс істеу барысында кәсіпорын басшылығы, біріншіден, талап етілген материалдық, қаржылық шығындарға және ұйымдастырушылық күш-жігерге көңіл бөледі. Өзін-өзі қаржыландыру жағдайында жұмыс істейтін кәсіпорын үшін мұндай жағдай барлық шығындарды ақтайды.

Сондықтан персоналды басқару теориясы мен методологиясы персоналды басқару тиімділігін бағалау мәселесіне көп көңіл болу керек. Себебі оның теориялық және тәжірибелік маңызы зор.

Өндіріс процесі үшін әр кәсіпорынға материалдық және еңбек ресурстары қажет. Ресурстар басқаша авансталған шығындар деп аталады, дәлірек айтсақ, бұл өндіріс процесі жүзеге аспай тұрып шығындалған ресурстар. «Еңбек ресурстары» «ресурс» термині болса да мағынасы мүлдем басқа. «Ресурстар» мұнда «жұмыс потенциалы» түсінігіне сай келеді, ол адамның қоғамдық өндіріске қатысу мүмкіндігін сипаттайды. Солай бола тұра, қызметкердің біліктілік мүмкіндіктерінің ресурсы оларды ұлғайтуға бағытталған шаралардың нәтижесінде өседі, кейде өндірістік және жеке сипаттағы себептерге байланысты толық игерілмейді.

Материалдық ресурстардың жалпы көлемі (негізгі қорлар және айналым құралдары) ақшалай нысанда көрсетілуі мүмкін.

Еңбек ресурстарын осы тұрғыдан қарастыру шаралары қолға алынып жатыр. Бұл кәсіпорын жалдаған жұмыс күшінің сомасын бағалау қажеттігі болып табылады. Еңбек бойынша статистиктердің халықаралық конференциясының ұсынулары бойынша еңбек сомасына мыналар кіреді: өндірістік жұмысқа төлем, төленетін толық жұмыс істелмеген уақытқа қатысты төлемдер, ақшалай сыйақылар, тамақтану сомасы және нақты нысандағы басқа да төлемдер, қызметкерлерге пәтер ұсыну сомасы, әлеуметтік қамсыздандыруға жұмыс берушінің шығындары, кәсіптік білім беру сомасы. Шығындар тізбесі қосымшада ұсынылған. Жоғары білікті қызметкерлерді тарту, кадрларды қайта дайындауға кететін қосымша шығындар, денсаулықты сақтау, демалысты дайындау нәтижесінде төлемақы өседі. Кейбір шетел мемлекеттерде жартылай жүзеге асырылған, қызметкерге ресурстық қатынас, «адамзат капиталы» тұжырымдама орын тапқан. Сол бойынша «адамзат капиталына» инвестициялар — бұл біліктілікті және потенциалды, басқаша айтқанда, қызметкер еңбегінің өнімділігін арттыратын кез келген әрекет. Біреудің өнімділігін арттырудың мүмкіндігін туғызатын шығындар, кәсіпкерлердің құрал-сайманына кететін шығындар сияқты, келешекте көп еселенетін табыс ағымы арқылы ақталатын инвестициялар немесе ағымды шығындар алымдар ретінде қарастыруға болады». [2]

Жұмыс күшіне шығындардан басқа персоналды басқарудың экономикалық тиімділігін бағалау кезенінде осындай әрекеттің нәтижелік көрсеткіші қолданылады. Кәсіпорын ұжымының (жеке жұмыскерлердің) еңбек потенциалының дамуы басқару шешімдерін қабылдау салдары ретінде өндірістік әрекеттен қосымша нәтиже алуға сілтеме жасайды. Бұл қосымша нәтиже әр түрлі нысанды қабылдай алатын және әр түрлі көрсеткіштермен бағалана алатын әсер қайнар көзі болып табылады. Сонымен нәтиже мынадай түрде көріне алады:

- еңбек өнімділігінің өсуі, оның сапасы мен түрінің жоғарылауы салдарынан өнімді өндіруді ұлғайту түрінде (бұл жерде біз нәтиженің тікелей сандық құраушылырын айтып отырмыз);
- еңбекпен қамтамасыздандырылу түрінде, әсіресе егер кадрлармен жұмыс еңбек қатынастарындағы әлеуметтік мезеттерді есептеу арқылы құрылды;
- кәсіби жұмыскерлерді іріктеу арқылы оқыту мерзімдерін қысқарту кезінде құралдарды қатыстық үнемдеу түрінде (нәтиже еңбек потенциалының белгілі бір жағдайына жету үшін қажетті құралдарды үнемдеумен көрінеді).

Персоналды басқаруға қатысты экономикалық тиімділікті бағалаудағы шығындар мен нәтижелерді өлшеу мәселесі нақтылықты талап етеді және ең алдымен нені бағалау керек екенін анықтап алу керек:

- іс-әрекеттің белгілі бір нәтижесіне таңдап алынған кадрлық саясатты жүзеге асыру нәтижесінде
  құрылған арнайы таңдап алынған, оқытылған және ынталандырылған«кәсіпке рлік» ұғымы көмегімен жету;
- персоналды басқару алдына қойылған максаттарға ең төменгі қаражаттармен жету;

басқару процесінің нәтижелілігін қамтамасыз ететін ең сапалы басқару әдістерін таңдау. [3]

Әр персоналды жеке бағалаудың ерекше маңызды мақсаттары бар: қызметкердің жұмысының нәтижесін дұрыс бағалау, белгілі бір уақытта және персоналдың жеке басын бағалаудың басқарудағы іс-әрекеттің бірлігі, себебі бағалаудың бірыңғай жүйесін басқару әлеуетті барынша пайдалану.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында **«Цифрлық Қазақстан»** кешенді бағдарламасы қабылданған болатын. 2018 жылы **«цифрлық дәуір»** өнеркәсібін қалыптастыруға арналған **индустрияландырудың үшінші бес жылдығын** әзірлеуге кірісу мақсаты қойылды.

Жалпы экономиканың тиімді жұмыс атқаруы үшін ең алдымен еңбекте жоғары нәтиже алуға талпынатын жұмыскерлер қажет. Олар ынталы және тапқыр, тек өзінің емес, сонымен бірге жалпы іс үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алатын, өзінің құқықтарын жақсы білетін және ең алдымен өз күштеріне сенетін мамандар болуы тиіс. Жалпы компания жұмысын цифровизациялаудың артықшылықтары өте көп. Ең басты артықшылықтары нарықта өз орнын және беделін ұстап қалуы. Персоналды цифровизациялау арқылы басқарудағы ең басты артықшылық ол жұмыскерлер үшін цифрлық ортаның құрылуы. [3]

Менің өзім ойлап тапқан идеяма келетін болсақ, ол кез-келген қонақ үй немесе мейрамхананың приложениесын шығару. Ол приложениеде әрбір жұмыскердің жеке аккаунты болады. Аккаунтта жұмыскер жайында толық мәлімет жазылады. Жұмыс тәжірибесі, жұмыс істеу қабілеті, алған мадақ-мәртебелері және де мотивациялауға ең қажетті мәлімет- темперамент түрі. Осы приложение арқылы персоналды мотивациялау үшін әр түрлі тәсілдер қолдануға болады, олардың бірі жұмыскердің жұмыс атқару сапасына қарай жұлдызшалар жинап, түрлі бонустарға ие болуы. Жұмыскерге белгілі бір жұмыс беріліп, жұмыс аяқталуы кезінде жұмыстың орындалған сапасы және уақытына сәйкес жұлдызша беріледі. Осылайша жұмыскер бір апта ішінде атқарылған жұмысынан жинаған жұлдызшаларын әр түрлі бонустарға алмастыра алады. Ол бонустардың екі түрі болады:

1.Материалдық емес бонус:

Ол қызметкер үшін оның еңбегінін көпшілікке танымал болуы, ұжымда арнайы мәртебесі болуы. Яғни сол приложениеде аптаның үздік жұмыскерлерінің тізіміне енуі. Артықшылығы ақшалай көрініс те материалдық емес бонустар болмашы ғана, демек кәсіпорын үшін аз шығынды.

2.Бейстандарттық бонустар:

1. Киноға, театрға, концертке билеттермен марапаттау;

2. Көлігі бар жұмыскерлерге арнаулы ақылы күзетілетін автотұраққа автокөлігін қоюға ақша төлеу;
3. Басшылығымен бірге түстік ішу;
4. Атаулы кеңсе жарақтары (қағаз, папкалар, файлдар және т.б.);
5. Қоғамдық көлікте жүруді төлеу;
6. Спортты ұнататын жұмыскерлер болса,спорт клубына (орта класс) жылдық абонементті төлеу;
7. Демалыс күнінде мейрамханада тегін тамақтануды ұйымдастыру;
8. Отбасылы адам болса немесе жалғызбасты, ата-анасына көмек көрсететін жұмыскер болса шипажай, демалыс орындарына жолдама беру;

Мобильді қосымшаның интерфейсі қолдануға жеңіл болады және қосылған кезде қолданбаны пайдалану бойынша нұсқаулық болады. Бұл приложениенің тағы бір артықшылығы, IT шешімдер көмегімен оқыту базасын құрастыру, яғни жұмыскерлердің өзіне қажетті курстар жиынтығын таңдап ақысыз оқытудан өтуі. Яғни, әрбір жұмыскер оқытудан өтіп, өз квалификациясын жоғарылатуға мүмкіндік алады. Жалпы айтқанда цифровизация көмегімен кез-келген кәсіпорын, “Smart” (ақылды) кәсіпорынға айналады. Қазақстандық жас мамандар және кәсіпорындар цифровизацияның қарқынды дамуына ат салысса, біздің Қазақстан Республикамыз “Smart” елге айналатынына күмәнім жоқ. [4]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Беляцкий Н.П., Велесько С.Е., Ройш П. Персонал менеджменті. — Минск,
2. Доскалиева Б.Б. Управление персоналом организации: Учеб.-практ. пособие. — Караганда,
Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлығы дерлік міндетті түрде қасақаналықпен (тікелей және жанама) жасалады. Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардағы түрлі тәсілдерді пайдалану табиғаты субъектінің жан азабы мен тән азабын тартқызу арқылы жәбірленушіге мақсатына алған зардап түрін келтіруі. Субъектінің алдына әрекет ету ниеті арқылы жәбірленушіге жан азабын, тән азабын тартқызуы мақсатын қоюы, бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың табиғаты болып табылады. Сонымен, бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардағы түрліше тәсілдер қолдану, бір жағдайда белгілі бір мақсатты жүзеге асыру құралы болса, екінші бір жағдайда ойына алған зардаптың туындауы болып табылады.

Кей жағдайда, қылмыстық әрекет кезінде алға қойған мақсат пен оған жету үшін пайдаланылған құрал арасындағы сәйкестілік болмай қалады. Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың пайда болу себептері мен жағдайларын зерттеуде есепке алуға қажетті тағы бір жағдай ол- қоғам дамуындағы әлеуметтік өзгерістер. Адамның психикалық қатынасының сипаты қандай да бір ниетпен, мақсатпен айшықталатын болғандықтан, оларды анықтамай кінәнің шын мазмұнын дұрыс бағалау мүмкін емес. Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың себебіне, орыстың көрнекті криминалистері И.Я.Фойницкий, М.П.Чубинский ниетті қылмыстың көзі деп сипаттаған, соттың талқылауына жататын нақты факт деп есептеген.

Көрнекті орыс ғалымы Л.Е.Владимиров былай деп жазады: “Көзі ашық судья қылмыстың ниетін ашпаған тергеуге қанағат білдірмейді. Әрекетті түсіну үшін ішкі түрткінің терең психологиялық мәні бар, ол осы қылмыстың неге жасалғандығын түсіндіреді, егер сотталушының көңіл-күйіне күдік тударатын болса, даулы мәселені дәрігер-психиатрдың қорытындысына қалдырады”. Мінез-құлықтағы арам ниет, адам санасында қалыптасып оның еркіне ықпал жасайды, оның қоғамға қауіпті әрекетіне тиісті бағыт береді, сондықтан да бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау үшін де қылмыскер ниетінің себебі мен алдына қойған мақсатын анықтаудың маңызы зор. “Ниетті білмей адамның басқа мақсатқа емес, неге осы мақсатқа

ұмтылғандығын түсіну мүмкін емес және де оның әрекетінің шын мәнін де түсіне алмайсың”-дейді К.Ф.Тихонов [3, 39-41 бб.].

Субъектінің мінез-құлқында бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау ниеті пайда болған кезде, ниетпен қатар сол ниеттен пайда болған зардаптың жазаланатындығы туралы ой да пайда болады. Егер субъект бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау ниетін шындап жүзеге асырмақшы болса, онда оның жоспарында ниетінен туындайтын әрекеттің зардап көлемі және зардапты туғызатын жағдайлар да көрсетіледі. Жасалған жоспар бойынша субъект ниетін жүзеге асыру немесе асырмау туралы, зардап тудыру немесе зардап тудырмау туралы қорытынды шешім қабылдайды.

Субъектінің ниетінің қандай болғандығын, әсіресе бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлеріне және келтірген зардап көлеміне қарап нақтырақ айтуға болады. Бірақ, соған қарамастан бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандардың көпшілігі, әрекетінің зардабын түсінбегендігін, әрекетіне бақылау жасай алмағандығын, әрекет өткеннен кейін оның қалай жасалғандығын ойына түсіре алмағандығын айтады, яғни субъектінің ішкі сезімінде бір “жойқын күш” пайда болып әрекетін бақылап қадағалай алмайтындай халге жетіп қылмыстық зардап туғызады.” Бұл бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған субъектілердің барлығына тән ортақ психологиялық құбылыс”-, деп жазады К.Ф.Тихонов. Бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасап, бірінші рет сотталған 200 адамнан арнайы үш тараудан тұратын төмендегідей сұрақтар қамтылған анкета толтыру сұралды: қоршаған ортаның субъектінің қылмыстық құқық бұзушылық жасауына тигізген әсері; қылмыс жасау алдындағы субъектінің әлеуметтік топпен қарым- қатынасы; субъектінің қылмысқа дейінгі және қылмыс жасау үстіндегі ниеті, жанжалдың себебі- және ол анкета жүргізудің қорытындылары төмендегідей болды. Бірінші тарау бойынша :

Сұралғандардың 56 % отбасында алдау мен өтірік айту -тәрбие берудің басты құралы болып есептелді. 10 %-ның ата-аналары балаларының өз қатарластарына қарсы күш қолдану, қорқыту әрекеттерін пайдалануын мақұлдап, қуаттап отырады. Сондықтанда жоғарыда келтірілген фактілерге сүйене отырып, бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандардың әлеуметтік ортадан алдау, қорқыту, күш қолданудың моделін көріп-біліп, үлгі еткен деген пікір айтуға болады.

Екінші тарау бойынша сұралғандардың 38 % қарым-қатынастарына алдау, қорқыту, күш қолдану болды деп есептесе, ол әлеуметтік орта бойынша: 6%-еңбек ұжымында, 8% демалыс уақытында, 24% отбасы жағдайында деп көрсетті. Тұлғаның алдауға, қорқытуға, күш қолдануға даяр тұратындығы көбіне отбасында айқын байқалады, оған себеп оның әрекетіне әлеуметтік бақылаудың болмауы. Анкеталық талдауға жүгінсек: қорқыту, күш қолдану арқылы жасалатын қылмыстардың 35 % отбасы тұрмыстық жағдайда, 9 % жұмыс орнында жасалған.

Үшінші тарау бойынша қылмыс жасаушы тұлғаның әрекетіндегі ниетті оның жеке бас қасиеттерімен және сол қасиеттердің қылмыстық құқықбұзушылық туудағы ерекшеліктерімен салыстыра отырып талдау жасап көрейік. Зерттеу нәтижелері бойынша бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасауда қолданған алдау, қорқыту, күш қолдану оларды жүзеге асырған субъектіге қоғам тарапынан еш кедергінің болмауы салдарынан орын алған [4,90б].

Жоғарыда келтірілген дәлелді пікірлерді есепке ала отырып, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу мақсатында төмендегідей іс-шараларды жүргізу керек деп есептеймін:

1.Қылмыстық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық актілерге бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты қайта қарау керектігін;

2. Бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарда қолданған түрлі тәсілдерді ұдайы есепке алып отыру

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Г.М.Атаханова. Меншікке қарсы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері. Алматы.2014. 51-53бб 123б

2.Е.О.Алауханов Проблемы уголовно-правовой борьбы с вымогательством. Алматы, 2007 47б

3.К.Ф.Тихонов. Предотвращение и раскрытие краж.М.2012.39-41бб.

4.К.А.Бакишев.Меншікке қарсы жасалатын қылмыстардағы жауаптылықты ауырлататын мән-жайларды саралау.Караганда.2014.90б

Төлеген Д.Е., Рашатова Ж.Ж., Жарылғасын Н.Н. С-22ск тобының студенттері
Ғылыми жетекшісі – х.ғ.к., доцент Каримова Б.Н.
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Қазіргі басты проблемалардың бірі өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселесі болып табылады. Іс-әрекетсіздік, төмен адамгершілік, сондай - ақ қылмыс, нашақорлық, маскүнемдік және біздің заманымыздың басқа да көптеген ақаулары-олардың барлығы адамды, қоғам мен мемлекетті бұзады. Сондықтан қазіргі әлемде өскелең ұрпақты тәрбиелеудің басты мақсаты материалдық, рухани, әлеуметтік-құндылықтық қасиеттердің, көзқарастар мен сенімдердің тұтас кешенін қалыптастыру үшін жағдай жасау болып табылады. Сондықтан тәрбиелеудің басым бағыттары рухани және физикалық сау, еңбекқор және бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Бүгінгі таңда қоғамда тәрбиенің маңызы зор, өйткені олар "кепіл", қазіргі ұрпақтың рухани-адамгершілік тұлғасын қалыптастыру және дамыту үшін іргетасы болып табылады. Қазақстанда ешқандай әлеуметтік, экономикалық және саяси жобалар әрбір жеке тұлға мен жалпы социумның рухани жаңғыруынсыз табысты іске асырыла алмайды.

Тәрбиенің өзекті мәселелерінің бірі қазіргі жастардың рухани-адамгершілік тұлғасын қалыптастыру процесі болып табылады, өйткені жас ұрпақтың зияткерлік қабілеті мен білімі оның бай рухани ішкі әлемімен және жоғары мәдени даму деңгейімен өзара іс-қимылда болуы тиіс. Әдетте, ең алдымен, бұл адамның қалыптасуына, оның қайталанбас даралығын, өзіндік бейнесін алуға, руханилықты қалыптастыруға, адамгершілік ұғынуға, елдің шығармашылық бастауы мен тарихи қалыптасқан менталдығын қалыптастыруға жатады.

Рухани-адамгершілік тәрбие-өскелең ұрпақтың жоғары рухани құндылықтарды меңгеруіне және іс-әрекетке,мінез-құлыққа жүзеге асыруға бағытталған тәрбиенің аспектілерінің бірі.

Білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік және базалық ұлттық құндылықтарды хабарлау арқылы үйлесімді тұлғаны қалыптастыруға, оның құндылық-мағыналық саласын дамытуға бағытталған педагогтар мен тәрбиеленушілердің өзара іс-қимылының мақсатты процесі. "Рухани-адамгершілік құндылықтар" деп адамдардың бір-біріне, отбасына және қоғамға қарым-қатынасындағы жақсылық пен жамандық, өтірік пен шындық өлшемдеріне негізделген негізгі принциптер мен нормалар түсініледі.

Рухани-адамгершілік тәрбиеге қатысты мынадай жоғары рухани құндылықтар бөлінеді:

- жеке-тұлғалық (адам өмірі, бала құқығы, ар-намысы, қадір-қасиеті);
- отбасылық (өгей үй, ата-ана, отбасылық лад, ата-ана, оның дәстүрлері);
- Ұлттық (өмір салты, мінез-құлық, қарым-қатынас; Отан, елдің қасиетті жерлері, Ана тілі, туған жер, халық мәдениеті, ұлт бірлігі);
- жалпы адамзаттық (биосфера адамның өмір сүру ортасы, экологиялық мәдениет, әлемдік ғылым мен мәдениет, жердегі әлем және т.б.).

Жастар-бұл жас шектері (шамамен 14-30 жас), әлеуметтік жағдай, әлеуметтік мобильділік негізінде бөлінген, индивидтің балалардың дәрменсіздігінен қоғамда жеке өзін-өзі анықтауына, қорғаншылардан қаржылық, қоғамдық және өзге де егемендіктен өз мінез-құлқы мен қоғамға жасаған іс-әрекет бейнесі үшін толық құқықтық жауапкершілікті сезінумен ұштасқан қоғамдық-демографиялық санат.

Өзінің мәніне сәйкес, жас ұрпақ прогрессивті, консервативті, ол кез келген бастамаға дайын потенциал. Болашақ өз бетінше өмір сүруге дайындық кезінде, ол өзінің физиологиялық және зияткерлік күштерін босатуға үлкен талпынысы бар, сонымен қатар ол өз идеяларын әлеуметтік практикалық тіршілік әрекетіне айналдыруға құштар. Қоғамдық өмірге кіретін жастар мүмкіндіктердің инновациялық әлеуетін, әлеуметті бейімдеуге және оқшаулауға дайын екендігін көрсетеді.

Жастар үлкен зияткерлік әлеуеттің иесі ретінде материалдық және рухани құндылықтардың тұтынушысы ғана емес, сонымен қатар олардың өндірушісі болып саналады. Ол оларды қоғамдық өмірге енгізуге бағытталған, өйткені тек жас ұрпақ ғана жаңартып, оған елеулі өзгерістер енгізе алады.

"Тәрбие" термині әртүрлі, бірақ мағынасы әрқашан бір. Бұл тәрбие деген не? Энциклопедиялық сөздік келесі анықтама береді. Тәрбие-бұл ұйымдастырылған және мақсатты ықпал ету рәсімі, оның мақсаты әлеуметтік өзара байланысты қалыптастыру, баланың әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық ережелерін меңгеруіне жағдай жасау болып табылады. Бала тәрбиесінде қоғам көбінесе келесі аятты ұстанады: "шынайы адамгершілік ақыл-ойдың жарық сәулелерінің нәтижелі ықпалымен жүректен өсуде. Оның мерило-сөз емес, практикалық қызметі" (В. Белинский). Әрбір адам өзінің бірегей және жеке мақсатына ие. Адам мейірімді және тәртіпті бола ма, отбасында қандай жағдай үстем болады, оның әлеуметтенуі, оның ойларының бейнесі, темпераменті және өмірлік мүдделер шеңбері тікелей байланысты болады.

Қазіргі педагогикада Тәрбие ересек адамдардың жас адамдардың күші мен қабілетіне әдейі және жүйелі, тұрақты, ұзақ әсер етуі деп түсініледі. Тәрбие процесі өзі жүзеге асырылатын мақсаттардың, топтар мен мекемелердің ерекше ерекшеліктеріне сәйкес адамның саналы, мақсатты өсуіне байланысты.

"Тәрбие - ұлы іс,оларға адамның қатысуы шешіледі" - деді В. Белинский. Рухани тәрбие дегеніміз не? Рухани тәрбие-адамның тұрақты және үйлесімді қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін өмірге құндылық қарым-қатынасты қалыптастыратын тәрбиенің маңызды аспектілерінің бірі. Өз мәні бойынша рухани тәрбие адамда борыш, жауапкершілік, әділдік, шынайылық, жауапкершілік және басқа да қасиеттерді қалыптастыруға қабілетті, адамның социумдағы әрекеттері мен идеяларына мән бере алады .

Рухани тәрбие, әдетте, діни тәрбиені қамтиды, ол зияткерлік, адамгершілік, моральдық-эстетикалық, құқықтық толықтырылады. Бұл тәрбиені ынталандыру ақыл-ой, эстетикалық, этикалық, дене тәрбиесі құралдарының көмегімен жүзеге асырылады, бірақ бұл ретте осы пайдаланылатын құралдардың бірде-біреуі де, олардың барлығы да кешенді алынған қаражатқа кепілдік бермейді. Адамгершілік тәрбиесі осы көзқарас тұрғысынан қызмет етеді құралдарының бірі рухани тәрбиелеу, бірақ тіпті де қамтымаған.

Рухани тұлғаны тәрбиелеу отбасымен, білім беру мекемелерімен және, әрине, мемлекетпен бірге өзара іс-қимыл жасағанда ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Қазіргі қоғамның өзекті проблемаларының бірі-тәрбиелеу процесінде ұрпақтар тарихи сабақтастығы әрдайым сақталмайды. Жас ұрпақ осыған байланысты өмірлік тәжірибесі бар аға ұрпақтан үлгі алу мүмкіндігінен айырылады. Сонымен қатар жастарда бұрын-соңды пайда болған проблемаларды шешу үшін алдыңғы ұрпақтың қандай ақиқатты қолданғаны туралы білімнің болмауы байқалады.

Жас ұрпақ өз тағдырына билік етуге құқылы. Бірақ ол осы процеске саналы түрде қарауға болмайды. Әрине, жастар рухани-адамгершілік даму жолында жүруі тиіс. Қоғамның міндеті, өз кезегінде, жас ұрпақты әлеуметте дамудың басым, адамгершілік басымдықтарын қалыптастыруға қабілетті қажетті арнаға бағыттау. Рухани-адамгершілік әлем элементтерін

дамытуға ықпал ету бала кезінен бастау керек. Жастардың адамгершілік ұстанымдарын тұрақты бақылаумен, сонымен қатар таңдау құқығын бере отырып қалыптастыру қажет. Әсер ету сиқырлы таяқша ретінде мәдениет пен қоршаған табиғаттың әсерін пайдалана отырып, және ең маңыздысы, ата-аналардың өз мысалының әсер ету күші.

Қазіргі жастар тәрбиесінде келесі ұсынымдарды ұстану қажет:

- баланың рухани дамуына бағдар жасау;
- баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру;
- бала тұлғасын дамытуда ұсақ-түйектерді жібермеу;
- жалпыадамзаттық нормалар мен адамгершілік құндылықтарды меңгеруге көмектесу, мінез-құлық реттеушілерінің ішкі жүйесін қалыптастыру;
- бала тұлғасының жағымсыз қасиеттерін ұғынуда емес, оған тән сипатты жеке қасиеттер мен қасиеттерді қолдауда қарым-қатынас құру;
- баланың белгілі бір мәдениетке қатыстылығын өзектендіру және олардың осы мәдениеттің құндылықтары мен белгілерін иемденуіне жәрдемдесу.

Баланың адамгершілік тәрбиесінің негізін, бірінші кезекте, өзінің құндылық ерекшеліктерін, мағынасын, іскерлігін және жеке қабілеттерін, әлеуметтік дағдылары мен мінез-құлық тәсілдерін қамтитын оның жеке тәжірибесін құрауы тиіс.

Осылайша, тұлғаның қазіргі рухани-адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғамдағы табысты өмір сүруі үшін қоғамдық құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыруы тиіс. Кемелдену аттестатын алатын жастар өзінің әл-ауқаты мен әлеуметтік әл-ауқаты үшін жеке жауапкершілікке дайын болуы тиіс. Ол үшін олар әлеуметтік нормаларды, дағды мен практикалық іскерлікті меңгеруі қажет, олар біріншіден, оның қоршаған орта жағдайында бейімделуін қамтамасыз етеді, екіншіден,-әлеуметтік мобильділік, әлеуметтік, саяси және экономикалық рөлдерді жылдам ауыстыруға қабілетті, бұл қоғамда белгіленген құндылықты бағдарлардың қалыптасқан жүйесінсіз және қоғамдағы өзінің мінез-құлқына жоғары жеке жауапкершіліксіз мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дивногорцева С. Ю. Духовно-нравственное воспитание в теории и опыте православной педагогической культуры. М.: Изд-во ПСТГУ, 2012.

2. Құрсабаев М. «Атамекен» ұлттық ғылыми-тәлімдік, рухани-танымдық бағдарламасын оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың этнопедагогикалық-этнопсихологиялық мәселерді. – Алматы: Кәусар бұлақ, 2004-32б.

3. Дүйсенбаев А. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: оқулық / А. Дүйсенбаев.- Астана: Фолиант, 2015.- 320 б.- (Жоғары білім).

4. Покатыло В. В., Шигабутдинова Л. Р., Волкова А. В. О необходимости нравственного воспитания молодежи // Молодой ученый. — 2014. — №4.

5. Табакаев, Ю.В. Реформаторский зуд и депрессия общественного сознания // Социальные процессы в современной Западной Сибири: сб. науч. трудов. – Горно-Алтайск: РИО ГАГУ, 2011.

Усип М, 9 «А» сынып оқушысы
Ғылыми жетекшісі – Жайнах Б, II санатты,информатика пәнінің мұғалімі
Гагарин орта мектебі КММ, Бұқар жырау ауданы, Қарағанды облысы,т Қазақстан Республикасы

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.

Елімізде болып жатқан саяси- әлеуметтік, мәдени-этникалық өзгерістер халыққа білім беру мен тәрбие ісінің мазмұнын түбегейлі өзгертуді қажет етіп отыр. Бүгінгі өмірді жалғастырушы ұрпақ бұл қоғамнан өзінің келешегіне не ала алады деген сұраққа жалпы қауым болып жауап іздестіруде.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі бірінші міндет- ол дүние жүзі елдерінде жастарды бейбітшілік рухта ынтымақтастыққа, руханилыққа тәрбиелеу

Екіншіден, жастардың бойындағы адами құндылықтарды: қайырымдылықты, сүйіспеншілікті дамыту, сөйтіп тәрбиелей отырып оқыту.

Үшіншіден, білім беру жүйесінің бұрынғы ағартушылық бағытын сақтай отырып, басым бағдарын жеке тұлғаның рухани – адамгершілік тұрғысынан кемелденуіне аудару.

Ендеше, жеке тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиетін ашып көрсету, яғни руханилығын дамыту- заман талабы. Егер адам руханилығынан айырылса, онда ол эмоция мен сезімнен де айырылады. Сөйтіп, материалдық табысты негізгі мақсатқа айналдырған қоғамдық даму адамзатты рухани жұтаңдыққа душар етіп, құндылық бағдарын өзгертіп жіберуі мүмкін.

Жалпы адамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәтінен бастап, бірге дамиды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптасады. Жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы бастауыш сынып жасындағы балаларда қарқынды жүретіні белгілі.Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс.

Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктістерін зер салып талдау керек.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Тәрбиешінің ең бастапқы формалары педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармаларымен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады.

Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүнеині өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды.

Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады.

Әр баланың жеке басы- оның моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау- бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған педагогтың күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі.

«Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасы» мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуын, олардың мектепке дайындығын қарастырады. Бұл бағдарланы жүзеге асыруда басты ролді атқарады.

Оның тәртібі, іс-қимылы, балалар және үлкендермен қарым-қатынасы балалар үшін үлгі бола отыра , педагогтың ықпалы әсерлі енеді, баланың жеке басы қалыптасады. Оның ықпалы неғұрлым белсендірек болса, баланың сезімдерін жан-жақты қамтыған сайын, олардың ерік күшін жұмылдырып, санасына ықпал етеді.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершлік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады.

Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т. б. қалыптасады.

Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы-ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасыуна, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

«Жақсымен жолдас болсаң- жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң- қаларсың ұятқа...» «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» — деген мақалдардан көруге болады. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер адамгершілік тәрбиенің арқауы. Үлкенді сыйлау адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі.

Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы- мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс — тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Мектепке дейінгі адамгершілік тәрбие — балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет- ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы- балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені-ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ..

Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады.

Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек.

Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиеттімді мақтан тұтам», — депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым.

Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» деген екен. Шындығында бұл ақиқат. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу — адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды.

«Еліміздің күші- патшада, сәбидің күші- жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз- адамгершілігімізде болуы керек. Ол үшін Ақанның осы үш қасиетін бала бойына дарыта білсек-ұлы жеңіс болары анық.

Фоминцев М.С., ученик 9 класса
Научный руководитель – учитель самопознания Абишева А.Т.
КГУ «Общеобразовательная школа - интернат № 4» г. Караганды, Республика Казахстан

ВОПРОСЫ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ И ПРАВОВОГО РАЗВИТИЯ МОЛОДЁЖИ

Что такое нравственность? Что такое духовность? Сложные вопросы, извечно стоящие перед любым обществом, государством в целом.

С моей точки зрения – нравственность, это норма поведения каждого человека, его духовный мир, отношение к обществу и миру, в котором он живёт. Духовность – внутренние силы и чувства, постоянное самосовершенствование человека,

Вопросы актуальны и по сей день, т.к. современный мир, больше наполнен эгоизмом, жестокостью и агрессией, исходящая не только от средств массовой информации, телевидения, интернета, в которых изобилуют многочисленные компьютерные игры, программы, телепередачи, но и мира взрослых. Все большее влияние приобретают деньги, т.к. хорош тот, кто умеет зарабатывать любой ценой и не имеет значение его образование, воспитание и моральный облик.

Потребительское желание человека – это вечно растущий паразит, который губит все положительные стороны человека. И чем больше у человека появляется возможностей для выполнения материальных желаний, тем хуже и изощрённее становятся последнее. Грустно, что каждый сам для себя решает, что может быть хорошо, а что плохо, не оглядываясь на моральные ценности своей семьи, предков, общества.

В одной притче спросили лозу, может ли она дорасти до солнца. «Дайте мне опору – и я дорасту до солнца»,- ответила лоза. Такой опорой должны стать в первую очередь родители, затем школа, которые помогут маленькому человечку набраться духовных сил и раскрыться как человек с ценностями жизни. Самое сильное влияние, на мой взгляд, оказывает взаимоотношения родителей, в целом членов семьи, их отношение к труду, обществу, привитие в нас нормы нравственности в течение всего детства. Также я бы отметил роль учителей, школы, которые развивают ценности, полученные в семье и детском коллективе, укрепляют в детях веру в справедливость и доброту, честь и долг. Значительная роль принадлежит учителям языка, литературы, истории, которые учат видеть в человеке не внешнюю красоту, а внутреннюю, жить и трудиться не только для себя, но и для других.

К сожалению, по моим наблюдениям, люди меньше тянутся к знанию своей культуры, истории страны, все поглощены инновационными технологиями, историями в социальных сетях. Ведь незаинтересованность в развитии личностной культуры есть неуважение к себе, семье и своей стране. Исчезает культура, вместе с ней патриотизм, бушуют войны. Часто представляется такая картина: годовалым детям молодые мамы дают различного рода гаджеты, лишь бы он не плакал, не раздражал и не беспокоил. Живое общение, как таковое уходит на второй план и это факт современности. Поэтому, мне кажется, не стоит нам кричать о нравственных нормах, правильном поведении, а лучше вести себя в соответствии с ними, меняться самому, постоянно самосовершенствоваться, начать преобразования в собственной жизни. Как сказал Сократ «Кто хочет сдвинуть мир, пусть сначала сдвинет себя».

Мне в жизни повезло, т.к. я живу в окружении людей, для которых соблюдать культуру поведения, жить по совести, совершать добрые дела, обогащать свой духовный мир – это норма жизни. Это моя семья, друзья , учителя, с которыми часто совершаем благородные дела, изучаем историю и культуру народов мира, устраиваем уроки нравственности, посещаем музеи и библиотеки, читаем литературу и стараемся писать стихи. Прошу не судите строго.

Веет меж глупцов бездушных
Печальный голос мудрецов
Глупцы, бросая праведников нужных,
Позорят род своих отцов.
И что же? В роковом итоге,
Живи в призрении и долгах,
Боясь истоков жизни новых,
Душой овладевает страх.
И в пору горестных мучений
Не зная опыт тяжких нужд,
В потоках праздных развлечений

Уходит жизни старый куш.

Хочу призвать молодёжь к тому, чтобы мы научились контролировать каждый свой шаг, отвечать за свои действия и поступки. И если мы будем действовать как единый организм для укрепления Мира нравственности и духовности, жить нам в мире добра, справедливости и морали.

Список использованной литературы:

1. Материалы выступлений РНПК НАО им.Алтынсарина «Стратегия развития духовно-нравственного воспитания личности в Республике Казахстан».
2. Публикации РУМЦДО «Духовно-нравственное развитие детей и молодёжи».
3. Методические пособия по предмету «Самопознание».

Хасенова А.Е., студентка 2 курса КЭУК
Авгонов С.Х. студент 3 курса специальность
«Таможенное дело» Таджикский государственный университет Коммерции
Научный руководитель – магистр, ст. преподаватель Искалиева М.С.
Карагандинский экономический университет, г. Караганда, Республика Казахстан

ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

Демокрит утверждал, что «результатом воспитания должен быть нравственный человек, умеренный во всем, действующий в соответствии с общественным долгом». Духовное воспитание один из главнейших аспектов воспитания индивида как личности, формирования его взглядов на жизнь. Особенностью духовно-нравственного воспитания является гармоничное развитие. Это воспитание направлено на пробуждение творческих способностей личности, на повышение общего уровня его развития. Именно этим обусловлена актуальность формирования духовной культуры у подрастающего поколения. [1,с.11]

Как известно, любая человеческая личность характеризуется своим духовным миром. Духовное содержание личности формируется под влиянием внешней окружающей среды: социальной и природной, включающей субъективные и объективные факторы. Тем самым все это влияет как на становление человека как личности, так и на социальные процессы, протекающие в обществе, так как он и есть общество.

О необходимости изучения в школе и вузах духовно-нравственной культуры и этики свидетельствуют такие кризисные явления современной жизни, как наркомания, пьянство, криминализация детской и молодежной среды, низкий уровень общественной морали, острейший кризис традиционных семейных ценностей, упадок патриотического воспитания. Преподавание основ духовно-нравственной культуры будет способствовать нравственной ориентации, поможет им побуждать себя к развитию и самосовершенствованию. [2,с.32]

В настоящее время, такой специфический спектр воспитания, как духовно-нравственной, осуществляют различные учреждения современного социума: семья, детский сад, школа, друзья, группа сверстников, колледж, высшее и учебное заведение, трудовой коллектив, армия, профессиональное сообщество и весь социум в целом. В качестве лица, осуществляющего воспитание или показательный примером, в качестве образца, примера для подражания могут выступить: родители, опекуны, преподаватели, друзья, руководители, культурные деятеля или же харизматичные общественно-политические активисты. Исходя из этого, нами была сформулирована цель исследования: проанализировать духовно-нравственное воспитание современной молодежи.

Следует отметить, что современному молодому поколению характерен низкий уровень знания истории своей страны, свойственно слабое представление о духовно-нравственной

культуре своего народа и примерах из минувшего исторического прошлого своей Родины. К сожалению, для нынешней молодёжи так же характерно параллельное существование двойного стандарта поведения, «нравственная глухота», то есть отсутствие нравственности или «аберрация морали», «дегуманизация поведения». Так же, стоит отметить широкий размах в смене ориентации молодых людей на параметры массовой, в ключевом, западной культуры в связи со снижением культурных, духовных, истинных национальных ценностей, характеризующих менталитет нашей страны.

В воспитании современной молодежи стоит придерживаться следующих рекомендаций:

- создавать ориентацию на духовное развитие личности ребенка;
- учитывать возрастные и индивидуальные особенности ребенка;
- не пропускать мелочей в развитии личности ребенка;
- помогать овладевать общечеловеческими нормами и ценностями нравственности, формировать внутреннюю систему нравственных регуляторов поведения;
- строить отношения не на порицании негативных качеств личности ребенка, а на поддержке положительных индивидуальных черт и качеств характера, которые ему присущи;
- актуализировать принадлежность ребенка к определенной культуре и содействовать приобретению им ценностей и черт данной культуры. [3,с.112]

Сегодня в нашем университете большое внимание уделяется духовно-нравственному развитию личности, и именно воспитание нравственности и формирование духовности становится стержнем всего воспитательного процесса.

В качестве критериев нравственного воспитания в системе образования выступают: уровень знаний принципов и категорий нравственной культуры (добро, любовь, добродетельность, и др.), убежденности в необходимости выполнения норм морали, сформированность моральных качеств личности, умения и навыки соответствующего поведения в различных жизненных ситуациях. В целом это можно определить как уровень нравственной культуры личности, которая должна проявляться во всех сферах жизнедеятельности каждого человека.

Достигается это через развитую гуманитарную сферу:

-библиотеки, кафедры социально-гуманитарного цикла, учебные кабинеты, выставки и т.д.;

-создание студенческих творческих объединений, волонтерских организаций и движений;

-привлечение студентов к участию в различных фестивалях и смотрах конкурсах;

- оформлению учебных корпусов, кабинетов, аудиторий, общежитий, территории, к созданию эстетического внешнего облика вуза;

-совершенствование здоровья с использованием комплекса здоровье сберегающих технологий. Развитие эстетической культуры предполагает формирование духовно-нравственных ценностей через приобщение к прекрасному миру.

Образование само по себе ещѐ не гарантирует высокого уровня духовно-нравственной воспитанности, ибо последняя есть не что иное, как качество личности, определяющее в повседневном поведении человека, его отношение к другим людям на основе уважения и доброжелательности к себе подобному. В этом плане в качестве критериев нравственного воспитания в системе образования можно выделить: уровень знаний и убеждѐнности в необходимости выполнения моральных норм, сформированность моральных качеств индивида, умения и навыки соответствующего поведения в различных жизненных ситуациях.

Нравственность представляет собой внутренние, духовные качества, которыми руководствуется человек; этические нормы; правила поведения, определяемые этими качествами. [4]

Важность духовно-нравственного воспитания невозможно недооценить, именно оно воспитывает из человека личность. Духовно-нравственное воспитание должно быть направлено на развитие у человека любви к Родине, политике, стране, идеологии, к культурному наследию, к природе, а так же к самому себе и окружающим. Помочь в этом нам должно приобщение личности к различным патриотическим, духовным, природоохранным мероприятиям. Поэтому процесс воспитания должен быть в первую очередь направлен на совершенствование духовно-нравственных качеств. В самом узком смысле речь должна идти о формировании таких качеств как: патриотизм, устойчивое осознание мира, трудолюбие.[5,с.55]

Одна из ведущих задач современной системы образования, функционирующей в условиях информационного общества, состоит в воспроизводстве социально-значимого образца, по которому личность способна самостоятельно определять собственное мироотношение. На образовании (в широком смысле слова, включающем в себя и воспитание) лежит ответственность в трансляции от поколения к поколению мировоззренческих принципов, объединяющих социальный организм. Без единых нравственных и духовных стандартов общество оказывается перед угрозой антагонистических противоречий, которые способны разрушить мировоззренческий баланс между различными социальными группами. Опыт существования российского государства показывает, что такими стандартами являются традиции православной культуры. В условиях социального и ценностного нигилизма православие оказалось действенной силой, противостоящей духовной деградации общества

Список использованной литературы:

1.Синенко В.Я. «Духовно-нравственное становление растущей личности в системе взаимодействия семьи и школы. // Семья, школа, церковь.

2.Бабанский Ю.К. Педагогика. М.; Просвещение, с. 2009

4. Покатыло В. В., Шигабутдинова Л. Р., Волкова А. В. О необходимости нравственного воспитания молодежи // Молодой ученый. 2014

3. Ильин И. А. Путь духовного обновления // Религиозно-философская библиотека. М., Изд-во Библиополис, 2008.

5. Багашев А. Духовно-нравственное воспитание молодежи// Воспитание школьников. 2010

Шалова Арайлым Балдырғанқызы 1-ші курс студенті
Ғылыми жетекшісі – педагог-организатор Ерболова А.Е.
Нұра көпсалалы колледжі, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕСІ

«Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса,
ондай адамның алға басуынан гөрі, кері кетуі тезірек»
грек ғалымы Аристотель

Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың тәрбиесіне зор мән берген**.** Қазіргі қарыштап дамыған елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгіні де, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Осы тұста мектептің алдына қоятын басты мәселелерінің бірі – өркениетті, азаматтық – адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», дейді. Демек, шәкіртке жан - жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Адамгершілік — бұл рухани тәрбие. Адамгершілік - адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз - өзін сыйламайды.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата - ана үлгісі» - деп, Ы. Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Рухани - адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет - дарынының ашыла түсуіне, ақыл - парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар – мектепке дейінгі мекемелер мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім - тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болары өзсіз. Бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан - жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының балабақшаның, барша халықтың міндеті. Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді.

- —Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу – тәрбие үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру.
- — Ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.
- — Салт – дәстүрлер негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани – адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу.

Бұл мәселеге байланысты елбасымыз **Н.Ә. Назарбаев**: «… жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады», — деп атап көрсетті. Оқушыларды кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халқының тәлімдік тиімді құралының бірі – ертегі . Оларда халықтың тыныс- тіршілігі, әдет- ғұрыптарының дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, баланың өзара қарым-қатынастары – өз халқына, Отанға, туған жеріне, оның табиғатына сүйіспеншілігін бейнелеген. Мәселен:

«Жақсы сөз – жарым ырыс»,— деп адам қасиетін білдірсе,
Ұлық болсаң – кішік бол, — деп кішіпейілділікті,
Әдепті бала- арлы бала,
Әдепсіз бала – сорлы бала,- деп көрегендікті,
Шешеннің тілі ортақ,
Шебердің қолы ортақ, — деп адам бойындағы өнер жалпы халықтың қазынасы екендігін уағыздайды. Мақал бойындағы тапқырлық пен өткірлік, дәлдік қазақтың тәлім- тәрбиелік құралы ғана емес – дауға да тоқтам салған қаруы болған. Балалардың мінез-құлқы, бойындағы шынайы қасиеттері туралы берілген жаңылтпаштар, жұмбақтар да баланың

зерделеуге қабілетін жетілдіреді. Оқушы бойындағы мейірімділік ,шыншылдық, адалдық, тұрақтылық сияқты рухани қасиеттерді қалыптастыра отырып жұмыстану, өзін-өзі басқаруына,жеке тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлу, өз ортасында еркін сөйлеп, өз ойын еркін айта алатын дарынды, қабілетті ұл-қыз тәрбиелеу мақсатында біздің колледжімізде мейірбандық күніне орай «Қайырымдылық жасай біл» тақырыбында іс-шара өткізілді. Барлық аудиторияларда «Жақсылық –жан азығы», «Кішіпейілділік- көңіл кеңдігі» , «Сабыр түбі сары алтын » атты тәрбие сағаттарындағы рухани-адамгершілік білім баланың, жеткіншектің бойына өзінің жарқын болашағына деген сенімділігін ұялатты

И.Г.Пестолоции : - «Еңбек адамгершілікке үйретеді, балалардың бірімен-бірін өзара және олардың ересектермен дұрыс қарым-қатынаста болуын қалыптастырады »,-деген болатын. «Өзгені ойлаған-адамдықтың белгісі » ,- демекші ауылдағы жалғыз басты қарияларға көмек беруде жақсы жолға қойылған. «Өзін-өзі тану-өмірді тану» ,-деген болатын көне грек философы Сократ. Басты мақсат –әр адамның өмірден өз орнын табуына ықпал ету. Өмірдің қарапайым ақиқатына-ұлттық құндылықтарды меңгере отырып, баланы халқының адал ұлы мен қызы болуға нағыз адам деген ардақты атқа лайық болуға жастайынан үйрету. Тағы бір айта кететін жайт ол балалардың құқықтық тәрбиесі жөнінде.

Құқықтың тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялык пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау -ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады.
Құқықтың тәрбие негізі отбасынан басталады. Қоғамдағы тәртіпсіздік пен қылмыстың көзі - маскүнемдік. Азғындықтың құзына итермелейтін жағдайлардың алғышарты осыдан басталады. Мектеп жасындағы жастар арасында бұл теріс құбылыстың орын алып отырғаны жасырын емес. Жастар арасындағы насихат пен құқықтың тәрбие мәселесі жөнінде жоғары ұйымдары таранынан белгіленген шаралар жүзеге асырылып, қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру, осы орайда құқықтық тәрбиені нығайту мақсатында студенттер көшеге шығып, «Салауатты өмір салты» атты акциясын өткізіліп, көшедегі көпшілікке шылымның зияның түсіндіріп, шылымды кәмпитке ауыстырды. Әрине келіскен адамдар да болды, келіспеген адамдар да болды. Осы қылықтарымен балаларына қандай тәрбие беріп жатқандары естерінде жоқ. Отбасы және қоғам жұртшылығының құқықтық тәрбие жұмысын жүргізудегі басты бағытының бірі - оқушылар арасында заң тәртібін бұзушылықтың алдын алу шараларын жүргізуге кең жол ашып отыр. Жастар тәрбиесіндегі қоғамымыздың алаңдатып отырған басты мәселенің бірі – жастар арасындағы қылмыс. Бастауы өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдардан басталған мектеп оқушылары мен жоғарға оқу орындарының студенттері арасында бопсалау, ақша жинау әрекеттерінің тамырына әлі күнге дейін балта шаба алмай келеміз. Әскери бөлімдердегі «аталар» әрекеттерінен туындап жататын қылмыстар түрлері де тоқталмай келеді. Орта мектептер мен оқу орындарын «бақылау аймығына» ұстайтан топтар, өз биліген жүргізіп «общякқа» өздері орнатқан ортақ «қазынаға» ақша жинауды қалыпқа айналдырған. Бұл құқық қорғау органдарының алдында тұрған үлкен кемшіліктің бетін ашады. Студенттерді отансүйгішттікке баулу, патриоттық сезімін ояту мақсасында да бірнеше іс-шаралар өткзіліп жатыр. Құқықтың мәселелерді сөз ету, оны тыңдаушысына жеткізіп бере білу аса қиын өнер. Бұған тек қана білімді болу жеткіліксіз, сонымен бірге тәжірибелі, көпті көрген, адамдардың жүрегіне барар кілтті таба білер тәрбиеші болу маңызды.

Түйіндей келе, жастардың рухани-адамгершілік дамуы мен құқықтық тәрбиесі – бұл адамның туғаннан басталатын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез- құлық

нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Сондықтан оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру маңызды орын алмақ. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.С. Ғ.Тәжібаева Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы,Білім,2008

2. О.К. Трубецкая Балалардың рухани- адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы №12(48) 2012

3. Л. Омарова Адамгершілік тәрбиені қалыптастыру мәселелері // Бастауыш мектеп № 2 2004

4. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. - Алматы: Қазақстан, 1980.

5. Галиев Е. Мектептің отбасымен байланысы. // Тәрбие құралы. – 2003 - №6.

6. Г.Искакова, Н.Газизова, А.Сембаева, Қазақстан Республикасындағы адам құқығы, оқу құралы, Астана, 2008ж, 9 бет

7. Ғ.Сапарғаллиев, А.Ибраева, «Мемлекет және құқық теориясы», Алматы, 2007ж, 198 бет

Шайкенова Н. 3 курс студенті,
Ғылыми жетекші - Сыздыкова С.А., Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДА ҚЫЛМЫСЫНЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бүкіл әлемдегі қылмыстың өсе түсуі, одан шыңдап сақтануды талап етеді. Соңғы бес жылда экономикалық қызмет саласындағы қылмыстықтың индексі бүкіл әлемде 25%-ке өсіп кетті. Егер бұл процесті дер кезінде тежемейтін болсақ, онда жақын уақытта қылмыс адамзаттың ғаламдық проблемаларының біріне айналады, өйткені заңсыз жолмен әкелінген немесе шекарадан өткізілген кез келген зат контрабандалық зат немесе тауар болып есептеліп, елдің экономикасына, сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздікке елеулі зардап келтірері сөзсіз.

